Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

«ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ҚҰБЫЛЫСЫ: ТҰЛҒА ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» атты «ЖӘНІБЕКОВ ОҚУЛАРЫ – 2» Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ Международной научно-теоретической конференции «ЖАНИБЕКОВСКИЕ чтения – 2» «ФЕНОМЕН УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКОВА: УРОКИ ЛИЧНОСТИ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ»

A Collection of scientific articles of the International Scientific and theoretical Conference «ZHANIBEKOV READINGS – 2» «THE PHENOMENON OF OZBEKALI ZHANIBEKOV: A ROLE MODEL AND PEDAGOGICAL VALUES»

III том

Шымкент 2025

УДК 001
ББК 72
Ө25

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна	**Өзбекәлі Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректордың у.м.а.**

Ұйымдастыру алқасы

Исабек Баршагүл Қашқынқызы	**Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және әлеуметтік істер жөніндегі проректор**
Керімбеков Ержан Рахымжанұлы	**Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор**
Байхамурова Мөлдір Оразалықызы	**Ғылыми зерттеулер департаментінің директоры**
Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы	**Өзбекәлі Жәнібеков орталығының басшысы**
Куралбаева Жулдызай Шынжигитқызы	**Ғылыми зерттеулер офисінің маманы**

«Өзбекәлі Жәнібеков құбылысы: Тұлға тағылымы және педагогикалық құндылықтар» атты «Жәнібеков оқулары – 2» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. Шымкент, 2025 жыл. 441 Бет. III том

Сборник научных статей международной научно-теоретической конференции «Жанибековские чтения – 2» «Феномен Узбекали Жанибекова:уроки личности и педагогические ценности» Шымкент. 2025 г. 441 Стр. III том

A Collection of scientific articles of the International Scientific and theoretical Conference «Zhanibekov readings – 2» «THE PHENOMENON OF OZBEKALI ZHANIBEKOV: a role model and pedagogical values» Shymkent, 2025. 441 Page. III volume

ISBN 978-601-7968-48-9

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

© Өзбекәлі Жәнібеков ат.Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, 2025

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, БІЛІМ АЛУШЫЛАР, ҚҰРМЕТТІ КОНФЕРЕНЦИЯ ҚОНАҚТАРЫ МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРЫ!

Сіздерді көрнекті тұлға, этнограф, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековке арналған ғылыми-теориялық конференцияның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын.

Бүгін біз көрнекті мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің ұлт руханиятына қосқан үлесі мен жетістіктерін зерделеу, насихаттау және еске алу үшін осында жиналдық.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазіргі Түркістан облысы, Отырар ауданы, Сарықамыс ауылында 1931 жылы 28 тамызда дүниеге келді. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының (қазіргі Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті) түлегі. Бұрынғы Шымкент - қазіргі Түркістан облысының Келес ауданында мектеп мұғалімінен бастаған еңбек жолында Қазақстан мәдениет министрінің орынбасары, мәдениет министрі, Қазақстан компартиясының хатшысы қызметіне дейін өсті.

Өзбекәлі Жәнібеков еліміздегі тарихи-мәдени мұраларды түгендеу, зерттеу, қайта қалпына келтіру жұмыстарына сүбелі үлес қосқан бірегей тұлға. Мәдени-ұлттық майданда “Шертер”, Адырна”, “Алтынай”, т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды.

Наурыз мейрамының жаңғырып, репрессияға ұшыраған ақын-жазушылар еңбектерінің жарық көруіне себепші болды. “Қазақтың ұлттық қол өнері”, “Қазақ киімі”, “Ежелгі Отырар” және т. б. кітаптардың авторы.

Жоғары билікте ұзақ жыл қызмет еткен Өзбекәлі Жәнібеков туралы естеліктерде «басшылық қызметте жүріп Қазақстан мәдениетін дамытуға ерекше еңбек сіңірген тұлға» ретінде сипатталады.

Өткен ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы болды.

Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды.

Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген “Арқас” қоғамы құрылды.

Жәнібеков “Наурыз” мейрамының, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы есімдерінің халқына қайта оралуына белсене ат салысты.

Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты.

Биыл біздің университеттің Өзбекәлі Жәнібеков атауын иеленгеніне екі жыл толады және осыған байланысты «Жәнібеков оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясын екінші рет ұйымдастыруда. Осы маңызды тақырыпқа елімізден бөлек, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан ғалымдары да қызығушылық танытып келеді. Зерттеушілер ғылыми ізденісінде Жәнібековтің тарихи-этнографиялық мұраларына, оның еңбектеріндегі ұлттық тәрбие және педагогикалық құндылықтарға (педагогика, психология, әдістеме) маңыз берді. Сондай-ақ, Өзбекәлі Жәнібеков және ұлттық өнер мен спорт тақырыбы, жаратылыстану ғылымдарының өзекті мәселелері мен шешу жолдары, заманауи физика-математикалық білімнің тәжірибесі мен проблемалары, келешегі зерделенді. Биыл да келіп түскен барлығы 300-ден астам зерттеу еңбектері университет сайтында жарияланып, арнайы жинақ құрастырылады.

Биылғы барлық қатысушыларға да терең ризашылығымды білдіруге рұқсат етіңіздер және конференция барысында нәтижелі, жемісті жұмыс жасаймыз деп үміттенемін.

Біздің конференциямыз Өзбекәлі Жәнібековтің сіңірген еңбегі қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамудағы үлесін еске алу мен мойындаудағы маңызды сәт болсын.

Өзбекәлі Жәнібеков ат. Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің
Басқарма төрағасы-Ректордың у.м.а.
Сугирбаева Гулжан Даулетбековна

ЗАМАНАУИ ФИЗИКА-МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ: ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЛЕМАЛАР, КЕЛЕШЕК

ӘОЖ 371.3

МАТЕМАТИКА КУРСЫН ОҚЫТУДА ЕСЕПТЕРДІҢ АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

Ибраева.С.Н.
Педагогика ғылымдарының кандидаты І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетнің физика- математика факультетінің оқытушы –әдіскері
Талдыкорган қ
Төкенов А.
.Жансүгіров атындағы Жетісу университетнің физика- математика факультетінің 2-курс магистранты
E-mail: ibraeva62@bk.ru

Түйін

Мақалада есеп арқылы оқытудың психологиялық аспектілерінің оқушылардың ойлау қабілетіне дамытуға ықпалы қарастырылған. Математиканы оқыту үдерісінде оқушыладың қабылдайтын ақпараттың көптеген бөлігін есептерді шығару барысында меңгерілетіні айқындалды. Есеп арқылы оқытудың педагогика–психологиялық принциптері негізделген.

Резюме

В статье рассматривается влияние психологических аспектов обучения через задачи на развитие мышления учащихся. Установлено, что большая часть информации, принимаемой учащимися в процессе обучения математике, усваивается в процессе решения задач. Обоснованы педагогико–психологические принципы обучения через задачи.

Summary

The article discusses the influence of psychological aspects of learning through tasks on the development of students' thinking. It is established that most of the information accepted by students in the process of learning mathematics absorbed in the process of solving problems. The pedagogical and psychological principles of learning through tasks are substantiated

Қазақстан Республикасының президенті Қ.Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында отандық білім беру жүйесінің үздіксіз үдерісін сақтай отырып, бір орында тұрып қалмай, әрдайым даму жолында болу керектігін атап өтті [1].

Математика ғылымы есептер арқылы пайда болып, олардың негізінде дамиды. Математикалық есептер ұғымдарды, теорияны және математика әдістерін меңгерудің тиімді құралы болып табылады.

Есептің ойлау әрекетіндегі мағынасын аша отырып, А.Ф. Эсаулов былай деп жазды: «есептің психологиялық аспектісі есеп шығарушыға оның барлық жеке позициясы мен осыған сәйкес қатынасы сипатында қажетті ойлау туғыза алатын шарттар мен мақсаттарды ұйымдастырушы рөлінде көрінеді» [2].

Оқушылардың ойлау қабілетін дамытуда, оларды тәрбиелеуде, біліктіліктері мен дағдыларының қалыптасуында, математиканың практикамен байланысын көрсетуде есептің атқаратын қызметі ерекше. Математиканы оқытудағы басты есептің негізгі міндеттері: оқыту, тәрбиелеу, дамыту және бақылау. Есепті шығару барысында математикадан теориялық білім алады, есеп шығару біліктілігі қалыптасады, дағдыға ие болады, яғни математикалық білім деңгейі жоғарылайды. Әр есеп өзінің мазмұны арқылы тәрбиелік міндетін атқарады.

Б.Баймұханов «Математикалық есеп дегеніміз – оқушылардың ойы мен іс-әрекетін талап ететін және математикалық білімді меңгеруге, практикада қолдана білуге дағдыландыруға, ойлау қабілетін дамытуға бағытталған ситуация» - деп анықтама берген.

Заманауи білім беру жүйесі оқушылырды өз іс-әрекеті арқылы білім алуға бағыттау керектігі талап етеді. Ал, есептер арқылы оқытуда оқушылар есепті шығару үдерісінде шешімдерді жалпылау арқылы жаңа білімдерді меңгереді, демек, оқушылар танымдық іс-әрекеті кезінде белсенді ат салысады. Психологтар А.А.Смирнов, П.Н.Зинченко егер материалды терең түсінуге бағытталған оқу іс-әрекетінің белсенді әдісін қолданса, есте сақтау қабілеті өте жоғары болатындығын айтты. Өз күшінің арқасында алынған білім есте оңай және көпке дейін сақталатындығы тұжырымдалған [3], [4].

Л.П. Гурова есепті оқыту құралы дей келе «...есеп-ой жетістігінің обьектісі, белгілі және белгісіз элементтер арасындағы байланысты ашуға мүмкіндік беретін кейбір практикалық түрлендіруден немесе теориялық сұрақтарға жауап беретін тікелей шарттарды іздеу...» деп тұжырымдаған. [5]

Есептер арқылы оқытудың негізгі бір проблемасы теориялық материалдың мағынасын ашатын есептер жүйесін дайындау, сонымен қатар есептерді мұқият таңдау және оларды белгілі бір жүйемен орналастыру болып табылады. Есептерді қолданып оқыту үшін «мұғалім оқу материалын мынадай түрде өзгертуі керек: баяндау үшін текст мазмұны ерекше болуы керек, ол проблемалық және ақпараттық сұрақтар түріндегі танымдық есептер мен оқу тапсырмалар түрінде тұжырымдалуы қажет»

Есеп арқылы оқытуда есептер жүйесін дұрыс таңдап оқу материалының мағынасын ашатындай етіп алынады. Оқушыларға ұсынылатын есептердің қиындық деңгейі осы бағдарламаның талаптарына сай етіп таңдап алып, есептерді деңгейлеп берген пайдалы болады. Есептерді таңдаудың міндетті деңгейіне барлық оқушылармен жетуге қойылатын талаптарды саралау оқушыларға қиындық келтірмеудің негізін қалайды, оларды шамалары келетін жұмыспен қамтамасыз етеді және оқуға дұрыс көзқарас қалыптастырады.

Математиканы оқыту үдерісінде есептердің атқаратын қызметіне тоқталайық:

- *математикалық есептердің білім алудағы қызметі.* Математикалық есептерді шеше отырып, оқушылар жаңа ұғымдарды, меңгереді. Оқытушылық есептер жүйесін негізінде оқушылардың өздігінен теориялық тұжырым жасауға мүмкіндігі болуы тиіс. Бұл қандай да бір математикалық обьектінің қасиеттерін анықтайтын тұжырым болуы немесе жаңа теориялық жағдайдың дәлелдемесі болуы немесе белгілі бір типтегі есептерді шешу алгоритмі болуы мүмкін. Математикалық есептерді шешу арқылы оқушылар көптеген математикалық ұғымдарды меңгереді, математикалық таңбаларды біледі, дәлелдеу жолын үйренеді. Математиканы есептер арқылы оқыту логикалық ойлауды дамытуға, ойымыздың анықтылығын, ойлау жолының дәлдігін, таңбаларды қолдана білу мен еске сақтау қабілеттерін қалыптастыруға үйретеді. Есеп оқушыларды жаңа математикалық біліммен қаруландырып, қалыптасқан білім мен біліктілігін жүйелеуге, нақтылауға көмектеседі

- *математикалық есептердің дамытушылық қызметі* Есептер арқылы дамытушылықтың мәні оның ойлауы, еске сақтауы, елестетуі, осы және басқа да қабілеттері мен ерекшеліктері оның тұлға ретінде дамуы болып табылады. Оқушылар үшін олардың қабілеттерін, қызығушылықтарын, бейімділіктерін жан–жақты және үйлесімді дамытуда есептердің рөлі зор. Оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін өркендету оларды өздігінен білім алып, ғылыми техникалық және саяси жаңалықтардан хабардар болуға үйретеді, күрделі логикалық талдау жасауды, сөйтіп диалектикалық ойлауы мен шығармашылық іс-әректтерін мүмкіндігінше өз бетімен математикалық есептерді шешу арқылы фактілер мен заңдылықтарды тұжырымдайды.

- *математикалық есептердің тәрбиелік қызметі* . Есептер өзінің мазмұны арқылы оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, табиғатты ғылыми жағынан танудың негізгі заңдылықтарының математикадағы көрінісін бейнелеуге тәрбиелейді.

Есептерді шешу арқылы оқушы ұстамдылыққа, шыдамдылыққа, өз еңбегін бағалай білуге, алған бағытын соңына дейін шешуге үйренеді. Сондықтан математикалық есептердің тәрбиелік мәні оқушылардың математикалық ойлауын дамыту, математикалық мәдениетке тәрбиелеу, оқушылардың метематикаға деген ықыласының тиянақты болуын қамтамасыз ету болып табылады.

Математикалық ұғымдарды меңгеруге арналған оқытушылық есептер. Математикалық есептерді шешу, жаттығуларды орындау арқылы оқушылар көптеген математикалық ұғымдарды меңгереді. Сонымен қатар математикалық ұғымды меңгеру үшін оның анықтамасын, ерекше белгілерін және қасиеттерін білу қажет. Квадрат теңдеу ұғымын басқа теңдеулерден ажырата білу үшін әр түрлі жаттығулар беріп, оқушылардың білімін, түсініктілігін арттыруға болады.

Есептер арқылы оқыту әдісі деп - оқушылардың жаңа теориялық материалды белгілі есептер жүйесін шығару мен шешімдер нәтижесін жалпылау негізінде меңгеретін оқыту әдісін айтады.

Есептер арқылы оқытудың негізгі бір проблемасы теориялық материалдың мағынасын ашатын есептер жүйесін дайындау, сонымен қатар есептерді мұқият таңдау және оларды белгілі бір жүйемен орналастыру болып табылады. Есептерді қолданып оқыту үшін «мұғалім оқу материалын мынадай түрде өзгертуі керек: баяндау үшін текст мазмұны ерекше болуы керек, ол проблемалық және ақпараттық сұрақтар түріндегі танымдық есептер мен оқу тапсырмалар түрінде тұжырымдалуы қажет»

Оқыту барысы тұтастай оқушы өзі еркін меңгеретін арнайы әзірленген дидактикалық материалдарды қолдану негізінде құрылуы керек;

Оқушының таным үдерісінің артықшылығы оқушы өзі біртіндеп орнымен анықтайтын белгілі бір мақсатқа бағытталған белсенді және тәуелсіз әрекеттермен жүзеге асады.

Оқыту есептер жүйесін құрастыру әдістемесі оқылатын материал нені білдіретінін оқушылардың өздігінен теориялық тұжырым жасауға мүмкіндігі болуы тиіс. Бұл қандай да бір математикалық обьектінің қасиеттерін анықтайтын тұжырым болуы немесе жаңа теориялық жағдайдың дәлелдемесі болуы немесе белгілі бір типтегі есептерді шешу алгоритмі болуы мүмкін.

Есеп арқылы оқыту үшін есептер жүйесін құруда ескерілетін талаптар:

a) Меңгерілген білім, білік пен дағдының жиынтығын алдын ала айқындау қажет;

b) Жаңа материалды меңгеруде оқушыларды ойланатын нақты практикалық және ой әрекеттеріне дайындауды қарастыру керек;

c) Өзіндік таным әрекетін жетік ұйымдастыру үшін ізденіс ситуациясын құру керек;

d) Жаңа теориялық материалды меңгеру үшін оқушының оқу түрткісін дамыту керек.

Мысалы 10 сыныптағы алгебра және анализ бастамалары курсындағы «Функцияның кризистік нүктесі, максимум және минимумы» тақырыбындағы теориялық материалды талдауда бұл материалды оқып-үйренуді 4 кезеңге бөлуге болады:

а) Экстремум ұғымын қалыптастыру;

б) Экстремум нүктесін танып білу;

в) Экстремум нүктелерін іздестіру (теориялық бөлім);

г) Экстремум белгілерін қолдану.

Осы жалпы міндеттерден (кезеңдер) берілген теориялық материалды оқып–үйрену үшін қажетті есептер жүйесі құрылады.

Теориялық материалды есеппен немесе есептер жүйесімен ауыстырып, оларды шешіп, қорытындыларды жалпылау, теориялық мағлұматтарды үйреніп қана қоймай, математикалық дағды мен білікті қалыптастырады, кейбір алгоритмдерді тікелей өңдейді, демек жаңа

материалды бекітуге арналған біртекті есептер санын қысқартуға мүмкіндік болады. Сонымен қатар математикалық дағдылар мен білімдерді қалыптастыруға арналған уақытты үнемдейді, математикалық обьектілерді оқытуда білімді тереңдету үшін есептерді жалпылау, жаңа есептерді құру және есептеу, теориялық мағлұматтарды алу мүмкіншілігі туады. Оқу үдерісінде оқушылармен жеке жұмыс істеуге қосымша мүмкіндіктер болады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249#z16 28.03.2023.
2. Эсаулов А.Ф. Психология решения задач. - М.:Высшая школа, 1992.- С. 216
3. Смирнов А.А. Проблемы психологии памяти. – М.: Просвещение, 1996.- С.423
4. Зинченко П.И. Непроизвольное заполнение. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 1961.- С.562.
5. Гурова Л.Л. Психологический анализ решения задач. // Воронеж / Издательство Воронежского университета, 1996.- С. 327
6. Вопросы проблемного обучения в школе / Под.ред. М.Н. Махмутова. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1990.- С.119
7. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М.: Учпедгиз, 1946, С.704.

в школе, 1988 №3.- С.21-23.

8. М.Е. Есмұханов Функцияны зерттеу / - А.: Мектеп, 1988.
9. А.Е.Әбілқасымова, А.К Көбесов, Д.Р.Рахымбек, Ә.С. Кенеш Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі / - А.: Білім, 1998.- Б.55.
10. О. Сатыбалдиев Математикалық анализ курсының практикалық сабақтарында кәсіби бағдар мәселелерін жәтілдіру, -А.: Ғылыми -әдістемелік журнал, №6 2000.- Б.2.

5-6 СЫНЫПТЫҢ МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНЫП ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Ибраева С.Н

Педагогика ғылымдарының кандидаты, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің физика –математика факультетінің оқытушы-дәріскері

Жетісу облысы, Талдықорған қаласы E-mail: ibraeva62@bk.ru

Жүкен Ернұр Ерланұлы

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің физика –математика факультетінің 2-курс магистранты

Түйін

Қазіргі білім беруде оқытудың белсенді түрлерін дамыту заман қажеттілігі бойынша туындап отыр, өйткені мұғалім оқушылардың тек жүйелік білімді ғана емес, сонымен бірге үйренген білімі мен дағдыларын практикалық іс-әрекетте қолдануға үйретуі керек. Мақала бүгінгі күннің өзекті мәселесіне арналған: "математика сабақтарында белсенді оқыту әдістерінің маңыздылығы мен қолданылуы?" жайында сөз қозғалмақ. Белсенді оқытудың әртүрлі нысандарын ұсынып, оларды талдадым және оларды білім беру процесінде қолдану мүмкіндіктерін қарастырдым. Математиканы оқытудың ойын түрлеріне ерекше назар аударылады. Қорытындылай келе, математика сабақтарында оқытудың белсенді әдістерін үнемі қолдану математикалық дайындықтың сапасын арттырады және оқушылардың математика сабағына белсенділігін арттырады.

Резюме

Развитие активных форм обучения в современном образовании безусловно необходимо , так как учитель должен учить учащихся применять в практической деятельности не только системные

знания, но и приобретенные знания и навыки. Статья посвящена актуальной сегодня проблеме: "важность и применение методов активного обучения на уроках математики?". Предложил различные формы активного обучения, проанализировал их и рассмотрел возможности их применения в образовательном процессе. Особое внимание уделяется игровым видам обучения математике. Таким образом, регулярное использование активных методов обучения на уроках математики повышает качество математической подготовки и повышает активность учащихся на уроках математики.

Summary

The development of active teaching methods in modern education is undoubtedly essential, as teachers must teach students to apply not only systematic knowledge but also acquired skills in practical activities. This article addresses a highly relevant issue: "The value and application of active learning methods in mathematics lessons." Various forms of active learning are proposed, analyzed, and their potential for implementation in the educational process is discussed. Special attention is given to game-based learning methods in mathematics, such as mathematical relays and games. Regular use of active learning methods in mathematics lessons improves the quality of mathematical education and increases student engagement during lessons.

"Белсенді оқыту әдістері" термині XX ғасыр алпысыншы жылдар әдебиеттерінде кездестіруге болады. Белсенді әдістерді дамытудың теориялық және практикалық негіздерін Я.А. Коменский, Ж.-Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци, К. Д. Ушинский және тағы да басқа танымал шетел педагогтарының еңбектерінде қаланды.

Педагогика тарихы бойынша білім беру процесінде оқытуды жүргізудің екі түрлі ұстанымы бар: біреуінің жақтаушылары оқушы пассивті субъект болуы керек, оған мұғалім әсер етеді, тек мұғалім өзінің белсенділігін көрсетеді; екінші позицияға сәйкес, оқушылар оқу процесінде тең құқықтарға ие, мұғалім сияқты, олар мұғалімнің қол астында жұмыс істейді, сонымен бірге теориялық білім тәжірибесін белсенді түрде игереді.

Жылдар өте келе және педагогикалық тәжірибе көрсеткендей оқытудың белсенді формасы тиімді екенін байқаймыз. Белсенді оқыту әдістері білім берудің математика саласында аса сұранысқа ие және өте эффективті.

Оқу процесі сәтті болуы үшін оқушылар әр сабақта тапсырманы уақытылы орындап үлгеруі керек. Жасыратыны жоқ, оқушылар мұғалімнің не туралы айтып жатқанын түсінген кезде ғана сабақты ұғынады және алған білімдерін басқалармен бөліседі. Басқаша айтқанда, оқудың сәтті болуының шарттарының бірі-оқушының сабақтағы жұмысына белсенді қатысуы. Бұған оқу процесіне белсенді оқыту әдістерін енгізе отырып қол жеткізуге болады.

Оқытудың белсенді әдістері-бұл оқушыларды оқу материалын игеру процесінде белсенді ойлау және практикалық іс-әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту негізінен мұғалімнің дайын білімді ұсынуына, оларды есте сақтауға және көбейтуге емес, белсенді ойлау және практикалық іс-әрекет процесінде оқушылардың білім мен дағдыларды өз бетінше игеруіне бағытталған әдістер жүйесін қолдануды қамтиды. Математика сабақтарында белсенді әдістерді қолдану тек білім-репродукцияны ғана емес, осы білімді талдау, жағдайды бағалау және дұрыс шешім қабылдау үшін қолдану дағдылары мен қажеттіліктерін қалыптастыруға көмектеседі.[1]

Оқудағы оқушының жеке басының белсенділігі мәселесі білім беру практикасындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы уақытта Қазақ білім беру жүйесі тұрақты өзгерістерге ұшырауда. Білім беру процесін модернизациялау әр мұғалімді оқушылардың қызығушылығын тудыратын және оларды пәнді оқуға ынталандыратын оқытудың осындай заманауи белсенді формалары мен әдістерін іздеу қажет екенін түсінуге мәжбүр етеді.

Белсенді оқыту әдістері математика сабақтарында зеріккен оқушыға, оқуға деген шабытын ашады, сабақты үйренудің жеңіл әрі қызықты формасын таниды. Оқушылар осы әдістер арқылы сыныптастарымен бірге жұмыс жасай отыра өзінің ұжымдық қабілетін ашады және өзінің ойын ашық жеткізуіне көмегін тигізбек.

Белсенді оқыту әдістерінің негізгі көмектесуші факторлары:

- ойлау қабілетінің қыртысы ылғида жұмыс жасайды және сол арқылы дамып отырады
- ұзақ уақыт белсенділік — оқушы эпизодтық емес, бүкіл оқу процесінде жұмыс істейді;
- қойылған міндеттердің шешімдерін табумен және олардың шешімін табу үшін өздігінен жұмыс жасайды;
- оқуға деген ынтасы артады.[2]

Оқу процесінде мұғалім бір белсенді әдісті таңдай алады және бірнеше әдістердің комбинациясын қолдана алады. Бірақ сәтті шығуы таңдалған әдістер мен тапсырмалардың жүйелілігі мен арақатынасына байланысты.

Оқытудың белсенді және интерактивті әдістерінің міндеттері:

- әр оқушыны жаңа материалды игеру процесіне белсенді қосу;
- математика сабақтарында мотивация мен белсенділікті арттыру;
- өз пікірін қалыптастыру;
- өз бетінше іздеу, ақпаратты талдау және жағдайды дұрыс шешу дағдыларын үйрету.
- табысты қарым-қатынас дағдыларын үйрету.

Қатысушылардың саны бойынша белсенді оқыту әдістері:

* жеке;
* топтық;
* ұжымдық

Осы қарастырылған жеке, топтық және ұжымдық белсенді әдістер талабына сәйкес келесі бөлімде нақты мысалдар қарастырып, олардың пайдасы мен пайдаланылу тәртібін көрсететін боламын.[2]

Жеке белсенді оқыту әдісіне сай «шындық па, өтірік пе?» әдісін ұсынғым келеді. Бұл әдіс оқушының өткен тақырыбын пысықтауына көп септігін тигізеді. Есептеу дағдыларын дамыту, өткен материалды бекіту және қайталау, формативті бағалау.[4]

1. Оқушыларға тақтада немесе карталарда әртүрлі мәлімдемелер (шын және жалған) беріледі.

2. Егер мәлімдемелер тақтада берілсе, мұғалім мәлімдемені оқиды, ал оқушылар оның шынайылығын немесе жалғандығын анықтайды. Олар өз таңдауларын "Ш" - "шындық" - шынайы мәлімдеме, "Ж" - "жалған" - жалған мәлімдеме арқылы көрсетеді.

3. Егер мәлімдемелер жеке карточкаларда жазылса (бір мәлімдеме үшін бір карточка), оқушылар оларды партаға екі " шындық " және " жалған " топтарына орналастырады немесе сәйкесінше екі бағаннан тұратын кестеге орналастырады.

Көрсетілген белсенді оқыту тәсілі алгебралық өрнектерді және бір айнымалысы бар сызықты теңдеулерде не болмаса бөлшектерге амалдар қолдануда тиімді тәсіл болып табылады.

Ұжымдық белсенді оқыту әдісі ретінде математикалық эстафетаны ұсынғым келеді. Бұл әдіс арқылы оқушылар ойлау қабілеті артып, оқушылар арасындағы ұжымдық, достық қатынасты арттырады.

Қосу және азайту, көбейту және бөлудің кестелік жағдайлары туралы білімді тексеру, формулаларды қолдана білу, қарапайым есептерді шешу, формативті бағалау.

1. Мұғалім "терезелермен", яғни толтырылмаған торлармен бірдей кестелер дайындайды.

2. Мұғалім оқушылардың әр қатарына кесте таратады (оң жақтағы бірінші үстелге қояды).

3. Ойынның басталуы туралы бұйрық бойынша оң жақтағы бірінші партада отырған оқушы бірінші "терезені" жаба бастайды, яғни.бірінші бос торды толтырыңыз.

4. Бірінші "терезені" жауып, ол кестені көршісіне береді және т. б.

5. Қатардағы соңғы оқушы тапсырманы орындағаннан кейін оны сарапшыға тапсырады, оны "озат" оқушыларды арасынан мұғалім алдын ала тағайындайды.

6. Сарапшы кестені толтырудың дұрыстығын тексереді, ал мұғалім оқушыларға дұрыс толтырылған кестені экранға проекциялау немесе оны тақтаның артында алдын-ала дайындау арқылы тапсырмалардың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Мысалы 6-сыныптардағы рационал сандарды қосуға және азайтуға дұрыс үйрету және естерінде сақтату қатысты «Жоғалған цифрды тап ойыны» оқушыларға жылдам есептеу, ұшқыр ойлау дағдысын және ойын оқу түрткісін оятып белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

-5 + … = 10	6 + … = 7	7 + … = - 2
23 - … = - 3	- 2 – 8 = …	- 4 + … = 2
… + 2 = - 7	… - 6 = -11	9 + (- 7) = …
… - 7 = 13	-8 + 5 = …	… - 12 = -21

Топтарда жұмысты ұйымдастырған кезде топтарға бөлудің әртүрлі тәсілдерін қолдану ұсынылады [3]:

1. "Міндетті емес": оқушылардың өздері кіммен жұмыс істейтінін және топтарға бірігетінін анықтайды.

2. "Қалай отыру керек": топтар "аумақтық негізде" қалыптасады-бір партада отырған студенттер бірге жұмыс істейді; көрші парталарда отырған жұптар; бір бағанда отырған студенттер және т. б.

3. "Мұғалім қалай айтады": топтарды мұғалім өз қалауы бойынша басқарады күшті әлсіз, қыздар/ұлдар, бір-бірімен достасатын оқушылар/оппозициядағы оқушылар және т. б.

4. "Тізім бойынша", яғни мұғалім сыныпты ресми түрде журнал тізімі мысалы, А-және, К-О және т.б. аты-жөнінің бірінші әрпі бойынша топтарға бөлінеді.

Оқу материалдарын, ұғымдарды, формулаларды пысықтау және жүйелеуге мүмкіндік береді.

1. Оқушылар 5-6 адамнан тұратын топтарды біріктіреді.

2. Мұғалім тақтаға алдын-ала дайындалған плакат іліп қояды, онда әр түрлі түсті үлкен және кіші шрифтімен 15-20 сөз жазылады.

3. Бөлінген уақыттан кейін (40 сек – 1 мин)плакат алынып тасталады, ал топтар есте қалған барлық сөздерді жазады.

4. Содан кейін топтар өздерінің жазбаларымен алмасады және оларды тақтаға ілінген постермен салыстырады. Түзетулер басқа түсті қаламмен енгізіледі.

5. Тексерілген парақтар бұрынғы топқа қайтарылады.

Сандар бойынша операциялар. Бөлшектерді қосу және азайту.

Бірдей бөлгіштері бар бөлшектерді қосу және азайту алгоритмдерін қолдану. Сынып топтарға бөлінеді. Мұғалім әр топқа қағаз парағын береді және әр түрлі қаріп түсі мен өлшемін, көлденеңінен, тігінен, диагональ бойынша бірдей бөлгіштері бар бөлшектерді қосу және азайту үшін өрнектерді жазуды ұсынады. Өрнектердің шамамен саны-12-15. Тапсырманы орындаудың шамамен уақыты-5-8 минут. Топтар постерді дайындаған кезде, олар орындарын тастап, сағат тілімен басқа топтардың парақтарына қарай жылжиды. 1-2 минут ішінде олар өрнектерді есте сақтайды, сигналдан кейін, орнына оралып, көргендерін жазады. Содан кейін жазбаларды тексеріп, түзетулерді басқа түспен енгізіңіз. Жұмыс өрнектердің мағынасын табумен аяқталады.

Білім беру жүйесінің дәстүрлі форматы қазірде артта қалды. Оқушы өз ойын ашық жеткізе алуы және сабаққа белсене қатыса алуының тиімді жолдарының бірі белсенді оқыту әдістерінде жатыр. Белсенді оқыту әдістерін математика сабағында пайдалану оқушы білімін ұштап, көзге қиын болып көрінетін математиканың үйренуге жеңіл екенін оқушыларға ұғындырады және барлық оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыратынына көзіміз жетті. Белсенді оқыту әдістерінің маңыздылығы жоғары және қолданылу мүмкіншіліктерінің біршама пайдасы бар.

Әдебиеттер

1. Анашкина И.В. Активные и интерактивные формы обучения: методические рекомендации / И.В. Анашкина. – Тамбов: изд. ООО Орион, 2011. – 239 с.

2. Курьянов, М. А. Активные методы обучения [Текст] : метод. пособие / М. А. Курьянов, В. С. Половцев. - Тамбов: Изд-во ФГБОУ ВПО "ТГТУ", 2011.

3. Cole, G. (2006) 101 Essentials Lists for using ICT in the classroom [Сыныпта АКТ пайдалануға арналған негізгі тәсілдердің 101 тізімі]. Continuum International Publishing Group.

4. Карпова Е.А. Игра на уроках математики как один из эффективных путей воспитания у школьников интереса к предмету. – http://www.uchportal.ru/publ/15-1-0-1105

УДК 29.01.45

ИННАВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ОБУЧЕНИЮ ФИЗИКЕ В ПРОФИЛЬНЫХ КЛАССАХ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

Толаметов А.О.,
магистрант II курса,ЮКПУ имени У.Жанибекова г.Шымкент, Казахстан
науч.рук.:Рамазанова С.А.,
к.ф-м.н., доц., ЮКПУ имени У.Жанибекова г.Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақалада бейіндік сыныптарда физиканы оқытудың негізгі инновациялық әдістері талданады. Проблемалық және көп деңгейлі оқыту, жобалау және зерттеу әдістері, ойын технологиялары, топтық және топтық жұмыс, модульдік оқыту, денсаулық сақтау технологиялары сияқты тәсілдер қарастырылады. Компьютерлік технологияларға ерекше көңіл бөлінуде, бұл сабақ уақытының шектеулі кезінде де оқушылардың білім деңгейін тез және жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Резюме

В статье анализируются ключевые инновационные методы обучения физике в профильных классах. Рассмотрены такие подходы, как проблемное и разноуровневое обучение, проектные и исследовательские методы, игровые технологии, групповая и командная работа, модульное обучение, здоровье сберегающие технологии. Особое внимание уделено компьютерным технологиям, которые позволяют быстро и систематически контролировать уровень знаний учащихся даже в условиях ограниченного времени урока.

Summary

The article analyzes key innovative methods of teaching physics in specialized classes. Such approaches as problem-based and multi-level learning, project and research methods, game technologies, group and team work, modular learning, health-saving technologies are considered. Particular attention is paid to computer technologies that allow you to quickly and systematically monitor the level of students' knowledge even in conditions of limited lesson time.

Инновационная педагогическая деятельность сегодня является неотъемлемой частью работы средних образовательных учреждений. Под инновационными методами понимается совершенствование педагогических технологий, применение разнообразных методик и средств обучения. Эти подходы укрепляют конкурентоспособность образовательных учреждений, стимулируют профессиональное развитие педагогов, раскрывают их творческий потенциал и способствуют гармоничному развитию личности учащихся [1].

Современная школа находится в процессе трансформации образовательных целей и методов обучения. Основная задача системы образования — обеспечить успешное развитие и сохранить здоровье подрастающего поколения [2].

Личность XXI века должна обладать креативностью, социальной активностью, трудолюбием, уверенностью в себе, компетентностью и высоким уровнем образованности [3]. Долгое время образовательная система выполняла преимущественно информативную функцию, однако сегодня приоритетом становится формирование научно-гуманной образовательной среды, в которой педагог:

- создаёт условия для воспитания социально активных личностей;
- обучает детей самостоятельно добывать знания;
- выполняет роль организатора познавательной деятельности, планирует образовательный процесс, управляет им и анализирует достигнутые результаты (рис.1).

Рис.1. Роль педагога в современном образовании

Основная часть

Несмотря на изменения, урок остаётся основной формой работы педагога. Современные образовательные технологии ориентированы на индивидуализацию, дистанционность, вариативность и академическую мобильность учащихся. В школах активно применяются разнообразные педагогические технологии, особенно при обучении физике в профильных классах [4].

Влияние инновационных методов на обучение физике и другим точным наукам

Внедрение современных информационных и образовательных технологий в процесс преподавания физики предоставляет педагогам уникальные возможности.

Важно отметить, что инновационные методы не вытесняют традиционные формы обучения, а дополняют их. Совмещение классических подходов с современными позволяет учителям эффективнее использовать учебное время и добиваться лучших результатов. Это сочетание лежит в основе достижения главной цели школы — высокого уровня обучаемости и личностного роста учеников.

Современная система образования предоставляет педагогам широкий выбор методик, среди которых каждый учитель может найти ту, что наиболее соответствует его опыту и стилю работы. Основной целью становится развитие у учеников творческих способностей, их мышления, внимания и памяти. Ниже представлены инновационные подходы, которые делают уроки физики современными и эффективными [5].

Основные инновационные методы

Рис.2. Улучшение физического образования через инновации

1. Проблемное обучение

Этот метод предполагает создание на уроках проблемных ситуаций, решение которых требует от учащихся активного участия и самостоятельной работы. Результатом такого подхода

становится не только овладение знаниями и навыками, но и развитие аналитического мышления[6]. Например, учащиеся могут работать над задачами, связанными с энергосбережением, предлагая свои пути решения.

2. Разноуровневое обучение

Подход ориентирован на учёт индивидуальных особенностей учеников. Учитель может помогать учащимся с разной степенью подготовки: слабым — справляться с материалом, а сильным — углублять свои знания[7]. Это повышает мотивацию и укрепляет уверенность учащихся в собственных способностях.

3. Проектные методы обучения

Проекты, например, "Исследование возобновляемых источников энергии", помогают развивать творческий потенциал учащихся, осознавать их профессиональные и социальные ориентиры.

4. Исследовательские методы

Данный метод учит школьников самостоятельно изучать предмет и глубже вникать в темы. Это способствует формированию исследовательского мышления, развитию аналитических навыков и закладывает основу для индивидуального развития.

5. Игровые методы

Применение ролевых и деловых игр особенно актуально для младших школьников. Игры развивают коммуникативные навыки, расширяют кругозор и стимулируют интерес к предмету. Например, физические викторины или квесты могут сделать обучение увлекательным.

6. Обучение в сотрудничестве (групповая работа)

Этот метод основывается на взаимодействии и совместной деятельности учеников. В основе подхода лежит не учебный предмет, а индивидуальные возможности ребёнка. С использованием диагностик учитель адаптирует материал под каждого учащегося.

7. Модульное обучение

Данный метод предполагает адаптивный подход к изучению предмета. В его рамках организуется самостоятельная работа учащихся, применяются разноуровневые задания и различные формы контроля знаний. Например, на уроках физики используются демонстрационные эксперименты и технические средства обучения (ТСО), что помогает учащимся закрепить знания.

Применение модульного подхода позволяет систематизировать знания и поддерживать познавательный интерес учащихся. Ключевым фактором является правильно организованная проверка усвоенного материала, которая стимулирует активное участие школьников в образовательном процессе.

8. Здоровьесберегающие технологии

Использование здоровьесберегающих технологий на уроках физики позволяет эффективно распределять задания между учащимися, сочетая интеллектуальную нагрузку с физической активностью. Для младших школьников это включает физкультминутки, которые помогают поддерживать концентрацию и снижать утомляемость. Применение таких технологий также способствует рациональной подаче сложного учебного материала, выделению времени на самостоятельные задания и использованию технических средств обучения (ТСО) [8]. Всё это положительно влияет на качество усвоения материала и результаты обучения.

Компьютерные технологии как основа организации и управления учебным процессом

До появления современных компьютерных технологий преподаватели физики сталкивались с рядом проблем:

- нехватка времени для систематического устного и письменного контроля знаний;
- сложности с проверкой письменных тестов, особенно при подготовке к ЕНТ;
- ограниченность оборудования, которая мешала многократно повторять эксперименты;
- формальный подход к решению задач, когда практика ограничивалась теоретическими расчётами;

- трудности в оперативной обратной связи между учителем и учениками, особенно в больших классах;

- отрицательное отношение части учеников к традиционным методам контроля.

Эти недостатки приводили к снижению качества образования. С появлением современных компьютеров и цифровых инструментов преподаватели получили возможность улучшить организацию уроков.

Примером успешного применения компьютерных технологий является тема «Электрический ток». Интерактивные задания, лабораторные работы в виртуальной среде и автоматизированный контроль знаний помогают формировать ключевые компетенции учащихся.

Современный урок физики: интеграция традиционных и инновационных подходов

Эффективный урок физики сочетает классические методики преподавания с современными технологиями. Информационно-коммуникационные технологии (ИКТ) делают уроки более наглядными, содержательными и интересными. Однако невозможно задействовать все доступные ресурсы в рамках одного урока. Поэтому учитель физики должен выстраивать систему интеграции ИКТ.

Заключение

Сочетание традиционных методов и инновационных технологий способствует развитию личности учащихся, их познавательной активности и успешности. Инновационная деятельность преподавателей тесно связана с научно-методической работой и исследовательской активностью школьников. В условиях современного образования такая интеграция становится не только важной, но и необходимой.

Список литератур

1. Митина Л. Психология личностно-профессионального развития субъектов образования. – Litres, 2022.
2. Асмолов А. Г., Семенов А. Л., Уваров А. Ю. Российская школа и новые информационные технологии: взгляд в следующее десятилетие //М.: НексПринт. – 2010. – С. 23-26.
3. Казарян М. Ю. Представления о творческой личности и профессионале в юношеском возрасте :дис. – М. : Дис.... канд. психол. наук, 2009.
4. Бердибаев Э. Р. Инновационные технологии-важнейший компонент в формировании научно-технического мировоззрения молодежи в процессе изучения дисциплин: астрономии, робототехники, математики, информатики, физики //Известия Кыргызского государственного технического университета им. И. Раззакова. – 2017. – №. 2. – С. 126-133.
5. Муштавинская И. Технология развития критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя. – Litres, 2015.
6. Рахимов З. Т. Этапы применения технологий профессионально-ориентированного проблемного обучения //European Scientific Conference. – 2019. – С. 273-276.
7. Копьева Л. В. Реализация уровневой дифференциации в процессе обучения математике :дис. – 2021.
8. Соломеина Д. А. Реализация здоровьесберегающих технологий в процессе обучения физике :дис. – 2016.

УДК 29.01.45

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ФИЗИКАНЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Саипов Ж.Т.,
II курс магистранты, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Шымкент қ., Қазақстан
Ғыл.жетекші: Рамазанова С.А.,
Ф-м.ғ.к., доц., Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Шымкент қ., Қазақстан

Түйін

Бұл мақалада денсаулық мүмкіндіктері шектеулі оқушыларға арналған физиканы қашықтықтан оқыту тәсілдері әлеуметтік желілер арқылы қарастырылған. WordPress және BuddyPress платформалары негізінде құрылған және білім беру процесінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған сайтты құру және енгізу тәжірибесі сипатталады.

Резюме

В этой статье рассматриваются подходы к дистанционному обучению физике для учащихся с ограниченными возможностями здоровья через социальные сети. Описывается опыт создания и внедрения сайта, созданного на базе платформ WordPress и BuddyPress и направленного на повышение доступности образовательного процесса.

Summary

This article discusses approaches to distance learning in physics for students with disabilities through social media.The article describes the experience of creating and implementing a website based on the WordPress and BuddyPress platforms and aimed at increasing the accessibility of the educational process.

Қазақстан қоғамы денсаулығы шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу мәселесін шешуге күш салуда. Инклюзивті білім беру контексінде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне интеграциялау үдерісіне ерекше назар аударылады.
Бұл мақалада денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін физиканы оқыту процесін қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы ұйымдастыру мәселелері қарастырылған. Себебі дәстүрлі үйде оқыту мен қашықтықтан білім беру тәсілдерін үйлестіру оқыту процесінің тиімділігін арттырады [1].

Д.Султаналиева, М.Маркова сияқты зерттеушілердің еңбектерінде инклюзивті білім беру мәселелері қарастырылады. Бұл еңбектерде қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру ерекшеліктері, танымдық қызметінде шектеулері бар оқушылардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру мәселелері, сондай-ақ интеграцияланған оқыту мен тәрбиені дамыту жолдары көрсетілген [2].

Инклюзивті білім беру жағдайында қашықтықтан оқытудың келесі артықшылықтарын атап өтуге болады:

1. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру.
2. Білім беру процесінің қатысушылары арасындағы форумдар мен чаттар арқылы өзара әрекеттесу.
3. Қажетті материалды онлайн режимде көру мүмкіндігі, сондай-ақ физикалық тәжірибелердің фото және бейнежазбалары.
4. Тестілеу.
5. Қосымша ақпарат көздерін пайдалану [3].

Әлеуметтік желілер және білім беру

Қашықтықтан білім беру технологиялары ақпарат алмасудың әртүрлі әдістері арқылы жүзеге асырылады (электрондық пошта, сайттағы байланыс құралдары, бейнебайланыс және

т.б.). Әлеуметтік желілер интернетте адамдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа деңгейін қалыптастырады, бұл шынайы және виртуалды кеңістікті «жақындастырады» [4].

Қазіргі уақытта жалпы қолданыстағы әлеуметтік желілерге Facebook, «ВКонтакте», «Одноклассники», Google Plus және басқа да танымал платформалар жатады. Бұл ірі платформалар интернеттегі әлеуметтік желі технологияларының дамуына айтарлықтай әсер етеді.

Жалпы қолданыстағы әлеуметтік желілер қашықтықтан қолдау көрсету үшін белсенді қолданылады, бірақ бұл көбінесе оқушылардың өз бастамасымен жүзеге асады. Олар оқуға байланысты мәселелерді талқылауға және материалдармен алмасуға арналған жабық қауымдастықтар құрады [5].

Әлеуметтік желілерді білім беру мақсатында қолдану

Әлеуметтік желілерге негізделген жобалар оқушылардың оқу қауымдастықтарын және мұғалімдердің кәсіби қауымдастықтарын белсендіру, мектептерді ақпараттандыру және мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау, электронды білім беру ресурстарын тарату, оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін енгізу сияқты мақсаттарды көздейді. Сонымен қатар, мұғалімдер мен оқушылардың ақпарат алмасу, қарым-қатынас және өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Әлеуметтік желілерге арналған арнайы сайтты жасау танымал CMS платформаларының бірін қолдануды талап етеді (мысалы, WordPress, Joomla, Drupal және т.б.). Бұл жұмыста WordPress платформасы мен BuddyPress қондырмасы таңдалды (сурет 1), себебі бұл нұсқа лицензияның тегіндігі мен минималды шығындарды ескере отырып, әлеуметтік желі құруға мүмкіндік береді.

Сурет 1 – WordPress платформасымен BuddyPress қондырмасы

WordPress пен BuddyPress орнату дәстүрлі тәсілмен жүзеге асырылады және қиындық туғызбайды. Орнатқаннан кейін сайт дизайнын, навигация блоктарын және мәзірді баптау, сондай-ақ бастапқы бетті рәсімдеу қажет. Бұл қадамдардан кейін әлеуметтік желі үлгісінде салынған сайт дайын болады [6].

Виртуалды қолдау және оқыту процестері

Денсаулығы шектеулі оқушыларға физиканы үйренуде келесі іс-әрекеттер үшін виртуалды қолдау қажет:

- Физикалық тәжірибелердің әртүрлі түрлерін (демонстрациялық, зертханалық) өткізу.
- Мұғаліммен онлайн әрекеттесу арқылы есептер шығару.
- Жаңа материалды меңгеру кезінде туындаған сұрақтарды мұғаліммен және сыныптастарымен талқылау.
- Жобаларды, соның ішінде топтық жобаларды орындау.
- Оқытушы бейнежазбалар мен қысқа фильмдерді көру.
- Білімді бақылау.

Виртуалды зертханалар және ресурстар

Үйде физиканы оқыған кезде денсаулығы шектеулі оқушылар тәжірибелерді бақылау мүмкіндігінен айырылады, бұл жаңа материалды түсінуді қиындатады және теория мен тәжірибе арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік бермейді. Бұл жағдайда физикалық тәжірибелер виртуалды зертханалар арқылы жүзеге асырылады. Сайт бетінде қажетті ресурстарға сілтемелер беріледі.

Қазіргі уақытта көптеген электрондық оқыту құралдары бар, соның ішінде виртуалды зертханалық жұмыстарды ұсынатын ресурстар. Мысалы, Virtulab.Net – физика, химия,

биология, экология және басқа пәндер бойынша виртуалды тәжірибелерді өткізуге мүмкіндік беретін тегін онлайн ресурс. Сондай-ақ, «Біріңғай ЦБР коллекциясы» сайтында онлайн және оффлайн режимдерінде қолжетімді интерактивті зертханалық жұмыстар ұсынылған [7].

Виртуалды лабораторияда жұмыс істеудің маңыздылығы оқушыларға өлшемдер жүргізуге, алынған нәтижелерді өңдеуге және графиктерді көрсетуге мүмкіндік беретіні атап өту қажет. Мұндай ресурстар арқылы объектіге дейінгі қашықтық, температура, қысым, айнымалы және тұрақты ток параметрлері, магнит өрісі, жарықтылық, дененің бұрылуы және дыбыс қарқындылығы сияқты параметрлердің жедел мәндерін қадағалауға болады.

Жаңа материалды оқыту барысында мұғалім оқушыларға физиканы қашықтан оқитындарға қарауға мүмкіндік беретін оқытушы бейнемазмұндар мен шағын фильмдер жасай алады, олар кейін сайтқа орналастырылады. Тақырыптарды талқылау да форумдар арқылы ұйымдастырылады, мысалы, «Молекулалық физика және термодинамика» тақырыбы бойынша оқушылар денелердің құрылымын және физикалық қасиеттерін, сондай-ақ олардың қасиеттерінің бөлшектердің қозғалысы мен өзара әрекеттесу сипатына тәуелділігін талқылай алады. «Оптика» бөлімінде оқушылар жарық құбылыстарының заңдылықтары, жарықтың табиғаты және оның затпен өзара әрекеттесуі, сондай-ақ көлбеу беттен шағылған сәуленің бағыты сияқты мәселелерді талқылай алады.

Негізгі қиындықтардың бірі – білімді практикада қолдану, түрлі тапсырмаларды шешу арқылы, сондықтан оқушылардың жұмысын түзету үшін мұғаліммен онлайн қарым-қатынас қажет. Осы процесте тиімді құрал – компьютерлік тренажерлер. Бұл тренажерлер мектеп физикасы курсының типтік тапсырмаларын шешу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, «Активті физика» тренажері тапсырмаларды шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі, әрқайсысы 7-11 біртіндеп қиындатылған тапсырмаларды қамтитын бөлімдерге топтастырылған, әрбір тапсырма 4 нұсқамен, әртүрлі бастапқы деректермен беріледі.

Қашықтан оқытуда физика пәні бойынша білімді бақылау жүйесі тесттер мен бақылау жұмыстарын өткізу арқылы жүзеге асырылады, оларды мұғалім оқушыларға жібереді, ал оқушылар орындалған тапсырмалардың фотосуреттерін жауап ретінде ұсынады. Сондай-ақ, қазіргі кезеңде маңызды бақылау түрі болып табылатын жобалық жұмыс оқушылардың пәнді меңгеру деңгейін ғана емес, сондай-ақ метапәндік дағдыларын да бағалауға мүмкіндік береді.

Денсаулығы шектеулі оқушылармен жұмыс істегенде біз аптаның ішінде орындалатын топтық шағын жобаларды қолданамыз. Әрбір оқушы мұғалім берген тапсырманы орындайды, содан кейін белгіленген уақытта орындалған жұмысын форумда талқылауға ұсынады. Бұл тек танымдық тапсырмаларды шешуге ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік дағдыларды дамытуға да ықпал етеді.

«Үй жағдайында кристалдар өсіру» тақырыбында жобаның мысалын қарастырайық. Осы жоба аясында оқушылар кристалдық денелердің құрылымын зерттеп, кристалдар өндірісі үшін жабдықтар мен шикізаттарды таңдайды, кристалдарды үй жағдайында өсіреді, олардың түзілу шарттарын, пішіндері мен түстерін зерттейді және алынған нәтижелерді талдайды. Біз жүргізген WordPress платформасында BuddyPress қосымшасымен әлеуметтік желі сайттарын жасау эксперименті осындай сайттың қашықтан интернет арқылы қолдау көрсету үшін барлық қажетті құралдарды қамтитынын көрсетті, бұл физика пәнін оқуда денсаулығы шектеулі оқушылар үшін тиімді жұмыс формаларын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1. Клеветова Т. В., Абдрахманова Е. И. Разработка образовательного сайта для обучения физике учащихся с ОВЗ с использованием дистанционных технологий //Поиск (Волгоград). – 2019. – №. 1. – С. 157-159.
2. Маркова М., Султаналиева Д. Активизм родителей в Казахстане: защита прав на образование детей с аутизмом фондом «Ашик Алем» //Журнал исследований социальной политики. – 2013. – Т. 11. – №. 4. – С. 483-500.

3. Мохова О. Л. и др. Сетевые образовательные платформы и онлайн-курсы: анализ эффективности и преимуществ в контексте дистанционного обучения //Управление образованием: теория и практика. – 2023. – Т. 13. – №. 9. – С. 116-123.
4. Выдрыч Е. И., Клеветова Т. В. Дистанционное обучение физике детей с ограниченными возможностями здоровья посредством социальных сетей //ББК 74.262. 23+ 22.3 р30 А43 Рецензенты: ЕВ Мамонтов, д-р физ.-матем. наук, проф. – 2016. – С. 18.
5. Дворянкин О. А. Социальные сети, видеохостинги, мессенджеры-новые технологии интернета //Евразийский Союз ученых. Серия: филология, искусствоведение и культурология. – 2021. – №. 8. – С. 14-20.
2	Нанотехнологияларды қолдана отырып, экологиялық таза бояғыштар жасау	

3	Көпір құрылысындағы нанобөлшектердің қолданылуы	
4	Суды тазартуда қолданылатын нанофильтрлерді әзірлеу	
5	Нанотехнология негізінде үй жағдайында скраб жасау	

6	Жарық көзіннің түрлері және тиімдісін таңдау	

Қорытынды

Жоба әдісін қолдану нанотехнологияны меңгерудегі сапаны айтарлықтай жоғарылатты, себебі бұл тәсіл оқушыларды практикалық ғылыми-зерттеу қызметіне белсенді қатысуға, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға және пәндер арасындағы білімді интеграциялауға ынталандырады. Осы әдіс арқасында студенттер теориялық аспектілерді тереңірек түсініп, оларды нақты технологиялық мәселелерді шешуде тиімді пайдалана алды. Болашақта жоба әдісін білім беру процесіне әрі қарай интеграциялау пәндер арасындағы байланыстарды кеңейтуге, цифрлық технологияларды белсенді енгізуге және практикалық бағдарланған оқытуды күшейтуге негізделеді. Сонымен қатар, жоба жұмысының әдістемелік тәсілдерін жетілдіру, мұғалімдердің біліктілігін үздіксіз арттыру және оқушылардың шығармашылық белсенділігін ынталандыру жоғары білікті мамандарды дайындауға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Zahroh, U., Darmayanti, R., C, C., & Soebagyo, R. I. (2023). *Project-Based Learning Training and Assistance for Prospective High School Teacher*. https://doi.org/10.61650/jip-dimas.v1i2.237
2. Кадирбаева Р.И., Абдрахманова Х.К., Кудайбергенова К.Б. Білім беруді цифрландыру жағдайында STEM-оқытуды қолданудың дидактикалық нұсқаулары // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2024. – №2 (132). – Б. 204–217. https://doi.org/10.47526/2024-2/2664-0686.55
3. Кудайбергенова К.Б., Абдрахманова Х.К. STEM-білім беруде физиканы оқытудың тиімді әдістері: «Жаңа Талап 2.0» бағдарламасының бітіруші мұғалімдерінің тәжірибесі// *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің көпсалалы ғылыми журналы*. – 2024. – №4. – Б. 244–252. https://doi.org/10.52269/22266070_2024_4_244
4. Ramírez, M. del S., & Vega-Cantú, Y. I. (2019). Nanotechnology learning through product development. *International Journal on Interactive Design and Manufacturing (Ijidem)*, *13*(3), 1013–1027. https://doi.org/10.1007/S12008-019-00561-Y
5. Bauer, J. (2021). Teaching Nanotechnology through Research Proposals. *Journal of Chemical Education*, *98*(7), 2347–2355. ttps://doi.org/10.1021/ACS.JCHEMED.0C01251

ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ

Бекназарова Айдана Нұрланқызы,
магистрант, Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, Yessenov University, Ақтау қ.
Ғылыми жетекшісі: Алдабергенова Айгуль Оналбековна,
Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

Резюме

В статье рассматриваются методы повышения исследовательских способностей старшеклассников на уроках информатики. Применение таких методов, как проектное обучение, участие в научных исследованиях и активное использование интернет-ресурсов для проведения дополнительных исследований, способствует развитию критического мышления и научной работы

среди учеников. Также внимание уделяется важности сотрудничества между учителями и учениками для эффективного развития исследовательских навыков.

Summary

This article discusses methods to enhance the research skills of high school students in computer science classes. Methods such as project-based learning, participation in scientific research, and the use of online resources for conducting additional research are proposed to develop critical thinking and scientific work among students. The importance of cooperation between teachers and students is also emphasized for effectively developing research skills.

Түйін

Қазіргі кезде информатика пәні тек бағдарламалау дағдыларын ғана үйретпей, оқушыларға зерттеу жүргізу дағдыларын да дамыту қажет. Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларының зерттеушілік қабілеттерін арттыру үшін қолданылатын бірнеше әдіс ұсынылған. Оларға жобалық оқыту, ғылыми зерттеулерге қатысу, интернет-ресурстар арқылы қосымша зерттеу жүргізу жатады. Мұғалімдер мен оқушылардың өзара ынтымақтастығы да маңызды рөл атқарады. Оқушыларға зерттеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың ғылыми көзқарастары мен ақпараттық технологияларға деген қызығушылықтарын арттыруға болады.

Кіріспе

Қазіргі цифрлық әлемде информатика бойынша білім беру орта мектеп оқушыларын болашақ академиялық және мансаптық жолдарға дайындау үшін өте маңызды. Технология қоғамның барлық дерлік аспектілерін қалыптастыруды жалғастыра отырып, оқушылардың сыни зерттеу дағдыларын дамыту барған сайын маңызды бола түсуде. Дәстүрлі информатика сабақтары ең алдымен бағдарламалау тілдері мен алгоритмдеріне бағытталғанымен, зерттеуге бағытталған оқу бағдарламасы оқушының проблемаларды шешу және аналитикалық дағдыларын айтарлықтай жақсарта алады. Бұл мақалада информатика сабақтарында жоғары сынып оқушыларының зерттеу деңгейін көтеру әдістері зерттеліп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолданыстағы оқу бағдарламаларына біріктіруге, тәлімгерлікті қамтамасыз етуге және бірлескен оқытуды ынталандыруға баса назар аударылады.

Информатика бойынша білім берудегі зерттеу дағдыларының қажеттілігі

Информатика саласындағы зерттеулер оқушыларға күрделі жүйелерді түсінуге, инновациялық шешімдерді әзірлеуге және технологиялық жетістіктерге үлес қосуға көмектесу арқылы нақты әлемдегі мәселелерге ғылыми көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. C. J. Бейкер мен оның әріптестерінің «A Holistic Approach for Computer Science Education in Secondary Schools» мақаласына сәйкес, зерттеу әдістемелерін орта мектептің информатика бағдарламаларына біріктіру оқушыларды осы қажетті дағдылармен қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Кодтау және бағдарламалау информатикада орталық орын алғанымен, зерттеу оқушыларға есептеу мәселелеріне тереңірек үңілуге, технологияның кеңірек салдарын түсінуге және жаңа тенденциялардан озып кетуге мүмкіндік беру үшін бірдей маңызды (Бейкер және басқалар., 2018). Зерттеуге негізделген білім беру пассивті оқытудан белсенді қатысуға көшуді қолдайды, мұнда оқушылар нақты әлем сценарийлерін көрсететін күрделі тапсырмаларды орындайды.

1-әдіс: Ғылыми-зерттеу жобаларын оқу жоспарына енгізу

Жобалық оқыту (PBL) - зерттеулерді информатика бойынша оқу бағдарламасына енгізудің ең тиімді әдістерінің бірі. Мақалада оқушылардың нақты әлемдегі мәселелерді шешуге шақыратын практикалық, ізденіске негізделген оқытумен айналысқанда жақсы оқитыны атап өтілген (Бейкер және т.б. 2009)., 2018). Зерттеуге негізделген жобалар жасанды интеллект, деректер ғылымы немесе киберқауіпсіздік сияқты жаңа технологиялардың айналасында құрылымдалуы мүмкін, бұл оқушыларға сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыта отырып, өзекті тақырыптарды зерттеуге мүмкіндік береді.

Мысалы, оқушылар ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ негізгі алгоритмін әзірлеуді және оның өнімділігін нақты деректермен салыстыруды қамтитын жобада жұмыс істей алады. Осы жобалар арқылы оқушылар ғылыми әдісті қолданады: гипотезаны тұжырымдау,

эксперименттер жүргізу, нәтижелерді талдау. Бұл тәсіл олардың техникалық дағдыларын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар болашақ зерттеушілер үшін маңызды дағды болып табылатын өз нәтижелерін жеткізуге үйретеді.

Жобаларды зерттеу тапсырмалары ретінде тұжырымдай отырып, мұғалімдер оқушыларға ғылыми ойлауды қабылдауға бағыт-бағдар бере алады. Олар өз жаңалықтарын ұсынбас бұрын деректерді жинауды, әдебиеттерге шолу жасауды және бар шешімдерді бағалауды үйренеді. Бұл өз бетінше оқуды ынталандырады және оқушыларды информатика саласындағы болашақ академиялық зерттеулерге дайындайды (Бейкер және басқалар., 2018).

2-әдіс: Ғылыми байқаулар мен конференцияларға қатысуды ынталандыру

Зерттеу дағдыларын арттырудың тағы бір тиімді әдісі оқушыларды информатикаға байланысты ғылыми-зерттеу конкурстары мен конференцияларына қатысуға ынталандыру болып табылады. Мақалада Intel International Science and Engineering Fair (ISEF) Және Google Science Fair сияқты байқаулар оқушыларға өз білімдерін нақты әлемдегі мәселелерге қолдануға және өз нәтижелерін кеңірек аудиторияға ұсынуға тамаша платформа беретіні атап өтілген (Бейкер және Т.б.).)., 2018).

Бұл байқаулар оқушыларды академиялық зерттеу үдерісіне баулып қана қоймай, оларды зерттеушілер, кәсіпқойлар және тәлімгерлер желісімен байланыстырады. Осы іс-шараларға қатысу оқушыларға өздерінің зерттеу қабілеттеріне деген сенімділікті арттыруға, кері байланыспен жұмыс істеуді үйренуге және қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Бұл байқаулар сонымен қатар стандартты сынып жағдайында кездесетіндерге қарағанда күрделірек жобалармен жұмыс істеудің бірегей мүмкіндігін ұсынады.

Сонымен қатар, конференцияларда өз зерттеулерін ұсыну оқушыларға басқа мектептердің, университеттердің құрдастарымен және сала мамандарымен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл тәжірибе әртүрлі зерттеу әдістемелерімен және технологиялық инновациялармен танысу арқылы олардың зерттеу дағдыларын одан әрі байытады.

3-әдіс: Зерттеу әдістемесін оқытуды қамтамасыз ету

Құрылымдық зерттеу әдістемесін оқытуды орта мектептің информатика пәнінің оқу бағдарламасына енгізу оқушылардың зерттеушілік дағдыларын одан әрі жетілдіре алады. Мақалада айтылғандай, оқушыларға гипотезаларды тұжырымдаудан бастап деректерді талдауға дейінгі мәселелерге ғылыми тұрғыдан қалай қарау керектігін үйрену өте маңызды (Бейкер және т.б. 2009)., 2018).

Ресми оқыту оқушыларға ғылыми зерттеулерді жобалау принциптерін, соның ішінде әдебиеттерге шолу жасауды, зерттеу сұрақтарын тұжырымдауды, гипотезаларды тексеруді және деректерді тиімді ұсынуды үйрететін семинарларды немесе модульдерді қамтуы мүмкін. Оқушыларды осы құралдармен жабдықтай отырып, оқытушылар оларға тәуелсіз зерттеулер жүргізу үшін нақты негіз береді. Мысалы, модуль оқушыларға алгоритмнің тиімділігін талдауды және әртүрлі эксперименттердің деректерін пайдалана отырып нәтижелерді салыстыруды үйретуге бағытталуы мүмкін. Бұл тәжірибе жоғары оқу орындарында немесе техникалық мансапта ғылыми зерттеулер жүргізетін оқушылар үшін баға жетпес құнды.

Сонымен қатар, академиялық стильде зерттеулер жүргізуді және нәтижелерді құжаттауды үйрену оқушыларға информатикадан тыс бірқатар салаларда, соның ішінде бизнес, инженерия және тіпті әлеуметтік ғылымдарда маңызды болып табылатын ауыспалы дағдыларды дамытуға көмектеседі.

4-әдіс: Тәлімгерлік және салалық серіктестіктер

Сала мамандарымен және академиялық зерттеушілермен тәлімгерлік және ынтымақтастық мүмкіндіктерін құру информатика саласындағы білім беру саласындағы зерттеулерді жетілдірудің тағы бір негізгі стратегиясы болып табылады. Мақалада университеттермен, технологиялық компаниялармен немесе ғылыми зертханалармен серіктестік оқушыларға нақты әлемдік зерттеу тәжірибесін ұсынады (Бейкер және басқалар., 2018).

Тәлімгерлер оқушыларға зерттеу процесінде бағыт-бағдар бере алады, озық технологиялар туралы түсінік бере алады және олардың жұмысы туралы кері байланыс бере алады. Бұл серіктестіктер көбінесе оқушыларға неғұрлым жетілдірілген зерттеу құралдары мен әдістемелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін тағылымдамадан өтуге немесе бірлескен жобаларға әкеледі. Нақты әлемдегі зерттеулермен танысу оқушылардың түсінігін байытып қана қоймайды, сонымен қатар оларды информатика саласында одан әрі оқуға немесе мансапқа ұмтылуға ынталандырады.

Салалық серіктестіктер оқушыларға қазіргі тенденциялар мен технологияларға сәйкес келетін жобалармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мысалы, киберқауіпсіздік фирмасымен серіктестік оқушыларға қауіпсіздікке төнетін нақты қауіптерді талдауға немесе деректерді қорғау шешімдерін әзірлеуге көмектесуге мүмкіндік береді, бұл олардың зерттеу дағдыларын одан әрі арттырады.

5-әдіс: Бірлескен зерттеу ортасын құру

Ақырында, сыныпта бірлескен зерттеу ортасын құру өте маңызды. Мақалада айтылғандай, бірлескен оқыту оқушыларға материалмен тереңірек танысуға, топтық жұмыс дағдыларын дамытуға және әртүрлі перспективалар туралы сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі (Бейкер және т.б. 2009)., 2018).

Оқушыларды ғылыми-зерттеу топтарына біріктіру арқылы тәрбиешілер құрдастарының оқуын ынталандырып, пікір алмасуға ықпал ете алады. эксперименттерді жобалау немесе есептеу есептерін шешу бойынша бірлесіп жұмыс істейтін топтық жобалар динамикалық оқу ортасын қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, оқушылар өздерінің зерттеу нәтижелерін топқа ұсынуға машықтана алады, бұл олардың қарым-қатынас және топтық жұмыс дағдыларын шыңдауға көмектеседі.

Ынтымақтастық сонымен қатар пәнаралық топтар күрделі мәселелерді шешу үшін жиі бірлесіп жұмыс істейтін нақты жағдайларда зерттеулердің қалай жүргізілетінін көрсетеді. Осы тәжірибені модельдеу арқылы оқытушылар оқушыларға жоғары білім мен салалық зерттеулердің бірлескен сипатына дайындалуға көмектеседі.

Қорытынды

Информатика бойынша жоғары сынып оқушыларының ғылыми-зерттеу деңгейін жоғарылату ғылыми-зерттеу жобаларын, салалық серіктестіктерді және ресми ғылыми дайындықты біріктіретін кешенді тәсілді қажет етеді. Осы стратегияларды қолдана отырып, мектептер оқушыларға академиялық зерттеулерде де, кәсіби әлемде де жетістікке жету үшін қажетті дағдыларды бере алады. Оқушылардың зерттеуге бағытталған ойлау қабілетін дамыту олардың техникалық мүмкіндіктерін арттырып қана қоймайды, сонымен қатар оларды информатика саласындағы алда тұрған қиындықтар мен инновацияларға дайындайды.

Әдебиеттер

1. Дүйсенбаев А.Қ. Педагогика. Оқулық. – Астана: «Фолиант», 2018. – 264 б.
2. Adilova E., Aimaganbetova O. Value orientations of modern Kazakhstanis// Open Psychology Journal, 2021, 14(1), pp. 150-162.
3. Baker, C. J., et al. (2018). *A Holistic Approach for Computer Science Education in Secondary Schools*
4. Vihavainen, A., et al. (2014). *Teaching Programming to High School Students: What Works?*ACM Digital Library
5. Grover, S., & Pea, R. D. (2013). *Computational Thinking in K-12: A Review of the State of the Field* Educational Researcher
6. Wing, J. M. (2006). *Computational Thinking* Communications of the ACM

7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АСТРОНОМИЯ НЕГІЗДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛЫМЕН ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жақсылық Сымбат Жолбарысқызы
Шымкент қаласы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Физика-математика факультеті, физика кафедрасы, 4-курс студенті

Резюме

В данной статье рассматриваются результаты педагогического эксперимента, направленного на совершенствование преподавания основ астрономии в 7-х классах. В ходе исследования изучалось влияние цифровых технологий на учебную мотивацию школьников и их успеваемость. Анализировались различия в результатах экспериментальной и контрольной групп, выявлена эффективность интерактивных методов в образовательном процессе. Полученные данные послужат основой для разработки рекомендаций по улучшению методики преподавания астрономии. Статья предназначена для учителей средней школы, методистов и исследователей в области образования.

Summary

This article examines the results of a pedagogical experiment aimed at improving the teaching of the basics of astronomy in grades 7. The study examined the impact of digital technologies on students' learning motivation and academic performance. The differences in the results of the experimental and control groups were analyzed, and the effectiveness of interactive methods in the educational process was revealed. The data obtained will serve as the basis for the development of recommendations for improving the teaching methods of astronomy. The article is intended for secondary school teachers, methodologists and researchers in the field of education.

Педагогикалық эксперимент – білім беру процесін зерттеу, оның тиімділігін бағалау және жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу мақсатында жүргізілетін арнайы ғылыми зерттеу әдісі. Бұл әдіс білім беру жүйесінің жетілдірілуіне бағытталған және оқыту әдістерінің, құралдарының, технологиялардың тиімділігін тексеруге мүмкіндік береді. Педагогикалық эксперименттің басты мақсаты – білім беру үдерісін жақсартуға ықпал ететін жаңа тәсілдерді енгізу және оларды зерттеу арқылы білім сапасын арттыру.

Қазіргі заманғы білім беру саласында педагогикалық эксперименттің рөлі ерекше. Оқушылардың білім алу сапасын жақсарту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану қажет. Әсіресе, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы аясында оқыту үдерісіне жаңа әдіс-тәсілдер мен құралдар енгізу өзекті болып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, астрономия пәні бойынша педагогикалық эксперимент жүргізу үлкен маңызға ие. Астрономия – ғылымның күрделі әрі қызықты саласы. Сондықтан оны оқыту оқушылардың білім деңгейін арттыруға және олардың пәнге деген қызығушылығын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Педагогикалық эксперимент арқылы компьютерлік технологияларды пайдалану астрономияны оқыту процесін жаңаша көзқараспен ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Осы дипломдық жұмыста ұсынылған педагогикалық эксперимент астрономия пәні бойынша оқушылардың білім деңгейін тереңдетуге және жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу арқылы олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Эксперимент барысында компьютерлік технологияларды қолдану арқылы оқу үдерісінің тиімділігін арттыру мақсат етілді.

Педагогикалық эксперименттің негізгі мақсаты – 7-сынып оқушыларына астрономия негіздерін оқыту әдістемесін компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жетілдіру. Осы мақсатқа жету үшін қазіргі заманғы әдіс-тәсілдер мен құралдарды пайдалана отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және олардың білімдерін тереңдету көзделеді.

Эксперимент барысында келесі міндеттер қойылды:

- Астрономия пәнін оқытуда компьютерлік технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдану;
- Оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамыту және оларды тәжірибеде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;
- Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және олардың білім деңгейін бағалау.

Педагогикалық эксперимент «Intellect» физика-математикалық мектеп-лицейінің 7 «А» сынып оқушыларымен өткізілді. Экспериментке жалпы 21 оқушы қатысты (21 қыз).

Келесі кезекте педагогикалық эксперименттің негізгі кезеңдеріне тоқталып өтетін болмын. Жалпы мен 7-сынып оқушыларына өткен педагогикалық эксперимент 3 кезеңді қамтиды:

- Констатациялық кезең – бұл кезеңде 7-сынып оқушыларының астрономия негіздері бойынша бастапқы білім деңгейі мен компьютерлік технологияларды қолдану дағдылары зерттелді.
- Қалыптастырушы кезең – бұл кезеңде астрономия негіздерін оқыту үшін компьютерлік технологияларды қолдану әдістемесі іске асырылды.
- Бақылаушы кезең – бұл кезеңде оқушылардың жетістіктерін бағалау мақсатында қорытынды тест және сауалнама жүргізілді.

Енді әр кезеңде жүргізілген жұмыстар, қолданылған әдістерге, алынған тесттер мен сауалнамаларға жеке-жеке тоқталып өтемін.

1 – констатациялық кезең.

Бұл кезең бойынша 7-сынып оқушыларының 2, 4, 5, 6-сыныптарда алған астрономия негіздері бойынша бастапқы білім деңгейі мен компьютерлік технологияларды қолдану дағдылары зерттелді. Оқушылардың бастапқы білім деңгейін бақылау мақсатында тест жүргізілді. Мен тестті Google формасының көмегімен алдым. Себебі, ол жерде нәтижелерді бақылау қарапайым және түсінікті. Тестке өтуге арналған сілтеме:
https://forms.gle/8yXAmK2njNVkDYiz6

Тест нәтижесі бойынша оқушылардың ішінде 4 оқушы жоғары деңгейдегі, 6 оқушы орта деңгейдегі, 11 оқушы төменгі деңгейдегі баллдарды жинады. Жалпы тест нәтижесі төмендегі бағалау критерийінің көмегімен есептелінді:

- 12-15 дұрыс жауап – жоғары деңгей;
- 8-11 дұрыс жауап – орташа деңгей;
- 4-17 дұрыс жауап – төмен деңгей;
- 0-3 дұрыс жауап – өте төмен деңгей.

Осы критерийдің көмегімен жалпы сынып ішіндегі оқушылардың астрономия негіздері жөніндегі білім 48%-ті құрады.

Енді оқушылардың компьютерлік бағдарламалармен қаншалықты деңгейде таныс екендіктерін білу үшін сауалнама алдым. Сауалнама Google формасында өтті. Сауалнама нәтижесі:

Сауалнама нәтижесінен көріп тұрғандай, оқушылардың 28,6%-ті компьютерлік бағдарламалармен таныс, 14,3%-ті қолданып көргенін анықтадым.

Жалпы бұл кезеңдегі басты мақсат – оқушылардың астрономия негіздері жайлы бастапқы білімдерін және компьютерлік бағдарламаларды қаншалықты деңгейде меңгергенін анықтау болған. Тест нәтижесінде оқушылардың бастапқы білім деңгейлері және бағдарламаларды қолдану мүмкіндіктері анықталды. Келесі кезеңде осы деңгейлерді әдістеменің көмегімен жетілдіру жұмыстары жүргізілетін болады.

2 – қалыптастырушы кезең.

Бұл кезеңде 7-сынып оқушыларының деңгейлерін ары қарай көтеру жұмыстары жүргізілді. Ол бойынша компьютерлік бағдарламаларды қолданып, 7-сыныптағы астрономия негіздерінің 3 тақырыбы өткізілді. Сол тақырыптар бойынша қысқа мерзімді жоспар жасалынып, оқыту әдістері тиімді қолданылды. Сабақ барысында интерактивті бағдарламалар, модельдеуші сайттар, бейнематериалдар және топтық жұмыстар ұйымдастырылды. Негізгі мақсат – оқушылардың астрономиялық құбылыстарды түсінуін жақсартып, оларды компьютерлік симуляциялар арқылы зерттеуге мүмкіндік беру. Жалпы сабақтар келесідей құрылым бойынша жүргізілді:

1. Теориялық материалды меңгеру – мұғалімнің түсіндіруі, оқулықпен жұмыс, бейнематериалдар қарастыру.
2. Интерактивті тәжірибелік жұмыс – Stellarium, Star Walk, Solar Walk, Moon and Phasses бағдарламалары және Time and Date сайттары арқылы аспан денелерін, күнтізбені зерттеу.
3. Топтық және жеке жұмыс – оқушылар модельдеу бағдарламаларында тапсырмалар орындайды, зерттеу нәтижелерін талдайды.
4. Қорытынды тест және рефлексия – оқушылар жаңа білімді бекітеді және бағалау жүргізіледі.

Келесі кезекте астрономия негіздері бойынша 7-сыныпта қамтылатын 3 сабақты қолданылған оқу әдістері, сабақтың жүру барысын сипаттап өтетін боламын.

1-сабақ: «Аспан денелері туралы ғылым».

Сабақтың қысқа мерзімді жоспарына қол жеткізу:

Мақсаты:

- Геоцентрлік және гелиоцентрлік жүйелерді салыстыру.
- Аспан денелерінің негізгі түрлерін анықтау.
- Компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, аспан денелерін зерттеу.

Ең алдымен, сыныптың ішінде жағымды психологиялық ахуал орнаттым. Ол үшін «Сиқырлы қалпақтың» орнына сынып ішінде бар гүл пішінді жұмсақ ойыншықты қолдандым. Ол оқушылардың көңіл-күйін көтеріп, сабақ барысын жеңілдетті.

Оқушылардың топтық жұмысын дамыту мақсатында оқушыларды Randomus сайтының көмегімен топтарға жіктедім.

Үй тапсырмасын тексеру мақсатында Learnings app бағдарламасын қолдандым. Оқушылар интерактивті тақтада көрсетілген qr-кодын сканерлеп, сайтқа өтіп өткен тақырыптар бойынша берілген сәйкестендіру тапсырмасын орындады.

Жаңа білімді қалыптастыру кезеңі бойынша, алдымен оқушыларға кітаптағы теориялық мәліметтерді айтып түсіндіремін. Одан кейін You Tube сайты арқыл Коперниктің гелиоцентрлік жүйені ашқаны жайлы видеоролик көрсетемін. Сосын You Tube сайтынан гелио- және геоцентрлік жүйелерді салыстырып көрсететін видеоролик көрсетемін. Vascak модельдеуші сайты арқылы күн жүйесінің модельдерін көрсетіп, гелио- және геоцентрлік жүйелерді анықтап беруін сұраймын.

Оқушылар бағдарламалармен жұмыс жасауға дағдылану мақсатында, әр оқушы өзінің зодиак белгілерін Star Walk бағдарламасынан тауып, суретін берілген парақтарға салып өткізді. Бұл оқушыларды қызықтырып, бағдарламамен жұмыс жасауға деген ынталарын арттырды. Ең алдымен бағдарламаны жүктеп алулары үшін qr-кодын экранға шығардым.

Бағдарламалармен жұмыс жасау әдістемесі чаттарына тасталды. Оқушылар бағдарламаға өтіп, өздерінің зодиак белгілерін іздеп, суреттерін салды. Бұл кезең бойынша фотосуреттер:



Жаңа тақырыпты пысықтау мақсатында quizziz сайтынан тест тапсырмалары берілді. Оқушылар сайтқа өтіп, тест тапсырмаларын орындады.

Solar Walk бағдарламасымен жұмыс жасауды меңгеру мақсатында Google формасы арқылы тапсырмалар берілді. Оқушылар qr-код арқылы тапсырмалардың мәтініне өтеді. Оқушыларға әдістеме жіберіліп қойылған, сол жерден бағдарламалмен жұмыс жасауды біледі. Оқушвлар Google формасы арқылы берілген тапсырмаларды Solar Walk бағдарламасынан іздеп тауып, жауабын жазды.

Оқушылардың сабақтан алған әсерлерін білу үшін рефлексия алдым. Ол үшін WordWoll бағдарламасын қолдандым. Оқушылар чаттарына тасталған сілтеме арқылы өтіп, сұрақтарға стикерлерге жазып жауап береді. Бұл кезеңдегі фотосуреттер:

Оқушыларды бағалау үшін Excel электронды кестесін қолдандым. Оқушылардың әр кезең бойынша алған баллдарын кестеге енгізіп, жалпы қорытынды баллдарын шығардым.

Үй тапсырмасы беріліп болған соң, оқушылардың оқу материалдарын қаншалықты меңгергендігін анықтау үшін Google формасында оқушылардан сауалнама алдым.

Жалпы, бірінші сабағым бойынша педагогикалық эксперимент осылай өтті. Сауалнама нәтижелері қорытынды бөлімінде келтірілетін болады. Бұл қолданылған әдістер оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, астрономия пәніне қызығушылықтарын қалыптастырды.

Қорытынды.

Сабақ соңында оқушылардан алынған сауалнама нәтижелері мынадай көрсеткіштерге ие болды:



Бірінші сұраққа оқушылардың жауаптарының нәтижесі бойынша, оқушылардың барлығы 100% сабақта компьютерлік бағдарламаларды қолданып өту қызықты болатынын белгілеген.

Ұсынылған әдістеме бағдарламаларды қолдануда қаншалықты көмегін тигізді?

Копировать диаграмму

24 ответа



Оқушылардың 33,3%-і әдістеменің көмегімен бағдарламаларды қолдануды тез үйренгенін, 20,8%-і өте тиімді екенін, 45,8%-і көмектескені жайлы жауаптарды белгілеген.

Осы бағдарламалардың арқасында астрономияға деген қызығушылығыңыз артты ма?

Копировать диаграмму

24 ответа



Оқушылардың 50%-і бағдарламаларды сабақта қолдану астрономия пәніне қызықтырғанын, 41,7%-і астрономия пәніне деген қызығушылықтарының артқанын, 8,3%-і сабақты тиімді өтетіні жайлы жауаптарды белгілеген.

Алдағы уақытта осы бағдарламаларды сабақ процесіне енгізу жайлы не айтасыз?

Копировать диаграмму

24 ответа



Оқушылардың 58,3%-і бұл бағдарламаларды қолдануды оқу процесіне енгізуге келісу, 29,2%-і сабаққа енгізілсе, қызықты болатыны, 8,3%-і сабақ процесіне енгізу керек еместігі жайлы жауаптарды белгілеген.

Сауалнама нәтижелерінен көрініп тұрғандай, оқушылардың басым бөлігі компьютерлік бағдарламаларды қолдану астрономияны оқытуда тиімді екенін атап өтті. Олар бұл әдістеменің

бағдарламаларды тез үйренуге көмектескенін, оқу процесін жеңілдеткенін және сабақтың тиімділігін арттырғанын көрсетті. Сонымен қатар, оқушылардың көпшілігі бағдарламаларды сабақта пайдалану астрономия пәніне деген қызығушылықтарын арттырғанын мәлімдеді. Бұл компьютерлік технологияларды енгізу оқушылардың пәнге деген ынтасын күшейтіп, оқыту сапасын жақсартқанын дәлелдейді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері 7-сынып оқушыларына астрономия негіздерін оқытуда компьютерлік технологияларды қолданудың тиімділігін дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері негізінде болашақта астрономияны оқыту әдістемесін одан әрі жетілдіру үшін сандық ресурстарды кеңінен енгізу, мұғалімдерді ақпараттық тиімді пайдалануға үйрету және оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту бағытында қосымша зерттеулер жүргізу ұсынылады.

Әдебиеттер

1. Физика. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық/ Р.Башарұлы – Алматы: «Атамұра, 2017» – 208б.
2. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мекептің 5-сыныбына арналған оқулық/ Б.Ш.Әбдіманапов, А.У. Әбілғазиев – Алматы: «Атамұра, 2017» - 208б.
3. Жаратылыстану. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/ Б.Ш.Әбдіманапов, С.Е. Нұркенова, А.Ұ.Әбілғазиев, Г.У.Әуезова – Алматы «Атамұра, 2018», 280б.
4. Астрономия оқулық / Рамазанова С.А., Садық Б.Х. – Шымкент «Әлем» баспаханасы, 2024ж., 244б.
5. Владимир Васкак. Vascak. Қолжетімді: https://www.vascak.cz/
6. Vito Technology, Inc. Solar Walk (2.5.1.89 нұсқасы). Қолжетімді: https://apkpure.net/ru/solar-walk-2-ads- : solar system/com.vitotechnology.SolarWalk2Free/download#google_vignette
7. Фабьен Шеро. Stellarium (v1.12.9 нұсқасы). Қолжетімді: https://stellarium.org/ru/

АЙНЫМАЛЫ ТОК ТАРАУЫН ОҚЫТУДА САНДЫҚ ЖӘНЕ STEM ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Туймебек Ақнұр Жақсылыққызы

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ «Физика» кафедрасының 6В01502 Физика мұғалімін даярлау оқу тобының 4-курс студенті, Шымкент, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Садық Болатбек Халдаруұлы

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ «Физика» кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Эффективное использование STEM – технологий и цифровых образовательных ресурсов в учебном процессе является одним из важнейших направлений повышения качества обучения. В том числе эффективное использование цифровых образовательных ресурсов в преподавании физики – стимулирует интерес учащихся к предмету, позволяет сочетать теорию и практику. В этой статье рассматриваются эффективные методы использования цифровых образовательных ресурсов и технологии STEM при обучении главе «Переменный ток». В исследовательской работе систематически планировался каждый этап урока, были предложены методические подходы, направленные на повышение активности учащихся. Особенно экспериментальные, творческие задачи моделируются в таблице MS Excel, а результаты проверяются и доказываются на языках программирования MATLAB, Python для проверки правильности задачи. Это способствует развитию творческих способностей учащихся и позволяет глубже понять физические явления.

Summary

The effective use of STEM technologies and digital educational resources in the educational process is one of the most important areas for improving the quality of education. This includes the effective use of digital educational resources in teaching physics, which stimulates students' interest in the subject and allows them to combine theory and practice. This article discusses effective methods of using digital educational resources and STEM technology in teaching the chapter "Alternating Current". In the research work, each stage of the lesson was systematically planned, and methodological approaches aimed at increasing student activity were proposed. Especially experimental, creative tasks are modeled in an MS Excel spreadsheet, and the results are checked and proven in the programming languages MATLAB and Python to verify the correctness of the task. This contributes to the development of students' creative abilities and allows them to better understand physical phenomena.

Физика сабақтарын, әсіресе Айнымалы ток тарауын оқытуда сандық білім ресурстары мен STEM технологияларын пайдалана отырып жаңа сабақ түсіндіру, зертханалық жұмыстар орындау, эксперименттік және шығармашылық тапсырмалар ұйымдастыру ол тек сабақтың көрнекілігін ғана ашып қоймай, оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Себебі айнымалы ток желісімен жұмыс жасау оқушылар үшін қауіпті болуы мүмкін. Айнымалы ток тарауын оқытуда STEM әдістемесіне негізделген қысқа мерзімді жоспарлау тәсілі дәстүрлі әдістермен салыстырғанда оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытып, олардың практикалық біліктілігін жетілдіреді. Осы жағдайларды ескере отырып келсі кезекте Айнымалы ток тарауына қатысты бірнеше сабақтарды сандық технологиялар көмегімен ұйымдастырудың қысқа мерзімді жосарлау үлгілерін ұсына кетсем.

Тақырып: Айнымалы ток тізбегіндегі активті және реактивті кедергілер

Оқу мақсаты: 11.4.3.2 -айнымалы ток тізбегінде активті және реактивті кедергіні сипаттау;

Сабақ мақсаттары: Барлық оқушылар: Айнымалы ток тізбегіндегі активті және реактивті кедергілер біледі, формулаларын дәстүрлі есептеулер жүргізуде дұрыс қолдана алады; Оқушылардың басым бөлігі: Виртуальды моделдеуші бағдарламаны пайдалан отырып физикалық құрал-жабдықтармен өлшеу жұмыстарын сан мәндерін өзгерте отырып есептеулер жүргізе алады, Айнымалы ток тізбегіндегі активті және реактивті кедергілер формуласын эксперименттік түрде дұрыс қолданады;

Сабақтың басы: Оқушылармен амандасып, түгендеп болған соң, қалыпты жағдай туғыза отырып, өтілген сабақтарды еске түсіруге көмек ретінде интербелсенді тақта көмегімен шағын бейнеролик көресету. Ой қозғау- әдісі арқылы өткен барлық сабақтан алған білімдерін қайталау, өткен материалдарды толық меңгергендерін тексеру мақсатында қайталау жүргізуге, жаңа сабақ түсіндірмесіне дайындығын бағалауға арналған сұрақтар беріледі. Оқушыларға интерактивті тақта көмегімен Wordwall сайтынан, Спинер тәсілі арқылы сұрақтар қойылады. Үй тапсырмасы көрсетілетін бағдарламаға келесі сілтеме арқылы кіруге болады: https://wordwall.net/ru/resource/72191030.

Сабақтың ортасы: Білім дағдысы: Білу, түсіну, қолдану

Жаңа сабақ тақырыбын оқушыларға қызықты әрі нақты түсіндіру үшін интербелсенді тақта көмегімен сандық білім бағдарламаларынан активті және реактивті кедергілердің пайда болуы жайлы, әрі сәйкесінше элементтердегі ток күші мен кернеудің фазалық ығысу графигі анимациялық түрде көрсетіліп, түсіндірме жұмыстар жасалады. Түсіндірмелер Vascak және Walter.fendt сандық білім сайттарында жүргізіледі.

Ең алдымен Walter.fendt сандық бағдарламасына кіріп Простая цепь переменного тока жұмысын таңдаймыз, сандық бағдарламаға келесі сілтеме арылы өте аламыз: https://www.walter-fendt.de/html5/phru/newtonlaw2_ru.htm, интерактивті тақта көмегімен бағдарламаны қазақ тіліне ауыстыруға болады. Ол жұмысты демонстрациялық түрде оқушыларға көрсету арқылы, жаңа тақырып жайлы тиімді әрі толық түсінікті қалыптастыруға болады. Бағдарлама арқылы активті және реактивті элементтерді айнымалы ток желісінде толық зерттеуге болады.

Ативті кедергі тудыратын резисторды айнымалы ток тізбегіне жалғап, тудыратын кедергісін анықтауға, және ток күші мен кернеудің фазалық ығысуының графикалық бейнесін анимаця түрінде көруге болды. Ол үшін ең алдымен бағдарламаның оң жақ бөлігінен резисторды таңдап тізбектегі қажетті шамаларға мән береміз. Яғни жиілік, кернеудің максималды шамасы және резистор кедергісін енгізсеңіз болды. Қалғанын Старт батырмасын басу арқылы бағдарлама өзі автоматты түрде бейнелеп көрсетеді.



1-сурет

Реактивті кедергі тудыратын элементтермен де танысып жұмыс жасауға бағдарламада мүмкіндіктер қарастырылған. Ол үшін бағдарламаның оң жақ бөлігінен конденсатор немесе катушканы тізбекке жалғап, жоғарыда көрсетілген нұсқаулықты орнындау арқылы конденсатордағы немесе катушкадағы ток күші мен кернеудің фазалық ығысуын графиктік, диаграмаллық түрде анимациялап көрсетуге болады.

Конденсатор

Индуктивті шарғы



2-сурет



3-сурет

Екінші кезекте оқушылар сабақты толық түсініп, сабаққа белсенді түрде қатысушы үшін Vascak бағдарламасын пайдалана отырып, демонстрациялар көрсетіледі. Онда да активті және реактивті элементтермен жұмыс істеу арқылы тізбекті зерттеуге, әр элемент сәйкесінше тудыратын кедергілермен, олардың өрнектерімен танысуға, фазалық ығысуды графиктер мен диаграммалар бойынша анимациялап көрсетуге мүмкіндіктер ашылған.



4- сурет

5-сурет

Бағдарлама көмегімен резистор, конденсатор, индуктивті катушкамен жұмыс жасай аламыз. Бастапқы шамаларды енгізіп, жасыл батырманы басу арқылы бағдарлама автоматты түрде шығаратын тізбектегі активті кедергіні, реактивті кедергінің шамасын анықтауға болады

Бағдарламада барлығы түсінікті әрі оңай, онымен қоса бағдарламада көрсетілген өрнектер есептеуге қажетті жаңа өтілген сабақ өрнектері оларды көріп бақылау арқылы оқушыларға сабақ толық түсінікті болады. Оқушылар сабақты тыңдай отырып келесі білім дағдыларын қалыптастыра алады: -Айнымалы ток тізбегіндегі активті кедергі ұғымымен танысады; -Резистордағы ток күші мен кернеудің фазалық ығысуын сипаттайды, түсінеді, қорыта алады; -Айнымалы токты сипаттайтын шамаларды біледі; -Айнымалы ток тізбегіндегі

реактивті кедергі ұғымын біледі; - Конденсатордағы ток күші мен кернеудің фазалық ығысуын сипаттайды, түсінеді, қорыта алады; -Сыйымдылық кедергі ұғымын біледі; - Катушкадағы ток күші мен кернеудің фазалық ығысуын сипаттайды, түсінеді, қорыта алады; -Катушканың индуктивті кедергісі ұғымын түсінеді; -Активті және реактивті элементтердегі ток күші мен кернеудің фазалық ығысуын графикалық, диаграммалық түрде түсінеді; Өтілген тақырыптарды қорытындылай отырып, түсінеді; -Vascak бағдарламасынан көрсетілген жұмыстарды түсінеді; - Walter.fendt бағдарламасынан көрсетілген жұмыстарды түсініп, жұмысты құралмен орындауға білім дағдысын қалыптастырады;

Білім дағдысы: Қолдану, талдау

Оқушыларды ең алдымен Flippity.net https://www.flippity.net/ сайтын пайдалана отырып 3 адамнан топтастыра отырып бөлемін оқушылар өз тобындағы адаммен жұптаса отырып эксперименттік жұмысты орындайды.

Бағдарламала жайында түсінік қалыптастырып болған соң, оқушыларға бағдарламаламада орындалуы керек жұмыс тапсырма ретінде қойылады. Оқушылар айнымалы ток тізбегін құрастырып, алгоритм бойынша тапсырма орындайды. Эксперименттік тапсырма орындалу жолын толығымен көрсете кетсем:

Эксперименттік есептің қойылуы:Актив кедергісі 1кОм резистор сыйымдылығы С 1мкФ конденсаторға тізбектей қосылған. Егер тізбектегі айнымалы ток жиілігі 50Гц ал желідегі кернеу 220В болса, тізбектегі ток күшінің әсерлік мәнін теориялық және эксперимент жүзінде анықтаңыз. Конденсатордағы кернеу мен ток күшінің уақытқа тәуелділік теңдеуін жазыңыз, фазалық ығысуын табыңыз [1].

Эксперименттік есеп алгоритмі:

1. Эксперименттік есептің берілгенін оқып, қысқаша теориялық түсінікпен танысып шығыңыз;
2. Ең алдымен қажетті мәнді теориялық түрде есептеу үшін элементтердің бастапқы шамаларын; Генератор: Uэф = 220 В; ν = 50 Гц; Резистор: R = 1000 Ом; Конденсатор: С = 1 мкФ; кестеге енгізіңіз;
3. Конденсатордың сыйымдылығы 1мкФ-тан 5мкФ-қа дейін 1мкФ-қадаммен өзгртіңіз;
4. Айнымалы ток тізбегіндегі толық кедергіні кестедегі 5 сыйымдылық үшін анықтаңыз;
5. Айнымалы ток тізбегіндегі кернеудің амплитудалық мәнін анықтаңыз;
6. Айнымалы ток тізбегіндегі ток күшінің амплитудалық мәнін кестедегі 5 толық кедергі үшін анықтаңыз;
7. Айнымалы ток тізбегіндегі ток күшінің әсерлік мәнін кестедегі 5 ток күшінің амплитудалық шамасы үшін анықтаңыз;
8. (3-4-5-6-7) қадамдардан алынған нәтижелерді кестеге енгізіңіз;
9. Эксперименттік тапсырманы орындау үшін "Electronics Workbench" модельдеуші бағдарламасын ашыңыз;
10. Суретте көрсетілген тізбекті модельдеуші ортада жинаңыз.;
11. Элемент параметрлерінің мәндерін келесідей орнатыңыз: Генератор: Uэф = 220 В; ν = 50 Гц; Резистор: R = 1000 Ом; Конденсатор: С = 1 мкФ;
12. Конденсатордың сыйымдылығын 1мкФ-тан 5мкФ-қа дейін 1мкФ қадаммен өзгерте отырып, амперметрдің көмегімен айнымалы ток тізбегіндегі ток күшінің әсерлік мәнін өлшеңіз;
13. Эксперимент жүзінде өлшеніп алынған шамаларды теориялық түрде алынған нәтижелермен салыстырыңыз;
14. Эксперимент есеп шартына сай айнымалы ток тізбегіндегі кернеу мен ток күшінің уақытқа тәуелділік теңдеуін жазыңыз, фазалық ығысуын табыңыз, теориялық алынған нәтиженің дұрыстығына эксперимент арқылы көз жеткізіңіз
15. Есепті MS Excel электронды кестесінде модельдеңіз;
16. Iə(C) тәуелділік графигін теориялық және эксперименттік алынған нәтижелерді салыстыра отырып құрыңыз;

17. Есептің шешімін талдаңыз, есептеулерді эвристикалық алгоритмдік әдіс бойынша Python, MatLab бағдарламалалау тілдерінде орындап салыстырыңыз. Қорытынды жасаңыз

Эксперименттік есептің математикалық моделі:

Математикалық моделін құру

Берілгені:
Uэф = 220 В
ν = 50 Гц
R = 1000 Ом;
C = 10 мкФ;

Т/к Iə-?

Шешуі:

1-тапсырма

Z=√(1000^2)+((1/(2*3,14*50∗10^-6))^2=3338Ом

U_m=U∗√2 =220*√2 =311,13В

I_m=U_m/R=311,13/3338=0,093А

2-тапсырма

U= U_m*cos(wt)

C= $\frac{q}{U}$ q=CU

I= $\frac{dq}{dt} = \frac{d(CU_m\cos(wt)}{dt}$

I= $-wCU_m\sin(wt)=wCU_m\cos(wt+\frac{\pi}{2})$

I= $I_m\cos(wt+\frac{\pi}{2})$

Эксперименттік есептің MS Excel электронды кестесі арқылы алынған нәтижелері:

Алынған нәтижелерді талдау

Алынған нәтижелерді талдау									
U,В	**ν, Гц**	**R, Ом**	**C, Ф**	**Z, Ом**	**Um, теория**	**Um экс**	**Im**	**Iə, теория**	**Iə экс**
220	50	1,00E+03	1,00E-06	3338,02326	311,1269837	311,127	0,09321	0,06591	0,06671
220	50	1,00E+03	2,00E-06	1880,319074	311,1269837	311,127	0,16546	0,117	0,1181
220	50	1,00E+03	3,00E-06	1458,400924	311,1269837	311,127	0,21333	0,15085	0,15119
220	50	1,00E+03	4,00E-06	1278,240961	311,1269837	311,127	0,2434	0,17211	0,173
220	50	1,00E+03	5,00E-06	1185,620501	311,1269837	311,127	0,26242	0,18556	0,1862

Эксперименттік есептің MS Excel электронды кестесі арқылы алынған Iə(C)тәуелділік графигі:



6-сурет

Эксперименттік есептің Python тілінде нәтижелерін алу коды:	Эксперименттік есептің MATLAB бағдарламасы көмегімен нәтижелерін алу коды:
U=220 V=50 R=1000 C1=1E-6 C2=2E-6 C3=3E-6 C4=4E-6 C5=5E-6 Z1=sqrt((R**2)+(1/(2*3.14*V*C1))**2) Z2=sqrt((R**2)+(1/(2*3.14*V*C2))**2) Z3=sqrt((R**2)+(1/(2*3.14*V*C3))**2) Z4=sqrt((R**2)+(1/(2*3.14*V*C4))**2) Z5=sqrt((R**2)+(1/(2*3.14*V*C5))**2) U1=(2**(1/2))*U I1=U1/Z1 I2=U1/Z2 I3=U1/Z3 I4=U1/Z4 I5=U1/Z5 A1=I1/sqrt(2) A2=I2/sqrt(2) A3=I3/sqrt(2) A4=I4/sqrt(2) A5=I5/sqrt(2) print('Z1=',Z1) print('Z2=',Z2) print('Z3=',Z3) print('Z4=',Z4) print('Z5=',Z5) print('U1=',U1) print('I1=',I1) print('I2=',I2) print('I3=',I3) print('I4=',I4) print('I5=',I5) print('A1=',A1) print('A2=',A2) print('A3=',A3) print('A4=',A4) print('A5=',A5)	U=220 V=50 R=1000 C1=1E-6 C2=2E-6 C3=3E-6 C4=4E-6 C5=5E-6 Z1=sqrt((R^2)+(1/(2*3.14*V*C1))^2) Z2=sqrt((R^2)+(1/(2*3.14*V*C2))^2) Z3=sqrt((R^2)+(1/(2*3.14*V*C3))^2) Z4=sqrt((R^2)+(1/(2*3.14*V*C4))^2) Z5=sqrt((R^2)+(1/(2*3.14*V*C5))^2) U1=(2^(1/2))*U I1=U1/Z1 I2=U1/Z2 I3=U1/Z3 I4=U1/Z4 I5=U1/Z5 A1=I1/sqrt(2) A2=I2/sqrt(2) A3=I3/sqrt(2) A4=I4/sqrt(2) A5=I5/sqrt(2) X=(1E-6:1E-6:5E-6) Y=[A1 A2 A3 A4 A5] Z=[0.06671 0.1181 0.1519 0.173 0.1862] plot(X,Y,X,Z) title('Iə(C)тәуелділік графигі'); xlabel('C,Ф'); ylabel('Iə,A');

MS Excel электронды кестесі арқылы алынған нәтижелерінің дұрыстығына MATLAB бағдарламасы көмегімен алынған Iə(C)тәуелділік графигі:



7-сурет

Оқушылар сабақтан алған білімдерін, түсініктері мен тәжірибелерін жинақтай отырып, қорытынды жасай алуы үшін Learningapps сайтынан Сәйкестендіру тапсырмасы беріледі. Оқушылар ұялы телефондарын пайдалана отырып, бағдарламадағы сұрақтарға жауап береді

Сабақтың соңы. Сабақтың соңғы 1 мин-да үйге тапсырма беріліп, жалпы қорытынды балл анықталады. Онымен қоса сандық бағдарламалар көмегімен өткізілген сабақ деңгейін анықтау үшін сауалнама сұрақтарына жауап берулері ескертіледі. Сауалнама Google форматта алынады.

Бағалау MS Excel кестесінде жүргізіледі Интербелсенді тақтада оқушылардың аты көрсетілген ұяшықтар ашылады, оқушы дұрыс жауап беріп, тапсырманы жылдам әрі дұрыс орындап балл алып отырады. Әр дұрыс жауап бергеніне 1 балл қосылып, тапсырма ұяшықтарына балл енгізіледі, соңғы кезекте есептеулер 10 баллдық жүйемен MS Excel кестесінде жүйеленеді.

Үйге тапсырма: Үйге берілетін тапсырма сандық бағдарлама арқылы орындалады. 1) Бүгінгі эксперименттік тапсырмалар жүргізілген немесе осы бағдарламаларға ұқсас бағдарламалармен тереңірек білім қалыптастырып, ары қарай да жұмыс істеп, физикалық білім деңгейлерін шыңдау үшін өз ізденістерімен онлайн бағдарламаларды түсіндіріп, қалай жұмыс жасау керек екенін баяндайтын реферат әзірлеу, рефератта қандай да бір жұмысқа қарастырылып отырға бағдарлама арқылы мысал келтіруі керек. (Efizika,Vascak, Phet.colorado, Walter.fent …....)

Қорытындылай келе, сандық білім ресурстарын пайдалана отырып физика сабақтарын жоспарлау – білім алушылардың жаңа заман талабына сай білім дағдыларын меңгеруіне мүмкіндік беретін тиімді әдістерінің бірі екендігі жүргізілген зерттеулер барысында дәлелденді. Айнымалы ток тарауын оқытуда бұл тәсілді қолдану – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырумен қатар, олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытуға зор үлес қосып, физикалық құбылыстарды көрнекі түрде түсінуге, алынған нәтижелерді талдауға және есептеулерді автоматтандыруға жағдай жасайды.

Әдебиеттер

1. Турякбаев С.Т. Физика: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық. Екі бөлімді. 1-бөлім. – Алматы: Мектеп, 2019. – 240 б.
2. Закирова Н.А., Аширов Р.Р. Физика: Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбының жаратылыстану-математикалық бағытына арналған оқулық. – Нұр-Сұлтан: Арман-ПВ, 2020. – 336 б.
3. Владимир Васкак. Vascak. Қолжетімді: https://www.vascak.cz/#kapitoly

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ STEM-ТЕХНОЛОГИЙ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ ВОЛНОВОЙ ОПТИКИ ДЛЯ УЧЕНИКОВ СТАРШИХ КЛАССОВ

Тоқтарова Ақсымбат Ғалымжанқызы
Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, город Шымкент, Республика Казахстан, студент группы: 1510-81

Садық Болатбек Халдаруұлы
Старший преподаватель кафедры «физика» ЮКПУ имени Өзбекәлі Жәнібеков, город Шымкент, Республика Казахстан

Түйін

Бұл ғылыми-зерттеу жұмысында суреттерде физика виртуалды бағдарламасын қолдану негізінде жоғары сыныптарда толқындық оптиканы оқыту әдістемесін жетілдіруде STEM технологияларын қолданудың тиімді әдістерінің бірі ұсынылды. Физиканы оқытуда осы бағдарламаларды сапалы пайдалану кезінде мұғалім оқушыларға оқу орнына қарамастан виртуалды ресурстарды тарта отырып, материалды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алынған теориялық, математикалық және сандық деректерді жүйелеу үшін Microsoft Excel бағдарламасын қолдану қарастырылды. Бұл бағдарламалар толқындық оптиканы ғана емес, физиканың басқа салаларын түсіндіру процесінде жоғары сынып мұғалімінің жұмысының ажырамас бөлігі бола алады.

Summary

In this research paper, one of the most effective methods of using STEM technologies in improving the teaching methods of Wave Optics in high schools based on the use of the virtual Physics in Pictures program was proposed. With the high-quality use of these programs in teaching physics, the teacher offers students the opportunity to independently study the material using virtual resources, regardless of the place of study. Additionally, the use of the Microsoft Excel program for systematization of the obtained theoretical, mathematical and numerical data was considered. These programs can become an integral part of the work of a high school teacher in the process of explaining to them the topics of not only wave optics, but also other branches of physics.

Актуальность исследовательской работы: В школах разного типа при проведении занятий по Волновой оптике основным является - виртуальное моделирования. Его использование при преподавании Волновой оптики в старших классах даёт хорошую теоретическую и практическую базу ученикам. Вследствие множества материала по данному разделу объяснение последующих тем будет являться продуктивным. Данная работа является актуальной для использования её в преподавательской деятельности и укрепления познаний об это разделе.

Цель научно-исследовательской работы: Возможность использования виртуальных платформ для решения и понимания тем учениками и использование данных ресурсов дальше.

Обязанности научно-исследовательской работы: Объяснение роли компьютерных технологий в качестве примера использования виртуальной программы Физика в картинках (Дифракция света. Дифракционная решетка).

Предмет исследования: Учебник по физике для 11 классов естественно-математического направления.

Объект исследования: Использование компьютерных технологий в целях объяснения раздела волновая оптика.

Метод исследования: По проделанной работе необходимо изучить влияние данной методики во внедрение данных.

Введение.

Свет, проходящий через препятствия или малые отверстия, который сравним по размерам с длиной волны, является одним из главных формул раздела Волновой оптики.

Одним из основных свойств, доказывающих существование дифракции, является дифракционная решётка, которая необходима для изучения спектров, измерения длин волн и остальных задач.

При нынешних условиях в образовательных учреждениях использование компьютерных моделей будет необходимым вследствие его необходимости в визуальной составляющей ученику. С помощью данных моделей преподаватели могут объяснять сложные физические явления при отсутствии или неисправности физического прибора, а ученики в свою очередь могут визуально изучать школьный материал согласно своим возрастным предпочтениям и закреплять, таким образом, практическую и экспериментальную часть.

Физика в картинках. Данная виртуальная программа предназначена для работы с учениками в практическом, экспериментальном виде с большим объемом информации по всем разделам. Программа имеет более 70+ виртуальных лабораторий и демонстраций по разным разделам физики 7-11 классов. В данной статье мы будем рассматривать следующую тему: *Дифракция света. Дифракционные решётки.* Описание по работе приводится в следующем виде:



1-рисунок

1. Вам необходимо установить данную программу из открытых источников сети;
2. Необходимо зайти в раздел Оптика;
3. Далее выбрать лабораторную работу Дифракционная решетка как спектральный прибор (1-рисунок);
4. По условию экспериментальной задачи « Дифракционная решетка, постоянная, которой равна 0,006 мм, освещается красным светом, определите под каким углом к решетке нужно проводить наблюдение, чтобы видеть изображение спектра второго порядка» необходимо ввести все данные(2-рисунок);
5. С помощью ползунка необходимо менять значение красного спектра 5 раз;



2-рисунок

6. С помощью формулы dsinθ=mλ (1)–>sinθ=mλ/d(1.2)--> θ=arcsin*(mλ/d) (1) вычисляете значение угла θ;

Для получения более точных числовых значений необходимо ввести данные, полученные из виртуальной лаборатории, в программу Microsoft Excel. Работа с данной программой

Microsoft Excel. Теперь данные, полученные через компьютерную программу необходимо систематически посчитать вследствие идентичности формул. В этом нам поможет программа – MS Excel. Возможности MS Excel были продуманы так, что математический анализ, анализ проделанной работы можно внести именно сюда. Кратко о том, как работать с данной программой:

№	d,м	m	λ,м	θ	θ,°
1	0,000006	2	0,00000063	0,21157496	12,21466489
2	0,000006	2	0,00000065	0,218398728	12,61499998
3	0,000006	2	0,00000067	0,225232846	13,01657074
4	0,000006	2	0,000000687	0,23105026	13,35891279
5	0,000006	2	0,0000007	0,235504237	13,62134766

1-рисунок

1.Устанавливаются необходимые пункты, такие как: название экспериментальной задачи, цель и приборы, необходимые для работы, то есть ноутбук;

2.Дальше необходимо составить алгоритм экспериментальной работы, что подразумевает занесение всех значений в таблицу и выдача формулы всем ячейкам (3-рисунок);

3-рисунок



4-рисунок

3.Дополнительно можно будет ввести компьютерное моделирование на основе условия одного процесса;

4.Также можно добавлять теоретическую часть урока, а также построить график зависимости величин друг от друга (4-рисунок).

In the modern education system, teaching mathematics should not be limited to theoretical knowledge alone. To enhance students' interest in the subject, it is essential to actively engage them in the learning process by using an interdisciplinary approach. This method helps students understand the logical structure of mathematics, see the connections between its various fields, and apply their knowledge in real-life situations. However, engaging students in the learning process comes with its own challenges. Many students do not associate mathematics with real life, which leads to a loss of interest. To address this issue, it is important to use constructive teaching methods, practical problems, project-based work, and interactive approaches.

Кіріспе.

Қазіргі заманғы білім жүйесі процедуралық білімге қарағанда тұжырымдамалық білімге баса аударады. оқушылардың практикалық дағдыларын қалыптастырудан гөрі теориялық білім беруге бағытталған. Көптеген оқушылар математика сабақтарында: "Бұл маған өмірде керек пе?" деген сұрақ қояды. Мұндай сұрақтардың пайда болуын – математиканың өмірмен байланысының жеткіліксіз екендігінің көрінісі деп түсінген дұрыс. Осыған байланысты, математиканы оқыту процесін шынайы өмірмен байланыстыру маңыздылығы арта түседі. Бұл мәселені шешу бағытында әлемдік білім жүйесінде айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде.

STEM-білім беру әдісі (Science, Technology, Engineering, Mathematics) – математиканы ғылыммен, техникамен және инженериямен байланыстырудың тиімді жолы. Бұл әдіс оқушыларға теориялық білімді практикалық дағдылармен ұштастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, робототехника немесе бағдарламалау арқылы оқушылар математикалық есептерді нақты жобаларда қолдануды үйренеді. Мұндай тәжірибе оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, болашақта кәсіби бағдарлануына ықпал етеді. Сонымен қатар, STEM

тәсілдері оқушыларды командалық жұмысқа, зерттеу дағдыларына және инновациялық ойлауға үйретеді.

PISA және TIMSS халықаралық зерттеулері өмірдің жылдам өзгеріп орыуы себепті, болашақтың анықталмағандығына баса назар аударып, келесі метапәндік құзыреттерді алға қояды[1]:

- Жаңа құндылықтар жасау – шығармашылық ойлау және инновациялық шешімдер табу қабілетін қалыптастыру.
- Мәселелерді шешу – аналитикалық ойлау, логикалық негіздеу және математикалық модельдеу қабілеттерін қалыптастыру.
- Жауапкершілік қабылдау – өзін-өзі реттеу, дербес шешім қабылдау және ұжымдық жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру.

Қазақстандық білім жүйесінің басты мақсаты – өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделе алатын, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Бұл үшін 2023-2029 жылдары білім жүйесін жетілдіру, оқушылардың рухани және әлеуметтік дамуына жағдай жасау көзделген. Педагогтердің рөлі өзгеріп, олар оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеретін фасилитатор ретінде әрекет етеді. Оқушыларға жеке оқу траекторияларын ұсыну арқылы сараланған білім беру жүйесі енгізіледі. Жаңартылған білім беру моделі оқушылардың өмірлік құзыреттерін дамытып, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған[2].

Конструктивті оқыту әдісін енгізудің басты мақсаты – оқушыларды белгісіздік жағдайында дұрыс шешім қабылдауға және күрделі мәселелерді тиімді шешуге үйрету. Бұл әдістің негізгі қағидалары Д.А. Сретенская[3], И.В. Трайнев[4] және А. Әмірбекұлы[5] сияқты педагог ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Конструктивті оқыту әдісінің басты ерекшелігі – оқушыларға дайын білім берілмей, керісінше олар оны өз бетімен немесе топтық жұмыстар арқылы игереді. Сондықтан оқыту процесі оқушылардың танымдық және коммуникативтік тәжірибесіне негізделіп, олардың қажеттіліктеріне сай ұйымдастырылуы тиіс[6].

Н.П. Шаталова[7] конструктивті оқыту әдісінің бірнеше маңызды қағидаларын атап көрсетеді:

1) Саналы қажеттілік – адам тек білімге деген қажеттілікті сезінгенде ғана тиімді оқиды.
2) Потенциалды мүмкіндіктер мен мақсат қою – оқыту процесі оқушылардың қабілеттеріне және мақсаттарына сәйкес ұйымдастырылады.
3) Мүдделік басқару – оқыту процесі оқушының ішкі мүддесін оятып, жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.
4) Таңдау еркіндігі – оқушы оқу ортасын, әдісін, қарқынын және мазмұнын таңдау құқығына ие болуы керек.
5) Ақпараттың білімге айналуы – алынған ақпарат тек белсенді әрекет барысында нақты білімге айналады.
6) Қарама-қайшылықтардың бірлігі – оқыту процесінде әртүрлі әдістер мен тәсілдердің үйлесімділігі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі таңда мектеп математикасын оқытуда басты мәселе – оқытылатын тақырыптардың көптігі мен оларды игеруге бөлінген оқу уақытының шектеулілігі. Бұд жағдай, оқушыларға кең ауқымды математикалық ұғымдарды түсіне отырып игертуге мүмкіндік бермейді.

Бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы – математиканы эпистақырыптар негізінде оқыту. Эпистақырыптар – математикадағы, оқушыны өмір бойы сүйемелдеп жүретін, кілттік ұғымдар мен идеялар: сандық информация, сан және фигура. Мұндағы сан – нақты өмірдегі кез-келген заттар құрастырылатын элементар құрылымдардың, фигура – элементар құрылымдардан құрастырылатын құрама құрылымдардың математикалық модельдері. Сандық информация – құрылымдық модельдердің өлшем, шама түрінде берілетін сипаттамалары.

Эпистақырыптар мәніне өмірлік мәселелерді шешу негізінде біртіндеп ену, оқушыларға академиялық білім алумен шектелмей, қоршаған ортаны жүйелі түрде танып білуге, алған

білімін алдағы өмірінде қоршаған ортамен бірлесе отырып пайдалануға, ұзақ мерзімдік мақсаттар қоюға мүмкіндіктер береді.

Мектеп математикасы эпистақырыптарын оқытуда фасилитатордың рөлі ерекше. Фасилитатор тек ақпарат беруші болумен қатар, оқушының танымдық қабілеттерін дамытатын жетекші болуы да тиіс. Мысалы, проблемалық оқыту әдісі арқылы оқушыларды нақты мәселелерді шешуге тарту, жоба әдісімен топтық жұмыстар ұйымдастыру олардың белсенділігін арттырады. Сонымен қатар, математикалық ұғымдарды көрнекілендіру, яғни графиктер, модельдер, анимациялар пайдалану – түсінуді жеңілдетеді және оқушылардың қызығушылығын оятады[8-9].

Олай болса, оқушыларды мектеп математикасының эпистақырыптары мазмұнын ашатын ашық мәселелерді шешуге оқыту, оқушылардың оқуға қызығушылықтары мен қабілеттерін қалыптастыратын фасилитатор даярлау, қазіргі заманауи білім жүйесінің өзекті мәселесі.

Ұсынылып отырған жұмыс осы өзекті мәселені шешуге арналған.

Негізгі бөлім.

Әрине, мектеп математикасының эпистақырыптары мазмұнын ашатын ашық мәселелерді шешуге оқыту, оқушылардың оқуға қызығушылықтары мен қабілеттерін қалыптастыратын фасилитатор даярлау, осы процестің қалай ұйымдастырылып, іске асырылатындығына байланысты екендігі түсінікті.

Олай болса, мектеп математикасының эпистақырыптарын оқытудың өзіне тән ұстанымы, құралдары және әдістері болуы тиіс.

Мектеп математикасының эпистақырыптарын оқыту білім жүйесіндегі экзистенциалдық, конструктивтілік және акмеологиялық ұстанымдарға негізделген.

Экзистенциалдық ұстанымның негізгі қағидасы – адам өміріндегі кез-келген қиындықтар шешілмеген немесе дұрыс шешілмеген маңызды, экзистенциалды (ішкі) мәселелердің салдары болып табылады. Сондықтан педагогтың міндеті – әрбір оқушының мінез-құлқын сипаттаушы ретіндегі қазіргі ахуалын, осы ахуалды тудырушы субъективті себептерді көре білу.

Конструктивтілік ұстанымның негізгі қағидасы – білімді оқушыға дайын түрде беру мүмкін емес. Оқушы өзінің экзистенциялық мәселелерін шешу барысында өз білімін нәтижелі құрастырады және дамытады. Сондықтан, оқушының өз білімін құрастырып дамытуына қолайлы жағдай жасау өте маңызды.

Акмеологиялық ұстаным негізгі қағидасы – оқушы информациялық-коммуникациялық ортада білімпаздықтың бір шыңынан екінші шыңына қарай қозғалуға өз өмірімен қызметін ұйымдастыруға, ең жоғары жетістіктерге жете отырып, өзін-өзі жасап шығаруға қабілетті өмірлік субъект. Мектеп математикасының эпистақырыптарын оқыту оқушының информациялық-коммуникациялық ортада өзін-өзі дамытуына бағытталған.

Келтірілген ұстанымдарға сай, мектеп математикасының эпистақырыптарын оқыту кезеңдермен іске асырылатын 6 сабақ түрінде ұйымдастырылады.

1-сабақ. Екі сабақтан тұратын топтық-дәріс сабағы. 1-сабақтың мақсаты: оқушыларды эпситақырыпты оқыту себептерімен алдын ала таныс-тыру, олардың ішкі танымдық мүдделілігін ояту. Оқушылар сабаққа келесі іс-әрекеттер арқылы жұмылдырылады:

A. Өмірлік мәселелер мысалдарын келтіру.

B. "Сендерге мектепте осындай мәселелерді шешуге үйретті ме? сұрағын қою. Көпжағдайда "Үйреткен жоқ" деген жауап алынады.

C. Осы жағдайды анықтағаннан кейін, мектептегі білім мазмұнымен эпистақырыптардың ашық мәселелерін шешу мүмкіндігі арасындағы қайшылықтар сипатталынады.

D. Оқушыларды түрлі көзқарастарды, ұстанымдармен әдістерді талқылауға жұмылдыра отырып, өмірдегі өзекті проблемаларды, тапсырмалар ұсыну.

2-сабақ. Топтық-танымдық сабақ. Сабақтың мақсаты – оқушыларды танымдық іс-әрекеттің материалданған негіздерімен қамтамасыз ету.

Жұмылдыру іс–әрекеттері:

А. Ашық және тұйық есептер, ақиқат және ақылға қонымды пайымдау, ашық мәселені құрастыру және шешудің жалпыланған алгоритмі, туралы түсінік беру.

В. Ашық есептерді шешу нәтижесі ретінде мәселе мәтінінде қойылған сұрақтарға жауап орнына, оларды конструктивті шешу алгоритмін қабылдау.

3-сабақ. Ауыспалы жұптық қалыптастырушы. Сабақ мақсаты – дауыстап сөйлеу іс-әрекетін, "Мен" тұжырымын қалыптастыру.

Жұмылдыру іс–әрекеттері:

А. Кез келген мәселені шешу алгоритмін пайлаланып, тура, кері, жалпылама, ашық мәселелер төрттігін шешу. Тура, кері, жалпылама мәселелер зерттеу мәселері болуы тиіс. Мәселелер натурал, бүтін, бөлшек сандар жиындарында шешілуі қажет. Осы арқылы нақты мәселені шешу алгоритмі дамиды.

В. Топтың ауыспалы жұптарға бөлінуі және жұп мүшелерінің әрқайсысының кезек-кезек педагог пен білімгер рөлін атқаруы – олардың әрқайсысы екіншісіне тапсырма береді, екіншісі тапсырманы сол жерде орындайды.

С. Нәтижені баяндау. Тапсырма орындалып біткен соң, нәтижені бір-біріне немесе педагогке дауыстап өз атынан айту. Бұл әрі информация, әрі сөздік іс-әрекет. Информация тыңдаушыға түсінікті болуы тиіс.

3-сабақта сыртқы, материалданған іс-әрекеттің сөздік іс-әрекетке өтуі түріндегі секіріс болады. Игерілетін іс-әрекет жалпыланады, алайда қысқармаған, баяу түрде қалады.

4-сабақ. Минитоптық – қалыптастырушы. Сабақ мақсаты – дауыстап сөйлеу іс-әрекетін, "Біз" тұжырымын қалыптастыру.

Жұмылдыру іс–әрекеттері:

А. Топты күнелту, қауіпсіздік, табыс әкелетін материалдық игілік түріндегі ашық мәселер бойынша бірнеше ауыспалы минитоптарға бөлу.

В. Сабақты минилекция және минипрактикалық түрде өткізу.

- *Минилекциялық сабақ.* Минилекцияларды оқушылар бір сабақта оқиды. Минилекция қисыны педагог лекциясындағыдай. Айырмашылық – оның нақты типтегі ашық мәселеге бағытталатындығында.

Алдын-ала бекітілген оқушылар лекцияның классиктер цитаталары-мен, педагогикалық практика көрсетілімдерімен толықтырылған фрагменттерін даярлайды. Лекция фрагменті өзектілік, айбындылық, қисындылық, өзектілік, мәліметтілік, коммуникативтілік критерийлерін қанағаттандыруы тиіс.

Кез-келген оқушы(квазилектор) лекция фрагментін оқиды. Квазилектор минилекциясын бағалау үшін топ екіге бөлінеді. Бірінші топ мүшелері лекция идеясының маңыздылығы мен болашағын негіздейді. Бірінші топ мүшелері лекциядағы логикалық кемшіліктерді, айтылған ойдағы кемшіліктер мен шектемелерді ашады.

Алдын-ала хабарланған минилекция тақырыбы бойынша бірнеше оқушы, педагог қатысуымен, минилекция контентіне сүйене отырып талданатын көрсетілім (презентация) даярлайды.

Осылайша, 2-сабақта оқушыларға көпшілік алдында сөйлеу және көптеген тыңдаушылармен қарым-қатынас жасау тәжірибесі қалыптасады.

- *Практикалық сабақ.* Квазилектор минилекция типіне сәйкес проблема қояды. Оқушылар проблеманы шешу жолдарын айқындап, оны іске асыруы тиіс.

Проблеманы түрлі жолдармен шешілген соң, ең маңызды мәселе – әрбір шешім шығынын анықтау мәселесі пайда болады. Шешімнің ең аз шығынды жолын іске асыру – игілікті іс.

Проблеманы шешу жолдары мен олардың нәтижелерін бағалау үшін топ төрт ауыспалы минитоптарға бөлінеді.

1-топ. Жаңашылдар. Бұл топ мүшелері өз шешімдерін басқа білімгерлерге презентациялайды.

2-топ. Пессимисттер. Бұл топ мүшелері проблеманы шешу барысында жіберілген теріс, ойластырылмаған, ескерілмеген сәттерді айқындайды.

3-топ. Оптимисттер. Бұл топ мүшелері проблеманы шешу барысында қол жеткізілген оң алға басушылық сәттерді айқындайды.

4-топ. Эксперттер. Бұл топ мүшелері шешімді презентациялау барысында алынған информацияны талдап жалпылайды. Әрбір минитоп жұмысын Блум таксономиясы критерийлері негізінде, топ алдына қойылған мақсат тұрғысынан бағалайды. Өз пікірін негіздейді.

Осылайша, 4-сабақта әрбір оқушы өзін түрлі рөлдерде байқап көреді және өз ойын түрлі көзқарастан көруге мүмкіндік алады.

5-сабақ. Жекелей – қалыптастырушы. Сабақ мақсаты – сыртқы іс-әрекетті сыбырлай сөйлеу түрінде қалыптастыру.

Жұмылдыру іс–әрекеттері. Оқушы, ашық мәселенің шешу алгоритмін сыбырлап айтады. Іс-әрекет жинақталынып, жылдамдығы жоғарылап, автоматтандырылып қатесіз іске аырылады. Қателік пайда болған жағдайда, алдыңғы кезеңдердің сәйкес біреуіне өту қажет.

6-сабақ. Жекелей – қалыптастырушы. Сабақ мақсаты – сыртқы іс-әрекетті іштей сөйлеу, яғни ойлау түрінде қалыптастыру.

Жұмылдыру іс–әрекеттері. Оқушы ашық мәселенің шешу алгоритмін сыбырлап та айтпай, тек нәтижені айтады. Сабақ іс-әрекеттің жылдам және қатесіз іске асырылуына қол жеткен кезде аяқталады.

Бөлім соңында, жұмыс идеясын ашатын мысал келтірелік.

Төрт дос құс атуға шықты. Олардың біреуі - 4, екіншісі – 3, үшіншісі – 1 үйрек атып алды. Төріншісі – бірде-бір үйрек атып ала алмады.

1. Достар атып алған үйректерімен үйлеріне қайтты. Әрбір үйректің құны қандай?

2. Достар атып алған үйректерді теңдей бөлісіп, үйлеріне қайтты. Әрбір үйректің құны қандай?

3. Төртінші дос үйректерді түгелдей 16 мың теңгеге сатып алды. Әрбір үйректің құны қандай?

4. Достар атып алған үйректерін пісіріп, тамақтанды. Төртінші дос достарына риза болып, 16 мың теңге берді де, “Сыйластықпен бөлісіп алыңдар.” деген тілек айтты. Сен достардың бірі болсаң, 16 мың теңгені қалай бөлісетін едің?

Міне осылайша, бір оқиғадан 4 ашық мәселе (есеп емес) құрастырылды.

Қорытынды.

Сонымен, мектеп математикасы эпистақырыптарын конструктивті оқыту процесін тиімді ұйымдастыру және оқушыларды осы процеске белсенді жұмылдыру – қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі. Математиканы өмірмен байланыстыра отырып оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау қабілеттерін дамытуға да ықпал етеді[10]. Нәтижесінде, оқушылар математика пәнін тек теориялық тұрғыдан емес, практикалық тұрғыдан да меңгеріп, алған білімдерін өмірде қолдана алатын болады.

Мектеп математикасы эпистақырыптарын ұйымдастыру және оқушыларды осы процеске жұмылдыру үшін:

1. Мектеп математикасына математикалық эпистақырыптарды енгізу – оқушыларға олардың ішкі байланыстарын көрсет;.

2. Конструктивті оқыту әдістерін қолдану – білімнің практикамен байланысын арттыру;

3. Математиканы өмірмен байланыстыру – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;

4. Мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеру – оқытудың заманауи әдістерін пайдалану аса маңызды.

Оқыту барысында интерактивті әдістерді – диалогтық оқыту, проблемалық жағдаяттарды шешу, топтық жұмыстар ұйымдастыру сияқты тәсілдер – қолдану, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

1.Проект «Будущее образования и навыков: Образование-2030». Организация экономического сотрудничества и развития, 2018г.

2.Концепция развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 249.

3.Сретенская Д.А. Конструктивная педагогика как основа повышения качества обучения в вузе // Саратовский научно-медициский журнал. -№4, 2011. – С.988-991.

4.Трайнев И.В. Конструктивная педагогика. Учебное пособие. – М.: Сфера, 2004. 320 стр.

5.Амирбекулы А. Конструктивное обучение эпистем школьной математики. Монография. Шымкент: издательство ЮКГПУ, 2023. – 83 стр.

6.Б. Козаков. Интеллектуальность – что это за качество? Как стать интеллектуальным человеком?

7.Шаталова Н.П. Азбука конструктивного обучения. Монография. – Красноярск: ООО «Научно-иннавационный центр», 2011. – 204 стр.

8.Рудинский И. Д., Давыдова Н. А., Петров С. В. Компетенция. Компетентность. Компетентностный подход. Москва. Горячая линия – Телекеом. 2019. 240 стр.

9.Амирбекулы А., Кадирбаева Р.И.Формирование профессиональной компетентности будущих учителей посредством разработки информационно-коммуникационных предметных сред. Монография. – Шымкент: Алем, 2020. – 204 стр.

10.Сартр Ж.П. Экзистенциализм - это гуманизм // Сумерки богов: Сборник // Ф. Ницше, З. Фрейд, Э. Фромм и др. Сост., общ.ред. и предисл. А. А. Яковлева. –М.: Политиздат, 1989. – С.319-344.

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Исхабаева Нурлай Жуманалиевна

Түркістан облысы, Арыс қаласы С.Қожанов атындағы жббм физика пәні мұғалімі

Түйін

Бұл мақалада физика сабақтарында экологиялық білім берудің маңыздылығы қарастырылады. Тұрақты даму мәселелері мен олардың физикалық заңдармен байланысы талданады. Сондай-ақ, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін әдістемелік тәсілдер ұсынылады.

Abstract

This article discusses the importance of environmental education in physics lessons. Issues of sustainable development and their connection with physical laws are analyzed. Additionally, methodological approaches that contribute to the formation of students' environmental awareness are proposed.

Қазіргі таңда экологиялық мәселелер жаһандық маңызға ие болып отыр. Адамзаттың табиғатқа әсері күн санап артып, экожүйелердің тұрақтылығына қауіп төндіруде. Осыған байланысты білім беру жүйесінде, әсіресе жаратылыстану ғылымдарында, экологиялық білім берудің маңыздылығы артып келеді. Физика пәні арқылы экологиялық сауаттылықты арттыру – оқушыларға табиғи заңдылықтарды түсіндіріп қана қоймай, олардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Экологиялық білім берудің маңызы

Экологиялық білім беру – қоршаған ортаға саналы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған білім жүйесі. Ол келесі міндеттерді шешуге көмектеседі:

- Табиғат заңдылықтарын түсіну;
- Қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілікті қалыптастыру;
- Экологиялық мәселелерді шешуге ғылыми тұрғыдан қарау;
- Тұрақты даму қағидаларын ұстану.

Физика және тұрақты даму

Физика – табиғат құбылыстарын зерттейтін ғылым. Оның тұрақты даму мәселелерімен байланысы өте тығыз. Физика заңдары арқылы біз:

- Энергияның сақталу және түрлену заңдарын;
- Жаңартылатын және жаңартылмайтын энергия көздерін;
- Климаттың өзгеру себептерін;
- Өндіріс пен тұтыну процестерінің қоршаған ортаға әсерін түсіндіре аламыз.

Физика сабақтарында экологиялық мәселелерді талқылау оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін арттырып, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Физика және тұрақты даму тақырыбы өте өзекті және кең ауқымды қамтиды. Міне, тағы бірнеше аспект:

Жаңартылатын энергия көздері: Физика жаңартылатын энергия көздерін түсінуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, жел, күн және су энергиясы сияқты ресурстарды зерттеу арқылы физика олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, күн панельдерінің жұмыс істеуін физика заңдарымен түсіндіріп, олардың энергия өндіру тиімділігін арттыру жолдары зерттелуде.

Энергияның сақталу заңы және тұрақты даму: Энергияның сақталу заңы бойынша энергия жойылмайды, ол тек басқа түрге айналады. Бұл принцип өндірісте және тұтынуда энергияны үнемдеп қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Қалдықсыз технологияларды әзірлеу осы заңдарды ескерусіз мүмкін емес.

Климаттың өзгеруі: Физикалық құбылыстарды зерттеу климат өзгерісінің себептерін түсінуге көмектеседі. Мысалы, атмосферадағы парниктік газдардың энергия балансын бұзуын, жылудың жер бетіне қалай таралатынын зерттеу климат моделдерін жақсартуға ықпал етеді.

Энергияны сақтау және аккумуляциялау: Физика жаңа, тиімді аккумуляторлар мен энергия сақтау жүйелерін жасауға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, тұрақты даму процесін тездетіп, жаңартылатын энергия көздерін одан әрі таратуға ықпал етеді.

Экологиялық білім беру: Физиканы оқыту барысында тұрақты дамудың экологиялық аспектілерін талқылау арқылы оқушылардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауына ықпал етуге болады. Мысалы, энергияны үнемдеу немесе тұрмыстағы экологиялық таза технологияларды қолдану бойынша қарапайым эксперименттер оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді.

Физика тұрақты даму үшін ғылыми негіз ұсынады және оның заңдарын дұрыс пайдалану арқылы табиғатты сақтау мен әлемді жақсартуға мүмкіндік жасайды. Қандай аспектіні тереңірек қарастырғымыз келеді?

Экологиялық білім беру әдістері

Физика сабақтарында экологиялық білім беру үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

1. **Жобалық жұмыс** – оқушылар экологиялық мәселелерге қатысты жобалар әзірлеп, оларды сыныпта талқылайды.
2. **Эксперименттік зерттеулер** – қоршаған ортадағы физикалық процестерді зерттеу арқылы оқушылар экологиялық заңдылықтарды түсінеді.
3. **Кейстік әдіс** – нақты экологиялық жағдайларды талдау, мысалы, климаттың өзгеруі, ластану проблемалары.
4. **Интерактивті сабақтар** – экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған рөлдік ойындар мен пікірталастар.

Қорытынды

Физика сабақтарында экологиялық білім беру – оқушылардың экологиялық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы. Табиғи заңдылықтарды түсіну арқылы олар қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын ұғынады. Сондықтан білім беру жүйесінде экологиялық аспектілерге ерекше мән беру қажет.

Әдебиеттер:

1. Кенесариев У.Е., "Экологиялық білім беру". Алматы: Мектеп, 2015.
2. Назарбаев Н.Ә., "Тұрақты дамудың маңызы". Астана: Елбасы НҚ, 2012.
3. Бейсенова Ә.С., "Қоршаған орта және экология". Алматы: Қазақ университеті, 2018.
4. Мухамбетжанова С., "Физика және тұрақты даму". Астана: Білім, 2020.
5. Айтхожина К., "Оқушыларға экологиялық білім беру әдістері". Алматы: Ғылым, 2017.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА КРЕАТИВТІ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

Турлыбекова Ляйла Абдыманаповна
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы Шарбұлақ жалпы білім беретін мектебінің математика пәні мұғалімі

Резюме

Математика предмет – это не только решение числовых задач и формул, но также дисциплина, направленная на развитие логического мышления, аналитических способностей и навыков поиска креативных решений. Применение креативных заданий на уроках математики способствует углублению мыслительных навыков учащихся, развитию их творческих способностей, а также позволяет всесторонне освоить математические знания.

Abstract

Mathematics is not just about solving numerical problems and formulas, but also a subject aimed at developing logical thinking, analytical skills, and the ability to find creative solutions. The use of creative tasks in mathematics lessons helps deepen students' thinking skills, enhances their creative abilities, and provides an opportunity to acquire a comprehensive understanding of mathematical knowledge.

Қазіргі білім беру жүйесінде математика пәнінің рөлі тек сандық есептеулермен шектелмейді. Бұл пән оқушыларға тек теориялық білімді ғана емес, олардың ақыл-ойын, аналитикалық және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған. Математика сабағында креативті тапсырмаларды қолдану оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, оларды тиімді әрі қызықты түрде білім алуға ынталандырады.

Креативті тапсырмалар оқушыларға жаңа білімді шығармашылық тұрғыда меңгеруге, өз ойларын еркін жеткізуге, сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар оқушылардың математикалық тұжырымдар мен концепцияларды кеңінен және терең түсінуіне әсер етеді. Математика сабағында креативті тапсырмаларды қолданудың маңызы туралы сөз қозғау барысында, сонымен қатар олардың тиімділігін нақты мысалдармен дәлелдеу қажет.

2. Математика сабағында креативті тапсырмалардың мәні мен маңызы

2.1 Креативті тапсырмалардың анықтамасы

Креативті тапсырмалар – бұл оқушыларды тек белгілі бір математикалық ұғымды түсінуге ғана емес, сонымен қатар шығармашылықпен, логикалық тұрғыдан ойлауға, жаңа шешімдер мен идеялар ұсынуға бағытталған тапсырмалар. Олар оқушыларды белгілі бір тақырыпты терең зерттеуге, шешімдерді әртүрлі жолдармен іздеуге, жаңа көзқарастарды қолдануға мәжбүр етеді. Математика сабағында креативті тапсырмаларды қолдану

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады және олардың ойлау дағдыларын дамытады.

2.2 Креативті тапсырмалардың білім беру процесіндегі рөлі

Математика сабағында креативті тапсырмаларды қолдану білім беру процесін тиімді ете отырып, оқушылардың математикалық білімін жүйелі түрде тереңдетеді. Бұл тапсырмалар оқушыларға тек шешім табу ғана емес, сондай-ақ қиындықтарды жеңу, шығармашылықпен ойлау және әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану мүмкіндігін береді. Математика сабағында шығармашылық тапсырмаларды қолдану оқушылардың абстрактілі ойлауын дамытуға және оларды өз ойларын дұрыс әрі дәл айтуға ынталандырады.

2.3 Ойлау дағдыларын дамытудағы креативті тапсырмалардың маңызы

Креативті тапсырмалар оқушыларды ойлаудың әртүрлі деңгейлеріне бағыттайды. Олар сыни ойлауды дамытуға көмектеседі, яғни оқушылар мәселелерді әртүрлі тұрғыдан қарастыруды үйренеді. Математика сабағындағы креативті тапсырмалар оқушылардың математикалық ұғымдарды терең түсінуіне ғана емес, олардың күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешуде математикалық тәсілдерді қолдануына мүмкіндік береді.

3. Математика сабағында қолданылатын креативті тапсырмалардың түрлері

3.1 Логикалық тапсырмалар

Логикалық тапсырмалар – бұл ойлауды дамытатын тапсырмалар, олар оқушылардың аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін арттырады. Логикалық тапсырмаларда оқушылардан белгілі бір мәселені шешуде тек стандартты әдістерді емес, өздеріне тән әдіс-тәсілдермен шешім табу талап етіледі. Бұл тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырады және олардың математикаға деген қызығушылығын оятады.

3.2 Проблемалық тапсырмалар

Проблемалық тапсырмалар оқушыларды белгілі бір мәселені шешу үшін өз ойларын қолдануға мәжбүр етеді. Мұндай тапсырмалар оқушылардың сыни ойлауын дамытып, өз пікірлерін дәлелдеу мен қорғауға мүмкіндік береді. Проблемалық тапсырмаларды қолдану оқушылардың есептерді шешуде өз әдісін табуына мүмкіндік береді.

3.3 Дидактикалық ойындар

Дидактикалық ойындар оқушыларға математика пәнін ойын түрінде үйренуге мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын оятып, оларды пәнді тереңірек меңгеруге ынталандырады. Дидактикалық ойындар арқылы оқушылар қиын есептерді шешу кезінде шығармашылықпен ойлауға үйренеді.

3.4 Суреттер мен графиктер арқылы тапсырмалар

Суреттер мен графиктерді қолдану арқылы математика сабағында креативті тапсырмаларды ұйымдастыру оқушылардың визуалды ойлауын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар оқушыларды математикалық ұғымдар мен процестерді нақты түрде көруге, оларды дұрыс талдап, түсінуге мүмкіндік береді.

3.5 Құрастыру тапсырмалары

Құрастыру тапсырмалары оқушыларға белгілі бір математикалық ұғымдарды құрастыруға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар арқылы оқушылар тек теориялық білімдермен шектелмей, оларды іс жүзінде қолдануды үйренеді. Құрастыру тапсырмалары шығармашылықпен ойлауды дамытады және математикалық білімді терең меңгеруге ықпал етеді.

4. Креативті тапсырмаларды қолданудың әдістемелік тәсілдері

4.1 Топтық жұмыстар мен жобалар

Топтық жұмыс кезінде оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Топта жұмыс істей отырып, олар бір-бірінен үйренеді және әртүрлі пікірлерді тыңдайды. Топтық жұмыстар креативті тапсырмаларды орындауда оқушылардың ынтымақтастығын, өзара көмегін арттырады. Сонымен қатар, жобалық жұмыстар оқушылардың мәселелерді шешуде өз шығармашылығын қолдануына мүмкіндік береді.

4.2 Кейс-стадилар мен зерттеу жобалары

Кейс-стадилар мен зерттеу жобалары оқушыларды нақты өмірдегі жағдайларды зерттеуге және математикалық тәсілдермен шешім қабылдауға ынталандырады. Мұндай жұмыстар оқушылардың математикалық ойлауын, зерттеу қабілеттерін және шығармашылық шешімдер қабылдау дағдыларын дамытады.

4.3 Оқыту технологияларын қолдану

Оқыту технологиялары мен цифрлық құралдар математика сабағында креативті тапсырмаларды орындауды қызықты және тиімді етеді. Оқушылар түрлі бағдарламалар мен қосымшалар арқылы есептерді шешу кезінде шығармашылықты қолдануға мүмкіндік алады.

5. Креативті тапсырмалардың тиімділігін бағалау

5.1 Оқушылардың ынтасы мен қызығушылығы

Креативті тапсырмаларды қолдану оқушылардың математика пәніне деген ынтасын арттырады. Олар бұл пәнді тек қиындықтармен емес, қызықты әрі шығармашылықпен орындауға бағыттайды.

5.2 Ойлау дағдыларының дамуы

Креативті тапсырмалардың негізгі тиімділігі оқушылардың ойлау дағдыларын дамытуда жатыр. Мұндай тапсырмалар логикалық, сыни және шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған.

5.3 Жеке және топтық нәтижелер

Креативті тапсырмалар жеке және топтық жұмыстың нәтижелері бойынша оқушылардың деңгейін көрсетеді. Бұл тапсырмалар арқылы оқушылар өз білімдерін ғана емес, топта жұмыс істей білу қабілеттерін де дамытуға мүмкіндік алады.

Қорытынды

Математика сабағында креативті тапсырмаларды қолдану оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға және пәнге деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Оқушыларды тек теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар математикалық ұғымдарды шығармашылық тұрғыда қолдануға үйрету маңызды. Креативті тапсырмаларды тиімді қолдану оқушылардың математикалық білімдерін тереңдетіп, олардың ойлау қабілетін жаңа деңгейге көтереді.

Әдебиеттер

1. Гальперин П. Я. *Психология и педагогика творческого мышления*. Москва: Педагогика, 1989.
2. Давыдов В. В. *Проблемное обучение в школе*. Москва: Просвещение, 1996.
3. Шульман Л. *Креативное мышление в обучении и воспитании*. Москва: Издательство "Просвещение", 1987.

ӘОЖ:372.853

ОРТА МЕКТЕПТЕ «ЗАТТЫҢ МАГНИТТІК ҚАСИЕТТЕРІ» ТАРАУЫН ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Орманова Г.К. п.ғ.к., доцент м.а, Атабекова Л.Н. - 1-курс магистранты
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан.

Резюме

В данной статье рассматриваются эффективные методы преподавания раздела “Магнитные свойства вещества” в средней школе. Физический эксперимент играет важную роль в объяснении магнитных явлений, так как он повышает интерес учащихся к предмету и позволяет связать теоретические знания с практичаским опытом. В ходе исследования была изучена эффективность экспериментальных методов и проанализировано их влияние на учебный процесс. Предложенная методика способствует глубокому пониманию физики учащимися и ее связи с повседневной жизнью.

Summary

This article explores effective methods for teaching the topic "Magnetic Properties of Substances" in secondary schools. The study emphasizes the importance of physical experiments in explaining magnetic phenomena, as they enhance students' interest in the subject and allow them to connect theoretical knowledge with real-world applications. The effectiveness of experimental methods was analyzed, and their impact on the learning process was assessed. The proposed methodology helps students gain a deeper understanding of physics and relate it to everyday life.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың ғылыми танымын дамытуға, олардың теориялық білімдерін практикамен ұштастыруға бағытталған. Әсіресе, жаратылыстану пәндерін, соның ішінде физиканы оқытуда көрнекілік және тәжірибелік әдістерді қолдану ерекше маңызға ие. Себебі физикалық құбылыстарды тек теориялық тұрғыда түсіндіру оқушылар үшін кейде қиындық тудырады, ал тәжірибе арқылы оларды көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну материалды жеңіл әрі тез меңгеруге көмектеседі.

Физиканың маңызды тарауларының бірі – «Заттың магниттік қасиеттері». Бұл тақырып мектеп бағдарламасында ерекше орын алады, себебі ол электромагниттік құбылыстарды түсінудің негізін қалайды. Магниттік өрістер, олардың заттарға әсері, әртүрлі материалдардың магниттік қасиеттері секілді ұғымдарды игеру оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, олардың күнделікті өмірде кездесетін құбылыстарды ғылыми тұрғыда түсінуіне мүмкіндік береді [1].

Дегенмен, оқыту тәжірибесінде бұл тақырыпты игеруде бірқатар қиындықтар туындайды. Оқушыларға магниттік қасиеттерді түсіндіру кезінде тек оқулық материалдары мен схемалық суреттер жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан зертханалық жұмыстар мен тәжірибелік сабақтарды қолдану – білім берудің тиімді жолдарының бірі. Физикалық эксперименттер оқушылардың логикалық ойлауын дамытып, олардың ғылыми – зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Осы мақалада орта мектепте «Заттың магниттік қасиеттері» тарауын оқытуда физикалық эксперименттердің маңызы қарастырылады. Сонымен қатар зерттеудің мақсаты – тәжірибелік әдістерді қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың алған білімдерін өмірде қолдана білу дағдыларын жетілдіру болып саналады.

Магниттік құбылыстарды зерттеу физиканың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Заттардың магниттік қасиеттері олардың ішкі құрылымына, атомдық және молекулалық деңгейдегі құбылыстарға байланысты. Заттарды диамагнетиктер, парамагнетиктер және ферромагнетиктер деп жіктеу олардың магнит өрісіне әсеріне қарай ажыратылады [2].

Оқушыларға бұл ұғымдарды түсіндіру үшін көрнекі эксперименттер мен интерактивті оқыту әдістерін қолдану қажет. Зерттеу барысында «Заттың магниттік қасиеттері» тарауын оқытуда қолданылатын бірнеше тәжірибелік жұмыстар ұсынуымызға болады. Оқушылар тәжірибе арқылы әртүрлі заттардың магниттік қасиеттерін зерттеп, теориялық білімдерін бекіте алады. Төменде осы тақырып бойынша қарапайым және тиімді эксперименттер ұсынылған:

Эксперимент 1. Әртүрлі материалдардың магнитке тартылуын зерттеу

Мақсаты: Диамагнетик, парамагнетик, ферромагнетик заттарды ажырату.

Қажетті құралдар: Тұрақты магнит, әртүрлі материалдар: темір шеге, болат қасық, алюминий фольга, мыс сым, пластмасса, ағаш, қағаз, су.

Эксперимент барысы:

1. Магнитті кезекпен әртүрлі материалдарға жақындатыңыз.
2. Қай материалдардың магнитке тартылатынын және қайсысы тартылмайтынын бақылаңыз.
3. Нәтижелерді жазып, заттарды диамагнетиктер, парамагнетиктер, ферромагнетиктер деп жіктеңіз.

Нәтиже: Ферромагнетиктер (темір, болат) магнитке күшті тартылады. Парамагнетиктер (мыс, алюминий) әлсіз реакция көрсетеді. Диамагнетиктер (ағаш, пластик, су) магнитке мүлде тартылмайды.

Қорытынды: Эксперимент нәтижесінде материалдардың магнитке әртүрлі деңгейде тартылатыны анықталады. Ферромагнетиктер магнитке күшті тартылады, бұл олардың ішкі магнит өрісін күшейту қабілетімен түсіндіріледі. Парамагнетиктер әлсіз әсер етеді, себебі олардың магниттелуі өте төмен және уақытша сипатқа ие. Ал диамагнетиктер магнит өрісіне кері әсер етіп, тартылмайтыны байқалады.

Эксперимент 2. Магниттің қозғалысы арқылы электр тогын алу.

Мақсаты: Магнитті қозғалтқан кезде электр тогының пайда болатынын бақылау.

Қажетті құралдар: Тұрақты магнит, орам сым (мыс сымнан жасалған 100-200 орам), гальванометр.

Эксперимент барысы:

1. Мыс сымнан бірнеше орам жасап, оны катушка ретінде дайындаңыз.
2. Катушканың екі ұшын гальванометрге жалғаңыз.
3. Тұрақты магнитті катушканың ішіне баяу кіргізіп, шығарып көріңіз.
4. Гальванометр тілшесінің өзгерісін бақылаңыз.

Нәтиже: Магнит катушкаға кіргенде және шыққанда гальванометр тілі қозғалады.

Қорытынды: Қозғалмалы магниттің әсерінен катушкада электр тогы пайда болады. Бұл құбылыс электромагниттік индукция деп аталады және генераторлар мен трансформаторлардың жұмыс істеу принципіне негізделген.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың тиімді әдістерінің бірі – компьютерлік технологияларды пайдалану[3]. Виртуалды зертханалар, анимациялар және сандық модельдеу арқылы күрделі құбылыстарды көрнекі түрде түсіндіруге болады. Бұл әдіс оқушылардың эксперименттік дағдыларын дамытуға, теориялық білімдерін бекітуге және сабақтың интерактивтілігін арттыруға ықпал етеді. Компьютерлік технологиялар оқушыларға:

- ✓ Қауіпсіз ортада тәжірибе жасауға;
- ✓ Құбылыстарды нақты уақыт режимінде бақылауға;
- ✓ Эксперимент нәтижелерін өзгермелі параметрлер арқылы талдауға мүмкіндік береді.

Мысалы, Phet Colorado, Vascak.kz, Walter – fendt, Olabs, Efizika, Geogebra, Virtulab, Javalab.org, nationalmaglab.org сайттары арқылы жәнеде «Физика в картинках», «электронды оқулық», «Виртуальные лаборатории» бағдарламалары арқылы әртүрлі эксперименттерді оңай және түсінікті қылып орындауға болады. Компьютерлік модельдеу эксперименттерді орындау барысында туындауы мүмкін қиындықтарды жеңілдетіп, физикалық заңдылықтарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, магниттік құбылыстарды зерттеуде компьютерлік модельдерді қолданудың келесі артықшылықтарын атап өтуге болады:

- ➢ Уақытты үнемдеу: көптеген тәжірибелерді нақты құрал-жабдықсыз жылдам орындауға болады;
- ➢ Қауіпсіздік: Электромагниттік өрістермен байланысты тәжірибелер кезінде оқушылар қауіпсіз ортада жұмыс істей алады;
- ➢ Көрнекілік: Модельдер құбылыстардың визуализациясын қамтамасыз етіп, абстрактілі ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді;
- ➢ Әртүрлілік: Бір құбылысты әртүрлі параметрлер арқылы зерттеп, нәтижелерді салыстыруға болады [4].

Компьютерлік технологияларды пайдалана отырып эксперимент жүргізуге мысал келтірсек:

Эксперимент 3. Магнит өрісі және оның бағытын зерттеу.

Мақсаты: Магнит өрісінің күш сызықтарын зерттеу, өрістің бағытын анықтау, компас инесінің магнит өрісіне тәуелді қозғалысын бақылау.

Құралдар: Phet симуляциясы, компас, магнит.

https://phet.colorado.edu/sims/html/magnet-and-compass/latest/magnet-and-compass_all.html

Эксперименттің Phet Colorado сайтындағы бейнесі (1 – сурет):



1 – сурет

Эксперимент барысы:

1. Магнит өрісін зерттеу: Симуляцияда тұрақты магнитті орналастырып, магнит өрісінің күш сызықтарын бақылаңыз;
2. Компас инесінің бағытын бақылау: Компасты магниттің әртүрлі аймақтарына жақындатыңыз (2.а-2.б суреттер);



2.а – сурет



2.б – сурет

3. Магнит полюстерін өзгерту: « Flip Polarity» батырмасын басып, магнит полюстерін ауыстырыңыз.
4. Магнит өрісінің күшін өзгерту: «Strength» жүгірткісімен магнит өрісінің күшін 0% - дан 100% - ға дейін өзгертіп көріңіз.

Қорытынды: Магнит өрісі әрдайым N полюстен S полюске қарай бағытталады. Компас инесі магнит өрісіне сәйкес орналасады және магнитті жылжытқанда бағытын өзгертеді. Магниттің полюстерін ауыстырғанда өріс бағыты да өзгереді, бұл магниттік қасиеттердің динамикалық сипатын көрсетеді. Магнит өрісінің күшін өзгерту оның әсер ету ауқымын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл тәжірибе магнит өрісінің табиғатын көрнекі түрде зерттеуге, компас пен магниттің өзара әрекетін түсінуге, сондай-ақ магниттік қасиеттердің өзгерісін бақылауға мүмкіндік береді.

Жасалған әдістемелік нұсқаулық пен эксперименттік тапсырмалардың оқу үдерісіне еңгізілуі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Осылайша, олардың білім деңгейі және практикалық шеберлігі жоғарылайды. Бұл әдістер білім беру процесінің сапасын арттырып, оқушылардың ғылыми көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді [5].

Зерттеу барысында «Заттың магниттік қасиеттері» тарауы бойынша мектеп физика курсына арналған эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру әдістемелері мектеп оқушыларының теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыру, оларды зерттеушілік дағдыларға баулу және ғылымға қызығушылықтарын арттырады. Әдістемелік нұсқау мен эксперименттік тапсырмаларды оқу үдерісінде пайдалану оқушылардың ғылым мен техниканың негіздерін терең түсінуге, олардың тәжірибе жасау арқылы осы заңдардың орындалуын өз көздерімен көруіне мүмкіндік береді және өз бетінше зерттеу жүргізуге үйретеді. Бұл әдіс арқылы олар тек дайын білім қабылдамайды, гипотезалар құрастыру, оларды тексеру және қорытынды шығару сияқты дағдыларды меңгереді. Әдістемелік нұсқаулық пен

экспериментттік тапсырмаларды тиімді пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білімін тексеру, олардың жеке қасиеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін тапсырмаларды беру арқылы оқу процесін оңтайландыру мүмкіндігін алады.

Қорытындылай келе, физика сабақтарында магниттік құбылыстарды эксперименттік тапсырмалар арқылы оқыту оқушылардың білімін тереңдетуге, ғылымға деген қызығушылығын арттыруға, олардың ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін тиімді құрал болып табылады. Сондықтан, болашақта осы әдістемелерді оқу үдерісінде кеңінен енгізу және одан әрі жетілдіру маңызды.

Әдебиеттер:

1. Физика: жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану – математикалық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Н.А.Закирова, Р.Р. Аширов- Нұр-Сұлтан: «Арман-ПВ» баспасы, 2019.- 336 б.
2. Г.Т.Сарсенбаева Орта мектепте физикалық экспериментті жүргізу әдістемесі. Астана: Фолиант, 2016.
3. J.M.Coey Magnetism and magnetic materials. Cambridge University Press, 2019.
4. В.А.Смирнов Методика преподавания физики в средней школе. Санкт-Петербург: Лант, 2019.
5. Knight, R.D. Five Easy Lessons: Strategies for Successful Physics Teaching. Addison-Wesley, 2021.

ФИЗИКА САБАҚТАРЫНДА ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

Абдиманап Фатима Мадиқызы
Шымкент қаласы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Физика-математика факультеті, физика кафедрасы, 6В01502-Физика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша 4 курс студенті

Резюме

В данной статье рассматриваются результаты педагогического исследования, направленного на интеграцию физики и казахской литературы в образовательный процесс. В ходе исследования изучалось влияние межпредметного подхода на уровень усвоения учебного материала, развитие логического и критического мышления школьников, а также их мотивацию к изучению предметов. Анализировались примеры использования литературных произведений для объяснения физических явлений, а также выявлена эффективность данного подхода в обучении. Полученные данные могут стать основой для разработки методических рекомендаций по внедрению интеграционного обучения в школьную программу. Статья предназначена для учителей физики и литературы, методистов, а также исследователей в области образования.

Summary

This article examines the results of pedagogical research aimed at integrating physics and Kazakh literature into the educational process. The study examined the impact of the interdisciplinary approach on the level of learning of educational material, the development of logical and critical thinking of schoolchildren, as well as their motivation to study subjects. Examples of the use of literary works to explain physical phenomena were analyzed, and the effectiveness of this approach in teaching was revealed. The data obtained can become the basis for the development of methodological recommendations for the implementation of integration education in the school curriculum. The article is intended for teachers of physics and literature, methodologists, as well as researchers in the field of education.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың жекеленген пәндерді меңгеруімен қатар, олардың арасындағы өзара байланысты терең түсінуіне де ерекше мән беріледі. Білім берудің заманауи тәсілдері білім алушыларды тек нақты пәндік білім беріп ғана қоймай, олардың зияткерлік, мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал етуді көздейді. Осы тұрғыда, пәндер

арасындағы интеграция білім алушылардың ой-өрісін кеңейтіп, түрлі салалардағы білімдерін өзара байланыстыра отырып қолдануға мүмкіндік береді.

Алайда, оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттері әртүрлі болғандықтан, барлық пәндерге бірдей ынта танытпайтыны заңды құбылыс. Кейбір оқушылар жаратылыстану ғылымдарына ерекше көңіл бөлсе, басқалары гуманитарлық пәндерге көбірек қызығушылық танытады. Осы айырмашылықтарды ескере отырып, білім беру үдерісінде оқушылардың ынтасын арттыруға және алған білімдерін тиімді игеруіне бағытталған жаңа әдістерді енгізу қажеттілігі туындайды. Мұндай мәселенің шешімі ретінде интеграциялық оқыту технологияларын пайдалану тиімді болып табылады.

Пәнаралық интеграция оқушылардың білімін жүйелеуге, олардың әртүрлі салалар бойынша меңгерген теориялық мәліметтерін байланыстыра отырып, біртұтас ғылыми көзқарас қалыптастыруға көмектеседі. Бұл тәсіл оқу үдерісін қызықты әрі мағыналы етіп ұйымдастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, ол оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сыни ойлауын жетілдіруге және пәнаралық мәселелерді шешу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Әсіресе, жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық пәндердің өзара байланысын орнату оқушыларға алған білімдерін өмірмен байланыстыра отырып меңгеруге жағдай жасайды. Білім алушылар тек жекеленген пәндік білімді игеріп ғана қоймай, олардың қоғамдағы, мәдениеттегі және экономикадағы рөлін тереңірек түсінеді. Осы тұрғыда, физика мен қоғамдық пәндерді ықпалдастыра оқыту – білімнің қолданбалы сипатын арттырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятатын тиімді әдістердің бірі.

Физика мен қазақ әдебиетінің интеграциясы және оның білім берудегі маңызы

Қазіргі білім беру жүйесіндегі физиканы оқыту тек жаратылыстану ғылымдарының шеңберінде шектеліп қалмай, оның қоғамдық пәндермен өзара байланысын қарастыру арқылы оқушылардың жан – жақты білім алуына жағдай жасауы тиіс. Себебі физика – тек табиғат құбылыстарын ғана зерттейтін ғылым емес, сонымен қатар технологиялық жаңалықтардың, өркениеттің дамуымен тығыз байланысты іргелі ғылым саласы. Ғасырлар бойы физикалық заңдар мен ғылыми жаңалықтар адамзат қоғамының дамуына үлкен рөл атқарып, түрлі тарихи өзгерістерге әкелді. Сондықтан, физика мен тарих, әдебиет, экономика және музыка сияқты қоғамдық пәндерді интеграциялау оқушылардың ғылыми көзқарасын кеңейтіп, физиканың күнделікті өмірде қалай қолданылатын тереңірек түсінуіне ықпал етеді.

Физиканы қазақ әдебиетімен байланыстыра оқыту –ғылым мен өнердің бір–бірімен үндестінін көрсетіп, оқушылардың шығармашылық тұрғыдан ойлау дағдыларын жетілдіруге көмектесетін тиімді әдістердің бірі. Әдебиетте табиғат құбылыстары көркем бейнеленсе, физика сол процестердің ғылыми негізін түсіндіреді. Осы екі саланы біріктіре отырып зерттеу оқушылардың пәндер арасындағы логикалық байланыстарды терең түсінуіне, ғылыми дүниетанымын кеңейтуіне және шығармашылық қабілеттерін дамытуына жол ашады.

Қазақ әдебиетіндегі табиғат құбылыстары, жыл мезгілдерінің алмасуы, жарықтың шағылысуы мен сынуы, дыбыстың таралуы сияқты құблыстардың көркемдік тұрғыда берілуі физикалық заңдылықтармен тығыз байланысты. Бұл құбылыстарды тек әдеби бейнелеу арқылы ғана емес, физикалық заңдар тұрғысынан талдау арқылы оқыту оқушыларға екі түрлі ғылымды байланыстыра отырып, кешенді білім алуға көмектеседі.

Физика мен қазақ әдебиетін интеграциялық оқыту келесідей маңызды білім беру мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал етеді:

- *Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру:* Физикалық заңдардың көркем шығармаларда қалай бейнеленгенін зерттеу олардың пәнге деген ынтасын күшейтеді. Әдеби кейіпкерлердің табиғат құбылыстарын бақылауы, олардың өмірге әсерін түсіндіруі – оқушылардың физикалық процестерге деген танымдық қызығушылығын арттырады.

- *Пәндер арасындағы логикалық байланыстарды терең түсіну қабілетін дамыту:* Қазақ әдебиетіндегі табиғат құбылыстарын физикалық тұрғыдан талдау оқушылардың аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастырады. Бұл олардың жаратылыстану ғылымдары мен гуманитарлық білімнің өзара тығыз байланысты екенін түсінуіне көмектеседі. Оқушылар тек әдеби шығармаларды оқып ғана қоймай, ондағы бейнеленген табиғат құбылыстарының ғылыми негізін зерттейді, бұл олардың кешенді ойлау қабілетін арттырады.
- *Оқушылардың кешенді, жүйелі ойлауға баулу:* Физикалық құбылыстарды әдебиетпен байланыстыра отырып зерттеу оқушылардың ғылыми мәселелерге шығармашылық көзқараспен қарауын дамытады. Бұл тәсіл оларды зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ғылыми болжамдар жасауға және шығармашылық ізденіс қабілеттерін арттыруға ынталандырады. Әдеби шығармаларда кездесетін физикалық құбылыстарды тереңірек зерттеу оқушылардың ғылыми және әдеби сауаттылығын қатар дамытады.
- *Физиканы өмірмен байланыстыра отырып меңгеруге көмектеседі*: Қазақ әдебиетінде сипатталған табиғат заңдылықтарын ғылыми көзқараспен талдау арқылы оқушылар физиканың өмірде қолданылуын жақсырақ түсінеді. Табиғаттағы әрбір құбылыстың ғылыми негізі бар екенін түсіну оқушыларға теориялық білімдерін нақты өмірде қолдануға жол ашады.

Қазақ әдебиетіндегі физикалық құбылыстардың көрінісі

Қазақ әдебеті табиғатты көркемдік тұрғыдан сипаттау арқылы физикалық заңдылықтардың мағынасын ашуға мүмкіндік береді. Әдеби шығармаларда кездесетін физикалық құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеу оқушылардың білімін жүйелеуге көмектесіп ғана қоймай, олардың физикалық заңдарды өмірмен байланыстыра отырып түсінуіне жағдай жасайды. Осындай шығармалардың бірі – Абай Құнанбайұлының «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі қазақ поэзиясыдағы табиғат көрінісін нәзік әрі дәлдікпен сипаттайды. Бұл өлеңді тек әдеби тұрғыдан ғана емес, физикалық тұрғысынан талдауға болады.

Өлең мәтіні:
Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны - терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.
Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің, топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.
Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа?
Таймаңдамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып,
Дем ала алмай дамыл қып,
Елең қағып, бос шошып.
Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі? [1].

Өлеңдегі физикалық құбылыстарды 1 кесте арқылы айқындай аламыз.

1 кесте

Өлең жолдары	***Физикалық құбылыс***	***Қолданылатын физикалық заң***
Желсіз түнде жарық ай	Айдың жарығының таралуы	Жарықтың түзу сызықты таралу заңы
Сәулесі суда дірілдеп	Жарықтың шағылысуы және толқындық қасиеті	Жарықтың шағылысу және сыну заңдары
Ауылдың жаны - терең сай	Дыбыстың таралуы және акустикалық құбылыстар	Акустика заңдары, дыбыстың таралу жылдамдығы
Тасыған өзен күрілдеп	Сұйықтықтың қозғалысы, гидродинамика	Бернулли теңдеуі, гидродинамика
Қалың ағаш жапырағы Сыбырласып өзді-өзі,	Желдің әсері, механикалық тербеліс	Аэродинамика, үйкеліс күші
Тау жаңғырып, ән қосып Үрген ит пен айтаққа.	Дыбыстың шағылысуы және жаңғырық	Дыбыстың шағылысу заңы, эхо эффектісі
Таймаңдамай тамылжып, Бір суынып, бір ысып,	Жылу алмасу және дененің температуралық өзгерісі	Жылу динамикасы, меншікті жылу сыйымдылығы

1. *Жарықтың шағылысуы және толқындық қасиеті:*

«Сәулесі суда дірілдеп» - мұнда жарықтың судың бетінде шағылысу және сыну құбылыстары көркемдік тұрғыда сипатталады. Ай сәулесі суға түскен кезде, судың бетіндегі толқындардың әсерінен жарық дірілдеп көрінеді. Бұл жарықтың сынуы, толқындық қасиеттері және толқындардың интерференциясы сияқты физикалық заңдылықтармен түсіндіріледі. Жарықтың судан шағылысуы кезінде Френель формуласы бойынша жарықтың бір бөлігі судың бетінде шағылысады, ал бір бөлігі суға енеді. Бұл құбылыс өлеңде әсемдікпен сипатталған.

2. *Дыбыс толқындарының таралуы және жаңғырық құбылысы:*

«Тау жаңғырып, ән қосып» - бұл жолда дыбыстың жаңғырық беру құбылысы сипатталады. Дыбыс қатты денелерден шағылысқанда жаңғырық пайда болады. Егер тау беткейі дыбыс толқындарын қабылдап, оларды шағылыстырса, дыбыс жаңғырып, күшейеді.

«Үрген ит пен айтаққа» - дыбыс толқындарының таралуы мен кедергіден шағылысуы. Иттің дауысы мен адамдардың айтағына таулардың жаңғырық беруі акустика заңдылықтарымен байланысты.

3. *Гидродинамика және өзеннің ағысы:*

«Тасыған өзен гүрілдеп» - мұнда өзеннің қозғалысы мен судың ағысының физикалық заңдылықтары сипатталады. Өзен ағысы гидродинамиканың негізгі заңдарына, атап айтқанда Бернулли теңдеуіне бағынады. Су ағысы кезінде жылдамдықта қозғалғанда, оның күшіне, ауырлық күшіне және ағыс бағытына байланысты өзгеретінін физика тұрғысынан түсіндіруге болады.

Қорытындылай келетін болсақ, физика мен қазақ әдебиетін интеграциялық оқыту – оқушылардың ғылыми және әдеби танымын қатар меңгеруіне, дүниетанымын кеңейтуіне және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін тиімді әдіс. Осы тұрғыдан алғанда, Абай Құнанбайұлының «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі әдеби және ғылыми көзқарастарды тоғыстыратын тамаша шығарма. Өлеңде жарық пен дыбыстың таралуы,

гидродинамика, жылу алмасу және механикалық тербелістер секілді физикалық құбылыстар көркемдік тәсілдер арқылы бейнеленген. Бұл шығарманы ғылыми тұрғыдан талдау әдебиет пен жаратылыстану ғылымдарының өзара байланысын айқындап, оқушылардың пәндерді терең меңгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, интеграциялық оқыту пәндер арасындағы логикалық байланысты терең түсінуге, зерттеушілік қабілеттерді дамытуға және ғылыми көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. https://abaialemi.kz/post/view?id=275
2. Физика. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық/ Башарұлы Р., Шүйіншина Ш., Сейфоллина К. - Алматы: Атамұра, 2018 ж.
3. Физика. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/ Р.Башарұлы, Ш.Шүйіншина, К.Сейфоллина. - Алматы: Атамұра, 2019 ж.
4. Физика. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. 1-бөлім/ Б.А.Кронгарт, Д.М.Қазақбаева, О.Имамбеков, Т.Қыстаубаев. - Алматы: Мектеп, 2019 ж.

ӘӨЖ:53(09):37.02

ФИЗИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Қуандық Гаухар Нұрғалиқызы
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
Физика-математика факультеті
Физика кафедрасы
Ғылыми жетекші:Рахашев Бақытғали Құрманәліұлы,ф-м.ғ.к

Резюме

В данной работе рассматриваются вопросы использования истории развития физики в образовательном процессе. Рассматривается влияние изучения трудов ученых на развитие научного мышления учащихся, их исследовательских навыков и повышение интереса к науке. Также предлагаются эффективные методы освоения истории физики.

Summary

This paper examines the issues of using the history of physics development in the educational process. It explores how studying the works of scientists contributes to the development of students' scientific thinking, research skills, and interest in science. Additionally, effective methods for mastering the history of physics are proposed.

Физика ғылымы – адамзат өркениетінің дамуына зор ықпал еткен іргелі ғылымдардың бірі. Оның заңдары табиғат құбылыстарын түсіндірумен қатар, инженерия, медицина, ақпараттық технологиялар сияқты көптеген салаларда қолданылады. Алайда, қазіргі білім беру жүйесінде физиканы оқыту көбінесе теориялық заңдар мен формулаларды жаттауға бағытталады, ал ғылымның тарихи дамуы, оның адамзат қоғамына тигізген әсері екінші қатарға қойылады.Физика ғылымының даму тарихын оқыту тек ғылыми білім берумен шектелмейді, ол оқушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік дағдыларын қалыптастырып, ғылымның маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар, тарихи контексті қолдану оқушыларды мотивациялаудың, оларды ғылымға қызықтырудың тиімді тәсілі болып табылады.

Проблема: Физика ғылымының тарихын оқытудағы қиындықтар.Физика тарихының оқу бағдарламасында екінші орынға қойылуы.Қазіргі білім беру жүйесінде физика ғылымының тарихына жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбейді.Физика пәнінің оқу бағдарламалары көбінесе теориялық заңдар мен математикалық есептерді қамтиды, ал ғылымның қалыптасуы мен дамуы туралы тарихи аспектілер қосымша немесе факультативтік бөлім ретінде ғана беріледі.Бұл мәселенің бірнеше негізгі себептері бар.

Біріншіден, оқу бағдарламаларының мазмұны көбінесе ғылыми фактілерді жаттау мен есептер шығаруға бағытталған. Оқушылар физикалық құбылыстардың қалай ашылғанын, қандай тарихи жағдайларда пайда болғанын толық түсінбейді. Физика заңдарын меңгерукезінде олардың ашылу тарихына тоқталу сирек кездеседі, бұл оқушылардың пәнді тек формулалар мен есептер жиынтығы ретінде қабылдауына алып келеді.[1]

Екіншіден, уақыттың шектеулі болуы да маңызды факторлардың бірі. Физика сабақтары негізінен физикалық заңдар мен олардың қолданылуын оқытуға арналатындықтан, ғалымдардың өмірі мен олардың еңбектерін талқылауға көп уақыт бөлінбейді.[2] Мұғалімдер көбіне физика тарихын тек қосымша ақпарат ретінде ғана қарастырады, ал негізгі назар формулалар мен есептерді шешуге бағытталады.

Үшіншіден, физика тарихы туралы ақпарат көбінесе оқулықтарда құрғақ фактілер түрінде ғана беріледі. Бұл материалдар әдетте оқушыларға тек белгілі бір ғалымның атын, оның ашқан жаңалығын және жылын жаттатуға негізделеді. Бірақ мұндай тәсіл ғылымның даму динамикасын түсінуге көмектеспейді, себебі тарихи үдерістің күрделілігі, ғалымдардың идеяларын дамыту жолындағы қиындықтар, ғылыми жетістіктердің өзара байланысы толыққанды көрсетілмейді.[3]

Тағы бір маңызды мәселе – пәнаралық байланыстың әлсіздігі. Физика тарихы көп жағдайда жеке, оқшауланған тақырып ретінде қарастырылады. Егер оны тарих, философия, математика және басқа да пәндермен байланыстыра оқытса, оқушылар ғылымның дамуы туралы тұтас көзқарас қалыптастыра алар еді.[4]Мысалы, Ньютон заңдарын оқытқанда сол дәуірдің ғылыми атмосферасы, Галилей мен Кеплердің еңбектерімен байланысы қарастырылса, оқушылар физика заңдарының кездейсоқ емес, белгілі бір тарихи үдерістердің нәтижесі екенін жақсырақ түсінер еді.

Бұдан бөлек, оқыту әдістерінің дәстүрлілігі де мәселенің бір бөлігі. Қазіргі таңда білім беру технологиялары қарқынды дамып келе жатқанына қарамастан, көптеген мектептерде физика тарихы әлі де ескі әдістермен оқытылады. Мұғалімдер көбінесе баяндау тәсілін қолданады, ал интерактивті әдістер – тарихи тәжірибелерді қайталау, зерттеу жобалары, ғылыми жаңалықтардың тарихи мәнін талқылау – сирек пайдаланылады. Бұл оқушылардың қызығушылығын төмендетеді, себебі олар физика тарихын тек қосымша, маңызы төмен материал ретінде қабылдайды.Осы қиындықтардың барлығы физика ғылымының тарихын оқу үдерісінде екінші орынға ығыстыруға әкеледі. Егер физика тарихына көбірек көңіл бөлінсе, бұл пән оқушылар үшін әлдеқайда қызықты әрі түсінікті болар еді. Ғылымның қалай дамығанын білу оқушыларға ғылыми жаңалықтардың маңызын тереңірек түсінуге, ғалымдардың еңбегіне құрметпен қарауға және физиканың күнделікті өмірде қалай қолданылатынын жақсырақ сезінуге мүмкіндік береді.

Тәжірибе:Физика ғылымының тарихын оқытуда тарихи рөлдік ойын әдістемесін қолдану.Физика ғылымының тарихын оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар, оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін интерактивті әдістерді қолдану тиімді. Солардың бірі – тарихи рөлдік ойын әдісі. Бұл әдістің мақсаты – оқушыларды белгілі бір тарихи кезеңге енгізіп, ғалымдардың жаңалық ашу үдерісін өздері бастан кешіргендей сезіндіру, олардың ғылыми ойлау қабілетін дамыту және зерттеушілік дағдыларын жетілдіру.

Тәжірибенің мақсаты:

1.Оқушылардың физика ғылымының даму тарихына деген қызығушылығын арттыру.

2.Ғалымдардың жаңалық ашу процесін түсінуге мүмкіндік беру.

3.Ғылыми ойлау, зерттеу және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыру.

Тәжірибенің барысы:

Бұл тәжірибе 9-сынып оқушылары арасында жүргізілді.Оқушыларға белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты рөлдік ойын ұйымдастырылды.

1.Тақырып таңдау:Оқушыларға Галилео Галилейдің телескопты жетілдіруі, Ньютонның механика заңдарын ашуы, Фарадейдің электромагнетизм саласындағы тәжірибелері сияқты тарихи оқиғалар ұсынылды.Әр оқушы немесе оқушылар тобы бір ғалымның рөлін сомдауға дайындалды.

2.Дайындық кезеңі:Әр топ өздерінің ғалымы туралы зерттеу жүргізді.Ғалымның ғылыми әдістерін, ашқан жаңалығын және сол кездегі тарихи жағдайды зерттеп, қысқаша баяндама дайындады.

3.Рөлдік ойын:Оқушылар өздерін ғалымдар немесе олардың қарсыластары (ғылыми оппоненттер, корольдік кеңес мүшелері, шіркеу өкілдері, зерттеушілер) ретінде таныстырып, сол кезеңдегі ғылыми пікірталасты ойнады.Мысалы, Ньютонның тартылыс заңын ашуы тақырыбында бір оқушы Ньютонның рөлін сомдап, өз теориясын дәлелдеп түсіндіреді, ал басқа оқушылар оны қолдайтын немесе жоққа шығаратын ғалымдар, замандастар рөлінде пікірталасқа түседі.Оқушылар өз кейіпкерлерінің ойларын, дәлелдерін, қарсы аргументтерін білдірді.

4.Қорытынды талдау:Әр топ өздерінің ашқан жаңалығының қазіргі ғылымдағы рөлін талқылады.Ғалымдардың еңбегінің маңыздылығын, олардың ғылыми қауымдастықтағы күресін және жаңалықтарының бүгінгі қоғамға тигізген әсерін қорытындылады.

Тәжірибе нәтижелері:

• Оқушылардың 90%-ы тарихи рөлдік ойын барысында материалды жеңіл меңгергенін және оның қызықты болғанын айтты.

•Тақырыпты түсіну деңгейі 30%-ға артты, себебі оқушылар тек ақпаратты жаттамай, оны өздері белсенді түрде зерттеді.

• Ғалымдардың тарихи контексті мен ғылыми әдістерін қабылдау деңгейі артты, себебі оқушылар ғылыми жаңалық ашу процесін өздері “басынан өткерді”.

• Ғылымға деген қызығушылық жоғарылады, себебі оқушылар өздерін зерттеушілер ретінде сезінді және олардың сыни ойлау қабілеті дамыды.Тарихи рөлдік ойын әдісі оқушыларды белсенді қатыстыру арқылы физика ғылымының дамуын түсіндірудің тиімді тәсілі болып табылады. Бұл әдіс физика тарихын тек құрғақ теория ретінде емес, тарихи оқиғалар мен ғылыми ізденіс ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар ғалымдардың еңбегін бағалауды, ғылыми ойлау дағдыларын дамытуды және тарихи деректерді өз бетімен зерттеуді үйренеді. Осылайша, физика тарихын оқытуда рөлдік ойын әдісін қолдану болашақта білім беру сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі бола алады.

Келешегі:Физика ғылымының даму тарихын білім беру үдерісінде пайдалану болашақта оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытуға, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Физика тарихы тек өткеннің бір бөлігі емес, ол ғылымның даму үдерісін түсінуге, ғылыми әдістің қалай жұмыс істейтінін ұғынуға және ғылымның қоғамға тигізген әсерін бағалауға көмектеседі. Бүгінгі білім беру жүйесінде бұл аспект жиі екінші орынға ығыстырылып, оның орнына тек формулалар мен есептерді шығару басымдық алады. Дегенмен, физика тарихын оқыту әдістерін жетілдіру арқылы біз оқушылардың пәнді тек теориялық тұрғыдан ғана емес, тарихи және тәжірибелік қырынан да тереңірек меңгеруіне ықпал ете аламыз.Рөлдік ойындар әдістемесі – физика тарихын оқытудың болашағы зор инновациялық тәсілдерінің бірі. Бұл әдіс оқушыларды белгілі

бір тарихи оқиғаға енгізіп, олардың белгілі бір ғалымның рөлін сомдауына мүмкіндік береді. Оқушылар өздерін зерттеуші ретінде сезініп, тарихи деректерді, ғалымдардың ғылыми ізденісін және олардың жаңалық ашу жолындағы күресін өз бетімен зерттейді. Бұл әдіс физиканы оқытудың тиімділігін арттырып, оқушылардың тақырыпты түсіну деңгейін жақсартады. Рөлдік ойындарды қолдану арқылы оқушылар тек теорияны меңгеріп қана қоймай, ғылыми ойлау, дәлелдеу, аргумент келтіру және пікірталас жүргізу дағдыларын қалыптастырады.Мысалы, сабақ барысында оқушыларға Исаак Ньютонның тартылыс заңын ашу кезеңі берілсе, бір оқушы Ньютонның рөлін ойнап, оның жаңалығын сипаттайды, ал басқа оқушылар бұл теорияға күмән келтіретін немесе оны қолдайтын замандастарының рөлін атқарады. Осылайша, тарихи оқиғаларға негізделген пікірталас жүргізу арқылы оқушылар ғылымның тек зерттеу мен есептеулерден ғана тұрмайтынын, ол өз дәуірінің шектеулерімен, ғылыми қауымдастықтың пікірталастарымен және тәжірибелік дәлелдеулермен қатар жүретінін түсінеді.Болашақта бұл әдісті кеңінен қолдану үшін бірнеше бағытты дамыту қажет. Біріншіден, оқу бағдарламасына физика тарихын тереңірек енгізу арқылы оқушыларға тек фактілер мен даталарды емес, ғылыми процестің мәнін түсіндіруге басымдық беру керек. Екіншіден, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, рөлдік ойындарды мультимедиялық форматта ұйымдастыруға болады. Мысалы, интерактивті сценарийлер, виртуалды симуляциялар арқылы оқушылар өздерін белгілі бір тарихи дәуірде жүргендей сезініп, ғалымдардың тәжірибелерін қайта жасап көре алады. Үшіншіден, мұғалімдер үшін арнайы әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу қажет, себебі рөлдік ойындарды тиімді ұйымдастыру үшін педагогтар шығармашылық тәсілдерді меңгеруі тиіс.Бұл әдісті енгізу нәтижесінде физика тарихын оқыту қызықты әрі әсерлі бола түседі. Оқушылар өздері ғалымдардың орнында болып көргенде, олардың зерттеу тәсілдерін, жаңалық ашу жолындағы күресін және ғылымның дамуына қосқан үлесін жақсырақ түсінеді. Сонымен қатар, рөлдік ойындар ғылыми этика, зерттеудің объективтілігі және ғылыми қауымдастықтағы пікірталастар сияқты маңызды аспектілерді талқылауға мүмкіндік береді. Осылайша, физика тарихын оқыту тек өткенді зерттеу ғана емес, болашақ зерттеушілерді қалыптастырудың маңызды қадамы бола алады.

Қорытындылай келе,физика ғылымының даму тарихын білім беру үдерісінде пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың, олардың ғылыми ойлау қабілетін дамытудың және зерттеушілік дағдыларын жетілдірудің тиімді тәсілі болып табылады. Қазіргі таңда физика көбінесе теориялық заңдар мен формулаларды жаттауға негізделгенімен, оны тарихи контексте оқыту ғылымның даму үдерісін түсінуге, ғылыми әдістің қалай жұмыс істейтінін ұғынуға және ғылымның қоғамға тигізген әсерін бағалауға көмектеседі. Осы мақсатта рөлдік ойындар әдісін қолдану ерекше маңызға ие. Бұл әдіс оқушыларды белсенді қатыстыру арқылы олардың ғалымдардың ашқан жаңалықтарын өздері зерттеп, ғылыми пікірталастарға араласуына мүмкіндік береді. Рөлдік ойындар барысында оқушылар белгілі бір ғалымның рөлін сомдап, оның ғылыми жаңалықтарын дәлелдеуге тырысады, қарсы пікірлерге жауап береді және зерттеу әдістерін түсінеді. Бұл оқыту тәсілі тек теориялық білім берумен шектелмей, оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытып, олардың ғылымға деген қызығушылығын арттырады.Болашақта физика тарихын оқытуда рөлдік ойындарды кеңінен қолдану арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын нығайтуға, топтық жұмысқа бейімделуін жақсартуға және олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға болады. Бұл әдісті тиімді пайдалану үшін оқу бағдарламасында тарихи оқиғалар мен ғалымдардың еңбектерін талқылауға көбірек уақыт бөлінуі қажет. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар мен мультимедиялық ресурстарды пайдалану арқылы рөлдік ойындарды виртуалды форматқа бейімдеу білім беру сапасын арттырудың маңызды құралына айналады. Мұғалімдер үшін арнайы әдістемелік құралдар мен дайын сценарийлер әзірленсе, бұл әдісті қолдану жеңілдейді және оның тиімділігі артады. Осылайша, физика ғылымының тарихын оқыту тек өткенді

зерттеу ғана емес, болашақ зерттеушілерді, инженерлерді, жаңашыл ойлайтын тұлғаларды қалыптастырудың маңызды қадамы бола алады.

Әдебиеттер:

1. Аймағамбетова Қ. Физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2006. – 256 б.
2. Жұмаділова Ә.Ғ., Қожахметова К.Ж. Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2011. – 312 б.
3. Әбдіғаппарова О., Жаназарова З. Педагогика негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 284 б.
4. Кенжебеков Б., Мұстафина Р. Жоғары оқу орындарында физиканы оқыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2018. – 275 б.

УДК 620.9.001.12/.18

БОЛЖАМДЫ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАҚСАРТУ

С.Е. Алдешов[1], З.С.Кубеева[2], Н.Е. Айдарханова[3]
[1]п.ғ.к., доцент м.а., Шымкент университеті, [2] PhD доктор, Шымкент университеті,
[3] аға оқытушы, Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі

Резюме

Educational Data Mining (EDM) - это многообещающая область исследований, которая использует вычислительные методы для улучшения образовательных результатов, извлекая ценную информацию из обширных наборов образовательных данных. Целью данного исследования является изучение взаимосвязи между EDM и различными образовательными теориями, включая теорию аналитики обучения (LAT), теорию педагогической психологии, теорию когнитивной нагрузки, теорию саморегулируемого обучения (SRL), теорию таксономии Блума, теорию множественного интеллекта, теорию схемы, теорию обучения, теорию развития теории. Это научное исследование дает всесторонний обзор каждой теории и обсуждает, как EDM можно использовать для улучшения понимания и применения этих теорий в образовательных учреждениях.

Summary

Educational Data Mining (DM) is a promising field of research that uses computational methods to improve educational outcomes by extracting valuable information from vast sets of educational data. The purpose of this study is to study the relationship between EDM and various educational theories, including learning analytics theory (LAT), educational psychology theory, cognitive load theory, self-regulated learning theory (S RL), Bloom's taxonomy theory, multiple intelligence theory, schema theory, learning theory, theory of theory development. This scientific study provides a comprehensive overview of each theory and discusses how EDM can be used to improve understanding and application of these theories in educational institutions.

I. Кіріспе

Educational Data Mining (EDM) - білім беру деректерін талдау үшін деректерді өндіру әдістерін пайдалану процесі. EDM-білім беру жүйелері жасаған үлкен деректер жиынын талдау алгоритмдері мен әдістемелерін әзірлеуге бағытталған зерттеу саласы [1]. ЭДО-ның мақсаты - білім беру деректеріндегі заңдылықтар мен тенденцияларды анықтау арқылы оқыту мен оқытуды жақсарту. EDM оқушылардың үлгерімі, Оқу стильдері және қатысу схемалары сияқты білім беру деректерін талдау үшін статистикалық және машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалануды қамтиды. Деректерді оқытуды басқару жүйелері, онлайн оқыту платформалары және оқу ойындары сияқты әртүрлі көздерден жинауға болады [2]. Содан кейін деректер

маңызды ақпаратты алу үшін алдын ала өңделеді, түрлендіріледі және талданады. Біріншіден, EDM оқушылардың оқуы туралы пайдалы ақпарат алу үшін үлкен деректер жиынтығын талдау үшін есептеу әдістерін қолдануды қамтитынын ескеру маңызды [3]. Содан кейін бұл ақпаратты оқыту мен оқыту тәжірибесіне қатысты шешімдер туралы хабарлау үшін пайдалануға болады. EDM мұғалімдерге бірден байқалмайтын деректердегі заңдылықтар мен қатынастарды анықтауға көмектесе алады, бұл оларға оқушылардың қалай оқитынын және олардың оқу қажеттіліктерін қалай жақсы қанағаттандыру керектігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Сурет. 1. Білім беру деректерін кластерлеу процесі.



Сурет. 2. EDM мақсаттары.

EDM әсіресе пайдалы болуы мүмкін негізгі бағыттардың бірі-оқушылардың оқу стильдерін анықтау [4]. Деректерді талдау арқылы EDM тәрбиешілерге әрбір жеке студент үшін ең қолайлы стратегиялар мен тәсілдерді анықтауға көмектеседі. Содан кейін бұл ақпаратты әр оқушының ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыратын жекелендірілген және бейімделген оқу тәжірибесін дамыту үшін пайдалануға болады [5].

Сурет. 3. EDM - оқыту аналитикасымен байланысты негізгі бағыттар.

EDM пайдалы болуы мүмкін тағы бір сала - үлгерімді болжау [6]. Өткен уақыттағы оқушылардың үлгерімі туралы деректерді, сондай-ақ демография және әлеуметтік-экономикалық шығу тегі сияқты басқа да өзекті факторларды талдай отырып, EDM оқытушыларға артта қалу қаупі бар оқушыларды анықтауға және олардың табысқа жетуіне көмектесу үшін мақсатты қолдау көрсетуге көмектеседі. EDM оқу нәтижелерін жақсарту мақсатында оқушылар мен олардың контексттері туралы деректерді жинауды, талдауды және есеп беруді қамтитын Learning Analytics саласымен тығыз байланысты [7]. Learning Analytics модулі оқытушыларға оқушылардың оқу тәжірибесі туралы кең ақпарат бере алады, бұл оларға оқу қажеттіліктерін қалай жақсы қанағаттандыру керектігі туралы негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

EDM сонымен қатар педагогикалық психологияға негізделген, бұл адамдардың қалай оқитыны және оқытудың оқуға қалай ықпал ететіні туралы ғылыми зерттеу. Педагогикалық психологияның қорытындыларына сүйене отырып, EDM оқытушыларға жеке оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделген тиімдірек оқыту және оқыту тәжірибелерін әзірлеуге көмектесе алады [8]. Бұл мақалада зерттеуші EDM және бірқатар негізгі білім беру теориялары, соның ішінде когнитивті жүктеме теориясы, өзін-өзі реттейтін оқыту теориясы, Блумның taxonomy теориясы, көп интеллект теориясы, схема теориясы, локализацияланған оқыту теориясы, проксимальды даму аймағы теориясы және Connectivism теориясы арасындағы байланысты зерттейді. Бұл құжатта EDM-ді жекелендірілген оқытуға ықпал ететін оқыту стратегиялары туралы хабарлау үшін қалай пайдалануға болатындығы қарастырылады студенттерге арналған тәжірибе және бұл мұғалімдерге оқушылардың қалай оқитынын және олардың оқу қажеттіліктерін қалай қанағаттандыру керектігін жақсы түсінуге көмектесе алады.

II. БІЛІМ БЕРУ ДЕРЕКТЕРІН ТАЛДАУ (EDM) ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫ ТАЛДАУ ТЕОРИЯСЫ

EDM-бұл білім беру деректерін талдау үшін деректерді өндіру әдістерін қолдануға бағытталған оқытуды талдау теориясының (LAT) ішкі жиынтығы. Екінші жағынан, LAT-бұл білім беру деректерін талдаудың бірқатар әдістері мен тәсілдерін, соның ішінде EDM-ді қамтитын кең сала. Оқу сабағында математика курсында text жазған бейне дәрістер және жаттығулар бағдарламалау сияқты бірнеше оқу материалдарын қамтиды. Студенттер осы материалдармен өзара әрекеттескенде, олардың мінез-құлқын EDM және LAT әдістерімен талдауға болатын деректер нүктелері ретінде жазуға болады. EDM әдістерін ең тиімді Оқу материалдары немесе оқушылардың артта қалу қаупі сияқты деректер үлгілері мен тенденцияларын анықтау үшін пайдалануға болады [9]. Екінші жағынан, LAT әдістерін осы

модельдер мен тенденцияларды визуализациялау және түсіндіру үшін қолдануға болады, бұл мұғалімдерге оқушылардың оқуына әсер ететін негізгі факторларды түсінуге көмектеседі.

Сурет. 5. Түйіршіктіліктің әртүрлі деңгейлері және олардың деректер көлемімен байланысы.

Мысал үшін EDM әдістері Математикалық жаттығуларды көбірек орындайтын студенттер емтиханда жақсы жұмыс істейтінін көрсете алады. Содан кейін LAT әдістерін осы қатынасты визуализациялау үшін қолдануға болады, мысалы, диффузор немесе жылу картасы арқылы, бұл мұғалімдерге жаттығуларды бағдарламалау мен емтихан өнімділігі арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі [10].

Сурет. 6. Білім беру деректерін зияткерлік талдаудың тарихи дамуы.

Сонымен қатар, EDM және LAT әдістерін Нұсқаулық шешімдері туралы хабарлау үшін ортақ пайдалануға болады. Example үшін ADM белгілі бір бағдарламалау тұжырымдамасымен күресетін студенттердің курстан шығу ықтималдығы жоғары екенін анықтай алады [11]. EDM мен LAT арасындағы байланыс бірін-бірі толықтырады, ал EDM әдістері заңдылықтар мен тенденцияларды анықтау үшін аналитикалық қабілетті қамтамасыз етеді білім беру деректері және мұғалімдерге осы модельдер мен тенденцияларға сәйкес түсінуге және әрекет етуге көмектесетін визуализация және интерпретация құралдарын ұсынатын LAT әдістері. Олар бірге оқушылардың оқу нәтижелерін жақсарту үшін деректерді пайдаланудың күшті негізін ұсынады.

III. БІЛІМ БЕРУ ДЕРЕКТЕРІН ӘЗІРЛЕУ (EDM) ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПСИХОЛОГИЯ ТЕОРИЯСЫ

Педагогикалық психология теориясы-Студенттердің қалай оқитынын және студенттердің оқу нәтижелерін жақсартатын білім беру араласуларын қалай дамыту керектігін зерттеу. Екінші жағынан, EDM-білім беру араласуларына негіз бола алатын ақпаратты алу үшін білім беру деректерінен мәліметтерді өндіру әдістерін қолдану [12].

Сурет. 7. Learning Analytics анықтамалық моделі.

Оқу сыныбында математика сабағында оқитын студенттер тобы бейне дәрістер, жазбаша мәтін және практикалық тесттер сияқты бірнеше оқу материалдарын қамтиды. Студенттер осы материалдармен өзара әрекеттескенде, олардың мінез-құлқын EDM және білім беру психологиясының теориялары арқылы талдауға болатын деректер нүктелері ретінде жазуға болады. Педагогикалық психология теориясындағы іргелі ұғымдардың бірі-ақпаратты өңдеуге қажетті психикалық күш-жігердің мөлшерін білдіретін когнитивті жүктеме идеясы. Когнитивті жүктеме теориясы студенттердің когнитивті жүктемесі олардың білімі мен тәжірибе деңгейіне сәйкес келген кезде жақсы оқитынын көрсетеді. EDM әдістерін когнитивті жүктеме теориясына қатысты мәліметтердегі заңдылықтар мен тенденцияларды анықтау үшін қолдануға болады. Бұл түсінікті когнитивті жүктеме теориясына негізделген білім беру араласуларын ақпараттандыру үшін пайдалануға болады. Мұғалім оқушылардың білімі мен тәжірибе деңгейіне жақсырақ сәйкес келу үшін практикалық тесттердің қиындық деңгейін реттей алады.

IV. БІЛІМ БЕРУ ДЕРЕКТЕРІН ӘЗІРЛЕУ (EDM) ЖӘНЕ ПРОКСИМАЛЬДЫ ДАМУ АЙМАҚ ТЕОРИЯСЫ (ZPD)

Educational Data Mining (EDM) - бұл білім беру тәжірибесін ақпараттандыру және жетілдіру үшін пайдаланылуы мүмкін білім беру деректеріндегі заңдылықтар мен қатынастарды анықтауға бағытталған деректерге негізделген тәсіл [13]. EDM қолдануға болатын теориялық негіздердің бірі-проксимальды даму аймағы (ZPD) теориясы. ZPD-бұл студенттерге қазіргі құзыреттілік деңгейінен тыс, бірақ әлі де қандай да бір көмекпен немесе нұсқаулықпен орындай алатын тапсырмалар берілген кезде жақсы оқитынын көрсететін оқыту теориясы. Мұғалімнің рөлі-оқушының оқуын тірекке қою қажетті уақытта қажетті қолдау деңгейін қамтамасыз ету. Білім беру деректерін талдай отырып, EDM оқушының қазіргі құзыреттілік деңгейін анықтай алады және мұғалімдерге қолдау көрсету деңгейін сәйкесінше реттеуге көмектесу арқылы олардың өсу әлеуетін болжай алады [14]. Мысал үшін мұғалім оқушыларға математикалық есептер жиынтығын тағайындау үшін онлайн платформаны пайдалана алады. Платформа әр оқушының үлгерімі туралы мәліметтерді, соның ішінде әр мәселені шешуге кететін уақытты және қате жауаптар санын жазады.

Осы деректерді талдай отырып, мұғалім белгілі бір ұғымдармен күресетін және қосымша қолдаудың пайдасын көре алатын студенттерді анықтай алады. Олар сондай-ақ жақсы жұмыс

істейтін және күрделі тапсырмаларға дайын студенттерді анықтай алады. Содан кейін мұғалім қиындыққа тап болған оқушыларға қосымша көмек немесе ресурстар беру немесе жоғары өнімді оқушыларға күрделі тапсырмалар ұсыну арқылы оқуын реттей алады. Бұл тәсіл мұғалімге әр оқушы үшін оқу тәжірибесін жекелендіруге мүмкіндік береді және оқу нәтижелерінің жақсаруына әкелуі мүмкін. Оқушылардың деректерін үнемі талдай отырып, мұғалім уақыт өте келе прогрестi бақылай алады және қажет болған жағдайда олардың көзқарасын реттей алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, Educational Data Mining (DM) оқытушыларға да, студенттерге де әртүрлі жолдармен пайда әкелетін қуатты құрал екенін атап өткен жөн. Деректерді талдау әдістерін қолдана отырып, мұғалімдер оқушылардың оқу стильдері, күшті және әлсіз жақтары мен өнімділігі туралы түсінік ала алады, бұл оларға оқуды жеке қажеттіліктерге бейімдеуге көмектеседі. EDM сонымен қатар болашақ оқу үлгерімін болжауға, курстың күрделі бағыттарын анықтауға және өзін-өзі реттейтін оқытуды қолдауға көмектеседі. EDM-ді әртүрлі оқыту теорияларымен біріктіру білім беру тәжірибесінің тиімділігін арттыруда перспективалы нәтижелер көрсетті. Дегенмен, EDM өздігінен шешім емес екенін ескеру маңызды. Оны басқа оқыту және оқыту стратегияларымен бірге пайдалану керек. Сонымен қатар, EDM инклюзивті және студенттердің белгілі бір топтарына қатысты біржақтылық пен кемсітушілікті күшейтпейтін жолмен жүзеге асырылуын қамтамасыз ету маңызды. EDM білім беруде төңкеріс жасап, оқу нәтижелерін жақсарта алады. Осы саладағы зерттеулер мен әзірлемелерді жалғастыру жекелендірілген және бейімделгіш оқытуда одан әрі ілгерілеуге әкелуі мүмкін, бұл сайып келгенде оқушыларға және жалпы қоғамға пайда әкелуі мүмкін.

Әдебиеттер

1. Aldowah, H., Al-Samarraie, H., & Fauzy, W. M. (2019). Анализ образовательных данных и аналитика обучения для высшего образования 21 века: Обзор и синтез. *Телематика и информатика*, *37*, 13-49.

2. Алам, А. (2022). Социальные роботы в образовании для долгосрочного взаимодействия человека и робота: социально поддерживающее поведение робота T для создания робо-материальной среды обучения в управляемом открытии обучающего взаимодействия. ECSTransacts, 107 (1), 12389.

3. Alam, A., & Mohanty, A. (2022). Metaverse и Posthuman Animated Avatars for Teaching-Learning Process: Interperception in Virtual Universe for Educational Transformation. В Международной конференции по инновациям в области интеллектуальных вычислений и коммуникаций (стр. 47-61). Спрингер, Чам.

4. Алам, А. (2022). Платформа, использующая технологию блокчейн для электронного обучения и онлайн-обучения для открытого обмена академическими знаниями и рекордами прогресса. В: Asokan, R., Ruiz, D.P., Baig, Z.A., Piramuthu, S. (eds) Smart Data Intelligence. Алгоритмы для интеллектуальных систем. Спрингер, Сингапур.

5. Алам, А. (2022). Использование адаптивного обучения и интеллектуальных роботов T utoring для виртуальных классов и умных кампусов: реформирование образования в эпоху искусственного интеллекта. В: Shaw, R.N., Das, S., Piuri, V., Bianchini, M. (eds) Advanced Computing and Intelligent Technologies. Примечания к лекциям по электротехнике, том 914. Спрингер, Сингапур.

6. Алам, А. (2022). Облачное электронное обучение: разработка концептуальной модели адаптивной экосистемы электронного обучения на основе инфраструктуры облачных вычислений. В: Кумар, А., Фистер-младший, И., Гупта, П. К., Дебэйл, Дж., Чжан, З. Дж., Усман, М. (eds) Artificial Intelligence and Data Science. ИКЭЙДС 2021. Communications in Computer and Information Science, vol. 1673. Спрингер, Чам.

7. Алам, А. (2022). Образовательная робототехника и компьютерное программирование в раннем детском образовании: концептуальная основа для оценки компьютерного мышления учащихся начальной школы для разработки мощных образовательных сценариев. В 2022 году Международная конференция по интеллектуальным технологиям и системам для вычислений

следующего поколения (ICSTSN) (стр. 1-7). IEEE.
8. Хан, А., и Гош, С. К. (2021). Анализ успеваемости и прогнозирование учащихся в аудиторном обучении: Обзор образовательных исследований интеллектуального анализа данных. *Образование и информационные технологии*, *26*, 205-240.
9. Baek, C., & Doleck, T. (2021). Анализ образовательных данных в сравнении с аналитикой обучения: Обзор публикаций с 2015 по 2019 год. *Интерактивные учебные среды*, 1-23.
10. Hicham, A., Jeghal, A., Sabri, A., & Tairi, H. (2020, June). Опрос по исследованию образовательных данных [2014-2019]. В *2020 году Международная конференция по интеллектуальным системам и компьютерному зрению* (ISCV) (стр. 1-6). IEEE.
11. Алам, А., Моханты, А. (2023). Проектирование, разработка и внедрение виртуальной лаборатории программной инженерии: благо для образования в области компьютерных наук и инженерии (CSE) во время пандемии Covid-19. В: Shakya, S., Balas, V.E., Haoxiang, W. (eds) Proceedings of Third International Conference on Sustainable Expert Systems. Lecture Notes in Networks and Systems, vol. 587. Спрингер, Сингапур.
12. Алам, А. (2021). Должны ли роботы заменить учителей? Мобилизация ИИ и аналитика обучения в образовании. В 2021 году Международная конференция по достижениям в области вычислительной техники, связи и управления (ICAC3) (стр. 1-12). IEEE.
13. Ингейл, Н. В. (2021). Опрос по системе прогнозирования успеваемости учащихся с использованием интеллектуального анализа образовательных данных. *Turkish Journal of Com puter and Mathematics Education (TURCOMAT)*, *12* (13), 363-369.
14. Чака, С. (2021). Разработка образовательных данных, прогнозирование успеваемости студентов, методы прогнозирования, алгоритмы и инструменты: Обзор обзоров.

STEM БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ФИЗИКАНЫҢ РӨЛІ

Ердалы Бақытқүл Берікқызы, Кушимбаев Саятбек Мейрбек угли
6В01510-Физика-информатика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша
4 курс студенттері
Ғылыми жетекшісі:
Гулира Кенжеевна Нурмуханбетова п.ғ.к., доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент қ., Қазақстан

Түйін:

Бұл мақалада STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) және STEAM (Art қосылған STEM) білім беру модельдерінің айырмашылықтары мен артықшылықтары қарастырылады. STEAM тәсілінің техникалық және ғылыми білім берудегі маңыздылығы, оның оқушылардың креативті ойлауын дамытудағы рөлі талқыланады. Сондай-ақ, өнер мен техниканың үйлесімі арқылы инновациялар мен кәсіпкерлікке қалай ықпал ететіні туралы нақты мысалдар келтірілген. STEAM білім беру жүйесінің болашағы, оны енгізудің қиындықтары және Қазақстандағы білім беру саласындағы рөлі қарастырылады.

Резюме:

В этой статье рассматриваются различия и преимущества моделей образования STEM (наука, технология, инженерия, математика) и STEAM (STEM с включением искусства). Обсуждается важность подхода STEAM в техническом и научном образовании, а также его роль в развитии творческого мышления учащихся. Также приводятся конкретные примеры того, как гармония искусства и техники способствует инновациям и предпринимательству. Обсуждаются будущее системы образования STEAM, трудности её внедрения и её роль в системе образования Казахстана.

Summary:

This article examines the differences and advantages of the STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) and STEAM (STEM with the addition of Art) educational models. It discusses the importance of the STEAM approach in technical and scientific education, as well as its role in fostering creative thinking among students. Additionally, it provides concrete examples of how the integration of art and technology contributes to innovation and entrepreneurship. The article also considers the future of the STEAM education system, the challenges of implementing it, and its role in Kazakhstan's education system.

Қазіргі білім беру жүйесі ғылым мен технологияның дамуына сәйкес жаңаша оқыту әдістерін талап етеді. Солардың бірі – STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) білім беру жүйесі. Бұл тәсіл оқушылардың ғылыми және инженерлік ойлау қабілетін дамытып, олардың алған білімдерін өмірде қолдана білуіне бағытталған. STEM білім беру аясында физиканы оқыту ерекше орын алады, себебі ол табиғат заңдарын түсіндіретін негізгі ғылымдардың бірі болып табылады. Физика пәнін STEM тәсілдері арқылы оқыту оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, оларды практикалық міндеттерді шешуге баулиды.

Физика – STEM білім беру жүйесіндегі негізгі пәндердің бірі. Ол оқушыларға табиғи құбылыстарды түсіндіруге, технологиялық процестерді зерттеуге және инженерлік шешімдер қабылдауға көмектеседі. Физика сабақтарында қолданылатын STEM әдістері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, оларды ғылыми зерттеулерге баулиды. Сонымен қатар, физика пәні математикалық есептеулерге, ғылыми эксперименттерге және технологиялық инновацияларға негізделгендіктен, STEM жүйесі бұл пәннің мазмұнын тереңдетуге және оны оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Физиканы оқытудағы STEM әдістері:

1. Зертханалық жұмыстар мен тәжірибелер – оқушыларға физикалық заңдарды өз бетінше зерттеп, тәжірибе арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Зертханалық жұмыстар физикалық құбылыстарды бақылап, олардың заңдылықтарын анықтау үшін жүргізіледі. Бұл әдіс оқушылардың аналитикалық ойлауын және эксперименттік дағдыларын дамытады. *Мысал:* Ньютонның екінші заңын зерттеу үшін әртүрлі массаларға әртүрлі күштер әсер еткен кездегі үдеу мәндерін өлшеп, олардың арасындағы байланысты анықтау.

2. Робототехника және инженерия – бұл механика, электроника және бағдарламалау салаларын біріктіретін ғылымдар. Физика заңдары, әсіресе механика, электрмагнетизм және динамика, роботтардың қозғалысын басқаруда және олардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс оқушыларға техникалық дағдыларды меңгеруге және инженерлік ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі. *Мысал:* Оқушыларға қарапайым робот қолын жасау тапсырмасы беріледі. Роботтың қозғалысын қамтамасыз ету үшін олар рычагтар мен айналу моменті заңдарын зерттеп, электр тізбегін құрастырады. Нәтижесінде, оқушылар механикалық құрылымдарды жобалау мен оларды басқару негіздерін тәжірибе жүзінде меңгереді.

3. Сандық технологияларды қолдану – физикалық процестерді визуалдау, модельдеу және деректерді талдау үшін компьютерлік құралдарды пайдалану. Бұл әдіс күрделі құбылыстарды түсіндіруде интерактивті оқытудың тиімділігін арттырады. Виртуалды зертханалар, 3D модельдеу, симуляциялар және деректерді өңдеу бағдарламалары оқушылардың теориялық білімдерін тереңдетіп, практикалық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. *Мысал:* Оқушылар физикалық қозғалыстың компьютерлік моделін жасайды. Мысалы, еркін түсу қозғалысын зерттеу үшін олар арнайы бағдарламалар (мысалы, PhET симуляторлары немесе Python бағдарламалау тілі) арқылы биіктік пен уақытқа байланысты дененің жылдамдығы мен үдеуін есептеп, графиктерін сызады. Бұл әдіс теориялық есептеулерді визуалды түрде көрсетуге және алынған нәтижелерді нақты құбылыстармен салыстыруға мүмкіндік береді.

4. Жобалық оқыту – оқушылардың алған білімдерін нақты өмірлік жағдайларда қолдануына бағытталған әдіс. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық және зерттеу дағдыларын дамытып, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады. Физикадағы жобалық оқыту оқушыларға теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға, инженерлік ойлау қабілетін дамытуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. *Мысал:* Оқушылар "Күн энергиясын тиімді пайдалану" тақырыбында жоба жасайды. Олар күн батареяларының жұмыс принципін зерттеп, энергия өндіру тиімділігін арттыру жолдарын қарастырады. Жобаның соңында оқушылар күн сәулесін максималды сіңіретін құрылғы макетін жасап, оның физикалық параметрлерін (қуат, тиімділік коэффициенті, температура әсері) зерттейді. Бұл жоба олардың жаңартылатын энергия көздері туралы түсінігін кеңейтіп, инженерлік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

5. Кәсіби бағдар беру – оқушыларды болашақ мамандықтармен таныстырып, олардың қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес кәсіби бағыт таңдауға көмектесетін әдіс. STEM білім беру жүйесі арқылы физика пәнін оқыту оқушыларға ғылым, инженерия, ақпараттық технологиялар, энергетика және аэроғарыш салаларындағы мамандықтар туралы түсінік береді. Физиканың практикалық қолданылуын көрсету арқылы оқушылардың болашақ кәсібіне деген ынтасын арттыруға болады. *Мысал:* Оқушыларға "Физика және болашақ кәсіптер" тақырыбында зерттеу жобасы беріледі. Олар энергетика, робототехника, ғарыштық инженерия, медициналық физика сияқты салаларды зерттеп, сол бағыттағы мамандықтарға қажетті дағдыларды анықтайды. Зерттеу барысында оқушылар маман иелерімен сұхбат жүргізіп, олардың жұмыс ерекшеліктері туралы ақпарат жинайды. Нәтижесінде, оқушылар өздерінің қызығушылықтарына сәйкес болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдау мүмкіндігіне ие болады.

Физиканы STEM негізінде оқытудың артықшылықтары:

- ❖ Теория мен практиканы үйлестіру – алынған теориялық білімді нақты тәжірибелік тапсырмалар арқылы бекіту әдісі. Бұл тәсіл оқушыларға физикалық заңдардың шынайы өмірде қалай қолданылатынын көрсетуге көмектеседі. Теориялық түсініктерді зертханалық жұмыстар, инженерлік жобалар, тәжірибелер және сандық модельдеу арқылы қолданып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға және түсінігін тереңдетуге болады.
- ❖ Инженерлік дағдыларды дамыту – оқушылардың техникалық ойлау, жобалау және конструкциялау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған оқыту әдісі. Бұл дағдыларға механизмдерді құрастыру, физикалық заңдарды техникалық мәселелерді шешуде қолдану, материалдардың қасиеттерін зерттеу және инновациялық технологияларды пайдалану кіреді. Инженерлік дағдылар STEM білім берудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады және оларды дамыту оқушылардың болашақта ғылыми-зерттеу және өнеркәсіптік салаларда табысты болуына ықпал етеді.
- ❖ Мамандыққа бағыттау – оқушылардың болашақ кәсіби бағытын анықтауға көмектесетін білім беру тәсілі. Бұл әдіс физиканың әртүрлі салалардағы рөлін түсіндіру арқылы олардың ғылыми және техникалық мамандықтарға қызығушылығын арттыруға бағытталған. Оқушылар нақты жобалар, зерттеулер және кәсіби кездесулер арқылы өздерінің қабілеттері мен қызығушылықтарына сәйкес келетін салаларды анықтай алады. STEM тәсілі болашақ инженерлерді, ғалымдарды, IT мамандарын және басқа да техникалық бағыттағы мамандарды даярлауға мүмкіндік береді.
- ❖ Топтық жұмыс және зерттеу дағдылары – оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуін, ақпаратты талдауды және ғылыми зерттеу жүргізуді дамытатын маңызды дағдылар. Топтық жұмыс барысында оқушылар мәселелерді бірлесіп шешіп, идеяларымен бөлісіп, пікір алмасады. Ал зерттеу дағдылары деректерді жинау, талдау, эксперимент жүргізу және

қорытынды жасау қабілеттерін қалыптастырады. Бұл тәсіл оқушыларды ғылыми зерттеулерге қызықтырып, олардың аналитикалық ойлауын дамытады.

❖ Шығармашылық пен инновацияны дамыту – оқушылардың жаңа идеяларды ойлап табу, оларды жүзеге асыру және ғылым мен техникада жаңалықтар енгізу қабілетін қалыптастыратын процесс. STEM білім беру аясында физика сабақтарында оқушыларға тәжірибелер жасау, инженерлік жобалар құрастыру және технологиялық шешімдер ұсыну арқылы шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беріледі. Бұл әдіс болашақта инновациялық жобалар жасауға және ғылыми-техникалық жетістіктерге үлес қосуға ынталандырады.

STEM білім беру аясында физиканы оқыту – қазіргі заман талабына сай тиімді әдіс. Ол оқушылардың ғылыми ойлауын дамытып, олардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін жетілдіруге көмектеседі. Физика сабақтарында STEM әдістерін қолдану оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, оны өмірде қалай пайдалану керектігін де үйретеді. Осылайша, STEM тәсілдері болашақ мамандарды даярлауда маңызды рөл атқарады. Физика сабақтарын STEM принциптеріне сәйкес ұйымдастыру арқылы оқушылардың ғылым мен техникаға деген қызығушылығын арттырып, оларды жоғары технологиялық салаларда жұмыс істеуге даярлауға болады.

Әдебиеттер

1. Аймағамбетов А. Білім беру жүйесінде STEM технологияларын енгізу мәселелері. – ҚР Білім және ғылым министрлігі баяндамасы, 2021.
2. Жұмабаева Ә., Сайлауова Б. STEM білім беру жүйесі және оның маңызы. // «Қазіргі білім берудегі инновациялар» халықаралық конференциясы, 2020.
3. Чикош А. STEM-образование как интеграция науки, технологии, инженерии и математики в школе. – Москва: Просвещение, 2018.

STEM-ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН БАСТАУЫШ МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНА ЕНГІЗУ

Амантаева Жанат Жанибековна
Түркістан облысы, Арыс қаласы, Шағыр ауылы, А.Тілеубердин атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Резюме

В статье рассматривается внедрение STEM-методов обучения в начальных классах на примере уроков математики. Особое внимание уделяется значению связи математики с реальной жизнью, что позволяет ученикам более глубоко понять важность математических знаний в повседневной жизни. Применение STEM-подхода способствует развитию логического и критического мышления, а также навыков самостоятельного решения проблем. Статья подчеркивает, что использование реальных жизненных ситуаций для решения математических задач помогает учащимся более эффективно осваивать математические концепции и улучшать навыки их применения в реальной жизни.

Abstract

The article discusses the integration of STEM teaching methods in elementary school mathematics lessons. Special attention is given to the importance of connecting mathematics with real-life situations, which helps students better understand the relevance of mathematical knowledge in everyday life. The application of the STEM approach promotes the development of logical and critical thinking, as well as skills in independent problem-solving. The article emphasizes that using real-life situations to solve mathematical problems helps

students more effectively master mathematical concepts and improve their ability to apply them in real-world contexts.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың жеке қабілеттерін дамытудың жаңа тәсілдері маңызды орын алады. STEM-оқыту әдістері (Science, Technology, Engineering, Mathematics – ғылым, технология, инженерия, математика) осы бағытта тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. STEM-оқыту әдісін бастауыш сыныптарға енгізу оқушылардың математикалық және ғылыми ойлау қабілеттерін дамытуға, олардың шығармашылық тұрғыда шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

STEM-оқыту әдісінің маңызы.

STEM-оқыту әдісі бастауыш сыныптарда математиканы оқытуға жаңа көзқарас қалыптастырады. Бұл әдіс оқушыларға әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды түсінуге мүмкіндік береді. STEM-оқыту әдісінің басты мақсаты – пәндерді оқушылардың нақты өмірінде кездесетін мәселелермен байланыстырып, олардың пәндер арасындағы интеграцияны сезінуін қамтамасыз ету. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлауын дамытып, оларды ғылыми зерттеу, тәжірибе жасау, мәселені шешу жолдарын іздеу сияқты дағдыларға үйретеді.

STEM-оқыту әдісін бастауыш математика сабақтарына енгізу

1. STEM-оқыту әдісінің бір ерекшелігі – пәндерді өмірлік жағдайлармен байланыстыру. Математика сабақтарында STEM әдісін қолдану арқылы оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін есептерді шешу ұсынылады. Мысалы, дүкеннен зат алу, уақытты есептеу, құрылыс салу, саяхатқа дайындық немесе басқа да күнделікті жағдайлармен байланысты есептерді шығару арқылы балалар математиканың өмірде қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Мұндай есептер оқушыларға тек теориялық білім беру емес, оларды нақты өмірлік дағдыларға үйретуге мүмкіндік береді.

Мысалы, оқушыларға дүкеннен белгілі бір заттарды сатып алу тапсырмасы берілуі мүмкін, онда олар бағаны қосу, жеңілдіктерді есептеу немесе әртүрлі төлем әдістерін салыстыру арқылы математикалық дағдыларын қолданады. Немесе уақытты есептеу мәселесі ұсынылады: оқушыларға жоспарланған іс-шараларға қанша уақыт қалғанын есептеу немесе күннің әртүрлі уақыттарын салыстыру тапсырмасы беріледі.

Құрылыс мәселелері де маңызды болып табылады. Мысалы, оқушыларға белгілі бір бөлменің ұзындығы мен енін біле отырып, оның ауданын есептеу немесе бөлмені бояуға қанша бояу керек екенін анықтау тапсырмасы беріледі. Бұл оқушыларға математикалық есептеулерді нақты өмірде қолданудың қажеттілігін көрсетеді және оларды шынайы проблемаларды шешуге ынталандырады.

Осындай тапсырмалар арқылы балалар математикалық білімдерін белсенді қолданады, олар тек сандар мен формулаларды ғана емес, сол білімдерін күнделікті тұрмыста, кәсіби өмірде және басқа да әлеуметтік жағдайларда қалай тиімді пайдалану керектігін түсінеді. Сонымен қатар, оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен шығармашылық дағдылары дамиды. Олар математикалық шешімдер қабылдау барысында мәселелердің әртүрлі шешімдерін табуға тырысып, сыни ойлау қабілеттерін арттырады.

STEM әдісі арқылы оқушылар тек абстрактілі математикалық түсініктерді меңгеріп қоймай, сонымен қатар олардың математиканы өмірде қолдануға, мәселелерді шешуде қиялды іске асыруға және болашақта туындайтын нақты жағдайларға дайын болуға мүмкіндігі болады. Мұның барлығы оқушылардың жеке тұлғалық және кәсіби дағдыларын дамытады.

2. Жобалау жұмыстары.

STEM-оқыту әдісінің маңызды компоненттерінің бірі – жобалау жұмыстары. Математика сабағында жобалау арқылы оқушылар нақты математикалық мәселелерді шешу үшін командалық жұмыс жасап, практикалық дағдыларды меңгереді. Мысалы, оқушыларға құрылыс жобасын жасау тапсырмасы берілуі мүмкін, онда олар ұзындықтарды есептейді, материалдардың көлемін есептейді және бюджет жоспарлайды. Бұл балаларға математикада алған білімдерін қалай пайдалану керектігін үйретеді.

3. Интерактивті тапсырмалар мен ойындар.

STEM-оқыту әдісін енгізу үшін, оқу процесін қызықты әрі тиімді ету маңызды. Математика сабағында интерактивті тапсырмалар мен ойындарды қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыруға болады. Оқушылар математикалық ойындар арқылы өз дағдыларын жақсарта алады. Мысалы, "сандарды жинақтау", "құрылыс құру" немесе "сандардың арасындағы заңдылықтарды табу" сияқты ойындар STEM-оқыту әдісінің элементтері болып табылады, олар оқушыларға маңызды математикалық дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

4. Технологиялар мен құралдарды пайдалану.

STEM-оқыту әдісінің тиімділігі оқушыларды жаңа технологиялармен таныстыруда да көрінеді. Математика сабағында түрлі технологиялық құралдарды (интерактивті тақта, түрлі бағдарламалар, мобильді қосымшалар) қолдану оқушылардың математикалық білімі мен дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы, геометриялық фигураларды қалыптастыру үшін 3D модельдеу құралдарын, математика пәнінде есеп шығаруға арналған арнайы қосымшаларды пайдалану балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

5. Білімді жобалық әдістермен бекіту.

STEM әдісін қолдануда оқушыларды өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізуге шақыру маңызды. Бұл тәсіл оқушыларға математикалық мәселелерді шешуде өздерінің креативтіліктерін және сыни ойлау қабілеттерін қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, оқушыларға нақты өмірден алынған мәселелерді шешуге арналған тапсырмалар беріледі. Олар осы тапсырмаларды топ болып немесе жеке шешіп, әртүрлі әдістерді пайдалану арқылы шешімдер қабылдайды.

STEM-оқыту әдісінің артықшылықтары.

1. Көппәнді интеграция

STEM әдісінің басты артықшылығы – пәндер арасындағы байланысты орнату. Математика сабағында оқушылар тек математикалық дағдыларды ғана емес, ғылым мен технологияның байланысын да түсінеді. Олар математиканы қолдану арқылы ғылыми зерттеулер мен инженерлік шешімдерді табуға үйренеді.

2. Шығармашылық және сыни ойлау

STEM-оқыту оқушыларға жаңа идеялармен жұмыс істеуге, мәселені сыни тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. Олар әртүрлі әдістерді қолданып, математикалық есептерді шешу жолдарын іздейді.

3. Қолданбалы дағдыларды дамыту

STEM әдісін қолдану арқылы оқушылар өмірде кездесетін нақты мәселелерді шешуге арналған дағдыларды меңгереді. Олар математикалық білімдерін өздері көріп жүрген өмірлік жағдайларға қолдана алады.

4. Топтық жұмыс

STEM әдісі оқушыларды топ болып жұмыс істеуге үйретеді. Бұл балалардың бір-бірімен пікір алмасып, өз идеяларын ортаға салып, бірлесіп шешім қабылдауға дағдыландырады.

Қорытынды

STEM-оқыту әдістерін бастауыш математика сабақтарына енгізу – оқушылардың математикалық, ғылыми және техникалық дағдыларын дамытуда маңызды қадам болып табылады. Бұл әдіс оқушыларды сыни ойлауға, шығармашылық ізденістерге және командалық жұмысқа баулиды. STEM әдісін қолдану арқылы математика пәні оқушылар үшін қызықты әрі пайдалы болады, әрі олар өз білімдерін күнделікті өмірде қолдануды үйренеді. Осылайша, STEM оқыту әдістері оқушылардың білім деңгейін жаңа сапаға көтеруге ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Байтенова Г.К. STEM білім беру жүйесі: теориясы және тәжірибесі. Алматы: Білім. 2021 ж.
2. Шарафетдинова А.А. Бастауыш сыныптарда STEM әдісін қолдану. Астана: Мектеп. 2020 ж.
3. Rodriguez A. Integrating STEM into the curriculum. New York: Springer. 2019.
4. Lee M. STEM Education: Innovation and Technology Integration. London: Routledge. 218.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ БОЙЫНША «МАТЕМАТИКА» ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Дайрабаева Гулайна Бекдиллаевна
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы
№48 І.Жансүгіров атындағы ЖББМ
бастауыш сынып мұғалімі

Резюме

Целью данной статьи является совершенствование и развитие знаний, навыков и умений учащихся для решения различных жизненных проблем. Позволяет добиться результатов ситуативных задач и проблемного обучения в учебнике математи

Annotation

The purpose of this article is to improve and develop students' knowledge, skills and abilities to solve various life problems. Allows you to achieve the results of situational tasks and problem-based learning in a mathematics textbook.

Білім беруді жаңғырту оқытудың дәстүрлі тәсілдерін қайта қарау процесін жандандырды. Білім беру мазмұнын жаңарту – бұл білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен әдістерін қайта қарау, жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен зияткерлік дамуы үшін қолайлы, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды үйлестіретін, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілікті көрсете алатын білім беру ортасын құру.

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылардың:

1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану;
2) сыни ойлау;
3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;
4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану;

5) коммуникацияның әртүрлі тәсілдерін қолдану, оның ішінде білім алушының жеке басын үйлесімді қалыптастыру және дамыту үшін қолайлы білім беру кеңістігін құру;

6) топта және жеке жұмыс істей білу болып табылады.

Білім беру мазмұны күтілетін нәтижелерге негізделген, олар білім беру салаларында анықталады және қызмет аспектісін көрсетеді, яғни білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «синтездейді», «бағалайды».

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының деңгейін арттыру білім берудің жаңартылған мазмұнын табысты іске асыру арқылы, яғни оқу үдерісінде кешенді жүйелік-әрекеттік тәсілді іске асыру арқылы жоспарланған пәндік, пәнаралық және тұлғалық нәтижелерге қол жеткізу есебінен қамтамасыз етілуі мүмкін. Әрбір мұғалім өзінің оқу үдерісінде қолданатын тапсырмалар жүйесін талдау керек. Ол өз жұмысының нәтижесі көп жағдайда сабақта және балалардың үйде сабаққа дайындалу кезінде қолданылатын материалдардың сапасына байланысты екенін есте сақтауы тиіс.

1-4-сыныптардағы «Математика» пәнінің мазмұны білім алушыларда қоршаған болмыстың әртүрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімді қалыптастыруға; есептерді шешудің жалпы тәсілдерін, өлшеу және есептеу дағдылары негізінде логикалық пайымдаулар құра білуін дамытуға бағытталған.

«Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған "Математика" оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасында» (*Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 26-қосымша*) 1-4 сыныптарда математиканы оқытудың мақсаты мен міндеттері айқындалған.

Мақсаты: математиканы әлемді бейнелеу және түсіну тәсілі ретінде қабылдауды дамытуға бағытталған, қоршаған әлемдегі пәндердің кеңістіктік формалары мен сандық арақатынасының сипаттамасын қамтитын математикалық таным негіздері мен тиісті дағдыларды беру.

Міндеттері:

1) логикалық ойлауды, кеңістіктік қиялды дамыту, математикалық терминдерді пайдалана білу және математиканы әлемді бейнелеу, модельдеу және түсіну тәсілі ретінде қабылдау;

2) оқу және практикалық мәселелерді шешу, арифметикалық алгоритмдерді пайдалану, геометриялық құрылыстарды орындау және математикалық зерттеулер жүргізу қабілетін дамыту;

3) сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;

4) оқу және практикалық мәселелерді шешу тәсілдерін үйрету; математикалық білім мен дағдыларды басқа пәндерді оқуда және күнделікті өмірде қолдану;

5) жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту: білуге құмарлық, мақсаттылық, жауапкершілік, сенімділік, Тәуелсіздік;

6) түсінудің, түсіндірудің, талдаудың, синтездеудің, жіктеудің, қолдану мен бейнелеудің когнитивті дағдыларын дамыту;

7) коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды дамыту: командада жұмыс істеу, өз көзқарасын білдіру, басқа адамдардың пікірін құрметтеу, көшбасшылық қасиеттерді көрсету дағдылары, ауызша нысанда ұсыну дағдыларын дамыту;

8) ақпаратты іздеу және іріктеу, өз уақытын басқару және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға міндетті.

Негізгі дағдылар мен құзыреттіліктерді дамыту, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және бастауыш білім беру деңгейінде математикалық ойлауды дамыту үшін оқулық

материалы, атап айтқанда жаттығулар жүйесінің мазмұны, яғни оқулықта берілген әр түрлі оқу тапсырмалары маңызды.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытуда оқулықтарда берілетін тапсырмалардың мазмұны басты назарда болуы өте маңызды. Мұндай тапсырмалардың дидактикалық мақсаты –теориялық білімді бекіту мен тереңдету, оқу пәні бойынша жаңа біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, оқу процесін нақты өмір жағдайларына жақындату.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар білім алушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық қызығушылықтарын дамытатын түрлі материалдармен таныстыруға ықпал етеді; практикалық дағдыларын қалыптастырумен қатар олардың түрлі көрнекіліктермен жұмыс жасауын көздейді; ұсынылған проблема мен ситуацияға талдау барысында қажетті ақпаратты таба білу біліктілігін бағалауға мүмкіндік береді

Математика оқулықтарындағы негізгі оқу тапсырмалары стандартты тапсырмалар болып табылады. Олар білім алушылардың қызметін үлгі немесе зерделенген ереже бойынша қамтамасыз етеді және пән бойынша анықталған оқыту мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді, тапсырмаларда пайдаланылған ұғымдар мен тұжырымдар білім алушыларға қолжетімді және мазмұны шынайы, практикаға бағытталған. Тапсырмалардың келесі түрлері бұл білім алушылардың талдау, жалпылау және заңдылықтарды табу қабілеттерін қалыптастыратын тапсырмалар; математикалық объектілерді жобалау. Оқу тапсырмаларының негізгі мазмұны Үлгілік оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына сәйкес.

Оқулықта тек теориялық материал ғана емес, сонымен қатар білім алушылар теориялық білімді де игеріп, оқу бағдарламасымен анықталған дағдыларды игеруі керек оқу тапсырмалары да берілген. Оқу тапсырмалары білім алушылардың теориялық білімді саналы және берік меңгеруін, іскерліктер мен дағдыларды игеруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, оқу тапсырмаларының мазмұнына байланысты контекстте ақпарат суреттер, сандар, математикалық символдар, формулалар, диаграммалар, карталар, кестелер түрінде ұсынылуы мүмкін, әсіресе 1 сыныпта суреттермен сүйемелденеді.

Математикадан бағдарламаның негізгі мақсатына қол жеткізу үшін сауаттылықтың барлық түрлерін дұрыс қалыптастыру және дамыту маңызды, бұл білім алушыларға алған білімдері мен дағдыларын шынайы өмірде әртүрлі міндеттерді шешу үшін қолдануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты ҮОБ-да оқыту мақсаттарында пәндік (академиялық) және функционалдық (әртүрлі өмірлік жағдайларда пайымдаудың креативтілігін, мәселені шешудегі сындарлы тәсілді және т.б. көрсете отырып қолдану) оқыту мақсаттарының құрамдас бөлігін ажырату маңызды, мысалы,

Үлгілік оқу бағдарламасының бөлімі	Оқытудың басым пәндік (академиялық) мақсаттары	Оқытудың басым функционалдық (әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдану) мақсаттары
Алғашқы функция және интеграл	11.4.1.7 - анықталған интеграл ұғымын білу, анықталған интегралды есептей білу; 11.4.1.8 - берілген сызықтармен шектелген жазық фигураның ауданын есепте; 11.4.1.9 - айналу денесінің көлемін анықталған	11.4.2.1 – анықталған интегралды жұмыс пен арақашықтықты есептеуге берілген физикалық есептерді шығару үшін қолдану

	интеграл көмегімен есептеу формуласын білу және қолдану	

Академиялық мақсаттар: математикалық ұғымдарды, алгоритмдер мен процесстерді меңгеруге бағытталған білім мен біліктер.

Функционалдық мақсаттар: сыни ойлауды, креативтілікті және практикалық тапсырмаларды шешуді қоса алғанда, шынайы өмірлік жағдайларда математикалық білімді қолдануға бағытталған міндеттер.

Қорытынды: Функционалдық сауаттылықтың әрбір түрі оқушыларға барлық пәндер бойынша тапсырмаларды табысты шешуге көмектесетін оқу дағдыларына сүйенеді. Сауаттылықтың әрбір түрін дамыту жалпы білім беру әлеуетін күшейтеді және оқушыларға білімдерін әртүрлі контекстерде неғұрлым сенімді қолдануға көмектеседі, бұл сайып келгенде олардың оқу нәтижелеріне оң әсер етеді.

Әдебиеттер

1. Өстіміров К., Айтбаева А. «Қазіргі білім беру технологиялары» // Алматы, 2006.
2. Жигалкина Т.К. «Игровые и занимательные задания по математике» // Москва: Просвещение, 1989.
3. Имангалиев Е.Н. «Пути формирования функциональной грамотности школьников» // Справочник руководителей образовательных учреждений, 2012, №9.
4. «PISA Халықаралық зерттеуі». Методическое пособие – Астана: ҰББСБО, 2020.
5. «Оқушылардың математикалық сауаттылығы». Учебное пособие. Центр педагогических измерений. АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». Астана, 2019.
6. Әлімов А.Қ. «Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану» // Алматы, 2012.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Орынбасарова Кундызай Байрбековна
Түркістан облысы, Шардара ауданы
"Достық жалпы білім беретін мектеп" бастауыш сынып мұғалімі

Резюме

Статья посвящена формированию математических навыков у учащихся начальных классов. В работе рассматриваются различные методы и подходы, такие как решение простых задач, использование математических игр, связка математики с реальной жизнью, групповая работа и проблемное обучение. Особое внимание уделяется важности развития логического и аналитического мышления у детей через практическое применение математических знаний. Автор подчеркивает, что такие методы способствуют развитию не только математических, но и общих когнитивных способностей, таких как внимание, память и способность к решению проблем. Статья направлена на понимание важности математического образования в начальных классах как основы для успешного обучения в будущем.

Abstract

The article is dedicated to the formation of mathematical skills in primary school students. The paper discusses various methods and approaches, such as solving simple problems, using mathematical games, connecting mathematics with real life, group work, and problem-based learning. Special attention is given to the importance of developing logical and analytical thinking in children through the practical application of mathematical knowledge. The author emphasizes that these methods contribute to the development not only of

mathematical, but also of general cognitive abilities, such as attention, memory, and problem-solving skills. The article aims to highlight the importance of mathematical education in primary school as a foundation for future academic success.

Математика пәні оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызды рөл атқарады. Бастауыш сынып оқушыларының математикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру оларды тек математикалық есептерді шешуге үйретіп қана қоймай, сонымен қатар жалпы өмірде сандық және логикалық ойлауды дұрыс қолдана білуіне көмектеседі. Бұл дағдылар балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін, талдау және салыстыру қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Математикалық ойлауды қалыптастырудың маңызы

Математикалық ойлау — бұл тек сандар мен формулаларды есте сақтау ғана емес, сонымен қатар, математикадан алған білімді түрлі жағдайларда қолдану, анализ жасау және жаңа идеяларды туғызу қабілеті. Бастауыш сынып оқушыларына математикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру арқылы біз оларға тек математикалық білім беріп қана қоймай, олардың болашақтағы білім алуларына негіз қалдырамыз. Бұл дағдылар кейіннен олардың басқа пәндер бойынша да жетістікке жетуіне ықпал етеді, себебі кез келген ғылымда логика мен талдау маңызды орын алады.

Математикалық ойлауды дамыту әдістері

1. Қарапайым есептер мен тапсырмалар: Бастауыш сынып оқушылары үшін ең алдымен қарапайым математикалық тапсырмаларды қолдану маңызды. Мысалы, қосу, алу, көбейту, бөлу сияқты негізгі арифметикалық амалдарды меңгеру барысында олардың ойлау қабілеттері қалыптасады. Оқушыларды есеп шығару арқылы математикалық ұғымдарды түсінуге және жүйелі ойлауға үйретуге болады.

2. Математикалық ойындар мен жаттығулар: Ойын арқылы оқыту — балалардың қызығушылығын арттырады және оларды математикаға деген қызығушылықпен таныстырады. Оқу ойындары балалардың математикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін тиімді құрал болып табылады. Ойындар оқушыларға өз бетінше шешім қабылдауға, қиындықтарды жеңуге және тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.

3. Математика мен өмірді байланыстыру: Математикалық есептерді тек сыныпта емес, өмірде де қолдану өте маңызды. Мысалы, күнделікті өмірде кездесетін есептерді шешу (дүкеннен зат алу, уақытты анықтау, құрылыс салу сияқты) балалардың математикаға деген қызығушылығын арттырады. Бұл олардың өмірде математикадан алған білімдерін қалай қолдану керектігін түсінуіне көмектеседі. Математиканы тек теориялық тұрғыдан емес, нақты жағдайларда қолдану арқылы балалар өздерінің алған білімін іс жүзінде көреді, бұл олардың өз білімдерін тереңірек түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Мысалы, дүкенде белгілі бір затты сатып алу барысында ақшаны санау, жеңілдіктерді есептеу немесе әртүрлі бағаларды салыстыру сияқты математикалық тапсырмалар күнделікті өмірде жиі кездеседі. Б…

Құрылыс салу кезінде, мысалы, өлшеу, аумақты есептеу, бұрыштарды өлшеу сияқты жұмыстар арқылы математика күнделікті өмірде қалай қолданылатынын көруге болады. Бұл балаларға өз білімін практикалық жағдайда пайдалану дағдыларын үйретеді. Математикалық дағдыларды нақты өмірмен байланыстыру балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады, өйткені олар математика пәнінің тек мектепте ғана емес, сондай-ақ шынайы өмірде де маңызды екенін түсінеді.

Әлеуметтік қатынастарды, экономика, өнеркәсіп, ғылым салаларын үйрену барысында да математиканың рөлі айқын көрінеді. Балаларға әртүрлі салаларда математиканы қолданудың маңыздылығын көрсету олардың болашақ кәсіби таңдауына және өмір сүру дағдыларына да оң әсер етеді. Математиканы күнделікті өмірде қолдану баланың сыни ойлау қабілетін дамытады,

оларды проблемаларды шешуде шығармашылықпен ойлауға ынталандырады және өз бетінше шешім қабылдай білу дағдыларын қалыптастырады.

4. Топтық жұмыс: Топпен жұмыс істегенде балалар бір-бірімен пікір алмасып, математикалық тапсырмаларды бірге шешеді. Бұл әдіс оларды бірге жұмыс істеуге, қиындықтарды бірге жеңуге үйретеді. Сонымен қатар, топтық жұмыс оқушылардың өзара байланыс орнатуына және математикаға қызығушылығын арттыруға септігін тигізеді.

5. Проблемалық оқыту: Проблемалық оқыту әдісі — оқушыларды өз бетімен ойлануға, зерттеуге және шешімдер қабылдауға үйретеді. Оқушыларға тек дайын жауапты емес, мәселелерді шешудің жолдарын іздеуді үйрету маңызды. Мысалы, балаларға күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді (құрылыс, жоспарлау, сатып алу) шешуге арналған есептер беріледі, олар бұл есептерді өздігінен және топпен шешіп, нәтижесінде математикалық ойлаудың дамуына ықпал етеді.

Қорытынды

Бастауыш сынып оқушыларына математикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру — олардың білім алуындағы маңызды кезең. Бұл дағдылар балалардың логикалық ойлауын дамытуға, сандық және талдау қабілеттерін жетілдіруге, сондай-ақ болашақта әртүрлі пәндерде табысты болуы үшін қажетті негіз қалдыруға көмектеседі. Математиканы оқыту барысында ойындар, есептер, топтық жұмыстар, өмірмен байланыс сияқты әдістерді қолдану баланың қызығушылығын арттырып, математикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Әдебиеттер

1. Петрова Н. В. Математикалық ойлау дағдыларын дамыту. Алматы: Мектеп. 2016 ж.
2. Иманғазиева Г. К. Математика сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Алматы: Білім.2017 ж.
3. Воскресенская Н. П. Математика сабағында ойын арқылы оқыту әдістері. Мәскеу: Просвещение. 2015 ж.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Шымбергенова Ұлсая Оразбекқызы
Шымкент қаласы, №88 жалпы орта білім беретін мектебінің
информатика пәні мұғалімі

Резюме

В статье рассматривается использование игровых технологий в обучении информатике в школе. Описание различных видов игр, таких как компьютерные, ролевые, цифровые игры и тренажеры, подчеркивает их эффективность в обучении. Использование игровых элементов позволяет улучшить мотивацию учащихся, развивает их логическое и креативное мышление, способствует активному участию в учебном процессе. Описание методов применения игровых технологий на уроках информатики, таких как игровые задания и геймификация, демонстрирует, как это помогает сделать обучение более интересным и доступным для учеников.

Аннотация

The article explores the use of gaming technologies in teaching computer science in schools. It describes various types of games such as computer, role-playing, digital games, and simulators, emphasizing their effectiveness in education. The use of gaming elements enhances students' motivation, develops their logical and creative thinking, and encourages active participation in the learning process. The article outlines

methods of applying gaming technologies in computer science lessons, such as gaming tasks and gamification, demonstrating how it makes learning more engaging and accessible for students.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту әдістері мен технологияларының дамуымен бірге жаңа, заманауи тәсілдер де енгізілуде. Олардың бірі – ойын технологияларын қолдану. Информатика пәнін оқытуда ойын элементтерін пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін жеңіл әрі қызықты етуге көмектеседі. Осы мақалада ойын технологияларының информатика сабағында тиімділігін арттырудағы рөлі және оны қолданудың әдістемелері қарастырылады.

Ойын технологияларының мәні және маңызы

Ойын технологиялары – бұл оқыту процесінде ойын элементтерін немесе бүкіл ойын құрылымын пайдалану арқылы білім беру. Олар оқушыларға оқудың қиындықтарымен күресуге, тапсырмаларды орындауға, білімді практикада қолдануға мүмкіндік береді. Мұндай әдіс оқушылардың оқу процесіне белсене қатысуына ықпал етіп, олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Информатика сабағында ойын технологияларын пайдалану оқушылардың логикалық ойлау қабілетін, проблемаларды шешу дағдыларын, шығармашылықтарын дамытуға бағытталған.

Ойын технологияларының түрлері

1. Компьютерлік ойындар

Компьютерлік ойындар оқушыларға түрлі алгоритмдер мен бағдарламалау тілдерін үйретуде тиімді құрал ретінде қолданылуы мүмкін. Ойындар оқушылардың логикалық ойлауын дамытып, түрлі тапсырмаларды орындау барысында қажетті дағдыларды қалыптастырады. Мысалы, белгілі бір ойынның деңгейлерін өту үшін алгоритмдер мен командаларды дұрыс қолдану керек.

2. Диджитал ойындар

Диджитал ойындар, яғни компьютерлік ойындар, көбінесе оқу мақсатында дайындалады. Олар арнайы тапсырмалар мен жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Бұл ойындар оқушыларға бағдарламалау, есептеу немесе компьютерлік графика сияқты дағдыларды үйретуге бағытталған.

3. Рөлдік ойындар

Рөлдік ойындар арқылы оқушылар нақты жағдайларда өздерінің білімін қолданады. Бұл түрдегі ойындар оқушыларға тапсырмаларды шешу барысында білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, рөлдік ойындар топтық жұмыс дағдыларын дамытуға көмектеседі.

4. Тренажерлер мен симуляторлар

Информатика сабағында арнайы бағдарламалық тренажерлер немесе симуляторлар қолданылады. Бұл құралдар оқушыларға түрлі тапсырмаларды шешу үшін қажетті дағдыларды жаттықтыруға мүмкіндік береді. Тренажерлер оқу процесін ойын элементтерімен үйлестіре отырып, оқушылардың материалды жақсы меңгеруіне ықпал етеді.

Ойын технологияларын қолданудың артықшылықтары

1. Оқушылардың мотивациясын арттыру

Ойын технологиялары оқушыларды оқуға қызықтырудың жақсы құралы болып табылады. Олар оқу процесіне белсене араласуға, тапсырмаларды орындауға ынталандырады. Ойындар оқушыларды өзін-өзі сынап көруге, қиындықтарды жеңуге және жаңа нәрсені үйренуге мотивациялайды.

2. Креативті ойлау дағдыларын дамыту

Ойындар барысында оқушылар тек дайын білімді қабылдап қана қоймай, оны түрлі жағдайларға бейімдей отырып қолданады. Бұл олардың креативті ойлау қабілетін арттырады және проблемаларды шешу дағдыларын қалыптастырады.

3. Топтық жұмыс дағдыларын дамыту

Ойындар оқушылардың өзара қарым-қатынасын жақсартып, топтық жұмыс дағдыларын дамытады. Бұл әсіресе жобалық жұмыстарда немесе тапсырмаларды шешуде маңызды.

4. Қолданбалы дағдыларды дамыту

Ойын технологияларын пайдалану балаларға тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар оларды өмірде қолдану дағдыларын да үйретеді. Мысалы, бағдарламалау және логикалық ойлау дағдыларын дамыту, математикалық есептерді шешу ойындарында кездесетін нақты өмірлік жағдайлармен байланысты.

Ойын технологияларын информатика сабақтарында қолдану әдістері

1. Ойын тапсырмалары

Мұғалімдер сабақтарында ойын тапсырмаларын құра алады, мысалы, логикалық сұрақтар, алгоритмдер мен бағдарламалау тілдерін түсінуге арналған ойындар. Оқушылар тапсырмаларды орындау барысында білімдерін пайдалана отырып, жаңа ақпаратты меңгереді.

2. Топтық ойындар

Оқушылар топтарға бөлініп, әрқайсысы өз міндеттерін орындап, бірлесіп жұмыс істейді. Бұл әдіс топтық ынтымақтастықты және ұйымшылдықты дамытуға мүмкіндік береді.

3. Ойын платформалары мен бағдарламалық құралдар

Оқушыларға арнайы ойын платформаларын немесе бағдарламалық құралдарды пайдаланып, нақты жобалар мен тапсырмаларды орындау ұсынылады. Мысалы, Scratch немесе CodeCombat сияқты платформаларда балалар код жазуды және бағдарламалау тілдерін үйренеді.

4. Геймификация

Геймификация әдісін пайдаланып, мұғалімдер оқушылардың жетістіктері үшін ұпай жүйесін немесе марапаттарды енгізе алады. Бұл оқушыларды оқу процесінде белсенді болуға ынталандырады.

Қорытынды

Ойын технологияларын информатика пәнін оқытуда қолдану – бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың білімін практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік беретін өте тиімді әдіс. Ойындар оқушыларға жаңа ақпаратты жеңіл әрі қызықты түрде меңгеруге көмектеседі, сонымен қатар олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Бұл әдіс қазіргі заманғы білім беру жүйесінде маңызды рөл атқарады және оқу процесін жетілдіруге бағытталған маңызды құрал болып табылады.

Әдебиеттер

1. Gee J.P. What video games have to teach us about learning and literacy. Computers in entertainment (CIE), 1(1), 20-20.2003.

2. Deterding S., Dixon, D., Khaled R., Nacke, L. From game design elements to gamefulness: defining" gamification". Proceedings of the 2011 annual conference extended abstracts on Human factors in computing systems, 2425-2428.2011.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУ ТӘСІЛДЕРІ

Естаева Мәлика Әбдірәсілханқызы
Шымкент қаласы, № 49 жалпы орта білім беретін мектебінің
математика пәні мұғалімі

Резюме

Решение логических задач на уроках математики оказывает значительное влияние на развитие критического мышления и аналитических способностей учащихся. Логические задачи не только обучают детей арифметическим навыкам, но и развивают их творческое мышление, навыки решения проблем и систематическое мышление. Такие задания помогают учащимся развивать абстрактное мышление, а также дают глубокие знания для понимания и применения математических теорий. В данной статье рассматриваются методы и способы решения логических задач, а также пути их эффективного использования.

Annotation

Solving logical problems in mathematics lessons has a significant impact on the development of critical thinking and analytical skills in students. Logical problems not only teach children arithmetic skills but also develop their creative thinking, problem-solving abilities, and systematic thinking. These tasks help students develop abstract thinking and provide deep knowledge for understanding and applying mathematical theories. This article discusses methods and techniques for solving logical problems and ways to use them effectively.

Математика пәні мұғалімі
«Ақыл – ойды тәртіпке келтіретін математика, сондықтан оны оқу керек»
М.ВЛомоносов

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білімнің, іскерліктің болуын қамтиды. Оқушының белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты арнайы педогогикалық әдістермен мақсатты және жүйелі түрде оқушылардың 466 интеллектік, шығармашылық ойлауын дамыту, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру. Әр адамның бойындағы туғаннан пайда болған интуициясын әрі қарай дамытуға ықпал ету, оқушының табиғи қасиеттерін, математикалық білімін тереңдету үшін оқытуды жоспарлы түрде ұйымдастыру, өз бетінше білім алу дағдыларының дамуына негізін салу болып табылады. Математиканы оқыту арқылы мәселені талдай білуге, нақтылауға, ұғымдарды анықтауға, ой қорытулар жасауға, дәлелдеуге тағы басқа іс – жүзінде қадам сайын логикалық білім беріледі. Математиканың өмірмен байланысы анық. Миды жаттықтыру үшін адамға математиканы үйрену, есеп шығару, математиканың бүкіл заңдарын басқа ғылымдарды оқығанда пайдаланады. Біздің өміріміздегенің бәрі бір – бірімен өзара байланысты. Тіршілік құбылыстарын бір – бірінен бөліп зерттеуге болмайды. Математиканың басқа ғылымдармен байланысын анықтайық. Оның химиямен, физикамен, биологиямен, информатикамен тығыз байлыныстылығында дау жоқ. Ал тарихпен ше? Тарих толығымен даталардан және оған сәйкес оқиғалардан тұрады. Оларды есте сақтау үшін ойлау қабілеті немесе оқиғалардың логикалық тізбегін қадағалай білу қажет. Географиямен байланысына келсек, қалалардың ара қашықтығын анықтағанда масштаб, қолда бар карталар есепке алынады, қарапайым математикалық есептеулер арқылы қажетті деректерді алуға болады. Әдебиетпен байланыстыа көз алдымызға логикалық ойлау қабілеті жақсы дамыған адамды келтіреді. Егер ол шығарманың авторын жақсы білмесе де, оның туған жылын, дүниеден өткен жылын білу арқылы сол уақыт арасында болған оқиғаларды логикалық түрде ұштастыра алады. Мұндай логикалық ойлауды логикалық және математикалық есептердің көмегімен жүргізу керек. Логика дегеніміз - спортшыға да,

бишіге де, жазушыға да керек. Өз атыңды, сезіміңді логикалық тұрғыда жеткізе білу де үлкен өнер. Ой - әрекетті дамыту үшін оқу материалдарына теориялық талдау жасауға, өз бетінше қорытындыға келуге айрықша мән беріледі. Өз бетімен, кітаппен жұмыс жасау оқу материалдарының қандай түрлерін есте сақтау керектігін білуге, өз бетінше білімді тәжірибеде пайдалану дағдысын арттыруға мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар қарапайымнан басталып, біртіндеп қиындап оқушылардың танымдық қызметін жақсартады. Логикалық есептерді шығаруда шығармашылықпен жұмыс істеу әрбір оқушыға тиімді дер едім. Ең бастысы шығармашылықпен жұмыс істеген адамның өзіне және өз ісіне деген сенімі, жауапкершілігі артады, іскерлік дағдысы қалыптасады. Математиканы оқып – үйрену, есеп шығаруды үйрену үшін ғана емес, кез – келген проблеманы шеше білуге, өз қабілетіңді жетілдіру үшін де қажет. Сондықтан, «Мен ақша санаймын, өз кірісім мен шығысымды есептей аламын, одан өзге математиканың маған қажеті шамалы» деуге болмайды. Егер олай десеңіз, адам өмірінің мәнін түсінбегеніңізді көрсетесіз, өмір деп отырғаныңыз шын мағынасында өмір емес, жай ғана тіршілік болады. Біз тек сол үшін жаратылған жоқпыз, бізге ақыл – ой сол үшін берілмеген. Біз өз өмірімізді мәнді қылып, барлық жетістіктерге жету үшін табиғаттағы барлық білімді пайдалана білуіміз керек. Адамның ерекше қасиеттерінің бірі - есепті дұрыс шеше білу. Менің мақсатым - әр түрлі қиындықтағы есептердлі дұрыс шығара білуге үйрену. Біздің заманымыз ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Сондықтан әрбір мектеп оқушысының алдында тұрған міндеті – қазіргі заманғы математикалық логиканың негізін түсіне білу, логикалық есептерді шеше білу. Математикалық логиканы білмейінше, оны ойдағыдай меңгеру қиын. Өйткені бүгінгі күні ғылым мен техниканың қарыштап дамуы ол адамның ойлау қабілетінің ең 467 ірі жетістіктері болып табылуда. Арнайы формуланы қолдануға келмейтін әрқайсысына өзінше талдау жасауды қажет ететін есептерді логикалық есептер дейміз. Математиканың ғылым және пән ретінде дамуына логиканың әсері мол. Логика заңдары мектеп математикасы ұғымдарының жүйесін құру кезінде, оқыту құралдары жүйесін жасағанда кеңінен қолданылады. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл оқушыларды түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге қалыптастырады. Бұл есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Логикалық жаттығуларды орындау: 1. Оқушылардың математикаға қызығушылығын арттыру; 2. Оқушылардың математикалық қабілеттерін, іздену дағдыларын арттыру; 3. Математика сабақтарында өз бетімен әрекет ете алатын ізденгіш жеке тұлға қалыптастыру; 4. Математикалық ойлауын тереңдету; 5. Логикалық ойлау қабілетімен есептеу дағдыларын жетілдіру; 6. Ғылыми-көпшілік әдебиеттерді өз беттерімен пайдалана білу және т. б. мақсаттарға жетуін көздеу. Қорытынды Математиканы оқыту процесінің мақсаты – жеке оқушының есеп шығаруын дамыту және математикалық ойлау қабілетін арттыру үшін мектептегі білім сапасын арттыру болып табылады. Математика пәні мазмұны ғылым жетістігіне сай болып, оны түсініп қолдануға және әрі қарай дамытуға жағдай жасайтындай болуға және де басқа ғылымдарды жай ғана меңгерту емес, жеке тұлғаның интеллектуалдық қорын ұлғайту. Математиканың ерекше орны басқа ғылымдарды меңгеруде негіз болатын ойлаудың сапалық та, сандық та дамуына әсер етуінен көрінеді. Бұл мақсатта дұрыс ойлап шығарылатын - логикалық есептер түрлері мен оны шешудің әртүрлі әдістерімен танысады.

Әдебиеттер:

1. Бейсеков Ж., Нуржигитова Г. Параметрлі және логикалық есептерді шешу. - Шымкент, 2011ж.
2. Математика - логика. Шымкент, 2010ж.
3. Математика және физика журналы №2.2005 ж.

БАСТАУЫШ СЫНЫП МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы
акционерлік қоғамының
Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша
Кәсіби даму институты» филиалының аға оқытушысы
Тастанова Лаззат Амзеевна
Түркістан облысы Шардара ауданы
№1 М.Әуезов атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі
Туребекова Гулай Абдухаликовна

Аннотация:

Цифровое образование способствует созданию педагогических и психологических условий для всестороннего развития будущих поколений, раскрывая их способности, творческий потенциал и свободу развития. Это доказывает свою полезность в формировании компетентных, талантливых и успешных личностей.

Abstract:

Digital education contributes to creating pedagogical and psychological conditions for the comprehensive development of future generations, unlocking their abilities, creative potential, and freedom of growth. Its benefits are proven in shaping competent, talented, and successful individuals.

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деп баса көрсетіп отыр. Бәсекелестіктің жоғарғы қабілетіне жету үшін заманауи, әрі тиімді білім беру жүйесін қолдау керек. Цифрландырудағы негізгі мақсат – бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту. Ең бастысы – білім беру сапасын арттыру. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде жасанды интеллект және ауқымды деректер жасау саласында бәсекеге қабілетті болуға тиіс. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев атап көрсеткендей, елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы. Білім сферасындағы цифрландырудың ең басты міндеті – білім беру сапасын арттыру, яғни халықаралық дейгейде әртүрлі салаларда, оның ішінде «жасанды интеллект» және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті Ел жастарын дайындау. [2]Яғни, негізгі талап — оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық және құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуетінің ақпаратты сауатты болып өсуімен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу. Заманауи бала электронды мәдениет әлемінде өмір сүреді. Мұғалімдер оқушыларға әр түрлі оқыту стратегияларын емес, ең алдымен, оқу-тәрбие процесінде цифрлық білімдік ресурстарын пайдалануды толық меңгерту қажет.Цифрлық білім беру ресурстары – бұл сабақта электрондық оқытуды немесе үйде өзіндік дайындықты іске асыру үшін арналған цифрлық форматтағы дидактикалық материалдар. Цифрлық білімдік ресурстардың мазмұны пәннің оқу бағдарламасына және Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру мемлекеттік жалпы міндетті стандартына сәйкес болуы тиіс. Сондықтан цифрлық білім беру ресурсы – бұл

заманауи оқушының мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған, графикалық, сандық, тілдік, музыкалық, видео, сурет және басқа да ақпараттан тұратын ақпарат көзі. Цифрландырылған оқыту барысында сандық оқыту құжаттары, комьютерге арналған ойындар, мерзімді электронды құралдар, оқу құралдары мен оқу порталдарын құрастыру көзделуі керек. Олар оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиялық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды. [1]Бастауыш сыныптарда математиканы оқыту мектепке сабақ және сабақтан тыс жүргізілетін сабақтар формасында жүзеге асырылады. Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға,олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты.Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасап, белсенділігін арттырғандығынан олардың пәнге деген ынтасы өседі. Оқушыларды өз бетімен ойлауға тәрбиелеп, математикаға деген ынтасын арттыру үшін оқыту әдістерін дұрыс таңдап алудың маңызы зор. Оқудың белсенді әдістерінің бірі – оқушыларға өз бетімен жұмыс істете білу.

Барлық сабақтың елеулі бөлігінде өз бетімен жұмыс істегенде оқушы жұмыстың мақсатын айқын түсіне білуі, оны орындауы, тексеруі және қателіктерді түзетуі сияқты өз бетімен істелетін жұмыстың жалпы әдістерін бірте-бірте игеріп алуы тиіс.Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамассыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.Өзіндік жұмыс үшін оқулықтан берілген жаттығулармен қатар көбінесе тақтаға жазылған, сондай-ақ қалталы полотноға белгіленген тапсырмалар ұсынылады. Өзіндік жұмыс үшін кейде тапсырма әрбір оқушыға жеке түрде беріледі. Бұл жағдайда тапсырмаларды әр оқушының шама-шарқын ескере отырып, сораптауға болады. Сонда жұмыстың өз бетімен орындалу дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етіледі. Өзіндік жұмысты сыныпта жүргізу оқушыларға дағдыларын игертеді және олардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Өзіндік жұмыстарды жүргізгенде тапсырмаларды карточкалар бойынша ұсынған тиімді. Мұнда оқушылардың жеке дара ерекшеліктері және үлгерім деңгейлерін барынша ескеру мүмкін болады. Оқушыларды жалықтырып жібермес үшін, өзіндік жұмыс түрлерінің өзгермелі болғаны жөн.

Бүгінде цифрлық білім беру серфистері мен платформалар түрі күн санап артуда. Бұрынғы уақытта сабақтарға тек электронды оқулықтар мен электронды карталар, бейнесабақтар қолданылса, кейін пандемия кезеңінде білімді қашықтан алуға байланысты білім беру платформалары мен сервистерінің түрі де, ауқымы да кеңейді. Бүгінде оқушының қызығушылығы мен білім талабына сай сабақтың өн бойында, яғни барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Ұйымдастыру кезеңі, негізгі бөлім, кері байланыс пен рефлексия, білімді бағалау кезінде оқушылардың білім, білік, дағдыларын дамыту мен оқу прцесін ұйымдастыруда үлкен маңызға ие.

Бүгінде цифрлық білім беру ресурстарын оқушының жас ерекшелігін , қолдану аясы мен мүмкіндігін ескере отырып, өз сабақтарыма қолданатын цифрлық платформалар мен сервистерін түріне тоқталып өтейін:Білім алушылар үшін: Wordwall, Plickers, Educaplay, Bouncy Balls, Learningapps; Quizizz, Kahoot, ZipGrade, Google Forms, Google Maps, Padlet

платформаларын қолданудың тиімділігі мен артықшылықтарына көз жеткіздім.Математика сабағында цифрлық білім беру ресурстарын қолдану оқу материалын меңгертуге ғана емес, сонымен қатар оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын туғызып, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Мектеп мұғалімдері үшін цифрлық платформалар мен сервистерді пайдаланудың тиімділігі:
— оқушының өз бетімен жұмысына;
— уақытын үнемдеуге;
— білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруде;
— қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
— қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
— экономикалық тиімділігі;
— қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
— оқушының ой-өрісін дүниетанымың кеңейтуге де ықпалы зор.
Сабақ бере отырып, цифрлық білім беру ресурстарының ішінде математика пәнінен сабақ үрдісінде үнемі қолданып жүрген Wordwall платформасын пайдалану мен тапсырмалар құрудағы артықшылықтарына тоқталып өтер болсам:
Wordwall — интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функционалды құрал. Көптеген шаблондар интерактивті және баспа түрінде қол жетімді. Wordwall платформасы – өзіңіздің оқу ресурстарыңызды құрудағы қарапайым тәсіл. Ұстаздар мен оқушыларға арналған ойын тапсырмаларын құруға көмекші платформа болып табылады. Мақсаты – оқу мотивациясын арттыру үшін интерактивті және баспа материалдарын жасау болып табылады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологияның көмегімен оқу процесін осы платформа арқылы тиімді етуге болады. Wordwall қызметінің артықшылықтарының бірі – бағдарламада көптеген тілдерде интерфейсі бар. Ресурс мұғалімдерге әртүрлі пәндер бойынша дайындық үшін көптеген интерактивті жаттығулар мен тренажерлерді пайдалануға мүмкіндік береді! Әр ойынның шарты мен мазмұнын өзгертуге, толықтыруға болады. Сонымен қатар, бүкіл жер шары бойынша әріптестерідің дайын әзірлемелерді пайдалану мүмкіндігі бар. WordWall бағдарламасын пайдалану оңай және оған интерактивті тақта үшін де, жаттығулар үшін де оңтайлы компьютерлерде жеке жұмыс істеу үшін арнайы бағдарлама қажет емес. Кіріктірілген іздеуші суреттерді автоматты түрде табады және ұсынады. Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып дайын шаблондарға тапсырманы түрлендіріп сала отырып, сабаққа дайын көрнекілік құрал, дидактикалық тапсырма ретінде пайдалана аласыз. Платформаны пайдалану барысында көптеген артықшылықтары мен тиімділігін көріп, күнделікті сабақ беру құралыма айналдырдым. «Салыстыру», «Артығын тап», « Кездейсоқ сандар», «Анаграмма», «Викториналар», «Сөзжұмбақ», «Толықтырып жаз», «Математикалық диктант», «Колесо» және ашық, жабық сұрақтардың барлығын бір платформа көмегін бір рет жасау арқылы сабақтарды күнделікті түрлендіріп отыра аласыз. Мұғалім уақытын айтарлықтай үнемдейді. Бұл платформаны таңдауымдағы басты ерекшеліктері:

1. Көптеген сабаққа арналған әдіс-тәсілдер;
2. Оқушыларға қосымша телефон, планшет, компьютерлерді қажет етпеуі;
3. Әдемі, әрі түсінікті, жеңіл интерфейс;
4. Тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді ету;
5. Тапсырмаларды жылдам құру және өзгерту;
6. Платформаны тегін қолдану;
7. Оқушы алған білімін жүйелейді;
8. Оқу материалын деңгей, уақыт, көлеміне қарамастан меңгереді;

9. Оқушы тапсырманы бірнеше рет орындау арқылы жақсы нәтижеге жетеді;
10. Жалпы оқуға деген мотивация пайда болады

Күнделікті сабақ барысында мен осы платформаның өзім жасаған ойын түрлерін көп қолданамын. Wordwall платформасында сабақтың ұйымдастырушылық, қайталау, жаңа тақырыпты игеру, бекіту, қорытындылау, үй тапсырмасын сұрау, талдау кезеңдерінде, білім бақылауда, оқушының қызығушылығын , оқуға танымдық қасиетін оятуға үлкен мүмкіндік береді. Сонымен қатар обьективті бағалауға, оқушының еркін сезінуіне, ақпараттық – коммуникациялық мәдениетінің деңгейі өсуіне жағдай жасайды. Бұл платформада қолданған ойын түрлерін қашықтықтан оқыту кезінде немесе оқушы сабақты жіберіп алған кезінде де сілтеме арқылы оқушыларға бір мезетте таратып, оқушының қызығушылықпен орындап, кері байланысқа шығып, пәнге қызығушылығы пайда болғанын бірден байқай аласыз. Жалпы платформаны қолданып көру барысында кез-келген мұғалім артықшылықтары мен тімділігін көре алады. Мен математика пәнінен бірнеше тапсырмалар және ойын түрлерін құрастырдым. Платформаға тіркелу тегін және компьютер және ноутбугіңіздегі https://wordwall.net/ru сайты арқылы өз аккаунтыңызбен тіркеле аласыз. Егер сізге платформа кең көлемде қажет болса, сыныптар бойынша тапсырмалар жинағын жасағыңыз келсе, тапсырмаларды түрлендіріп, күрделірек тапсырмалар жасағыңыз келсе ақылы түріне тіркеліп, тапсырмалар мен ойындарыңызды құрып алғасын, ай сайынғы төлемді алып тастап қолдана бересіз.Бұрынғы алған сервистеріңіз келесіде ешқандай ақысыз сізге тапсырмалар құруда қолдануға жарай береді. Математика пәнінен сабақ беретіндіктен және оқушылардың төменгі сыныптан келе бірден сабақтың күрделелігін ұнатпайтынын ескере отырып, сабақтарымды қызықты етіп түрлендіріп өткізу мақсатында түрлі цифрлық платформалар мен сервистерді пайдалана бастадым, әрбір платформаның өз артықшылықтары мен кемшіліктерін, сабаққа тиімділігін зерттей отырып, мен осы платформаны таңдап, күнделікті сабаққа тапсырмалар дайындап әкеліп қолдана бастадым. Wordwall платформасының оқушыларға қатты ұнағанын, оқушылардың «апай тапсырмалар орындайықшы» деп асыға күтетіндіктерін, тапсырмаларды орындауда сынып түгел қамтылатындығын, үнсіз, тыныш оқушының өзі тапсырмалар мен ойындар кезінде белсенділік танытатын ескеріп, осы платформаны таңдап алып 4-сыныпқа арналған «Математика» оқулығы бойынша (оқулық авторлары Ақпаева Ә.Б.-АлматыКітап баспасы) тапсырмадан тұратын жинақ құрастырып, күнделікті сабақтарыма пайдаланып келемін. Платформадағы тапсырмалар мен ойын түрлерінің алуантүрлілігін ескере отырып, тапсырмаларды да түрлендіріп, жас ерекшелігін ескере отырып, оқулық пен күнтізбелік – тақырыптық жоспарды сәйкестендіре отырып, тапсырмаларды түрлі-түсті, қызықты сервистер мен шаблондарды қолдана отырып жасадым. Осы ресурстың көмегімен әр баланың мүмкіндіктерін ескере отырып, интерактивті немесе баспа жаттығуларын жасау арқылы оқуды саралау мен жекелендіруді ұйымдастыруға болады. Тапсырмалар орындау барысында оқушы тез шешім қабылдауға, сабақтағы негізгі ұғымдар мен анықтамаларды жаттап жүруге, есте сақтау дағдыларын дамытатына бірден көз жеткізесіз.

Wordwall интерактивті тапсырма құру сервисін қолдану төмендегідей мақсатты көздейді:

— оқушылардың ақпаратпен жұмыс жасау іскерлігін қалыптастыру арқылы коммуникативтік қабілеттерін, ақыл-ойын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту
— алған білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдануға үйрету.
— оқу мотивациясын арттыру;
— оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту;
— сабаққа дайындық кезінде оқушылардың дербестігін ынталандыру;
— білім беру сапасын арттыру;

— оқу процесін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін жетілдіру.
Өз оқыту тәжірибемізде осы платформаны пайдаланудың келесі артықшылықтарын атап өтсек:

1. Ойын түрінде ынталандырушы тапсырмаларды құру.
2. Оқушылардың білімін үздіксіз бақылау үшін қарапайым және жылдам қолдану.
3. Барлық пәндер үшін қолайлы.
4. Интерфейс тілін өзгерту мүмкіндігі.
5. Үлгілерді жылдам өзгертуге және осылайша жаңа тапсырмалар жасауға болады.
6. Сіз басқа платформаларда кездеспейтін бірегей үлгілерді пайдалана аласыз.
7. Тапсырмаларды тексеру үшін мұғалімнен қосымша уақыт қажет емес, өйткені оқушы өз білім деңгейін көз алдында анықтап береді.

Бастауыш сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстрактциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.
2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.
3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорытындылай келе, мұғалімдердің кәсібилігіне қойылатын талаптар да артып келеді – енді оларға материалды аралап өтіп, таныс маршрут бойынша дәріс оқу жеткіліксіз. Олар заманауи оқыту әдістері мен барлық жаңаша инновациялық, сандық технологиялар мен платформаларды қолдана білуі керек – қазір бұл пәнді білуден гөрі маңызды. Жиырма бірінші ғасыр мұғалімі оқушыларға әмбебап дағдылар мен дағдыларды нақты мәліметтерге орналастыру арқылы дамытуға көмектеседі. Wordwall – жаңа білім беру стандарттарын енгізу жағдайында жұмыс істеуге және оқу үдерісін жүзеге асыруда алдында тұрған міндеттерді шешуге ұмтылатын мұғалім үшін нағыз қазына.

Wordwall платформасымен білім беруде пайдалану балалардың сабаққа, тәуелсіз жұмыс түрлеріне деген қызығушылығын арттырады, олар сабақтарда белсенді жұмыс істей бастайды, өз сайттарын құруға тырысады, көптеген проблемалық тақырыптар бойынша өз ойын еркін жеткізуге, үй тапсырмасын өз бетінше орындауға, мұғалімдермен кері байланыс тудыруға керемет құрал болып табылады. Wordwall-ды сабақта пайдалану білімді жақсы түсінуге және меңгеруге, сонымен қатар материалды тиімді бекітуге ықпал етеді. Оқушылар білімін жедел

бақылауға ықпал етеді және соның нәтижесінде оқытудың тиімділігін арттырады. Осы Wordwall платформасын өз сабақтарымда қолдануда жеткен нәтижем:

1. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы артты;
2. Уақыт үнемделеді;
3. Білім сапам артты;
4. Барлық оқушылар бағаланады;

Мұғалімдердің өздері «ғұмыр бойы оқып үйрену» қағидасын ұстана отырып, әлі күнге дейін белгісіз әлемді ашуға, ашушыларға айналады, балалармен бірге оқиды, бір-бірімен жинақталған тәжірибесімен бөліседі, әріптестеріне көмектеседі, дау-дамайда шындықты табады және ерте ме, кеш пе сенеді, бірақ олар «тікенектен Жұлдыздарға» өтеді.

Пайдаланған әдебиеттер мен сілтемелер:

1.«Цифрлық білім беру ресурстары математика сабағында» әдістемелік нұсқаулық. Р.Саттибаева, 2019ж
2. «Егеменді Қазақстан» ақпараттық сайты
3. «EDUNEWS.KZ» ақпарат агентігі
4. https://wordwall.net/ru/ платформасы
5. Аймағамбетова Б. Көңілге қонған көрнекілік / Б. Аймағанбетова // Бастауыш мектеп. — 1989. — № 8.-14-17 бет.
6. Бантова М.А. Бастауыш кластарда математиканы оқыту методикасы / М.А. Бантова .- Алматы: Мектеп, 1978.

МАТЕМАТИКАДАН ӘРТҮРЛІ ДЕҢГЕЙЛІ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДА WOLFRAM ALPHA-НЫ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Джораева Калжан Молдабековна
Түркістан облысы, Түркістан қаласы "Кешкі мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің математика пәнінің мұғалімі

Резюме

4. Жұмаділова Н. «Бастауыш сыныпта логикалық есептерді қолдану». – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МҰРАЛАРЫ (гуманитарлық бағыт)

ӨНЕГЕДЕН ӨЗЕК ТАРТҚАН ӨЗАҒА

Қанат Тұяқбаев

Қасиетті Отырар топырағы дүние жүзі өркениетіне көптеген ұлы даналармен қоса, әлемнің екінші ұстазы атанған, Әбу Нәсір әл-Фарабиді, қазақ халқы «қазақ вальсінің королі» деп аялаған Шәмші Қалдаяқовты, этнограф ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековті де дүниеге келтірді. Ғасырда бір туылатын қайраткерлер болады. Өз еңбегіне бәлсінбеген, біреулерден бағасын беруді өтінбеген, қазақ халқының мәдениетінің, әдебиетінің, салт-дәстүрінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан, сондай жанның бірі Өзбекәлі Жәнібеков еді. XX ғасырдағы қазақ өркениетінің шарықтау тұстарын ол кісісіз көзге әсте елестете алмаймыз. Мен білетін Өзекең адамды кескін-келбет, түсіне, мінезіне қарап емес, лайықты бітірген ісіне қарап бағалайтын. Сондай-ақ, рушылдыққа бұрушылықтан өзін аулақ ұстайтын, Кеңестік керенау жүйенің өктемшілдігінен ықпай, әділеттің ақ жолынан таймаған ондай жандар халыққа жаққанымен билікке жақпай, Кеңестік құрсау-қалыпқа мойынұсына қоймағандықтан көптеген қиыншылыққа кезікті. Бірақ, «тасқа салып кетілген, қайрауға салып жетілген» қайран Өзағам, ешбір мойымай қай қызметте де барын аямады, Республика комсомолының көшбасында тұрғанда ол кісінің демеуін сезінбеген ақылын тыңдамаған өнер иесі кем де кем десе де болғандай. Тұңғыш рет Қазақстан комсомолы сыйлығын тағайындатуы өз алдына бір жыр.

Ол қазақ тілінің шын мәніндегі жанашыры бола білді. Тілдің қадір-қасиетін, дыбыс үндестігінің соншалық әуезділігін, қисапсыз сөз байлығын терең сезінген Өзекең өзгеден де соны талап етті.

Нәтиже шығару үшін ең алдымен өз тіліңді, мәдениет пен ел тарихын білуің қажет – деген қағиданы әріптестеріне, шәкірттеріне немересіне жиі-жиі айтып отыратын, ағаның бұл талабы – әлі күнге күн тәртібінен түскен емес. Оның ойы ұшқыр, қаламы жүйрік еді. Республика Орталық Комитетінің хатшылығында жүргенде шығыс халқының төл мерекесі – әз Наурыздың араға жылдар салып оралуына Өзағаңның мұрындық болғанын бұл күнде біреу білсе, біреу білмес. Хатшы болып тағайындалғанына небәрі он күн толғанда М.Шаханов, Р.Бердібай ағаларымыздың ұсынысын жүзеге асырып, 1988 жылдың көктемінде мереке алғаш тойланған-ды. Ол кезде отаншылдық мүддесіне сәйкестеп, тарихи тақырыпты игеруге де жете мән берілмей келді. Әйтпесе, «қара қылды қақ жарған» Әйтекенің жарқын бейнесі, қазақ жұртының қамымен біте қайнасқан Төленің кемеңгерлігі, талай рет қазақ делегациясын басқарып, Қытаймен, Ресеймен, Жоңғар қалмақтарымен жүргізілген келіссөздердің дем берушісі болған, дәуірінің асқан дипломаты Қаз дауысты Қазыбектің тапқырлығы, Абылай дәуірінің бірден бір әскери стратегі дәрежесіне көтерілген Қанжығалы Бөгенбайдың ерлігі шығармашыл қауым үшін дайын тұрған тақырып емес пе? деп жазушыларға, журналистерге ой тастап отыратын. Бұл өз ұлтын, халқын, оның тарихын көзсіз сүйетін жанның сөздері еді.

Мәдениет және оған қатысты барлық саланың басында шаршауды білмейтін, қиындықтан мойымайтын ол кісі жүрді, әсіресе Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының жәдігерлерін жинақтауда өлшеусіз рөл атқарды. Қайраткер Руханият үшін жаратылған Өзағаң бұған дейін алыс-жақыннан келушілер дұға оқып кететін қасиетті орынды әлемге әйгілі етті. Түркістанға шетелдерден жүздеген туристер келе бастады. Д.А.Қонаевтың пәрменімен, Ө.Жәнібековтың ұсынысымен Министрлер Кеңесінде «Түркістан қаласының әлеуметтік және экономикалық дамуы» жөнінде қаулы қабылданды. Ал, сексенінші жылдары Мәскеуде өтетін сьездер мен сессияларға Түркістаннан сайланған делегаттар мен депутаттардың атынан

Тайқазанды қайтару жөнінде бірнеше дүркін ұсыныс хаттар жөнелтілді. Бұл істің басында Өзағаңның тұрғаны ол кезде ашық айтылмаса да, сол кісінің тапсырмасы екенін біз, екі-үш шәкірттері білетінбіз.

Өзағаң қай қызметте болмасын ел мәдениетін алғы шепке қойған жан-ды. «Торғай әуендері», «Адырна», «Сазген», «Алтынай» секілді ұлттық ән-би ансамбльдерін тікелей құруға мұрындық болған. Ол ұжымның әр күнгі дайындықтарына қатысып, ой-пікір білдіргені үлкен қоғам қайраткерінің өте қарапайымдылығынан шығар бәлкім. Солай дегенмен де, әрбір шығарма иесіне қойылар қатаң талабын да жоққа шығаруға болмайды.

Ол «Қазақта би болмаған», «Ер-азаматтар жалпы билемеген» - дейтін жаңсақ пікірдің тамырына балта шапқанның бірі. «Жезтырнақ», «Бала бүркіт», «Қазақтың қалмақ биі», «Құсбегі» сынды билерге түсініктеме жазып, оны ән-би ансамбльдерінің бағдарламасына енгізді. Қазақ биі туралы монографиялық еңбек жазған тұлғаның әттеген-айға толы ғұмыры ерте үзілмегенде қыруар тірлік атқаратынын байыптай беріңіз. Осы тұрғыдан алып қарағанда, біз зерттеуші Л.Сарынованың: «Қазір ізі табылған ежелгі халық билері, осы кезде айтылып жүргендей, «тұрпайы билердің бастамасы» немесе «билеу элементтері ғана» емес, белгілі жүйеге келтірілген, бірақ мәнерлі тәсілдері патриархалды-феодалдық қоғамның мәдени дәрежесімен айқындалған дәстүрлі би өнерінің нағыз өзі болып табылады»,-деп жазған еді.
Тіптен, мұның барлығын былай қойғанда, «бұрын қазақта би болмаған» деп есептейтін кейбір мамандарға жауап бере келе, халқымыздың ұлы перзенті, әлемге аты әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтың Шымкент тұрғындарымен бір кездескенде: «бұрын халық арасында ақын-жыршылармен, әнші-күйшілермен қатар ел қыдырып, ежелгі халық билерін орындаған ортекешілер де болған»-деген еді. Сонымен бірге, Өзбекәлі аға көптің алдында өз өнерін талқыға салатын өнерпаздардың киіміне де аса көп мән берді.

«Ерлік-елдіктің белгісі» деп бұрынғылар босқа айтпаған. Алтайдан Атырауға, Оңтүстік Сібірден Тянь-Шаньның теріскей сілемдеріне дейінгі ұланғайыр кеңістікті кеңінен жайлап өмір сүрген қазақтың ежелден-ақ еркіндікті, елдікті аңсағандықтан жауынгерлік рухы, мінез құлқы, табиғи болмысы өз жұртын іргелі ел ретінде сезініп, Ресей, Қытай мен Кіндік Азия елдері аралығында оқшауланған, тәуелсіз мемлекет құратын тұсымен, әсіресе арагідік үзілістермен екі жүз жылға созылған жоңғар қалмақтарымен жойқын шайқаста өзі жасақтаған атты әскерінің тұяғының дүбірімен қалыптасты. Қазақ мемлекеттігі деген түсініктің біз үшін аса маңызды Азаттық, Теңдік, Бірлік, секілді париттеттердің қатарынан көріне беретін себебі міне, осында жатыр» деген Өзағаңның бұл айтқандары бейне бір ақ жауын секілді, төгіле береді, төгіле береді.

Өзекең «Халқым», «Ұлтым» дегенде түлеп ұшқан ұясы бірінші кезекте тұратын, сондықтан Көне Отырар қалашығын зерттеуге көп көңіл бөлді, «Отырар өркениеті» деген тақырыпты ғылыми айналысқа енгізді. Бәлкім содан болар ұлтжанды, елжанды азаматтарды айналасына топтастыруға ұмтылды. Тарыққанға тірек, жабыққанға жақсы аға болды. Қазақстанда оның алақан табын сезінбеген бірде бір музей жоқ. Сақ, Ғұнды қоса қамтыған қазақ мәдениеттануының тұтас бір галереясын жасады Өзағамыз. Тайқазанды елге оралтып, ырысымызды тасытты. «Әзірет Сұлтан» қорық мұражайының сирек кітаптары мен қолжазба қорын толықтырып байытты, қаншама ел ішінде елеусіз жатқан жәдігерлердің шаңын сүртіп мұражай төрінен орын әперді.

Қайран ағам-ай «Әсіресе, кейіннен қазақтың «бес арысы» атанып кеткен Құдайберді-ұлы Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Міржақып Дулатовтың «ісін» қайта қарайтын Орталық Комитеттің Коммиссиясы жұмыс істей бастағанда «алашордашыларды ақтап жатыр» деп менің өзіме шабуыл жасағысы келгендер неден де болса, тайынатын емес еді». Бұл Өзағаңның өзегін өксіткен өкініш, жүрегін жаралаған

жанайқайдан туған жолдар еді, әйтпесе 1937 жыл емес, кеңестік жүйенің әлсіреген тұсы емес пе. 1991 жылдары сол көре алмастар ақыры Өз ағадай ғұламаны аяғынан шалды. Лайықты қызмет бұйырмады. Кешегі «жалпақшешей» боп алдында жортақтағандар жонын көрсетті. Баладай аңғал жүректі аға өзі қанша сыр бермеймін дегенмен денсаулығы сыр бере бастады. Жазылмас дерт жамалды. Бойдан әл кеткенше қаламы қолынан түспеген азамат ең болмаса халықтың ән-күйі, биі, ұлттық киімі, қолөнер шеберлігін зерделі зерттеген еңбегін аяқтауды алға мақсат етіп қойды және бір шумақ өлеңмен соңғы кітабын аяқтаған еді.

Әттең...
«Ақ түйенің қарны жарылды» деп,
Құр шаңқытқан, самалсыз «желден» қорқам.
Жұлқарды бай, момынды кедей еткен,
Нарықтық асар-аспас белден қорқам.
Жақсы менен жаманды айырмайтын
Қазақтың көзін басқан шелден корқам.
«Ырыс алды - ынтымақ» кеткеннен соң
Азып-тоза бастаған елден қорқам,»

-деп өзі жазғандай, көптеген сауалдардың жауабын беруге үлгере алмаған нар тұлға, Өзбекәлі Жәнібеков осылай өмірден озды. Әсем ғұмыр домбыраның қатты бұралған ішегіндей 1998 жылы 67 жасында оқыс үзіліп кетті.

ӨЗ АҒАМ, ӘЗ АҒАМ ӘКЕМІЗДЕЙ БОЛҒАН КІСІ ЕДІ!

Алмас Дүзелханұлы Жансүгіров

Мен, Өзағаммен алғаш рет 1988 жылы, Алматы облысының, Ұзынағаш ауданында Жамбыл атамыздың шәкірті, Үмбетәлі Кәрібаевтың шығармашылығы мен өміріне арнап салынған музей-ғимаратының ішкі құрылымындағы көркемдеу (тақырыптық жоспарға сәйкес экспозициясын құру) жұмыстарын орындап жатқанымызда таныстым. Өз аға, ол кезде Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінің хатшысы қызметін атқаратын. Айына музейге бір екі рет келіп, музей жұмыстарымен танысып, кейде сыртқы киімін шешіп тастап, бізбен бірге жұмысқа кірісіп кететін. Орталық комитеттің хатшысы музей жұмыстарын бізбен бірге қосылып, жұмыс жасап жатқанына іштей таң қалып, ақылымыз жетпей отыратынбыз.

1989 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ішінде, тайқазанды Ленинградтан алып келгендегі музей көркемдеу жұмыстарында да, Алматыдағы Академик Қаныш Сатпаевтың музейінде де, тағы басқа қалалардағы көптеген музейлерде атқарылып жатқан жұмыстардың барысында Өз аға жиі келіп тұратын, жұмыстарымызға риза болып, ақыл-кеңесін беріп отыратын, қатеміз болса түзететін.

Алғашқы көрген кезде өте қатал кісі сияқты көрінетін, келе келе ол кісіні мүлдем басқа қырынан біліп, көріп өстік. Ағамыз ақ көңіл, кейбір кездерде жағдайымызды сұрап, кейде көңілі көтеріңкі болса, бізбен отырып, қазақтың тарихынан немесе ұлы адамдардың өмірінен қызықты жағдайларды айтып беретін, сөйтіп Өз ағамыз әкеміздей болып кетті. Музейге деген талаптары өте қатаң болатын, қазақтың тарихын, мәдениетін, салтын, дәстүрін көрсететін құжаттар мен жәдігерлерге аса маңыз аударатын. Музей ғимаратына қазақтың иісі шығып тұратын, қазаққа тән, төл ою өрнектерге көңіл бөлетін.

Мен осы салаға келгенде, 1986 жылы Мәдениет министрлігіне қарайтын Өзбекәлі ағамыздың пәрменімен құрылған «Казреставрация», кәсіпорнының бас директоры, Тұяқбаев Қанат Қымызұлы болатын, осы кәсіпорынның филиалы «Казмузейреставрацияға» коркемдеуші суретші болып орналасқанмын. 1978 жылы филиал ашылғанда бас суретшісі Шоқпаров Дәркенбай, кейінен Қожаханов Шамиль деген кісілер болды. Бұл мекемеде Өзаға суретшілердің көбісінің есімдерін білетін, оларға қамқор болып жүретін, көбісіне Министрліктен пәтер алуларына жәрдем берді.

Өзағамен жақын жұмыс істескен музей саласында белгілі суретшілердің бір қатарын айтсақ, олар: Қазанғапов Бекмағанбет, Көшербаев Бердіәлі, Алишариев Нағашыбек сонымен бірге өте атақты, Қазақстан ғалымдарына, басқа да көптеген мемлекеттің ғалымдарына таныс, белгілі, археологиялық қазба жұмыстарының барысында табылған артефактыларды қайта жаңғырту жұмыстарының негізін қалаушы - реставратор Алтынбеков Қырымды, бұл салада, ерекше өз орны бар маман десек артық айтқандық емес.

Ол кісімен өте жақын араласқан кезім « Жолайырықта » кітабын жазу кезінде болды, Бердіәлі Көшербаев екеуіміз кітап иллюстрацияларын салғанда басталды, сол кісінің үйінде жатып, жұмыс істедік. Кейде қонып қалатын күндер де болды, кейбір кездер де Орталық комитеттегі жұмыс кабинетінің демалыс бөлмесінде де жұмыс істеген кездеріміз болды.

Өмірінің соңына он күн қалғанда Тұяқбаев Қанат ағамыз екеуіміз, қал жағдайын білейік деп, Министірлер кеңесінің орталық емханасына барғанымызда, өзі кислород трубкасы арқылы зорға дем алып жатса да, Ходжа Ахмет Ясауи кесенесі жайында Канекеңе өз ойларын айтып, тапсырма беріп жатыр, осыдан сауығып шыққан соң Алматыдағы үйімді сатып, Түркістаннан өтетін Арыс-Түркістан каналының жағасынан үй сатып алып, сол үйде отырып, жұмыс істеймін деп айтатын.

Ғасырда біртуар, Өзбекәлі Жәнібековтей ірі тұлғамен жұмыс істескенім, ол кісіге керек болған кездерімде қасында бір шама уақыт болғаным, менің өмірімнің ең елеулі уақыты және уақиғасы болып қала береді. Қазақ халқының бүкіл мәдениеті мен рухани өміріне қатысты барлық істің дамуына өлшенбес өзіндік өз үлесін қосқан, мемлекет және қоғам қайраткері, Өзбекәлі Жәнібековтың шәкірті болған кездерім, өмірімнің ең бақытты кезеңі болды деп білемін.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ – ЭТНОГРАФ-ТАРИХШЫ ҒАЛЫМ

Исабек Б.Қ. т.ғ.к., профессор м.а.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қаласы
Абишева Г.С. тарих пәнінің мұғалімі
Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп гимназия

Резюме

В статье изложены мысли Узбекали Жанибекова о родной земле Отыраре. Так же рассматривается важность изучения средневекового города Отырар.

Summary

The article outlines the thoughts of Uzbekali Zhanibekov about his native land Otyrar. The importance of studying the medieval city of Otyrar is also discussed.

Қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков мемлекеттік қызметімен қатар, еліміздің мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүрі мен тұрмысына қатысты зерттеу жұмыстарымен де айналысып, нәтижелі еңбек еткен. Этнограф ғалымның «Уақыт керуені», «Эхо... по следам легенды о золотой домбре», «Культура казахского ремесла», «Жолайрықта», «Тағдыр тағылымы» атты еңбектері соның дәлелі.

Қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков өзі туып өскен Отырардың тарихы туралы «Тағдыр тағылымы» кітабында былай деп жазады: «Егер тарихқа жүгінсек, есте жоқ ерте заманнан бастап-ақ, Сыр бойында қыстап, көктем шыға малын Сарыарқаға, Оңтүстік Сібірге, күзге таман – қайтадан Сырға қарай айдап-бағып күнелтуді дәстүрге айналдырған дала тайпалары өзара тікелей қарым-қатынаста болып келгендіктен бірте-бірте тұтас халықтың нышандарын орнықтыра түскен. Бұл үрдіске көшпелі Ұлы дала мен отырықшы Мауреннаһрдың шегіне орналасқан Ежелгі Отырар мен оның ықпалында болған отырықшы-егінші қоныстар да өз үлесін қосқан. Олай дейтінім мұнда сол кезден-ақ көшпелілердің де, отырықшы елдің де қатысумен өзіндік ерекшеліктері бар соны мәдениет қалыптаса бастаған. Ежелгі Отырар арқылы көшпелі қазақтың арғы атасы отырықшылық әлемімен танысқан, сауда-саттыққа үйреніп, халықаралық қатынастар шеңберіне іліккен.

Ежелгі Отырардың қазақ тайпаларының тектестік сезімін оятуда, олардың тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан, тілінен, дәстүрлі өнерінен көрінетін біркелкілікті нығайта түсуде атқарған қызметін де жоққа шығаруға болмайды. Ертеортағасырлық Сайрам, Тараз, Құлан, Қойлық секілді сауда орталықтары өздерін өмірге келтірген көне керуен жолына иек артып, қала тіршілігін ұйымдастыруда, сауда-саттықта, қорғаныс ісінде көбіне соғдылардан тұратын көпестер серіктестіктерінің (колонияларының) кіріптарлары болса, Ежелгі Отырар дала тұрғындары үшін де, қала халқы үшін де өз үйі, өз ошағы болып қала берген. Өйткені қала бекінісінің ішінде де, айналасында да осы өлкені ежелден мекендеп келе жатқан қаңлы, қыпшақ, қоңырат сияқты тайпалардан құралған қосындары басым болған. Егер даладағы елді жау шауып, соғыс өрті шыға қалса, қала тұрғындарымен бірігіп, ортақ жауға қарсы тұрған. Ал қала бекінісіне өрмелеп шығуға тырмысқан жаумен бетпе-бет кездесетін сәтте «ат құлағында ойнайтын» дала шабандозы да, дүкендерін жауып үлгірген шіленгер де, малын оқшау жерге иіріп тастап, мұнда келген бақташы да, шәкірттерін үйлеріне таратқан ұстаз да жауынгерлермен қатар тұрып шайқасқан. Отырардың ұлылығы міне, осында жатыр» [1, 109б.]. Келтірілген үзінді қоғам қайраткерінің ежелгі Отырар қаласының тарихилығы және қала мен дала тұрғындарының бірлігі мен ынтымағы туралы тебіренісін көрсетеді.

Ежелгі Отырар қаласы да ортағасырлық қалалар сияқты негізгі үш бөліктен: біріншісі – хан сарайы, қазына, уәзірлік мекемелерден тұратын Орда болса; екіншісі – мешіт-медресе,

керуен сарайлар мен тұрғын-жайлардан тұратын ішкі қала; үшіншісі – базарлар, шеберханалар мен ұстаханалар орналасқан сыртқы қала деп аталады дей келе, қала тұрғындарының тұрмысы мен салты, әдеті мен ғұрпы, тілі мен дәстүрі туралы және Ежелгі Отырар қала тұрғындарымен қатар дала тұрғындары үшін де маңызды болғандығын айтады.

Отырардың тарихы тереңде жатыр. Отырар – ортағасырлық қала. Отырарды, Отырар төбені, ежелгі қала орнын зерттеу өткен ғасырдың қырқыншы жылдары А.Н.Бернштам бастаған археологиялық экспедициямен жүргізілген. Одан кейінгі уақыттарда К.Ақышев, К.Байпақов, Л.В.Ерзакович, А.Н.Подушкин және басқа да ғалымдар қазба жұмыстарын жүргізді. Осы зерттеулерден кейін «Отырар өркениеті», «Отырар-Қаратау мәдениеті» жайында ғылыми зерттеулер жазылып, жарияланды.

Ө.Жәнібеков аталған еңбегінің «Алыс алыс та болса жақын» (Отырар өркениеті) деп аталатын тарауында тарихшы-ғалымдар А.Н.Бернштам, К.Байпақов т.б. еңбектерін негізге ала отырып, ойын былай қорытады: «Әрине ежелгі Отырар тұрғындар мен қазақ халқының арасындағы тектестік, уақыт, замана, ұрпақтар сабақтастығы – әлі де тереңдете зерттей түсуді қажет ететін өзекті мәселе. Егер бұған ерекше мән беріп, күш салатын күн туса, ежелгі Қазақстан тарихының әлі де болса жөнді айқындала қоймаған тұстарын ашуға мүмкіндік алар едік.

Сонда ғана қазақ халқы Отырар өркениетінің заңды мұрагері ретінде өзінің ерлікке, бірлікке, елдікке ұмтылған өткеніне мақтаныш сезіммен қарай алатын болады» [1, 123б.].

Ө.Жәнібековке арналған «Ұлтымыздың ұйытқысы» атты естеліктер жинағында, профессор Қ.Ергөбек былай деп ой қорытады: «Ол Отырарда туды, Отанының ұлы бола білді... археологтарға жағдай жасады, материалдық игіліктерін, этнографиясын зерттеді. Ғылымға «Отырар өркениеті» аталатын аталы термин енгізді. Отырар атынан қазаққа ғажап музей жасап берді. «Отырар өркениеті» қазақта мәдениет болмаған, олар кенттік өмір кешпеген, көшіп-қонып жүре берген деген ел болмас ессіз пікірлерге ғылыми дәйекті жауап еді. Өзекең намысты ұл, «Отырар өркениеті» намыстан туған концепция» [2, 289б.].

Қоғам қайраткері өз туған жерінің тарихы туралы ғана емес, кең байтақ жеріміз бен еліміздің тарихы туралы да кеңінен сөз қозғайды. «Тағдыр тағылымында»: «Ерлік – елдіктің белгісі» деп бұрынғылар бекерге айтпаған. Алтайдан Атырауға, Оңтүстік Сібірден Тянь-Шаньның теріскей сілемдеріне дейінгі ұланғайыр кеңістікті, кеңінен жайлап өмір сүрген қазақтың ежелден-ақ еркіндікті, елдікті аңсағандықтан жауынгерлік рухы, батылдығы, өзіне сенімі, отаны мен елі үшін тәуекелге бел байлауға дайын тұратыны көптен белгілі болған. Оның ұлттық рухы, мінез-құлқы, табиғи болмысы өз жұртын іргелі ел ретінде сезініп, Ресей, Қытай мен кіндік Азия елдері аралығында оқшауланған, тәуелсіз мемлекет құратын тұсымен, әсіресе арагідік үзілістерімен екі жүз жылға созылған жоңғар қалмақтарымен жойқын шайқаста өзі жасақтаған атты әскерінің тұяғының дүбірімен қалыптасты. Қазақ мемлекеттілігі деген түсініктің біз үшін аса маңызды Азаттық, Теңдік, Бірлік, Туысқандық секілді паритеттердің қатарынан көріне беретін себебі міне, осында жатыр»- деп жазады [1, 98б.]. Қазақ халқының тарихы мен жерін сақтау жолындағы Абылай ханның және оның батырларының ерлік істері мен оған қатысты тарихи оқиғалар туралы мұрағаттардан деректер жинау ісін қолға алудың маңыздылығына тоқталады. Және де орыс тарихшысы А.Левшиннің зерттеулерінен құнды мағлұматтар табуға болатындығын айтады.

Өзбекәлі Жәнібеков – энциклопедиялық білімнің иесі. Бұл туралы Шерхан Мұртаза «Ақ жолмен өткен азамат» атты естелігінде: «Елім» деп туған қайсар жан. Институттан алған мамандығы бойынша ол тарих пәнінің мұғалімі еді. Ал, құдай берген құдіретті күштің арқасында ол энциклопедиялық білімнің иегері еді. Ол – бірегей ұйымдастырушы, біргей ұйытқы. Ұлттың ұйытқысы. Ол музыканы керемет білетін. Ол – этнограф. Ол – философ»-деп жазады [2, 19б.].

Ө.Жәнібеков тек қана халқымыздың тарихы, мәдениеті турасында ғана емес, ұлттық ерекшеліктеріміз, әдебіміз мен тәрбиеміз жайында да толғанған. Қазтуған жырау, Асанқайғы, дала билері Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, ұлы Абайдың философиялық, дүниетанымдық мұрасын игеруіміз қажет дейді. Рухани өмір мен жалпыға ортақ қасиеттердің маңызды екендігін естен шығармау керектігін және ұлттық мақтанышты ұлтшылдықпен шатастыруға болмайтындығын айтады.

Ө.Жәнібековтің ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен бағалаудағы еңбегі ана тілінің мәртебесін көтеру, қазақ тілі қоғамын құру, Алаш арыстары Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлының есімдерін ақтаудағы еңбегінен көрінеді.

Ө.Жәнібековтің халқымыздың қолөнерін, музыкалық аспаптарын, ұлттық киімдерін, ұлттық мәдениетін сақтау мен жаңғырту, сонымен бірге тарихи ескерткіштерді қорғау бойынша жасаған еңбектері барлық уақытта да маңызды және құнды болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы.(екінші кітап) –Алматы, 1997, -136 бет
2. Ергөбек Қ. Ұлтымыздың ұйытқысы. – Алматы, 2021, -376 бет.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ОТЫРАР ТАРИХЫ

Исабек Б.Қ. т.ғ.к., профессор м.а.
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қаласы
Абишева Г.С. тарих пәнінің мұғалімі
Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп гимназия

Резюме

В статье изложены мысли Узбекали Жанибекова о родной земле Отыраре. Так же рассматривается важность изучения средневекового города Отырар.

Summary

The article outlines the thoughts of Uzbekali Zhanibekov about his native land Otyrar. The importance of studying the medieval city of Otyrar is also discussed.

Қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков мемлекеттік қызметімен қатар, еліміздің мәдениеті мен тарихына, салт-дәстүрі мен тұрмысына қатысты зерттеу жұмыстарымен де айналысып, нәтижелі еңбек еткен. Этнограф ғалымның «Уақыт керуені», «Эхо... по следам легенды о золотой домбре», «Культура казахского ремесла», «Жолайрықта», «Тағдыр тағылымы» атты еңбектері соның дәлелі.

Қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков өзі туып өскен Отырардың тарихы туралы «Тағдыр тағылымы» кітабында былай деп жазады: «Егер тарихқа жүгінсек, есте жоқ ерте заманнан бастап-ақ, Сыр бойында қыстап, көктем шыға малын Сарыарқаға, Оңтүстік Сібірге, күзге таман – қайтадан Сырға қарай айдап-бағып күнелтуді дәстүрге айналдырған дала тайпалары өзара тікелей қарым-қатынаста болып келгендіктен бірте-бірте тұтас халықтың нышандарын орнықтыра түскен. Бұл үрдіске көшпелі Ұлы дала мен отырықшы Мауреннаһрдың шегіне орналасқан Ежелгі Отырар мен оның ықпалында болған отырықшы-егінші қоныстар да өз үлесін қосқан. Олай дейтінім мұнда сол кезден-ақ көшпелілердің де, отырықшы елдің де қатысуымен өзіндік ерекшеліктері бар соны мәдениет қалыптаса бастаған. Ежелгі Отырар

арқылы көшпелі қазақтың арғы атасы отырықшылық әлемімен танысқан, сауда-саттыққа үйреніп, халықаралық қатынастар шеңберіне іліккен.

Ежелгі Отырардың қазақ тайпаларының тектестік сезімін оятуда, олардың тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан, тілінен, дәстүрлі өнерінен көрінетін біркелкілікті нығайта түсуде атқарған қызметін де жоққа шығаруға болмайды. Ертеортағасырлық Сайрам, Тараз, Құлан, Қойлық секілді сауда орталықтары өздерін өмірге келтірген көне керуен жолына иек артып, қала тіршілігін ұйымдастыруда, сауда-саттықта, қорғаныс ісінде көбіне соғдылардан тұратын көпестер серіктестіктерінің (колонияларының) кіріптарлары болса, Ежелгі Отырар дала тұрғындары үшін де, қала халқы үшін де өз үйі, өз ошағы болып қала берген. Өйткені қала бекінісінің ішінде де, айналасында да осы өлкені ежелден мекендеп келе жатқан қаңлы, қыпшақ, қоңырат сияқты тайпалардан құралған қосындары басым болған. Егер даладағы елді жау шауып, соғыс өрті шыға қалса, қала тұрғындарымен бірігіп, ортақ жауға қарсы тұрған. Ал қала бекінісіне өрмелеп шығуға тырмысқан жаумен бетпе-бет кездесетін сәтте «ат құлағында ойнайтын» дала шабандозы да, дүкендерін жауып үлгірген шілеңгер де, малын оқшау жерге иіріп тастап, мұнда келген бақташы да, шәкірттерін үйлеріне таратқан ұстаз да жауынгерлермен қатар тұрып шайқасқан. Отырардың ұлылығы міне, осында жатыр» [1, 109б.]. Келтірілген үзінді қоғам қайраткерінің ежелгі Отырар қаласының тарихилығы және қала мен дала тұрғындарының бірлігі мен ынтымағы туралы тебіренісін көрсетеді.

Ежелгі Отырар қаласы да ортағасырлық қалалар сияқты негізгі үш бөліктен: біріншісі – хан сарайы, қазына, уәзірлік мекемелерден тұратын Орда болса; екіншісі – мешіт-медресе, керуен сарайлар мен тұрғын-жайлардан тұратын ішкі қала; үшіншісі – базарлар, шеберханалар мен ұстаханалар орналасқан сыртқы қала деп аталады дей келе, қала тұрғындарының тұрмысы мен салты, әдеті мен ғұрпы, тілі мен дәстүрі туралы және Ежелгі Отырар қала тұрғындарымен қатар дала тұрғындары үшін де маңызды болғандығын айтады.

Отырардың тарихы тереңде жатыр. Отырар – ортағасырлық қала. Отырарды, Отырар төбені, ежелгі қала орнын зерттеу өткен ғасырдың қырқыншы жылдары А.Н.Бернштам бастаған археологиялық экспедициямен жүргізілген. Одан кейінгі уақыттарда К.Ақышев, К.Байпақов, Л.В.Ерзакович, А.Н.Подушкин және басқа да ғалымдар қазба жұмыстарын жүргізді. Осы зерттеулерден кейін «Отырар өркениеті», «Отырар-Қаратау мәдениеті» жайында ғылыми зерттеулер жазылып, жарияланды.

Ө.Жәнібеков аталған еңбегінің «Алыс алыс та болса жақын» (Отырар өркениеті) деп аталатын тарауында тарихшы-ғалымдар А.Н.Бернштам, К.Байпақов т.б. еңбектерін негізге ала отырып, ойын былай қорытады: «Әрине ежелгі Отырар тұрғындар мен қазақ халқының арасындағы тектестік, уақыт, замана, ұрпақтар сабақтастығы – әлі де тереңдете зерттей түсуді қажет ететін өзекті мәселе. Егер бұған ерекше мән беріп, күш салатын күн туса, ежелгі Қазақстан тарихының әлі де болса жөнді айқындала қоймаған тұстарын ашуға мүмкіндік алар едік.

Сонда ғана қазақ халқы Отырар өркениетінің заңды мұрагері ретінде өзінің ерлікке, бірлікке, елдікке ұмтылған өткеніне мақтаныш сезіммен қарай алатын болады» [1, 123б.].

Ө.Жәнібековке арналған «Ұлтымыздың ұйытқысы» атты естеліктер жинағында, профессор Қ.Ергөбек былай деп ой қорытады: «Ол Отырарда туды, Отанының ұлы бола білді... археологтарға жағдай жасады, материалдық игіліктерін, этнографиясын зерттеді. Ғылымға «Отырар өркениеті» аталатын аталы термин енгізді. Отырар атынан қазаққа ғажап музей жасап берді. «Отырар өркениеті» қазақта мәдениет болмаған, олар кенттік өмір кешпеген, көшіп-қонып жүре берген деген ел болмас ессіз пікірлерге ғылыми дәйекті жауап еді. Өзекең намысты ұл, «Отырар өркениеті» намыстан туған концепция» [2, 289б.].

Қоғам қайраткері өз туған жерінің тарихы туралы ғана емес, кең байтақ жеріміз бен еліміздің тарихы туралы да кеңінен сөз қозғайды. «Тағдыр тағылымында»: «Ерлік – елдіктің

белгісі» деп бұрынғылар бекерге айтпаған. Алтайдан Атырауға, Оңтүстік Сібірден Тянь-Шаньның теріскей сілемдеріне дейінгі ұланғайыр кеңістікті, кеңінен жайлап өмір сүрген қазақтың ежелден-ақ еркіндікті, елдікті аңсағандықтан жауынгерлік рухы, батылдығы, өзіне сенімі, отаны мен елі үшін тәуекелге бел байлауға дайын тұратыны көптен белгілі болған. Оның ұлттық рухы, мінез-құлқы, табиғи болмысы өз жұртын іргелі ел ретінде сезініп, Ресей, Қытай мен кіндік Азия елдері аралығында оқшауланған, тәуелсіз мемлекет құратын тұсымен, әсіресе арагідік үзілістерімен екі жүз жылға созылған жоңғар қалмақтарымен жойқын шайқаста өзі жасақтаған атты әскерінің тұяғының дүбірімен қалыптасты. Қазақ мемлекеттілігі деген түсініктің біз үшін аса маңызды Азаттық, Теңдік, Бірлік, Туысқандық секілді паритеттердің қатарынан көріне беретін себебі міне, осында жатыр»- деп жазады [1, 98б.]. Қазақ халқының тарихы мен жерін сақтау жолындағы Абылай ханның және оның батырларының ерлік істері мен оған қатысты тарихи оқиғалар туралы мұрағаттардан деректер жинау ісін қолға алудың маңыздылығына тоқталады. Және де орыс тарихшысы А.Левшиннің зерттеулерінен құнды мағлұматтар табуға болатындығын айтады.

Өзбекәлі Жәнібеков – энциклопедиялық білімнің иесі. Бұл туралы Шерхан Мұртаза «Ақ жолмен өткен азамат» атты естелігінде: «Елім» деп туған қайсар жан. Институттан алған мамандығы бойынша ол тарих пәнінің мұғалімі еді. Ал, құдай берген құдыретті күштің арқасында ол энциклопедиялық білімнің иегері еді. Ол – бірегей ұйымдастырушы, біргей ұйытқы. Ұлттың ұйытқысы. Ол музыканы керемет білетін. Ол – этнограф. Ол – философ»-деп жазады [2, 19б.].

Ө.Жәнібеков тек қана халқымыздың тарихы, мәдениеті турасында ғана емес, ұлттық ерекшеліктеріміз, әдебіміз мен тәрбиеміз жайында да толғанған. Қазтуған жырау, Асанқайғы, дала билері Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, ұлы Абайдың философиялық, дүниетанымдық мұрасын игеруіміз қажет дейді. Рухани өмір мен жалпыға ортақ қасиеттердің маңызды екендігін естен шығармау керектігін және ұлттық мақтанышты ұлтшылдықпен шатастыруға болмайтындығын айтады.

Ө.Жәнібековтің ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен бағалаудағы еңбегі ана тілінің мәртебесін көтеру, қазақ тілі қоғамын құру, Алаш арыстары Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлының есімдерін ақтаудағы еңбегінен көрінеді.

Ө.Жәнібековтің халқымыздың қолөнерін, музыкалық аспаптарын, ұлттық киімдерін, ұлттық мәдениетін сақтау мен жаңғырту, сонымен бірге тарихи ескерткіштерді қорғау бойынша жасаған еңбектері барлық уақытта да маңызды және құнды болып қала бермек.

Әдебиеттер:

3. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы.(екінші кітап) –Алматы, 1997, -136 бет
4. Ергөбек Қ. Ұлтымыздың ұйытқысы. – Алматы, 2021, -376 бет.

ӘӨЖ.574.12 (82.02).43

ХАНҚОРҒАН ҚАЛАШЫҒЫ

Б.С.Айтай, Ө.Жәнібеков ат. ОҚПУ ,
Әлем тарихы және дінтану кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к.

Резюме

В статье расматривается рассказ краеведа, этнографа О. Жанибекова о исторического городка Ханкорган, он утверждал:"...Ханкорган был ставкой Абылай хана..." потом проводилось исследовательские работы...

Summary

The article examines the story of local historian and ethnographer O. Zhanibekov about the historical town of Khankorgan, he stated: "...Khankorgan was the headquarters of Abylai Khan..." then research work was carried out...

Өзбекәлі Жәнібеков «Тағдыр тағылымы» атты өзінің естеліктер кітаб-ында [1] «Қазақстан..Бұл не? Ғасырлар бойы қалыптасқан далалық өркениет бесігі ме? Әлде қазақтың түпқазығы-ортақ отаны, өсіп-өнген отбасы-ошақ қасы ма? Онда неге оны өзгеге көзтүрткі етпей «көлденең келген көк аттының» қанжығасында кетпейтіндей хал ахуалға жеткізетін нақтылы шаралар белгілемеске?..» [1,97-б] дей отырып Қанғұйлар алғаш мекен еткен Арыс өзенінің және Қаратау аңғарлары мен Бөген, Боралдай, Шаян, Арыстанды өзендерінің атырабын қамтитын, батысында Қызыл-құммен, солтүстік шығысында Қаратау жотасымен шектелген бұл алқап ғылымға Отырар жазирасы деген атпен белгілі» [1,112 -б] дейді. Иә осылай тарихта Қаратау атырабы, Отырар жазирасы бұрынғы Қанғұй-Қаңлылар мекені деп көрсетіліп келген. Айталық, Қаңлылар мемлекетінің Арыс мәдениетінің Қарауылтөбе кезеңі (б.з. б. IV ғ.- Іғ.), Қаратөбе кезеңі (б.з.б I ғ.-б.з. VI ғ.), Алтын төбе кезеңі (б.з. IV ғ.-VI ғ.) деп бөлінетіндігін археолог–ғалым А.Н.Подушкин өз еңбегінде жан-жақты көрсеткен[2].

Сайрам ауданының Мәдени ауылының солтүстік-батыс жағында орналасқан Ханқорған қалашық-төбесі бір кездері Абылай ханның став-касы болған, Жәнібек хан отырған. Жәнібек салдырған қорған дейді жергілікті өлкетанушылар[3]. Қалашық төбенің тарихи маңызын байқаған Ө.Жәнібеков «...Шымкенттен жиырма шақырымдай жерде Абылай-ханның ставкасы-Ханқорған тұр. Абылай ханның немересі Сыздық сұлтан орыс генералдары арқылы Бұхара әмірінен бала-шағасын алдырып, өмірінің соңына дейін осы қорғанда тұрды...» [1,98б] деп жазады. Осыдан кейін Сайрам ауданында орналасқан Қарабұлақ ауыл округіне қарасты осынау жердің табиғаты әсем, құнарлы топырақты Арыс, Машат, Ақсу өзендерінің арасында орналасқандығы стратегиялық жағынан қолайлы қамал-қалашық болғандығын археологтардың назарына ілігеді.

Арыс өзенін бойлай батысқа қарай бағыт алған Ұлы Жібек жолының үстінде орналасқандығына көз жеткізуге болады. Жібек жолын бойлаған төбелердің басына қараңғыда немесе ауа-райының бұлтты, туманды кезінде от жағылып қойылатын болған, ол жол көрсетуші қызметін атқарған. Жалпы төбелердің басым бөлігі жібек жолында сауда-саттық қызған дәуірде қолдан тұрғызылған.

А.Н.Подушкиннің "Свод памятников истории и культуры Казахстана" атты жинаққа енген дерегі бойынша «Ханқорған» Арыс мәдениетінен кейінгі кезеңде Қарахандар мемлекеті дәуірінде (942-1213 жж.) тұрғызылған дейді. Қорғаннан Қарахандар дәуірінің керамикалық бұйымдары табылған және қамал қорғанының ертедегі құрылыс нысаны болғанын көрсетеді. Қорғанның қабырғасының қабаты үсті-үстіне қабат-қабат салынған. VIII-XII ғасырларда пайда болған. Биіктігі 8-12 метрді құрайды. Көлемі 2-2,5 гектарды алып жатыр. Қорған қаланың

цитаделі-орталық бөлігі саналады. Цитадельдің төңірегінде көптеген рабадтар-елді мекендер болған екен[4,195 с.].

2009 жылы Алматыдан археолог Бауыржан Байтанаев жетекшілік ететін бір топ археологтар келіп, қазба жұмыстарын жүргізіп, металл ерітетін ошақты тауып бастаған ісін аяқсыз қалдырған. 2014 жылы Жауапкершілігі шектеулі «Археологиялық зерттеу» атты серіктестігі Ханқорған қалашығында қазба жұмыстарын жүргізді. Төбенің сол жағынан өтетін жолдың арғы жағында Арыс өзені ағып жатыр. Төбенің маңында шоғырланған Ошақты руына қатысты қорған төбелер де зерт-телді. Аталған төбе туралы мәліметтер төңкеріске дейін-ақ зерттеу-шілердің нысанына іліккен. Айталық, Е.Т.Смирновтың еңбегінде ол төбе Абылайдың хандық ставкасы ретінде аталады[5]. «ОҚО мәдениет және тарихи ескерткіштері Жинағында» 396 –ші нөмермен «Ханқорған қалашығы» деп есепке алынған [6].

Археология институтының директоры Бауыржан Байтанаев жетекшілік ететін «Археологиялық зерттеу» ЖШС 2008 жылда-ақ аталған ескерткіш аумағында алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Сол уақытта қалашықтың цитаделінің солтүстік-батыс бөлігі зерттелді. Ерте ортағасырлық (VI- VIII ғғ.), орта-ғасырлық (X-XII ғғ.) және кейінгі ортағасырлық кезеңдегі (XV-XIX ғғ.) мәдени қабаттар ашылған болатын.

Бұл жерде мынаны көрсете кету керек, 2008-09 жылғы Ханқорған цитаделіндегі археологиялық зерттеулер кезінде XI-XII қабат тереңдіктегі 1- қазба жұмысында аса ертедегі VI-VIII ғғ. мекендерге жетті. Дегенмен, осы кезеңге қатысты 1-шурфта не қабат та, зат та табылмаған. Осыдан шығатын қорытынды, ертеортағасырлық кезеңге қатысты археологиялық конструкциялар цитаделдің орталығындағы төбешікке жақын шоғыр-ланған және қалашықтың жаңа қонысқа орналасу нәтижесінде дамыған ортағасырлық кезеңінде оның алаңы кеңейген.

Қалашықтың ең соңғы өмірі қазақ ханы Абылай мен оның шөбересі султан Сыздықпен байланысты. Оған XVIII-XIX ғғ. Қатысты қалашықтың қыштан жасалған кешені растап отыр. Бұған белгілі дәрежеде Е.Т.Смир-новтың «Султаны Кенесары и Садык» еңбегі де растайды[5]. Онда сұлтан Сыздықтың автобиографиясында айтылғандай: «Қазіргі таңда султан Садық Чимкент уездіне қарасты Арыс өзені жағасында Қара-булақ атты сартауылдан алты шақырым солтүстіктегі құлаған Ханқорған төбешіктің маңында жасап жатыр. Ол атақты қырғыз ханы, өзінің атасы Абылайдың ставкісі болған...». Аталған автобиография сұлтан Сыздықтың тапсырмасымен ағасы Ахмет Кенесариннің тарапынан жазылды[7]. 1877 жылы қазақ тіліндегі қолжазбаны Е.Т.Смирновқа әкеліп берді. Өз кезегінде оның тарапынан қолжазба орыс тіліне аударылды.

Қарабұлақ орта мектебінде көп жылдар тарих пәнінің мұғалімі болып істеген, зейнеттегі қарт ұстаз Әбдіманулен Далабаев Қарабұлақ өңірінің тарихы туралы танымдық мәні бар шағын кітап жазыпты. Оны профессор, өлкетанушы С.Жолдасовпен бірге саяхаттап барғанда өз ауызынан естідік. Ол Ханқорған тарихына қатысты мынадай қызықты мәлімет береді: «Әмір Темір 1405 жылы Қытайға жорыққа бара жатып Шымкенттің солтүстік-шығысындағы жиырма шақырым жердегі Қорғанда аялдады, оған себеп қар қалың жауып Арыс өзенінің мұз басуын күткен болу керек. Әскерін шығыс жағалауға өткізіп жатқанда мұз жарылып Темір суға құлаған екен. Осыдан кейін қатты суықтап, көп ұзамай қайтыс болыпты. Ұлдарына және әскербасыларына жорықты жалғастыра беріңдер» деп өсиет айтыпты. Әмір Темірдің Арысты кешкен жері осы Ханқорған маңы болуы бұл ел ауызындағы дерек.

Жалпы қорған туралы ел ауызында аңыз-әңгімелер көп. Сынған қылыш, жер асты су құбырларының қалдықтары, құмыра ыдыс-аяқ сынықтары төбе маңынан көптеп кездеседі. Ең қызықты әңгімені өз өмірінің елу жылын тарих пәнінің мұғалімі қызметіне арнаған Мәдени мектебінің зейнеттегі қарт ұстазы Тұрғанбек Дүйсәлиев айтып берді. Ханқорған маңында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Кенесарының ұлы Сыздық сұлтан мен ағасы Ахметке тиіселі жерлер болғандығын Нафуса Кенесаринадан есітіпті. Ахмет Кенесарыұлы

1866-1887 жылдар аралығында Шымкент уезінің бастығының кіші көмекшісі болып қызмет атқарған. Зауряднық әскери-старшина шеніне дейін көтер-ілген. 1878 жылы інісі Сыздық сұлтан Түркістан генерал-губернаторы Ф.Кауфманның атына «берілгендігін білдіріп» баспана сұрап келген, губернатордың рұқсатымен Сыздықты Ханқорған маңына орнала-стырған. Бұл жөніндегі деректер облыстық архивіндегі құжаттарда ішінара көрініс тапқан. Т.Дуйсалиев Ханқорғанның жоңғар шапқын-шылығына қарсы ерлік шайқасы туралы «Ханқорғанның соңғы Ерлігі» деген бір актілі үш көріністі пьеса жазыпты, оны оқушылар мектеп сахнасында бірнеше рет орындаған көрінеді. Пьеса бойынша 1723 «Ақтабан шұбырындының ...» басталған жылы көктемде Ханқорғанда жоңғарлармен қиян-кескі шайқас болыпты. Қорған бірнеше күн ерлікпен қарсыласқан. Моңғол шапқыншылығынан алты ай қорғанған Отырардың ерлігін қайталап, қазақ батырлары бес мәрте жекпе-жекке шыққан екен. Қорғанның оңтүстік жағында екі-үш шақырымдай жерде Ақтан ата деген жерде бұлақ болыпты. Бұлақтан су қорғанға жер астымен қыш құбырлар арқылы келіп отырған. Бірнеше ай қоршауда қалса да қорған берілмейді. Қамалды қорғап отырған Төребек батырдың үшінші әйелі Торғын сұлу тұтқынға түсіп қалған. Жоңғар қолының мыңбасысы тоқал етіп алса, қорғанның берілмеу сырын айтатынын білдірген. Сыр-бұлақтан келетін жер асты құбыры болатын. Әуіз бекітіледі. Құбырдан судың келуі тоқтайды. Бірнеше күннен соң қамал құлаған. Жоңғар мыңбасысы Торғын сұлды «...сен маған да опасыз етерсің» деп өлтіртіп тастаған екен. Пьесадағы оқиға тарихи шындыққа біршама жақын болғанмен, Төребек батыр, Торғын сұлу ойдан шығарылған кейіпкерлер.

Ханқорғанда металл ерітетін ошақтың табылуы, онда отпен ататын қару жасалды деген болжамды туғызады. Жоңғарлар осы маңызды өндіріс орнын қалайда алуды көздегені анық. Демек, қиын-кескі шайқас болды деуге толық негіз бар. Бірақ ол 1723 жылы емес 1684 немесе 1690, 1693 жылдар болуы әбден мүмкін. «Ханқорғанның соңғы Ерлік шайқасы» кезінде үш мыңнан астам адам опат болыпты. Қорған маңындағы елді мекендер аяусыз тоналған.

Қорыта айтқанда, Абылай хан Ханқорғанның ерлігін есіткен, оны мақтаныш еткен деуге негіз бар. Қорғанды өз көзімен көрген соң, Түркістан мен Көкшетау аралығындағы жолдың торабында орналасқан қорған екендігін байқаған.

Абылай арқадан кетіп, Түркістанға келіп, одан Самарқантқа баруы, қайтарында Ташкентте қалып, азғана кісімен Түркістанға қайтар жолында Сайрамның әкімінің бес мың кісімен қарсы шығуы, сол кезде сол маңда отырған халықтың Абылайға қол ұшын беруге жарамады. Олар батысы мен шығысы, оңтүстігі мен солтүстігі ұшса құс қанаты талатын сайын даланы мекен еткен қазақ деген халықтан шырайлы күншуақты өңірді қызғанды. Одан да исламға бет бұрған Бұхара хандығының билігін қош көрген сыңайлы.

Абылай хан Арыс пен Сыр өңіріне ықпал ету мақсатындағы Бұхара әмірімен болған даулы кезеңдерде бірнеше рет Ханқорғанда жиын өткізген. Бұхарамен мәселені бейбіт шешуге мәмілеге келеді. Бұхара әміріне елші мен сый-сыралғы жібереді. Бұхара әмірі Абылай ханның өзі келіп мәміле жасаса әскерін кері қайтаратынын айтады. Бұхара әмірінің иелігінде қонақ болады. Нәтижеде Ташкент пен Арыс алқабында қазақтар емін-еркін көшіп жүруге мүмкіндік алады. Шайқаспен жеңіп алмағанына қатты өкінген екен. Содан құса болып ауырып, Ханқорғанда бір апта төсек тартып, жатып қайтыс болған. Шілденің аптап ыстығында киізге орап, оған үнемі су құйып отырып, Түркістанға алып барып жерлепті. Жалпы ел ауызында Абылай ханның қайтыс болған жері туралы әңгіме көп, соның бірі осы Ханқорған төбесі.

Әдебиеттер

1.Ө.Жәнібеков «Тағдыр тағылымы. (естеліктер). 2 кітап., Алматы.. «Рауан» баспасы. 1997 ж.-136 б.
2.А.Н.Подушкин Арысская культура Южного Казахстана IV в.до н.э. - VI в.н.э.. Изд.центр МКТУ им Х.А.Яссави, Туркестан. 2000. 201 с.

3.Б.Айтай., Ханқорған, «Абылай ханның қара жолы» атты тарихи-танымдық ғылыми мақалалар және экспедиция деректері/ авторы: Мұрат қажы Ыдырысұлы/ Көкшетау,- Қараша, 2020. «Мир печати».-464 бет. 332-336 бб.
4.Свод памятников истории и культуры Казахстана. Т.1.Южно – Казахстанская область. Алматы, 1994.-С.195.
5.Смирнов Е.Т. С ултаны Кенисара и Садык: Биографические очерки султана Ахмета Кенесарина.-Ташкент,1889
6.Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша тарих және мәдениет ескерткіштері энциклопедиясы. Шымкент.-2010.-49 б.
7.Ахмет Кенсарин. Султаны Кенесары и Сыздык: Биографические очерки.-Алмата-Ата, 1992.-С.13-14

УДК 37.018.7

ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКОВА

Джамалов М. студент 3-курса, Ахметова Г.К.
Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібекова,
Шымкент, Казахстан

Түйін

Мақала Қазақстан мен Орталық Азиядағы этнографиялық және мәдени зерттеулерді дамытуда шешуші рөл атқарған көрнекті ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің тарихи-этнографиялық мұрасын зерттеуге арналған. Мақалада ғалымның өмірбаяны, ғылыми еңбектері, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді сақтау мен дамытуға қосқан үлесі қарастырылған. Оның мәдени ескерткіштерді сақтауға және мұражай ісін дамытуға бағытталған ғылыми-зерттеу қызметіне ерекше көңіл бөлінеді. Өзбекәлі Жәнібеков – Қазақстанның дәстүрлі мұрасына деген қызығушылықтың жандануына үлес қосқан этнографиялық және мәдени институттардың негізін қалаушылардың бірі.

Summary

The article is devoted to the study of the historical and ethnographic heritage of Uzbekali Zhanibekov, an outstanding scientist who played a key role in the development of ethnographic and cultural studies in Kazakhstan and Central Asia. The article examines the biography of the scientist, his scientific works, as well as his contribution to the preservation and development of national culture and traditions. Particular attention is paid to his research activities aimed at preserving cultural monuments and developing museum work. Uzbekali Zhanibekov was one of the founders of ethnographic and cultural institutions that contributed to the revival of interest in the traditional heritage of Kazakhstan.

Историко-этнографическое наследие является неотъемлемой частью научной и культурной традиции народов Центральной Азии. Вклад ученых, таких как Узбекали Жанибеков, в развитие этнографии и сохранение культурных памятников имеет огромное значение для научного сообщества и общества в целом. Работы Узбекали Жанибекова охватывают широкий спектр научных дисциплин, от изучения традиций и обычаев до исследования материальной культуры и искусства.

Жизненный путь Узбекали Жанибекова является отражением эпохи, которую мы называем советской. Он родился 28 августа 1931 года в ауле Сарыкамыс Отрарского района Южно-Казахстанской области (ныне Туркестанская область) в бедной крестьянской семье. Рано оставшийся без родителей, пережил все тяготы жизненных невзгод, включая суровые военные годы. Если вкратце описать его детство и юность, они были не совсем радостными и пролетели незаметно. «В 1948 году окончив среднюю школу в с. Шаульдер, поступил на исторический факультет Казахского педагогического института им. Абая в Алматы, после чего был направлен

в Келесский район, где проработал три года преподователем истории, заведовал учебной частью в школе «Ленин жолы», что в с. Абай этого района», пишет он в своей автобиографии, хранящиеся в архиве Президента в г. Алматы. Узбекали Жанибеков не отступился перед жизненными трудностями, не потерял оптимизма и преодолевая раз за разом возникающие перед ним препятствия, шел вперед [3].

С 1960-х годов он активно занимался исследовательской деятельностью, которая охватывала такие области, как казахская фольклористика, традиционная музыка, обычаи и обряды. Узбекали Жанибеков принимал участие в многочисленных экспедициях, собирал и систематизировал материалы, записывал фольклор, участвовал в публикации научных работ, посвященных культуре и этнографии Казахстана [3].

Одним из значительных достижений Жанибекова стало его участие в разработке методики сохранения культурных объектов и традиций казахского народа. В 1970-1980-х годах он организовал ряд экспедиций по сбору и документированию народных ремесел, музыкальных произведений, традиционной одежды и архитектурных объектов. Эта работа позволила сохранить множество ценных исторических и культурных памятников, которые стали основой для создания музейных коллекций и научных публикаций [3].

Узбекали Жанибеков был автором более 200 научных работ, среди которых книги, статьи и исследования, посвященные различным аспектам казахской культуры. Его труды о казахской народной музыке, народном искусстве и ремеслах стали фундаментом для будущих исследований в этих областях. Одним из самых известных трудов является монография о казахской традиционной музыке, где Узбекали Жанибеков исследует формы народной песни, музыкальные инструменты и их роль в жизни казахского народа [1].

Узбекали Жанибеков внес значительный вклад в возрождение и развитие национальной культуры, родного языка, традиций и обычаев казахского народа. Уже в 70-е годы 20 века Ходжа Ахмет Ясави стал катализатором восстановления мавзолея. По инициативе Узбекали Жанибекова во многих городах Казахстана открыты этнографические музеи. Создано общество «Аркас», целью которого является сохранение и восстановление памятников истории и культуры Казахстана. Он также активно участвовал в возвращении народу праздника «Наурыз», имен М. Дулатова, Ж. Аймаутова, М. Жумабаева, Ш. Кудайбердиева и участвовал в разработке государственной концепции программы развития родного языка [1,2].

В своей карьере Узбекали Жанибеков также занимал ряд важных административных позиций. В 1980-х годах он стал директором Казахстанского государственного музея народного творчества, где продолжал свою работу по сохранению и популяризации казахского культурного наследия. Также он был одним из основателей и руководителей нескольких научных и культурных организаций, включая ассоциацию этнографов Казахстана [1].

Узбекали Жанибеков начал свою научную карьеру в области этнографии в 1950-1960-х годах, когда Казахстан переживал важные социально-экономические изменения, которые требовали пересмотра традиционных подходов к культуре и истории. Он активно занимался сбором материалов по фольклору, традициям, обычаям, а также исследованием материальной культуры казахов. Его труды охватывают широкий спектр тем, включая национальные праздники, обряды, костюмы, ремесла, архитектуру и музыку. Он уделял внимание как анализу традиционных форм искусства, так и изучению того, как эти традиции изменялись под воздействием исторических процессов [1].

Тема историко-этнографического наследия Узбекали Жанибекова и его актуальности в современном мире очень интересна и многогранна. Узбекали Жанибеков сыграл огромную роль в возрождении казахской культуры, этнографии и истории, и его труды до сих пор оказывают влияние на современное общество. Он занимался изучением традиционной казахской культуры, орнаментов, музыки, костюмов и архитектуры. В современном мире, когда глобализация

угрожает традиционным культурам, его идеи помогают сохранять и популяризировать национальное наследие. Его труды используются в учебных программах по истории и этнографии. Например, его исследования о казахских юртах, народных ремеслах и музыке помогают новому поколению лучше понять свои корни. Благодаря трудам Узбекали Жанибекова, многие традиционные ремесла получили вторую жизнь, что способствует развитию этнотуризма. Наследие Узбекали Жанибекова актуально, поскольку помогает укреплять национальную идентичность, развивать культурные проекты, а также углублять знания об этнографии и истории. В условиях глобализации его труды служат важным источником для сохранения традиционной культуры и адаптации ее к современным реалиям.

На протяжении всей своей жизни Узбекали Жанибеков стремился к созданию условий для сохранения историко-этнографического наследия. Одним из важнейших аспектов его работы было документирование и исследование культурных памятников, которые подвергались угрозе исчезновения в результате урбанизации и других социальных изменений. Жанибеков активно участвовал в экспедициях, которые занимались сбором материалов, и стремился создать систему их каталогизации, что позволило сохранить уникальные объекты культуры для будущих поколений.

Важным вкладом в развитие научной мысли стало также его стремление к интеграции этнографической науки с другими областями знаний, такими как история, искусствознание и социология. Он был одним из первых ученых, кто начал рассматривать культурные практики в контексте широких исторических и социальных изменений, что позволило значительно расширить представления о казахской культуре и ее месте в контексте Центральной Азии.

Вклад Узбекали Жанибекова в сохранение и развитие этнографического наследия Казахстана трудно переоценить. Его исследования, направленные на изучение народных традиций, фольклора и культурных памятников, стали основой для будущих поколений ученых и культурных деятелей. Работы Узбекали Жанибекова продолжают оставаться актуальными и востребованными, оказывая значительное влияние на развитие этнографии и культуры в Казахстане и в Центральной Азии в целом.

Литература

1. Базарбай Алтаев. «Ставший легендой при жизни». Казахская правда. 2021. - https://kazpravda.kz/n/stavshiy-legendoy-pri-zhizni/;
2. Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова. «Жизнь У. Жанибекова». https://okmpu.edu.kz/ru/node/7671;
3. Kazmuseum.kz. «Ставший легендой при жизни». https://kazmuseum.kz/t-l-a/item/2282-stavshij-legendoj-pri-zhizni.

УДК 37.018.7

НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ЦЕННОСТИ В ТРУДАХ УЗБЕКАЛИ ЖАНИБЕКОВА

Беликова К. студентка 3-курса, Ахметова Г.К.
Бұл мақалада ағылшын тілін үйрену контекстінде тіл меңгерудің төрт негізгі дағдысы — жазу, оқу, сөйлеу және тыңдау — қарастырылады. Әр дағданың маңызы, олардың өзара байланысы және осы салаларда біліктілікті дамыту стратегиялары талқыланады. Ағылшын тілін үйренушілер осы дағдылардың әрқайсысында ерекше қиындықтарға тап болады, ал мақалада тіл дағдыларын жетілдіру үшін тиімді әдіс-тәсілдер, соның ішінде дәстүрлі және заманауи тәсілдер егжей-тегжейлі қарастырылады.

Language acquisition is a complex and dynamic process, particularly when it comes to learning English as a second or foreign language. The development of proficiency in English typically involves mastery of four primary skills: writing, reading, speaking, and listening. While these skills are often taught separately, they are intrinsically linked, and progress in one area often facilitates growth in the others. Understanding how to develop these skills in a structured and effective manner is crucial for educators and learners alike.

This article aims to provide an in-depth analysis of these skills, exploring strategies for improving each and discussing the role they play in comprehensive language learning. The importance of integrating both passive (listening, reading) and active (speaking, writing) skills is also highlighted, emphasizing a holistic approach to language development.

2. The Importance of Listening in Language Development

2.1 Listening as the Foundation of Language Learning

Listening is often considered the foundational skill for acquiring a language. It provides learners with the input they need to understand vocabulary, grammar structures, and pronunciation. Before learners can speak or write fluently, they must first develop the ability to comprehend spoken language. Listening is also essential for acquiring a natural feel for the rhythm, tone, and nuances of English speech.

2.2 Strategies for Improving Listening Skills

To improve listening skills, learners must be exposed to a variety of English-speaking environments. Listening to podcasts, watching movies, and engaging with native speakers can help students become more accustomed to different accents and speaking speeds. Additionally, listening comprehension exercises, where learners listen to audio and answer questions, can improve both understanding and retention of information.

3. Developing Reading Skills in English

3.1 The Role of Reading in Vocabulary and Grammar Acquisition

Reading is a passive skill that plays a pivotal role in expanding vocabulary and reinforcing grammar. It allows learners to encounter new words in context, which is crucial for effective language

acquisition. Reading also exposes students to diverse writing styles and structures, enhancing their ability to understand and produce various forms of written language.

3.2 Effective Reading Strategies

To develop strong reading skills, learners should practice reading texts of varying difficulty levels. This can range from graded readers to authentic materials such as newspapers, novels, and academic articles. Skimming and scanning are useful strategies for understanding the gist of a text or for locating specific information. Detailed reading strategies, such as annotation and note-taking, can help learners deepen their comprehension.

4. Enhancing Speaking Skills in English

4.1 Speaking as an Active Skill

Speaking is perhaps the most challenging skill to master, as it requires learners to produce language spontaneously. Speaking involves not only accurate vocabulary and grammar usage but also the ability to form coherent sentences and express ideas clearly. It requires fluency and confidence, which can take time to develop.

4.2 Strategies for Improving Speaking Skills

Practicing speaking with others is essential. This can be achieved through conversation clubs, language exchange programs, or engaging in online discussions with native speakers. To improve fluency, learners should focus on practicing speaking in real-life situations, rather than simply repeating memorized phrases. Role-playing exercises and debates are effective methods for encouraging students to speak on a variety of topics.

5. Writing Skills and Their Development

5.1 The Significance of Writing in Language Learning

Writing is both a productive skill and a means of organizing thoughts. It requires learners to employ grammar and vocabulary knowledge, but also to structure their ideas in a clear and coherent way. Writing helps learners to reflect on what they have learned and provides an opportunity to practice using new language skills in a more deliberate and thoughtful manner.

5.2 Methods for Enhancing Writing Skills

To develop writing skills, learners should practice writing essays, emails, stories, and other types of texts. This can involve working on specific writing aspects such as grammar, style, and punctuation. Peer review and constructive feedback can be beneficial in helping learners improve their writing. Furthermore, keeping a journal or writing blog posts can provide regular opportunities for practice and improvement.

6. Integrating the Four Skills for Holistic Language Development

6.1 The Interconnectedness of Listening, Reading, Speaking, and Writing

Although each skill can be developed independently, they are most effective when practiced in combination. For example, reading aloud combines both reading and speaking, while writing summaries of articles helps reinforce reading comprehension. Using all four skills in a complementary manner can accelerate language acquisition.

6.2 Balanced Language Learning

A balanced language learning approach is vital for developing proficiency across all four areas. Learners should aim to expose themselves to diverse input (through reading and listening) while simultaneously practicing output (through speaking and writing). A language immersion approach, where learners engage in real-world language use in both formal and informal contexts, can foster a deeper connection with the language and enhance all four skills.

7. Technology in Language Learning

7.1 The Role of Digital Tools in Enhancing Language Skills

Modern technology offers a wealth of tools and resources to support language learning. Language learning apps, online courses, and platforms that connect learners with native speakers offer

valuable opportunities to practice and improve English language skills. For example, apps that focus on grammar, vocabulary, and pronunciation can assist in developing individual skills, while virtual reality and language games can make the learning process more engaging and interactive.

7.2 Online Communities and Language Exchange

Engaging with online communities and participating in language exchange programs can also facilitate language development. Platforms like iTalki, Tandem, and HelloTalk allow learners to practice speaking and writing with native speakers, receive immediate feedback, and discuss topics of interest. Such interactions are invaluable in bridging the gap between theoretical learning and practical application.

8. Challenges in Developing Language Skills

8.1 Common Obstacles Learners Face

Developing proficiency in all four language skills can be challenging due to various factors. Limited exposure to the language, lack of motivation, or difficulty in overcoming the fear of making mistakes can hinder progress. Additionally, the differences in language structures, accents, and vocabulary can create barriers for learners.

8.2 Overcoming Challenges

To overcome these challenges, learners must adopt a growth mindset, recognizing that language acquisition is a gradual process. Regular practice, persistence, and engagement with diverse learning methods are key to overcoming difficulties. Educators can also play an important role in motivating learners and providing a supportive learning environment.

Conclusion

In conclusion, developing language skills in English requires a comprehensive approach that involves the active and passive skills of listening, reading, speaking, and writing. Each skill plays a critical role in overall language proficiency, and the integration of these skills leads to more effective language acquisition. By using a variety of strategies, including technology, immersive learning experiences, and consistent practice, learners can overcome challenges and make significant progress in mastering the English language. As such, fostering a balanced approach to language development will not only enhance communication skills but also open doors to greater cognitive, cultural, and social opportunities.

References

1. Brown H. D. *Principles of Language Learning and Teaching*. Pearson Longman, 2007.
2. Harmer J. *The Practice of English Language Teaching*. Pearson Education, 2015.
3. Richards J. C., Schmidt R. *Longman Dictionary of Language Teaching and Applied Linguistics*. Pearson, 2010.

ДЕТСТВО И ВЗРОСЛЕНИЕ В РУССКИХ ЛИТЕРАТУРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ: ТЕМЫ, КОТОРЫЕ ВОЛНУЮТ ПИСАТЕЛЕЙ РАЗНЫХ ЭПОХ

Онтаева Мария Бейсеновна
Учитель русского языка и литературы
КГУ Общеобразовательная школа N24 им.Турара Рыскулова Туркестанской области г.Кентау

Түйін

Бұл мақалада орыс әдебиетінде балалық шақ пен есею тақырыбы қарастырылады. Әр дәуірдің жазушылары оны әртүрлі қырынан бейнелейді, бірақ басты назар тұлғаның қалыптасуы мен сыртқы орта әсеріне бөлінеді. Балалық шақтың кінәсіздігі, есеюдің қиындықтары және ересек өмірдің қатал шындығы көптеген әдеби туындыларда сипатталады.

Abstract:

This article explores the theme of childhood and coming of age in Russian literary works. Writers of different eras depict it in various ways, but the main focus remains on personal development and the influence of the external world. The innocence of childhood, the challenges of growing up, and the harsh realities of adult life are described in many Russian literary works.

Детство и процесс взросления – одни из наиболее значимых и многогранных тем в русской литературе. Они не только раскрывают внутренний мир героев, но и позволяют писателям размышлять о становлении личности, влиянии окружающего мира и ключевых этапах формирования характера. Эти темы волнуют авторов на протяжении веков, но каждый из них интерпретирует их по-своему, опираясь на исторический контекст и культурные особенности своей эпохи.

Детство как время невинности и утрат

Во многих русских произведениях детство изображается как золотая пора, время чистоты и непосредственности. Например, в «Детстве» Л.Н. Толстого главный герой воспринимает мир с восторгом и любопытством, но постепенно сталкивается с первыми трудностями и разочарованиями. В произведениях Максима Горького, таких как «Детство», герой растёт в жестоких условиях, но сохраняет жажду к знаниям и поиску правды.

В русской литературе тема детства действительно часто выступает как способ исследования человеческого опыта и формирования личности. Вот еще несколько примеров и нюансов:

 Ф.М. Достоевский, "Подросток": хотя это произведение больше о юношестве, оно исследует переходный этап между детской наивностью и сложной взрослой реальностью. Герой сталкивается с внутренними конфликтами, вызванными осознанием морали, ответственности и общественного давления.

• **А.И. Куприн, "Белый пудель"**: здесь детство показано через образ мальчика-сироты, который путешествует вместе с циркачом. Их приключения отражают жестокость мира, но вместе с тем и нежность, дружбу и взаимопомощь.

• **А.П. Чехов, "Каштанка"**: хотя история рассказывается через взгляд собаки, она прекрасно передает ощущение потерянности и поиска дома, что можно сравнить с детским восприятием мира.

• **С.А. Есенин**: его поэзия часто воспевает деревенское детство, наполненное любовью к природе, семьей и простым радостям. Одновременно через эти образы он показывает утрату этой гармонии с взрослением.

Взросление как путь испытаний

Процесс взросления часто сопряжен с преодолением трудностей, столкновением с несправедливостью и осознанием ответственности. В романе «Подросток» Ф.М. Достоевского

герой ищет себя и свое место в мире, сталкиваясь с моральными и социальными противоречиями. В произведении Тургенева «Отцы и дети» показано взросление героя через конфликт поколений и поиск собственного пути.

Тема взросления как пути испытаний часто раскрывается через сложные перипетии внутреннего мира героев и их взаимодействие с окружающей реальностью. Вот несколько дополнительных примеров, которые подчеркивают разные аспекты этого пути:

Л.Н. Толстой, "Анна Каренина" (история Кити и Левина): Для Левина взросление связано с поиском смысла жизни, морального идеала и гармонии. Кити, в свою очередь, проходит через внутренние трансформации после разочарования в любви.

М.Горький, "Детство", "В людях", "Мои университеты": Эти автобиографические произведения описывают взросление героя через жестокие жизненные обстоятельства, бедность и столкновение с несправедливостью. Тем не менее, через это он формирует жажду к знаниям и силе духа.

А.П. Чехов, "Ионыч": Хотя здесь акцент смещен на последствия взрослой жизни, историю Ионыча можно рассматривать как предостережение о том, как утраты и рутинность могут поглотить жизненные идеалы, намеченные в юности.

Б. Л. Пастернак, "Доктор Живаго": История взросления Живаго разворачивается на фоне масштабных исторических событий, которые ставят героя перед моральными дилеммами, вопросами долга и личного выбора.

Потеря детства и разочарование

Некоторые русские произведения изображают детство не как светлую пору, а как время страданий и одиночества. В «Ночевала тучка золотая» А. Приставкина герои сталкиваются с жестокостью мира, что делает их взросление вынужденным и болезненным. В «Судьбе человека» М.А. Шолохова детство героя проходит в тяжёлых военных условиях, что накладывает отпечаток на его дальнейшую жизнь.

Символический смысл детства

Во многих русских произведениях детство становится не только этапом жизни, но и символом – потерянного рая, свободы или же, напротив, ограниченности. В «Горе от ума» А.С. Грибоедова юность Чацкого противопоставляется зрелому обществу, полному предрассудков. В «Докторе Живаго» Б. Пастернака детство героя олицетворяет идиллическое время, которое неизбежно разрушается историческими событиями.

Итоги

Тема детства и взросления остаётся актуальной во все времена, поскольку она связана с фундаментальными вопросами формирования личности. Русская литература позволяет читателям задуматься о своих собственных переживаниях и испытаниях, а также взглянуть на процесс взросления с разных сторон. От эпохи к эпохе меняются взгляды на детство, но неизменно остаётся одно – это время, формирующее человека и определяющее его дальнейшую судьбу.

Список литературы:

1. Толстой Л.Н. "Детство". Москва: АСТ, 2018.
2. Горький М. "Детство". Москва: Эксмо, 2020.
3. Достоевский Ф.М. "Подросток". Москва: Эксмо, 2019.
4. Тургенев И.С. "Отцы и дети". Санкт-Петербург: Азбука, 2018.
5. Приставкин А. "Ночевала тучка золотая". Москва: Время, 2020.
6. Шолохов М.А. "Судьба человека". Москва: АСТ, 2021.
7. Грибоедов А.С. "Горе от ума". Санкт-Петербург: Азбука-Классика, 2019.
8. Пастернак Б. "Доктор Живаго". Москва: Эксмо, 2022.

ӘОК 811. 512. 122' 374

ТУЫС ТҮРКІ ТІЛДЕРІ АРАСЫНДА ЖАСАЛАТЫН АУДАРМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Ж. Байниязов[1], Ж.Т. Байниязова[2]
[1]филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Қазақстан, Шымкент), e-mail: ayabekbainiyazov@okmpu.kz
[2]филология ғылымдарының кандидаты
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Қазақстан, Шымкент), e-mail: zhanarbainiyazova@okmpu.kz

Резюме:

Одним из важнейших средств укрепления культурного наследия, единства и родства тюркских языков, их совместного взаимодействия и развития является перевод произведений с одного языка на другой, позволяющий глубже познать особенности каждого из переводимых языков. В данной статье анализируются различные образцы переводов с одного близкородственного языка на другой, а также трудности, возникающие при переводе некоторых отдельных видов текстов. Кроме того, в статье особое внимание уделено вопросам ответственности переводчиков и соблюдения ими своих профессиональных обязанностей.

Summary:

One of the most important means of strengthening the cultural heritage, unity and kinship of the Turkic languages, their joint interaction and development is the translation of works from one language into another, which allows for a deeper knowledge of the peculiarities of each of the translated languages. This article analyses various samples of translations from one closely related language into another, as well as the difficulties arising in translating certain types of texts. In addition, the article pays special attention to the issues of translators' responsibility and compliance with their professional duties.

Ортақ мәдениетке ие түркі халықтары арасындағы қарым-қатынасты күшейтетін, түбі бір туыстығы мен мәдени бүтіндігін қамтамасыз ететін басты жолдардың бірі – бірімізді жақыннан тану, сол тілдерге қатысты шығармаларды аудару. Жалпы алғанда кеңес дәуірінде түркі халықтарының тілдерінде жазылған шығармаларды тек орыс тіліне аударылғандарымен танысып, орыс тілі арқылы тілімізге ауданатынбыз. Аударма өнерінің тарихы шығыс халықтарына ортақ аңыздар мен ертегілерді, дастандарды жырлау дәстүрінен бастау алады.

Аударма – бір тілден екінші тілге тәржімеленген шығарма [1, 149]. Ө. Айтбаев «аударма» сөзінің мағыналық ауқымы кең екендігіне тоқтала келіп былай дейді: «Бір тілден екінші тілге аударылмайтын нәрсе жоқ: көркем шығарма, публицистика, өлең, ғылымның сан саласынан ғылыми-көпшілікке арналған кітаптар, іс-қағаздары, дипломатикалық құжаттар, мемлекет қайраткерлерінің сөйлеген сөздері мен материалдары, шешендік сөздер мен тіл білмейтін жандардың өзара әңгіме-сұхбаты т.б. толып жатқан дүниелер аударылып жатады.» [2, 551]. Д. Рақымбекова мен Р.Абисалықова аударманың негізінен үш әдіске бөлінетінін көрсетеді. Атап айтқанда, *еркін аударма* жасау түпнұсқаның тілін жетік білмеуден немесе сол түпнұсқаның ұғымды болуынан көрі, өзіне тиімділігін, оңайлығын көбірек көздеуден туатынын, *сөзбе-сөз аударма* түннұсқаның тілін түсінгендерде болатынын, ал *балама аударманы* екі тілді бірдей білумен қатар, түпнұсқаның түпкі ойын сарқа түсінетіндер іске асыратынын айтады. [3, 14]. Біздің ойымызша, мәселе Д. Рақымбекова мен Р.Абисалықованың оқу құралында айтылғандай, аудармашының тілді қаншалықты меңгергенінде емес, қай әдісті таңдағанында сияқты. М.Әуезов «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» атты мақаласында аударманың үш түрін атап өтеді. Бірінші, сөзбе-сөздік – әріпқойлыққа негізделген

аударма. Екінші, еркін аударма – аудармашының өзіншелеп әңгімелеп отырғанына ұқсас аударма. Үшіншісі, шығарманың мазмұнын да, формасын да толығырақ беретін – балама аударма [4, 14] деп, дәстүрлі аударма түрлерінің әдістерін айқындап берген болатын. Ұлы жазушы мақаласында аударылатын шығарманың ұлттық формаларының сақталуына ерекше мән береді. Сонымен бірге үздік аудармалардың үлгілі, өнегелі іс-тәжірибелерін саралап тани алмай отырғанымызды да айтып өтеді.

Қазіргі таңда түркі халықтарында бабалар мұрасын зерттеп, оны қазіргі тілге аудару бағытында жемісті жұмыстар атқарылып келеді. Орта ғасырда түркі жазба тілінде дүниеге келген әдеби жәдігерлердің бір үлгісі Ахмет Ясауидың «Диуани хикметі». Әнуарбек Бөкебаев осы күнге дейін осы еңбектің он шақты аудармасы жасалғаның, аударғандардың ортақ кемшілігі аудармаларында хақиқаттан қабар беріп тұрған бұл еңбекті мағынасынан алшақтатып, құнын түсіріп тұрғанын байқағанын айтады. Оларды шетінен тізбектеп жатпайақ, кейбіреулеріне ғана тоқталып өткенін айтып төмендегі шумақты келтіреді:

Ахир заман ғалимлары залым булди,
Хуш амад еттушилар ғалим булди,
Хақни айтган дәрушләрга ғаним булди,
Ғажаб шумлиғ заманлар булди, дуслар.
Осыны аудармашылардың көбі былай аударған, дейді.
Ақыр заман ғалымдары залым болды,
Ізгі ниетін үзбегендер ғалым болды,
Алланы айтқан дәруіштің жолы болды,
Ғажап сұмдық заман блды, достар.

Тағы бір жерінде деп былай жалғастырады: «Мұсылман мұсылманды қылды қатил» деген

2010 жылы Т.Қыдыр мен К.Мұстафаева дайындаған Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» атты шығармасы. Бұны дәстүрлі жолма-жол аударма әдісіне жатқызуға болады. Дайындаушылар шығарманың түпнұсқа мәтіні, транскрипциясы және бүгінгі тілге аудармасын берген [5]. 1-хикметтен үзінді:

«Бисмиллəһ» деп бəйан айлай хикмəт айтыб,
Тəлибləргə дүрр-у гəуһəр сачтым мəна
Рийазатны қаттығ тартыб, қанлар йутуб,
Мен «Дəфтəрі сəни» сөзін ачтым мəна. [5, 189]

«Бисміллə» деп баяндайын хикмет айтып,
Тəліптерге дүр мен гауһар шаштым мен (де).
Риязатты қатты тартып, қандар жұтып,
Мен «Дəфтəрі сəни» сөзін аштым мен (де). [5, 6].

Әрине, бүгінгі қазақ тіліне аудару немесе оны қолданыстағы тілге бейімдеп беру аудармашыдан көп нәрсені талап етері анық. Баспаға дайындаушылар түпнұсқадағы көне сөздерге мәтін ішінде сілтеме жасай отырып, еңбектің соңында «Диуани хикмет сөздігін» де жасаған.

Қырғыздың «Манас дастанының» В. Радлов нұсқасы да осы үлгіде профессор Эмине Гүрсой тарапынан қазіргі түрік тіліне аударылды [6].

Жети-төрдүн башында *Yedi-tör'ün başında*
жеткилен тууган Бөйөн-кан, *doğmuş idi Böyön Han*
Бөйөн-кандын баласы *Böyön Han'ın oğlu*
Кайратуу тууган Кара-кан,... *gayretli doğan Kara Han,...* " [6, 17].

Соңғы жылдары қазақ жазушыларының көркем шығармалары түрік тіліне, түрік тілінен де қазақ тіліне аударыла бастады. Мәселен, Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен қара сөздері, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы мен мақалалар жинағы, Олжас Сүлейменовтың «Азия», Мұхтар Шахановтың өлеңдері т.б. Қазіргі түрік тілінде «аударма» сөзіне қатысты екі түрлі мағынада үш синонимдес сөз қатар жұмсалады. Олардың түрік тілі сөздігіндегі анықтамасы төмендегідей: 1. "*aktarmak* (актармак) – bir lehçeyi başka bir lehçeye uyarlamak" [7, 61]. 2. "*çevirmek, tercüme etmek* (чевирмек, тержүме етмек) – bir dilden başka bir dile çeviri yapmak" [7, 419, 1958]. Яғни, біріншісі «актармак» – туыс тілдер немесе бір тілдің диалектілері арасында аударма жасау, қотару. Аударма сөзінің орнына жұмсалатын екінші сөз «чевирмек, тержүме етмек» – басқа тілдерден жасалған аударманың түрі. Осы орайда, «аударма» сөзінің қолданылу аясына байланысты Ө.Айтбаев: «Аударма бір тілден екіші тілге, туыс емес тілдерден, туыс тілдерден, жүйесі бөлек тілдерден жасала береді» деп, қазақ тілінде жалпы туыс тілдер арасында да «аударма» сөзінің жұмсалатынын айтып өтеді [2, 552].

Аударма – мамандық емес, өнер дейтін болсақ, күрделі шығармаларды аударуға көп аудармашының жүрегі даулай бермейді. Әр халықтың сөз саптау, стильдік сөз қолданыс ерекшеліктері бар. Оны дөп басып, жатық тілде жеткізе алмаған туынды оқырманына ұласа алмайды. Аударма өнері асығыс тірлікті құптамасы анық. Осы жерде М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының түрікше аудармасына жазылған сын-пікірге тоқталып өтпекпіз. «Абай жолы» З.Исмаил және А.Гүнгөр тарапынан 1997 жылы түрікшеге аударылып, «Билиг» баспасынан шықты. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті атынан Анкарада шығатын «Билиг» журналының 2000 жылғы №15 санында (bilig-15/Güz'2000) Уғурлы Мұстафаның «Түркі тілдері арасында аударма мәселелері және «Абай жолы» романы» атты көлемді мақаласы жарияланды. [8, 59-80]. Енді осы мақалада айтылған сынға қысқаша тоқталып өтейік.

Түркі тілдерінің географиялық орналасуы заңды түрде туыс тілдердің белгілі бір заңдылықтар аясында фонетикалық әрі мағыналық өзгерістерге ұшырауына себеп болады. Осы арада кез келген туыс тілдер арасында жасалған аудармаға сақтықпен қарау керек. Кейбір сөздердің мағынасы тарылып, кейбір сөздердің де мағынасы кеңейеді. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі фонетикалық құбылыстардың бірі – сөз басындағы «ш» дыбысы түрік тілінде айтылғанда «ч»ға, «ж» дыбысы «й»ге т.б. өзгереді деген жалпы ереже бар. Бірақ жақын тілдердегі сөздердің баламасын іздегенде, осы дыбыстық құбылыстан бұрын оның нақты баламасын табу керек сияқты. М.Уғурлы да «Абай жолын» аударған аудармашыларға осы мәселе бойынша сын тағады.

Біздің халықта «қарға қарғаның көзін <u>шұқымайды</u>» деуші еді, – деді. (Абай жолы, I, 419*). Bizim halkta "karga karganın gözünü <u>çokumaz</u> derler!" dedi* (Abay Yolu, II, 208). М.Уғурлы осындағы *<u>çokumaz</u>* етістігінің орнына *"oymaz"* етістігінің жұмсалатынын орынды байқаған. Расында, біз де түрік тілінің нормативті сөздігінде *<u>çokumaz</u>* сөзін кездестірмедік. Осы сияқты «желігу» етістігін түрік тіліне "yelikmek" деп аудара салған. Әйтпесе, бұл сөздің баламасы түрікшеде "heveslenmek, kudurmak, delirmek" болуы керек деп көрсетеді [8, 63].

Парасатты айтылған ойға, жөнімен жасалған сынға, дұрыс байқалған кемшіліктерге ешкімнің айтар уәжі болмаса керек. 20 беттен тұратын пікір аударманың негізгі кемшіліктерін терең талдаған. Аудармашылар тағы да сөздің мағыналық жағына емес, тілдік ерекшелігіне мән берген. Осындай шикі, асығыс жасалған аудармаларды тізбектей келіп, М.Уғурлы кемшіліктерді мынадай топтарға бөліп қарастырған: тұзақ сөздер (айтылуы бірдей, мағыналық жақтан өзгеріске ұшыраған), баламасы дұрыс таңдалмаған сөздер, үйлеспейтін сөздер, аударылмай кеткен сөздер, баламада диалект сөздерді қолдану, құрылымдық кемшіліктер (үйлеспейтін тіркестер), сөйлем құруда жіберілген қателер, етістікпен дұрыс меңгерілмеген

септік жалғаулары, дұрыс құрылмаған сөйлемдер. М.Уғурлының ана тілі түрік тілі болғандықтан, құлаққа жағымсыз естілетін, әлсіз қолданыстарды сәтті байқаған. Демек, туыс тілдердің арасында жасалатын аударманың қиындығы да осында. Айтылуы бірдей, бірақ екі тілде екі түрлі даму эволюциясына ұшыраған құбылмалы сөздің баламасын дәл табу керек.

Аударма ісінде жасалатын ең алғашқы қадам – сөздікпен жұмыс жасау. Кез келген тілді алғаш үйренуші алдымен екі тілді аударма сөздікпен жұмыс жасайды. Сосын тілді терең меңгеруі әрі тілдегі семантикалық мағыналарды дұрыс ажыратуы үшін сол тілдің нормативті түсіндірме сөздігімен жұмыс жасауды дағдыға айналдырады. М.Уғурлы да «Абай жолы» эпопеясын түрік тіліне аудару барысында аудармашылардың қазақ тіліндегі кейбір сөздердің баламасын табуда сөздіктегі мағыналарына салғырт қарағанын жазады өтеді [8, 70].

Сөздіктердің аудармадағы алатын орны ерекше. Сөздіктерде лексикалық бірліктерге әр түрлі тұрғыдан сипаттама беріледі. Әсіресе оқу сөздіктерінің дидактикалық әрі танымдық ерекшеліктері мол. Сөздік – оқушының сөз байлығын арттырудың да бір қайнар бұлағы. Түрік тілінің түсіндірме сөздігінде «ауыз» сөзінің 12 мағынасы, 130-дай тұрақты сөз тіркесі мен 30-дан аса атаулы сөз тіркесі келтірілген [7, 34-39]. Берілген мағына түрлері көркем әдебиеттерден алынған мысалдармен дәйектелген. Айтайын деген ойымыз сөздік аудармашының негізгі құралы болуы тиіс.

Әсіресе аудармада тұрақты сөз тіркестерін аудару оңайға соқпайтын іс. Фразеологизмдер халықтың өмір тіршілігімен, жалпы қоғаммен, сол халықтың материалдық және рухани мәдениетімен тығыз байланысты тіл қазынасына жататын бейнелі оралымдар. Тіл зерттеушілерінің айтуынша, сөз жұмсаудағы қатенің ең жиі кездесетін түрі фразеологизмдердің мағынасын тап басып тани алмағанымыздан. Белгілі тілші І. Кеңесбаев он мыңдай фразеологиялық тіркестен тұратын түркі әлеміндегі тұңғыш толық фразеологиялық сөздікті 1977 жылы дүниеге әкелді [9]. Ғалым, академик Ісмет Кеңесбаевтың жасаған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» аудармашылардың қазақ тіліндегі сөз тіркестерін өзге тілдерге аударуда пайдалы болатыны сөзсіз.

Аударманың ең үздік үлгісі деп, кезінде Абайдың орыс әдебиетінен жасаған аудармаларын айтуға болады. Абай – бір тілден екінші тілге аударылғанда сақталынуға керекті шарттардың негізін дұрыс ұғынған ақын. Сондықтан да ол өлеңінің мазмұны, түріне қарап әр түрлі әдіс қолданған. Орыс тіліндегі өлеңдердің дәл-дәл келетіндері болса, қазақ өлең құрылысынан оған дәл не жақын келетін түрлерді іздеп, «бұлжытпай» дәл беруге тырысады [10, 97-101].

Қорыта келгенде, ел мен елдің, тіл мен тілдің жақындасуында аударманың қоғамдық қызметі ерекше. Мінсіз аударылған дүниенің ғұмыры да ұзақ болады. Жалпақ тілмен аудару кез келгеннің тірлігі. Мінсіз аударманы ана тілінің әдебиетінен сусындаған аудармашылар ғана жасай алады. Сондықтан аударманың артар жүгі де ауыр. Аудармашы поэзия жанрына қол созса, көкірегінен жыр төгілген ақынжанды, прозаны аударғанда жазуға қабілетті, жатық тілде ойын жеткізе алатын өнер иесі болуы керек сияқты.

Әдебиеттер:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Ғ.Қалиев, С.Бизақов, О.Нақысбеков және т.б. – Алматы: “Арыс“ баспасы, 2006. 2-том. – А – Б. –744.
2. Айтбаев Ө. Тіл байытудың бір көзі – аударма // Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: “Арыс“ баспасы, 2007. – 624.
3. Аударма теориясы мен тәжірибесі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2012. – 160.
4. Көркем аударманың кейбір мәселелері // Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1957. 3-12 беттер.
5. Иасауи. Диуани хикмет (аударма, транскрипция, мәтін, сөздік). Түркістан, «Тұран» баспаханасы, 2010. – 400.

6. Radloff, W. Manas Destanı. Kırgız Türkçesi metin – Türkiye Türkçesi Çeviri. Yayına hazırlayan: Prof.Dr. Emine Gürsoy – Naskali. Türksoy Yay. NO: 1, Ankara, 1995.
7. Türkçe Sözlük / Hzl.: Şükrü Haluk Akalın... [ve başk.]. – 10. bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2009.
8. Uğurlu, Mustafa. Türk Lehçeleri Arasında Aktarma Meseleleri ve "Abay Yolu" Romanı. Bilig, -15/Güz, Ankara, 2000.
9. Кеңесбаев І. Разеологиялық сөздік. – Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. – 800.
10. Абай. Энциклопедия. – Алматы: "Қазақ энциклопедиясының" Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720.

ӘОЖ 069. (574)

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙТАНУДАҒЫ ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКТІҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Каримов Қ.С. PhD докторант
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті . Түркістан, Қазақстан

Резюме

Узбекали Жанибек-один из основателей казахской национальной музееведческой науки. Он уделял большое внимание вопросам охраны культурного наследия, развития музейного дела и изучения исторических артефактов в Казахстане. Выводы Жанибекова определили национальный характер музееведения и заложили методологические основы сохранения и пропаганды этнографических, исторических и культурных ценностей. По его инициативе в экспозициях музея широко представлены казахские народные ремесла, реликвии традиционной культуры. Научные труды о роли музеев в модернизации национального сознания и исторической памяти актуальны и сегодня.

Summary

Uzbekali Zhanibek is one of the founders of the Kazakh National Museum Science. He paid great attention to the protection of cultural heritage in Kazakhstan, the development of museum business and the study of historical exhibits. Zhanibekov's conclusions determined the national character of museum studies, laid the methodological foundations for the preservation and promotion of ethnographic, historical and cultural values. On his initiative, exhibits of Kazakh folk crafts and traditional culture were widely displayed in the museum's expositions. Scientific works on the role of museums in the revival of national consciousness and historical memory are still relevant today.

Қазақ халқының мәдени мұраларын сақтау және музей ісін дамыту мәселесі – ұлттық руханияттың маңызды бағыттарының бірі. Бұл салада көрнекті қайраткер, ғалым, қазақ мәдениетінің жанашыры Өзбекәлі Жәнібековтің қосқан үлесі зор. Ол қазақтың ұлттық музей ісінің ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастырып, музейлердің тарихи жадыны жаңғыртудағы рөлін айқындады. Жәнібековтің көзқарастары қазіргі ұлттық музейтану саласының дамуына үлкен ықпал етті. Оның бастамасымен көптеген этнографиялық және тарихи жәдігерлер зерттеліп, музей қорларында жүйеленді.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері, этнограф, тарихшы, музей ісінің білгірі. Ол XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы ұлттық музей жүйесін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты. Өзбекәлі Жәнібеков XX ғасырдың 1970-жылдарынан бастап елімізде көптеген әртүрлі көлемдегі музейлерді ұйымдастыру, тарихи маңызды мұрағаттарды жинақтау, сақтау және насихаттау арқылы ұлттық мәдениетіміздің дамуына айрықша үлес қосты. Оның бастамасымен көптеген тарихи-мәдени мұралар жаңғыртылып, сақталып қалды[1]. Жәнібековтің еңбектері музей ісінің тек жәдігерлерді жинау ғана емес, сонымен қатар оларды ғылыми негізде жүйелеу, түсіндіру, насихаттау екенін көрсетті.

Сексенінші жылдардың басында Қазақстанда музей ісі қарқынды дамыды. Бұл кезең жаңа музейлердің ашылуымен ғана емес, олардың бағытының кеңеюімен, ғылыми-зерттеу және жинақтау жұмыстарының жандануымен ерекшеленді. Мұндай өзгерістер сол кездегі Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібековтің қажырлы еңбегінің нәтижесінде жүзеге асты. Ол өз қызметінде ұлттық мәдениетті дамытуға, Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын сақтау мен насихаттауға үлкен үлес қосты.

Өзбекәлі Жәнібековтің басшылығымен жүргізілген ғылыми-зерттеу, іздестіру және жинақтау жұмыстары нәтижесінде ел көлемінде бірқатар жаңа музейлер ашылды. Соның ішінде Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті, көрнекті ғалым Қ.И. Сәтпаевтың мемориалдық музейі, Алматы қаласында жазушылар С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповке арналған әдеби-мемориалдық музей кешені, сондай-ақ Қарағанды облысының Жезді кентінде тау-кен және металлургия тарихы музейі жұмыс істей бастады.

Бұдан бөлек, халық батыры, ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі А. Имановтың мемориалдық музейі, Торғай өңірінде Дала өлкесі тарихы музейі құрылды. Қызылорда облысында екі мәрте Социалистік Еңбек Ері И. Жақаев атындағы күріш шаруашылығы тарихы музейі мен Қазақстан және Орталық Азия жастарының көшбасшысы Ғ. Мұратбаевтың мемориалдық музейі ашылды.

Оңтүстік Қазақстан облысының Темірлан ауылында әйгілі балуан, әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасовтың музейі өз жұмысын бастады. Батыс Қазақстан облысында Бөкей Ордасының тарихына арналған музей, украин ақыны Т.Г. Шевченкоға арналған мемориалдық кешен, Кеңес Одағының Батыры М. Мәметованың үй-музейі құрылды.

Алматы облысында ақындар Сүйінбай Аронұлы, Кенен Әзірбаев, Үмбетәлі Кәрібаевтың әдеби-мемориалдық музейлері, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Н. Алдабергеновтің мемориалдық музейі, сәулет өнерінің бірегей ескерткіші саналатын «Жаркент мешіті» музейі, Ш.Ш. Уәлихановтың «Алтынемел» мемориалдық кешені, ақын М. Мақатаевтың әдеби-мемориалдық музейі және басқа да мәдени нысандар ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады.

Бұл мәдени нысандар – техника, сәулет, монументалды өнер, археология және мәдени-ландшафтық ескерткіштер бүгінде еліміздегі негізгі туристік бағыттардың біріне айналды. Жаңа музейдің құрылуы қаншалықты қиын әрі күрделі процесс екенін көрсету үшін Алматыдағы Халық музыкалық аспаптар музейінің тарихын мысалға келтірейік. Алғашында музей Панфилов көшесі, 99-шы мекенжайында орналасқан бұрынғы керуен-сарай ғимаратында жұмыс істеді. Кейін музейді революцияға дейінгі Верный қаласынан қалған санаулы тарихи ғимараттардың бірі – Офицерлер жиналысы үйіне көшіру жөнінде шешім қабылданды. Зенков пен Гоголь көшелерінің қиылысында, 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағының жанында орналасқан бұл ғимарат сол кезде апатты жағдайда тұрған болатын. Оның толықтай қирау мен сүрілу қаупінен құтқарылуы тікелей Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен жүзеге асты. Ол ғимаратта кең көлемді жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге тапсырма берді.Алайда, музейдің ашылу жолында әлі де күрделі мәселелер туындады. Алғашқы жоспар бойынша, оның негізгі экспозициясын белгілі музыкатанушы Болат Сарыбаевтың жинақтаған музыкалық аспаптар коллекциясы құрауы керек еді. Бірақ соңғы сәтте белгісіз себептермен Сарыбаев өз келісімінен бас тартып, Жәнібековпен жасалған уағдаластық жүзеге аспай қалды. Бұл кезде музейдің жоғары деңгейде белгіленген ашылу мерзімі таяп қалған еді, оны кейінге шегеру мүмкін болмады.

Осы қиын жағдайдан шығу үшін Өзбекәлі Жәнібеков батыл шешім қабылдап, халық шеберлері Даркенбай Шоқпаров, Оразғазы Бейсенбаев және басқа да қолөнершілерге қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптарының толық жиынтығын қайта жасап шығуға тапсырма берді. Бұл қатарға домбыра, қобыз, дабыл, жетіген, сырнай, керей, шертер, сазсырнай, адырна, сазген, дүдіге, тоқылдақ секілді көптеген аспаптар енді. Сонымен қатар, музей қорының

толықтырылуы мақсатында танымал халық орындаушылары Құрманғазы, Біржан сал, Дина Нұрпейісова, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев және басқа да белгілі өнерпаздардың қолданған музыкалық аспаптарын жинау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, ТМД елдері мен әлем халықтарының музыкалық аспаптары да жинақталып, болашақ музей экспозициясының негізін қалады.

Музей алғашқы жылдарынан бастап-ақ халықтың музыкалық мәдениетін дәріптеуге белсене кірісті. 1981 жылы Өзбекәлі Жәнібековтің бастамасымен музей жанынан «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблі құрылды. Өзінің жұмысының көптігіне қарамастан, ол музей қорын жаңа экспонаттармен толықтыруды, ансамбльдің концерттік бағдарламаларын жаңартуды, әртістердің сахналық киімдерін тіктіруді жіті қадағалап отырды. Бақытына орай, Мәдениет министрлігі музейдің дәл жанында, жолдың арғы бетінде орналасқан болатын.

Кейіннен музейдің алғашқы директоры Жарқын Шәкәрімов өз естеліктерінде: «...Музейдің қалыптасу кезеңіндегі жанкешті еңбегіміз жайлы Өзбекәлі Жәнібеков былай деп жазған еді: «Музейді ұйымдастырудағы ең үлкен қиындық оның тұңғыш директоры Жарқын Шәкәрімов пен қолөнер шеберлері Оразғазы Бейсенбаев пен Даркенбай Шоқпаровқа түсті»» деп атап өткен еді.[2]

1990 жылдардың аяғы 2000 жылдардың басында Қазақстанда республикалық маңызы бар музейлер 13, мекемелік музейлер 5, облыстық музейлер 25, қалалық музейлер 31, аудандық музейлер 47, қорық музейлер 7, сонымен қатар мемориалдық музейлер 11 болған[3].

2000 жылдың «Мәдениетті қолдау жылы» болып жариялануы мәдени мекемелер мен өнер ордаларының өзекті мәселелерін шешуге жол ашқаны анық[4].

Оның музей ісіне қатысты әдістемелік еңбектері осы бағыттағы маңызды нұсқаулықтарға айналды. Сонымен қатар, ол қазақтың дәстүрлі өнерін, әсіресе қолөнер мен ұлттық киім үлгілерін зерттеп, музейлердегі экспозициялардың ұлттық ерекшелігін айқындады.

Өзбекәлі Жәнібек музей экспозицияларын құрудың ұлттық қағидаттарын ұсынды. Ол қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетіне қатысты жәдігерлерді жүйелеп, олардың тарихи мәнін ашудың маңыздылығын атап өтті. Оның жетекшілігімен этнографиялық жәдігерлер музейлерде ерекше орын алды. Жәнібеков ұсынған әдістеме бойынша қазақтың дәстүрлі қолөнері, тұрмыс-салты, ұлттық киім үлгілері, музыкалық аспаптары музей экспозицияларында лайықты орын алды[5].

Сонымен қатар, ол интерактивті экспозициялар жасаудың маңыздылығын атап өтті. Музейлердің келушілерге әсерін күшейту мақсатында мультимедиалық технологияларды қолдану, тарихи тұлғалардың бейнесін көрсету, жәдігерлерді жан-жақты таныстыру сияқты әдістерді енгізуді ұсынды. Бұл тәсілдер қазіргі таңда көптеген музейлерде қолданылып жүр. Сондай-ақ, Жәнібеков музей экспозицияларын халықтың тарихи жадын қалпына келтірудің құралы ретінде қарастырып, жәдігерлерді ұлттың өткенінен сыр шертетін айғақ ретінде пайдалануға шақырды.

Өзбекәлі Жәнібек музейлерді халықтың тарихи жадының сақтаушысы ретінде қарастырды. Оның пікірінше, музейлер тек ғылыми-зерттеу орталықтары ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлікті нығайтатын мекемелер болуы тиіс. Осыған байланысты музей қызметін тек жәдігер көрсетуге ғана емес, сондай-ақ жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуге бағыттау қажеттігін ұсынды[6]. Оның бастамасымен көптеген дәстүрлі мерекелер, көрмелер мен этнографиялық кештер ұйымдастырылды.

Ол музейлерді ұлттық тәрбиенің негізгі құралы ретінде қарастырып, музей сабақтарын, шеберлік сыныптарын, этнографиялық фестивальдерді ұйымдастырудың маңыздылығын көрсетті. Жәнібековтің ұсыныстары музей ісінің заманауи бағыттарына негіз болып, бүгінгі таңда көптеген музейлер білім беру қызметін кеңейтуде. Сонымен қатар, ол музейлердің

халықпен тығыз байланыста болуы керектігін, олардың ұлттық мәдениеттің жандануына ықпал ететінін ерекше атап өтті.

Халқына адал қызмет еткен көрнекті тұлғаның ұлттық өнерді, тарихи және мәдени ескерткіштер мен жәдігерлерді сақтау жолындағы зерттеу және мемуарлық еңбектері кез келген уақытта құнды әрі бағалы мұра болып қала береді. Оның ішінде: «Қазақтың ұлттық қолөнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайрықта» (1996), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996, 1-кітап, 1997, 2-кітап) сынды еңбектері оқырман қауымға тарихи-мәдени мұраны тереңінен танып-білуге жол ашады. Оның еңбектері қазақ халқының мәдени мұрасын сақтаудың ғылыми негіздерін қалыптастырумен қатар, музейлердің қоғамдағы әлеуметтік рөлін күшейтуге ықпал етті.

Оның ғылыми тұжырымдары бүгінгі таңда да өзекті болып, музей ісінің дамуына серпін беруде. Сонымен қатар, Жәнібеков қазақтың ұлттық ойындары мен мерекелерін музей қызметіне енгізуді ұсынды. Ол олардың келушілерге этнографиялық мұраны тереңірек түсінуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Қорыта айтқанда, Өзбекәлі Жәнібектің ұлттық музейтану саласындағы тұжырымдары қазақ мәдени мұрасын сақтау мен дәріптеуде маңызды рөл атқарды. Ол музейлерді халықтың тарихи санасын қалыптастырудың құралы ретінде қарастырып, оларды ғылыми-зерттеу және ағартушылық қызметтің негізгі орталығы етуге үлес қосты. Оның идеялары бүгінгі таңда да музей ісінің дамуына ықпал етуде. Жәнібековтің бастамалары арқылы ұлттық мәдениеттің жаңа қырлары ашылып, музейлер халық пен тарих арасындағы байланысты нығайтудың маңызды алаңына айналды.

Әдебиеттер

1.Государственный список памятников истории и культуры Казахской ССР республиканского и местного значения. Сборник документов. Алма -Ата 1983.112 -б.

2.Шакаримов Ж., Көне дүние күмбірі – Мелодии древности. – Алматы: «Өнер», 2013. - 170 с.

3. Абикенова, С. М. Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасуы / С. М. Абикенова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2014. — № 2 (61). — С. Т.1. 15-17. — URL: https://moluch.ru/archive/61/9103/

4. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U990000316_

5. Джанибеков У. Д. Культура казахского ремесла. [Текст] -Алма-Ата: Өнер, 1982.-144 с.

6. Жәнібеков, Ө. Тағдыр тағылымы [Мәтін]: Естеліктер. Бірінші кітап / Ө. Жәнібеков.- Алматы: Рауан, 1996.- 192б.

ӘОЖ 37/94(574)

ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ ЖАРҚЫН ТҰЛҒАСЫ

Кужагулова Г.Е. п.ғ.к.
Досбаганбетова А.Т. доцент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности яркой личности Озбекали Жанибекова, поднявшего национальную духовность и внесшего большой вклад в развитие национального образования.

Summary

This article examines the characteristics of the bright personality of Uzbekali Zhanibekov, who raised national spirituality and made a great contribution to the development of national education.

Қазақтың бір туар дара тұлғасы Өзбекәлі Жәнібеков ұлттың мәдениеті мен өнерін дамытуда ерекше үлес қосқан қоғам қайраткерлерінің бірі. Түркістан өңірінде дүниеге келген Өзбекәлі Жәнібеков ата-анадан ерте айрылып, атасының қолында тәрбиеленіп, мектеп бітіреді. Жоғары білім алған соң Өзбекәлі Жәнібеков еңбек жолын мектеп мұғалімінен бастайды. Ұлтымыздың ұлы мұраларын сақтау ісінде ерекше еңбек сіңіріп, қазақ халқының мәдениет пен өнер саласындағы бар асыл мұраларын кейінгі ұрпаққа қалдыру мәселесін алға тартқан жарқын тұлғалардың бірі.

Халқымыздың бай мәдениетінің мәртебесін асқақтата отырып, республикамыздың кейбір өңірлерінде тарихи маңызы бар мұрағаттарды жинақтап, сақтап және насихаттау барысында аянбай еңбек етті. Атап айтатын болсақ, Алматы қаласындағы Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыка аспаптары мұражайы ұлт мәдениетінің мақтанышына айналып отыр. Мұражай музыкалық аспаптарға арнала отырып, ұлттық мәдениетті көтерудің қозғаушы күші болды. Көзден көлденең кете бастаған және құнын жоғалта бастаған көне аспаптар қазынасы қайта жаңғырып, бір жерге жинақталып, олардың коллекциялық ерекшеліктері анықталды [1].

Өзбекәлі Жәнібековтің ұйымдастыруымен тұңғыш рет халықтың музыкалық аспаптары туралы тың деректер жиналып, мұражайдың рухани және заттық мәдениетке қатыстылығы жайлы жазбалар пайда болды. Мұражайға барған адам көне аспаптарды тамашалай отырып, ерекше бір тылсым күшті сезінеді және ұлтымыз бен рухымыздың бай мәдениетімен танысады. Көнеден қалған аспаптарды қайта өңдеп, жаңғырту мақсатында арнайы шеберлер мен қолөнершілерді еліміздің әр түкпірінен алғызып, сынған, бүлінген экспонаттарды қайта қалпына келтіру ісін де жандандырған. Мұражайдың құрылу кезеңінің ерекшелігі - қазақ мәдениеті тарихында өзінің ұлттық құндылығын сақтай отырып, еліміздің ұлттық келбетін жалпы әлемдік деңгейде дәріптеуінде болып отыр [2].

Өзбекәлі Жәнібековтің халық музыка аспаптары мұражайын құруы тарихи іс санала отырып, қазіргі кезде ұмыт қалған ұлт мәдениетінің алтын сандығына қосылған салмақты үлестің бірі болды. Мұражайдың ұлттық қасиетін әрі қарай дамыту бағытында алғаш құрылған көне аспаптар ансамблі «Сазген» мұражайдағы көне аспаптарды дыбыстандырып, жан бітірген туғаннан музыкалық таланты бар жастардан құралды. Өзбекәлі Жәнібеков осы көне аспаптар ансамблін құрар кезде қазақ ауылдарын аралап, көне аспаптарда жақсы ойнай алатын талантты жастарды өзі іздеп тауып, ансамбль құрамына енгізген. Ансамбльдің мүшелеріне арналған киім коллекциясын да өзі таңдап, әр әнші мен күйшінің бет-әлпетіне лайықты киім үлгісін жасауға үлес қосқан. Осындай қарапайым қазақ арасынан шыққан қайраткердің ұлттың құндылығын сақтаймын деп, ұлттық тәрбиеге баса көңіл бөлгені, өзінің халқының мәдениеті мен өнерін сақтаймын деп бар өмірін сарп еткені кез келген адамның қолынан келе бермейтін ұлы да ұлағатты іс. Қайраткердің бастамасымен «Шертер», «Адырна», «Алтынай» фольклорлық ансамбльдері де құрылып, ұлттық мәдениеттің дамуына айрықша үлес қосылды.

Өзбекәлі Жәнібековтің Торғай қаласында кәсіби қазақ театрын ұйымдастыруы да қазақтың ұлттық руханиятын жаңғырту бағытында жүргізілген келелі істердің бірі. Торғай облысында жастар арасында мәдениетті дамыту саласында тынбастан үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, ұлттық мәдениеттің өркендеуіне ерекше көңіл бөлді. Торғай өңірінің мәдени әлеуетін көтеру саласында көптеген іс-шаралар ұйымдастырып, жастардың мәдени бастамаларына қолдау көрсеткен. Қайраткердің көптеген істері ұлттық мәдениетті дамытуға, салт-дәстүрлерімізді жаңғыртуға, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға бағытталған.

Өзбекәлі Жәнібеков тарихи және мәдени мұраларды сақтау мақсатында Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қайта қалпына келтіру мен атақты Тайқазанды елге қайтару жұмыстарын ұйымдастырды. Сонымен қатар Арыстан баб кесенесіндегі мешітті қайта қалпына келтіру ісінде ешқандай кедергілерге қарамай, өзінің табандылығы мен қайсарлығының арқасында мақсатына жеткен. Аса күрделі сәулет ғимараты «Әзірет Сұлтан» қорығын қалпына келтіру жұмыстары да оңайға түспеді. Бұл ғимаратты қалпына келтіру үшін небір шеберлер талай алмастырылып, озық тәжірибелердің аздығынан көптеген қиындықтар кездесті.

Наурыз мерекесінің ұлттық мереке ретінде аталып өтілу бастамасын қолдаушы тұлғалардың бірі Өзбекәлі Жәнібеков болды. 1988 жылы Өзбекәлі Жәнібековтің қолдауымен Наурыз мерекесі Алматы қаласы мен Алматы облысының Жамбыл ауданында халықтық мейрам ретінде аталып өтті. Біртуар талантты ұйымдастырушы, үнемі шығармашылық ізденісте жүретін, қазақтың мәдениеті десе жанын салатын Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық руханиятты сақтауда сіңірген еңбегі ерекше.

Қазіргі жастарымыз ұлттық мәдениетіміз бен ұлттық құндылығымыздан алыстап бара жатыр. Біздің университетімізге қоғам қайраткері, ұлтымыздың бетке ұстар ұлы Өзбекәлі Жәнібековтің есімі берілгелі мәдениет пен өнерге байланысты сабақтарда қайраткердің өмірі мен шығармашылығы туралы арнайы сабақтар өтілуде. Атап айтатын болсақ, Музыка пәнін оқыту әдістемесі, Дәстүрлі ән салу негіздері, Арнайы аспап, Музыканың тарихы мен өнер тарихы пәндерінде «Музыкалық білім» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы Өзбекәлі Жәнібековтің мәдениет пен өнер саласына сіңірген жұмыс түрлеріне байланысты материалдарды пайдалана отырып, сабақтың тақырыбына сай мәліметтерді енгізді. Мұндай мәліметтер студенттердің Өзбекәлі Жәнібеков туралы білімі мен ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, қайраткердің мәдениет пен өнер саласына сіңірген ерекше елеулі істері туралы мағлұмат алуға толық мүмкіндік береді.

Саяси бағыты мен ұлттық руханият туралы дүниетанымы бөлек тұлға Қайта құру кезеңінде ұлттық дәстүр мен ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға атсалысты. Қайта құру кезеңіндегі қоғамның дағдарыс жағдайын жақсы түсінген Өзбекәлі Жәнібеков сол кездегі аумалы-төкпелі замандағы ұйытқуларға қарсы тұра алатын жалғыз құдірет – ғасырлар бойы мысқылдап жинаған мәнді қазына жалпыадамзаттық игіқасиеттер деді. Сол замандағы жаңаша ойлаудың елдің өткен тарихы мен болашақ мәдениеті үшін маңызды екендігін айтты. Жұрттың жан-дүниесіндегі, әдет-ғұрпы мен мінез-құлқындағы, өзара қарым-қатынасындағы ерекшеліктерді жете түсіну үшін сол халықты бейшара руханилықтан азат ету керектігіне ерекше мән берді. Өз ұлтының руханиятын сақтағысы келген адам сол ұлттың жанашыры бола білуі керек, сол ұлт үшін аянбай еңбек етуі керек, сонда ғана ұлттың мәртебесі мерейленіп, рухы көтерілетіндігін айтты [3].

Prominent statesman and public figure, historian, cultural scholar, and ethnographer O. Zhanibekov was an exemplary figure in serving his nation with devotion.

O. Zhanibekov was a leader who paid special attention to the relationship between society and individuals, as well as all aspects of national identity. His views and assessments of significant figures in our nation's spiritual heritage, from Khoja Ahmed Yasawi and Abai to his contemporaries, have always been precise, thought-provoking, and exemplary for future generations. One of his remarkable works is his article on the great thinker Abai. Our study aims to analyze and understand the worldview-based evaluation of Abai presented in this article.

Бұл күнде Абайды, оның шығармашылығын білмейтін, Абайды естімеген жанды кең байтақ елімізден кездестіру қиын. Алайда, Абайды тану өткен ғасырдың 20-30 жылдарынан басталып, ұзақ уақыт таптық айтыс пен тартыстың алаңына айналғаны да ақиқат. Нәтижесінде, Абайды халықтың ақыны, шығармашылығымен ұлтына қызмет еткен ойшыл тұлға деп танудық. Абайды зерттеуде, оны «қалың елі қазағына» танытуда алдыңғы шепте Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш зиялылары тұрды. Абайды бұқара халыққа танытуда А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Қ.Жұбанов, С.Торайғыров тағы басқалар, жалпы сол тұстағы қазақ зиялылары белсенді түрде ат салысты. Солардың ішінде Абайтанудың толық негізін салған, бүкіл өмірін Абайды тануға және танытуға арнаған Мұхтар Әуезовтің орны ерекше.

Абай – классик, ал классиктер барлық уақытта да ұрпақтарымен жасай береді. Өйткені, әр заманның ұрпақтары классиктерден өзіне керегін іздейді және табады. Абайды зерттеп

зерделеудің ғасырдан-ғасырға ұласа беруінің бір себебі де осы. Тәуелсіздік тұсында да Абайды тану толастаған емес. Әсіресе, бұдан көп жыл бұрын өткен Абайдың 150 жылдық мерекесі кезінде жаңаша көзқараспен, жаңаша танымменкөптеген еңбектер жазылып, Абайтанудың көкжиегі кеңейе түсті. Бұл үрдіс әлі де жалғасуда. Өткен жылдары ҚР Президенті Қ-Ж. Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан», «Абай-рухани реформатор» атты мақалаларын жазып баспасөзде жариялауы бұл айтылған ойымызға толық дәлел бола алады [1].

Биылғы жылы дана Абайдың туғанына 180 жыл толады. Ақынның мерейтойы қарсаңында көптеген оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары, мәдениет ошақтары бұл айтулы күнге қатысты әр түрлі деңгейдегі шаралар өткізіп жатыр. Абай оқулары, Абайға арналып өтіп жатқан конференциялар, мерзімді баспасөздер мен ғылыми-танымдық журналдардағы жарияланып жатқан мақалалар соның айғағы. Осындай кезде заманымыздың танымал зиялы тұлғаларының бірі Өзбекәлі Жәнібековтің еліміз Тәуелсіз дамуға бетбұрыс жасаған жылдарда ғалым-зерттеушілер мен Абай шығармашылығына қызығушылық танытушыларды Абайды жаңаша тануға, оның даналығына тағзым етуге шақырып, ойшыл-ақынды «мәңгілік тұлға» деп бағалағандардың бірі болғанын еске алсақ артық болмас деп ойлаймыз. Сол себепті де біз өз зерттеуімізде танымал қазақ зиялысы Өзбекәлі Жәнібековтің кезінде «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көріп, кейін ғалымның «Уақыт керуені» кітабына кірген «Абайға тағзым етелік, халайық!» [2] атты мақаласын дүниетанымдық тұрғыдан талдауды мақсат етеміз.

Мақала Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жазылған және ол Абайды рухани әлеміміздегі «Мәңгілік тұлға» деп бағалаудан басталады. Әрине, мәңгі ештеңе жоқ, бұл жердегі автордың айтпағы дана Абайдың ұлтымен, ұрпағымен мәңгі жасайтынына меңзеу. Қазақта: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» десе, сол дана Абайдың өзі:

«Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?!» [3, 161 б.] - дейді. Ендеше мақала авторы осыған меңзеп отыр.

Танымал саясаткер, мәдениетанушы ғалым Өзбекәлі Жәнібекұлы Абайдың теңдесі жоқ ақын, композитор, ойшыл-философ екенін айта келіп, оны «қай жағынан алғанда да жаңашыл, реформатор ... дүниежүзілік өркениет тарихынан ерекше орын алған «топжарған» [4] - деп бағалайды. Біз осы айтылғандардың ішінде Абайдың шын мәнінде реформатор екендігін бүгінгі күн көзмен қарап бағалап, оның «топжарғандығына» тоқталып өтпекпіз. Саяси-тарихи әдебиеттер мен дүниетанымдық мазмұндағы сөздіктерде «реформа – қоғамның басты негіздерін қайта құру, немесе, мемлекет жүйесінде қалыптасқан кейбір элементтерді жаңарту» [5, 471 б.], «өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылымның негіздерін сақтай отырып, қоғамдық өмірдің кейбір қырларын өзгертіп қайта құру» [6, 435 б.]. Ал «реформатор – бір нәрсені өзгертуші, қайта құрушы» [7, 691 б.].

ҚР Президенті айтқандай, Абай біз үшін рухани реформатор. Жоғарыда аталған мақаласындағы Президенттің: «Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидаттарын ұстану, аманатына адал болу арқылы біз жас ұрпақтың санасына қастерлі құндылықтарды сіңіреміз... Сонымен бірге Абайды ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал ететін рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз» - деген ойы, Ө.Жәнібековтің пікірімен үндес және ғалымның пікірі осынша уақыт өтсе де өз өзектілігін жоймағандығын көрсетеді.

Ө.Жәнібеков Абайды «топжарған» деп бағалайды. Бұл ұғым ғылымилықтан гөрі көпшілікке жақын ұғым, ауызекі тілде жиірек айтылатын таныс ұғым. Ал оның мән-мағынасына терең үңілер болсақ, әр кезеңде, әр дәуірде қоғамда көшбасшылар, үздіктер, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар болған. Бұларсыз қоғам ілгерілемес еді, прогресске бетбұрыс та жасамас еді. «Топжарғандар» бәсекеге қабылеттілер ғана емес, ұлттық ерекшеліктерімізді танытушылар, қорғаушылар, әр қайыссы жүздің, тіпті мыңның жүгін көтеретіндер. Абай айтса айтқандай, шын мәніндегі «топ жарған!».

Барша көпшілікке белгілі, біз Абайды жаңа әдебиеттің, ұлтымыздың қазіргі әдеби тілінің негізін салушы, ағартушы, тарихи таным иесі, ұлт руханиятынан түгел хабардар – ойшыл есебінде білеміз. Мақала авторы осы жайды оқырман есіне салып, бұның бәрі бір Абайдың бойына қалай сиып тұр? – деген риторикалық сұрақ қойып, оны былайша баяндайды. Абай өмір сүрген мезгілде Қазақстан толығымен Ресей қол астына көшкен, Патша өкіметінің отарлау саясаты сахараға қамалдар мен алғашқы қалалар салып, сауда-саттық жүргізіп, өз идеялары мен ұстанымдарын қолдайтын мектеп-медресе ашып, газет-журналдар мен кітаптар шығара бастады. Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамы түгелдей қозғалысқа түсті, түрлі «жаңалықтар» мен «жаңаруларды» бастан кешіп жатты. Бұндай «тұста тарих айдынына тарихи тұлғалардың шығатыны белгілі, осылайша Абайды тарихи қажеттілік өмірге алып келді. Сондықтан да Абай шығармашылығы ренессанстық сипатқа ие» [8, 127 б.]. Автор басында Физули, Шәмси, Сейхалиді, Навои, Сағди, Фирдоусиді, Қожа Хафизді пір тұтқан Абайдың кейіннен Сократты, Аристотельді оқып, көне Грек тарихымен, мәдениетімен, ежелгі перпатетиктердің философиясымен танысуын оның ренессанстық тұлға болып қалыптасуынан, Шығыс философиясының мағрифат, шариат, тарихат, хақиқат сияқты таным сатыларын толық игергендігінен - деп түсіндіреді.

Автордың пайымдауынша, Абай қазақ даласына, нақтырақ айтсақ қазақ санасына жаңа идея, ой-пікір әкелген. Ол жағынан аты аталған ойшылдарды және Платон, Фараби, Низами, Яссауи, Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Крыловтарды ұстаз ғана емес, пікірлес ойшылдар, рухани тұрғыдағы сырлас-достар, ал кей тұста білім мен білік сайысына түсіп пікірлесіп отыратын ой мен сөз зергерлері санаған.

Зергер зерттеуші, Өзбекәлі Жәнібекұлы осы еңбегінде Абайдың *табиғи дарыны* мен *кемеңгерлігіне* де ерекше назар аударады. Абайдың өзінің шыққан тегі мен нағашы жұрты дарынды адамдар ел билеген, ел басқарған көсемдер болса, өз жағынан да, нағашы жұрты мен өскен әлеуметтік ортасынан да талай сөз ұстаған билер мен шешендер шыққан. Ал бұл жай өз кезегінде Абайдың қалыптасуына, тәрбиесіне зор ықпал еткен.

Абай көп оқып, көп тоқыған, көп ізденген жаңашыл тұлға. Мұны кезінде Мұхтар Әуезов те жазған болатын. Алайда көп жағдайда біз оны ақын-ағартушы, демократ деп келдік. Ғалым Ө.Жәнібековтың пікірінше, бұл таптық түсінік тұрғысынан берілген баға және ол өз кезіндегі қоғамның ғана емес, бүкіл адамзатқа қатысты келелі мәселелерді қамтыған Абай шығармашылығының ауқымын тарылтатын баға. Ал Абай болса жаңашыл тұлға. Ендеше, Абайды өзімізге де, өзге жұртқа да танытуға тиіспіз – деп ой түйеді мақала авторы. Тәуелсіздіктің басында тұрған біздің елімізге ұлттың рухани паспортындай болған Абайды жан-жақты таныстыруға көпті үндеу ол тұста белгілі деңгейде қажеттілік болатын.

Ғалым: «Абай ең алдымен қазақтың Абайы болғандықтан, ақынды әуелі өзіміз танып-білуіміз қажет»... Сондықтан мерекенің негізгі мақсаты той тойлау емес, «ақынды туған халқының жан серігіне, сырласына, ақылшысына, рухани демеушісіне, әділ қазысына айналдыру, ойын ояту» [8, 129 б.] – дейді. Осы ойын ары жалғап, ұлтымыздың болмысындағы, әлеуметтік өмірлеріндегі, күнделікті тыныс тіршіліктеріндегі кездесетін жаман қылықтардың көбі Абайды оқымаудан, оқыса да көңілге тоқымаудан, Абайдай асылдың бағасын жете білмеуден, одан тағылым алмаудан – деп түсіндіреді. Ендеше, бүгінгі жас ұрпақ Абай және басқа да зиялыларымыз көтерілген парасат биігіне ұмтылулары керек.

Аталған мақаласында ғалым Абайды жаңаша, жаңа қоғам, егемен ел талаптарына сай танып, бағалау қажеттігін айтып, болашақта жүзеге асырылуы қажет бірқатар ұсыныстар жасайды. Атап айтсақ, Абайды дидактикалық ақын шеңберінен шығарып, оның поэзиясының тұңғиығына үңіліп, жұмбағын шешуге ұмтылу; Абайтануды қайтадан қолға алып, оны оқу орындарында пән ретінде оқыту; мектептердегі Абай сабақтарының ауқымын кеңейту тағы басқа шаралар. Шағын ғылыми танымдық мақаланы автор: «Біз өзімізді өзіміз қастерлемесек,

басқалардың бізді сыйлай қоймайтынын да естен шығаруға болмайды. Мұны да ойлаған жөн» [8, 133 б.] - деп аяқтайды. Иә, айтса айтқандай, танымал мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-тарихшы, этнограф, мәдениеттанушы, ұлт зиялысы Өзбекәлі Жәнібековтің осы шағын еңбегіндегі ойлар тек Абайға ғана қатысты емес, бүкіл қазақ халқына, оның рухани дамуы мен өсуіне қатысты ой-толғам деп бағалағанымыз жөн. Өйткені, Абай жолы – халық жолына, Абай арманы – ұлт арманына ұласып жатыр. «Қалың елі қазағы» үшін қабырғасы қайысқан Абай болмысы ұлт болмысымен де үндес.

Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ-Ж. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан. – «Егемен Қазақстан», 10 қаңтар, 2020; Абай – рухани реформатор. – «Егемен Қазақстан», 10 тамыз 2020.
2. *Қараңыз:* Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992.
3. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005.
4. Жәнібеков Ө. Абайға тағзым етелік, халайық! – «Қазақ әдебиеті», 4 мамыр, 1990.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.7. – Алматы, 2005.
6. Саяси түсіндірме сөздік. – Астана, 2007.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.
8. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. Алматы: Жазушы, 1992.

ӘОЖ 37.1

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ИДЕЯСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ БАЛАЛАРДЫҢ БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ-РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қашқынбаева З.Қ.
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры
(доцент) М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ.
E-mail: zagira_k@mail.ru

Түйін.

Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беруде балалардың бойында ұлттық-рухани құндылықтарды қалыптастырудың маңызы туралы жазылған. Барлық уақытта ұлттық-рухани құндылықтарды сақтау және дамыту маңызды және қажетті фактор, өйткені рухани мәдениет-халықтың әмбебап құндылығы мен игілігі.

Резюме.

В этой статье рассказывается о важности формирования у детей национально-духовных ценностей в дошкольном образовании. Во все времена сохранение и развитие национально-духовных ценностей является важным и необходимым фактором, поскольку духовная культура-это всеобщая ценность и благо народа.

Summary.

This article talks about the importance of the formation of national and spiritual values in children's preschool education. At all times, the preservation and development of national spiritual values is an important and necessary factor, since spiritual culture is a universal value and the benefit of the people.

Өзбекәлі Жәнібеков - қазақ халқының мақдайына біткен біртуар ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының ұлттық рухани мәдениетінің, қолөнер, рухани құндылықтарды дәріптеуші зерттеуші ұлт сардары. Оның этнография саласындағы зерттеулері,

ұлттық педагогика бағытындағы құнды зерттеулері педагогика ғылымының қалыптасуына зор үлесін қосты. Қазақ халқының салт-дәстүрі мен құндылықтарын қайта жаңғыртушы, насихаттаушы.

Ғалымның идеясына негізделген қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын ұлттық құндылықтарды дәріптеу бағытында жандындырылса жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиеттердің қалыптасуына үлкен үлес болар еді.

Балалар мен жастарды ұлттық-рухани және жалпыадамзаттық құндылықтар рухында тәрбиелеу мазмұны жағынан жан-жақты, жан-жақты және алуан түрлі проблема болып табылады. Ұлттың қалыптасуы мен дамуы балалар мен жастарға осы құндылықтарды сіңіруге және оларды қалай қабылдауға және сақтауға байланысты және жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу ерекше маңызға ие.

Ұлттық бірлікті құрудың ең маңызды факторы-халықтың ұлттық-рухани құндылықтары және ұлттық өзін-өзі тану процесі. Ұлттық санасынан айырылған ұлттар ыдырауға ұшырайды. Сондықтан барлық уақытта ұлттық-рухани құндылықтарды сақтау және дамыту маңызды және қажетті фактор болып саналды. Өйткені рухани мәдениет-халықтың барлық топтарына тиесілі халықтың әмбебап құндылығы мен игілігі.

Қазіргі кезде маңызды мәселелердің бірі - жаһандану жағдайында ұлттық ерекшеліктерді, рухани және жалпыадамзаттық құндылықтарға ие – демократиялық принциптерді, адам құқықтары мен бостандығын құрметтейтін, толерантты, креативті және тәуелсіз азаматтарды қалыптастыру. Сондықтан балаларды жан-жақты тәрбиелеу, толыққанды білім мен құзыреттілікті игеру үлкен маңызға ие. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері балалардың жан-жақты және үйлесімді дамуында, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің негізгі мақсаты - қазіргі заманғы талаптарға сай жағдай жасау, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбие-білім беру жұмысын құру, балалардың зияткерлік деңгейін дамыту және оларды дені сау және сергек етіп тәрбиелеу.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі шарттары:

- білімге қойылатын заманауи талаптарды білетін, шығармашылық әлеуеті бар, жаңасын үнемі іздейтін және ең бастысы, балаларға сүйіспеншілікпен, құрметпен, қамқорлықпен және жүзіне күлімсіреп қарайтын кадрларды жоғары деңгейде даярлау;
- гигиеналық және эстетикалық талаптарды ескере отырып баланың жас топтарына сай әр сабаққа тиісті жабдықтармен және құралдармен, материалдармен қамтамасыз ету;
- педагогтердің кәсіби қасиеттеріне және олардың жаңа педагогикалық технологияларды пайдалануына ерекше назар аудару;
- шет елдердің тәжірибесін пайдалануды ескере отырып, педагогикалық процесті ұйымдастыру, бағдарламаларды, ұсынымдар мен әдістемелік құралдарды талдау;
- әдістемелік кабинеттер құру.

Мектеп жасына дейінгі бала бойында физикалық жетілуімен қатар, адамзат алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі оларға ұлттық-рухани және әлемдік құндылықтарды сіңіру басты талап. Қазіргі уақытта білімнің мазмұны мен көлемі тұрақты өсуде. Ғылыми білімнің парадигмасы да өзгеруде. Бүгінгі таңда «ұлттық рухани», «кәсібилік», «рухани-адамгершілік» ұғымдары жаңа мазмұнға ие болуда. Әлемдік елдерге интеграция таралуда, жаһандану саласында аса маңызды жұмыс жүргізілуде. Мұның бәрі білім берудегі интеграцияға және адам ресурстарын ұтымды пайдалану мүмкіндігіне ықпал етеді.

Білім беруде динамизмді, икемділікті, әлеуметтік, ғылыми-техникалық, технологиялық, экологиялық талаптарды орындауды және, инновацияларға, халықаралық бәсекелестікке сезімтал қатынасты талап етеді. Біздің республикамызда шет елдердің тәжірибесін пайдалануды

ескере отырып, мектепке дейінгі білім берудің мазмұны, нысаны мен әдістемесі бойынша көптеген жұмыстар атқарылғаннан басқа, ұлттық-рухани және әлемдік құндылықтар негізінде балаларды тәрбиелеу де үлкен назар аударуға лайық. Әр уақытта адамзат қоғамының дамуы әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешумен ғана емес, сонымен қатар балалар мен жастарды тәрбиелеумен де анықталды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің негізгі формасы отбасылық тәрбие. Ол ұлттық-рухани және адамазаттық құндылықтармен, халықтың ортақ мәдениеті мен ерекшеліктерімен байланысты. Жас кезінен дені сау, сергек балаларды тәрбиелеу, оларды адамгершілік-рухани тұрғыдан жетілдіру өскелең ұрпақтың одан әрі жемісті іс-әрекетінің негізі болып табылады.

Ұлттық-рухани, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі негізінде балалар мен жастардың білім беру-тәрбие жүйесін құру практикасының рөлі біртіндеп артып келеді. Ұлттық-рухани және жалпыадамзаттық құндылықтар халықтың ортақ мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан балаларды ерте жастан ұлттық-рухани және жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстыру оқу-тәрбие процесінің басты міндеттерінің бірі болуы тиіс.

Өткізілген көптеген іс-шаралардың нәтижелері балабақшаның әртүрлі топтарында ұйымдастырылған іс-шаралар балалардың моральдық-рухани қасиеттерін қалыптастыруға, ұлттық-рухани және әлемдік құндылықтарды игеруде, сапаны арттыруда ықпалы болуы тиіс.

Сондықтан да, балабақшаларда тиісті жағдайлар жасалған дұрыс. Балабақша учаскесі балалардың көңілін көтеру үшін заманауи құрылымдармен жабдықталып, спорт алаңында әр жас тобының физикалық дамуына арналған арнайы жабдықтар мен әр маусымда ашық ауада спортпен шұғылдануға мүмкіндік болуы тиіс.

Жазда балаларды таза ауада тамақтандыру үшін түрлі-түсті гүлдер мен эстетикалық тұрғыдан орнатылған субұрқақтар тартатын арнайы орын ұйымдастырылып, түрлі ағаштар, бұталар, гүлдер мен өсімдіктер балабақшада салауатты өмір сүрудің тірі көрнекі құралы болып табылуы тиіс.

Балабақшадағы балалар табиғат құпияларымен танысып, өсімдіктер туралы білімді игеріп, оларға күтім жасауды және қорғауды үйренетін болады. Балабақшаның учаскесінде мобильді мұражай құрылып, балалар сәндік өнермен, ұлттық өрнектермен, халқымыздың және әлем халықтарының салт-дәстүрлерімен танысып, тәрбиешілер қоршаған ортамен танысу, сәндік өнер, таза ауада мүсіндеу бойынша сабақтар өткізіп, заттармен тікелей байланыста балалар сурет салаып, мүсіндеп, нәтижесін алса, сабақтар өте тиімді болар еді.

Тәрбие-білім беру процесі балабақшаның жас ерекшеліктері мен жағдайларын ескере отырып жасалған арнайы режим бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Педагогикалық процесс пен ойын-сауық балалар үшін шаршамайтындай етіп ұйымдастырылса, олар үлкен қуанышпен қатысатын болады.

Сабақтарда оқытудың жаңа технологиялары мен интерактивті әдістері қолданылса, ол танымның, ойлаудың, тәуелсіз пайымдаудың дамуына әсер етеді. Балаларға ұсынылған материалды талдауға, салыстыруға және қорытындылауға шақырылады. Осы факторларға негізделген оқу процесін ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балалардың жеке қалыптасуына оң әсер етеді. Сабақтарды заманауи деңгейде өткізу мақсатында тәрбиешілер компьютерді, электронды тақталарды, аудио-бейнежазбаларды және басқа құралдарды пайдаланады. Балаларды үй жануарлары мен жабайы жануарлармен таныстырған кезде балалар бұл жануарлардың сыртқы түрін ғана емес, сонымен қатар олардың мінез-құлқын, өмір салтын және жеке ерекшеліктерін бақылайды.

Сабақтарда ойындар мен сахналау кеңінен қолданылуы тиіс. Олардың әрқайсысына ертегіден рөл беріледі, олар ойнағанды ұнатады, балаларға қуыршақ театрын көрсетеді, онда балаларға жоғарыда аталған адами қасиеттер беріледі. Белгілі бір уақыт ішінде алған білімдері

мен дағдыларын жүйелеу үшін жас топтары арасында әр тоқсан сайын сайыстар, байқаулар өткізу тиімді. Шығармашылық, оқу процесіне жаңа технологияларды енгізу және тәрбиешінің әр балаға жеке мамандыққа деген сүйіспеншілік, бастамашылдық, мейірімділік және балаларға қамқорлық.

Мектепке дейінгі жас - бұл әр адамның өмірлік кезеңінің ерекше парағы. Дәл осы кезеңде әлеуметтену процесі жүреді, яғни осы кезеңде балалардың құрдастарымен, ересектермен байланысы, табиғатпен және пәндік ортамен танысуы жасалады. Осы кезеңде сананы қалыптастырудың, жеке тұлғаның жеке қасиеттерін қалыптастырудың және денсаулықты нығайтудың негізі қаланады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз алдымызда тұрған міндеттерді шешуге тырысамыз: балалардың жеке басына бағдарланған қалыптастыру, дағдылар мен қабілеттерді анықтау және дамыту, зияткерлік деңгейді арттыру және балаларды мектепке жоғары деңгейде дайындау.

Балалар осы кезеңнің қадір-қасиеті мен жауапкершілігін терең білуі үшін, пассивті бақылаушылар емес, осы процеске белсенді қатысуы үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде барлық жағдайлар мен іс-шаралар ұйымдастырылады.

Әдебиеттер

1. «Өзбекәлі Жәнібеков құбылысы: тұлға тағылымы және педагогикалық құндылықтар» атты «Жәнібеков оқулары – 1» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. 451 бет. Шымкент 2024 жыл.
2. Ширзадова М. Национально-духовные и общечеловеческие ценности как важнейшее средство воспитания подрастающего поколения // Современные наукоемкие технологии. 2016. № 4-2. -С. 405-410.
3. Сагынаева Г.Р. Национальные ценности – это основа системы непрерывного образования // Молодой ученый. 2017. №10 (144). -С. Т.1. 82-84.
4. Головнева Е.В. Теория и методика воспитания: учебное пособие для педагогических вузов по спец. - М.: Высш. шк., 2009.

ӘОЖ 37/94(574)

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТ ТУРАЛЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жандарбек Б.Ш.
6В01403 – Музыка мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасының 3 курс студенті
Ғылыми жетекші: **Кужагулова Г.Е.**педагогика ғылымдарының кандидаты
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются особенности внедрения в образовательный процесс ценностей Озбекали Жанибекова о национальной духовности.

Summary

The article examines the features of the introduction of Uzbekali Zhanibekov's values on national spirituality into the educational process.

Өзбекәлі Жәнібеков қазақ тарихында ұлттық руханиятты дамыту ісінде көп үлес қосқан қайраткерлердің бірі. Қазақ халқының ұлтын ұлықтап, ұлы дала төсін сан ғасыр сазды әуенімен әлдилеп келген дәстүрлі музыкалық аспаптар әлемінің мұражайын тұңғыш құрған тау тұлғалы ерекше жан. Еліміздің мәдениеті тарихында алғаш рет ашылған халық музыкалық аспаптар мұражайы ұлт мәдениетімен қатар жалпы әлемдік аспаптану ғылымына үлес қосып, қазақ халқының мәртебесін көкке жеткізген тың өзгерістердің бірі [1].

Халқымыздың тарихы терең дәстүрлі музыкалық аспаптары халықтың өткен тарихы мен шежіресін бейнелейтін, тың деректердің көзі, сан ғасырғы өнерінің жемісі болып саналады. Сол себептен мен өзімнің мақаламда Өзбекәлі Жәнібековтың ұлттық руханиятқа байланысты құндылықтарын оқу процесінде пайдаланудың ерекшеліктеріне тоқталғанды жөн көрдім. Оқыту – мұғалім мен оқушылар арасындағы екі жақты процесс, білім, білік және дағды жүйесін саналы және тұрақты меңгеруге бағытталған, оның барысында ақыл-ой қабілеттері мен танымдық қызығушылықтарын дамыту жүзеге асырылады, танымдық іс-әрекеттің әдістерін меңгеру және ғылыми дүниетанымы қалыптасады.

Қазіргі кезде оқыту процесі тәжірибені зерттеу әдетте шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогикалық университеттер мен оқытушылардың озық тәжірибелерін зерттеу деп түсініледі. Біздің білім алып жатқан ордамыз Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде профессор-оқытушылар құрамы 2023-2024 оқу жылынан бастап оқыту процесінде мәдениет пен өнерге негізделген пәндерде ұлттық руханият пен құндылықтарға байланысты ақпараттар беріп, ұлт қайраткері Өзбекәлінің өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтерді көптеп пайдалануда.

Оқыту процесінде қолданылатын Өзбекәлі Жәнібековтің руханият құндылықтарының ішінде білім алушының мақсатты түрде оқу әрекетіне негізделген ақпараттардың бірі – қазақтың дәстүрлі музыкалық аспаптары. Музыкалық аспаптар туралы зерттеушілердің моральдық, идеологиялық, саяси және басқа да көзқарастары білім алушыны қызықтырып қана қоймай, бейнежазба арқылы беріліп жатқан көріністер ерекше бір таңғажайып аспаптар әлеміне жетелейді. 6В01403-Музыка мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша білім алып жатқандықтан бізде оқытылатын пәндер педагогикалық бағытта болғанымен көбіне мәдениет пен өнер саласын қамтиды. Мәдениет пен өнер адамның рухани дамуында маңызды орын алады, ол тек адамның рухани жетілуіне көмектесіп қана қоймай, адамның бейімділігі мен қабілетіне қарай танымдық ой-өрісін де кеңейтеді.

Ұлттың рухын жаңғыртқан Өзбекәлі Жәнібеков қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін дәріптеген, қазақ ауылдарын аралап, оларда ұмытылған ұлттық билерді де жаңғырта білген. Өзінің көп жұмысбастылығына қарамай қазақ этнографиясы саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, кейінгі ұрпаққа табыстай білді. Отандық мәдениетті жандандыра отырып, қазақ тарихын, мәдениетін, сәулетін, археология мен палеонтология ескерткіштерін қайта өңдеп жаңғыртты. Адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін оны тәрбиелеу процесі адамгершілік тәрбиесімен, өскелең ұрпақтың бойында қоғамда лайықты орын алуға, өз бетінше адамгершілік таңдау жасауға, мінез-құлық бағытын, өмірлік ұстанымын анықтауға көмектесетін осындай адамгершілік қасиеттерді қалыптастырумен органикалық түрде байланысты болуы керек. Жастардың бойында қалыптасқан басты адамгершілік қасиет жауапкершілік сезімі болуы керек, жауапкершілік пен тәртіп болған жағдайда ғана ұлттық құндылықтарға ерекше мән беріледі [2].

Өзбекәлі Жәнібековтің мәдениет пен өнер саласында қосқан үлестерінен мәлімет ала отырып, біз болашақ мамандығымызды игеру жолында рухани азық болатын көптеген деректермен таныстық. Атап айтқанда, Музыканың тарихы мен өнер тарихы пәнінен Қазақстанды әлемге танытқан Айман Мұсақожаева, Гаухар Мырзабекова, Аида Аюпова сынды музыканттарға қайраткердің қолдау көрсеткені туралы мәліметтер алдық. Республикада алғаш

рет ішекті ысқылы аспаптар коллекциясын жасауға берген көмегі де тарихта қаларлық жағдай. Италия, Австрия елінен арнайы алдырған қымбат скрипка ысқылары мен әлемге әйгілі Санта Серафима виолончелін пайдаланған қазақ музыканттары конкурстарда жүлделі орындарға ие болған. Қайраткердің ерен еңбегінің арқасында қайта жаңғырған деректі, ғылыми негізде өмірге әкелген қазақтың ұлттық аспаптарының саны отызға жетті.

Аспаптық жұмыс сабағында аспаптардың тембрлік дыбыс ерекшеліктерімен, өзіндік пішінімен, қызықты ою-өрнектерімен ерекшеленетіні туралы таныса отырып, Өзбекәлі Жәнібековтің домбыра туралы жазған қызықты деректері туралы мәлімет алдық. Бұл қайраткердің – отыз жылға созылған ізденісінің, қажырлы мұрағаттық зерттеулерінің, республиканың шалғай түкпір-түкпіріне талай рет баруының жемісі. Аспаптардың әлемдік өркениетке үлес қосқан ерекшеліктері өте көп, тарихи деректерге сүйенсек, көшпенділер ежелден музыкалық аспаптарды пайдаланып келеді. Ертеде музыкалық аспаптар жау шапқанда белгі беру үшін, аң аулау кезінде жануарларды үркіту үшін, бақсы ырымында және басқа да діни жоралғыларда, емдік, емдік шараларда қолданылған [3].

Музыканы оқыту әдістемесі пәнінен музыканың педагогикалық процестің жүйесі ретінде мәдениет ағынымен тығыз байланыстылығы туралы деректермен таныстық. Педагогикалық процесс жүзеге асатын жүйелерге тұтас алғанда халыққа білім беру жүйесі, мектеп, сынып, оқу-жаттығу жиыны болып табылады. Ал мәдениет ағымы жүйесі әлеуметтік маңызы бар, халықтық бағыты жоғары жүйе түрі. Бұл жүйелер белгілі бір сыртқы жағдайларда жұмыс істейді: табиғи, әлеуметтік, мәдени. Сондай-ақ осы аталған жүйелердің әрбір жүйеге тән шарттары мен айырмашылықтары және ерекшеліктері бар. Біз қарастырып отырған басты жүйе педагогикалық пен мәдени бағыттың біртұтастығын құрайды. Музыка сабағы өнер пәні болғандықтан дәріс кезінде Өзбекәлі Жәнібековтің музыка, аспаптық өнер, қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын ұлттық құндылық ретінде жоғары бағалап, сіңірген еңбегі жөнінде тың мәліметтер алдық.

Өзбекәлі Жәнібеков туралы құнды пікірлер өте көп. Біз қарастырған мақала тақырыбында қайраткердің музыка мен өнер және мәдениет саласына сіңірген еңбек жолына шолу жасалып, болашақ мамандығыма қатысты алған құнды ақпараттар болашақ ұрпақ үшін де маңызды деп түсінеміз.

Әдебиеттер

1. Жәкішева З.С. Өзбекәлі Жәнібеков тағылымы. – Алматы: «Алматыжарнама» баспаханасы, 2011. – 133-134 бб.

2. Өтемісова Г.Ж., Джубанова Г.Ж., Шокалакова А.Б. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Негізгі деңгей 1-кітап. Оқу құралы // Г. Ж. Өтемісова Г. Д. Джубанова, А. Б.Шокалакова. Алматы: Эверо, 2018 ж. – 128 б.

3. Әсемқұлов Т. Домбыра – Нама. //Алматы ақшамы. 2013 ж. 12 қыркүйек.

ТРАДИЦИИ, ОБНОВЛЕННЫЕ ВРЕМЕНЕМ: НАСЛЕДИЕ ЖАНИБЕКОВА В 21 ВЕКЕ

Джоламанова Г.Д[1]., Карсыбаева А.М[2]., Жомартова Г.Р[3].
[1]Кандидат искусствоведения, ст.преподаватель ЮКПУ;
[2]Старший преподаватель ЮКПУ;
[3]Старший преподаватель ЮКПУ;

Резюме

Данная статья посвящена культурному наследию Узбекали Жанибекова – выдающегося государственного и общественного деятеля, этнографа, музыковеда, внесшего неоценимый вклад в сохранение и популяризацию казахской культуры. В статье рассматриваются ключевые направления его деятельности, включая изучение и документирование казахской музыкальной традиции, восстановление историко-культурных памятников, развитие музейного дела и народных ремесел. Особое внимание уделяется его роли в возрождении традиционной музыки и интеграции национального искусства в современное культурное пространство. Анализируются современные перспективы применения идей У.Жанибекова, включая цифровизацию культурного наследия и использование новых медиа для популяризации казахской культуры. Показано, как наследие У.Жанибекова продолжает оказывать влияние на культурную политику Казахстана и остается актуальным в условиях глобализации.

Түйін

Бұл мақала көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, музыкатанушы Өзбекәлі Жәнібековтің мәдени мұрасына арналған. Ол қазақ мәдениетін сақтау мен насихаттауға баға жетпес үлес қосты. Мақалада оның қазақ музыка дәстүрін зерттеу және құжаттау, тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру, музей ісін дамыту және халықтық қолөнерді жанғырту сияқты неізгі қызмет бағыттары қарастырылады. Сонымен қатар, оның дәстүрлі музыканы қайта жаңғырту, фольклорлық ансамбльдер құру және ұлттық өнерді заманауи мәдени кеңістікке енгізудегі рөліне ерекше назар аударылады. Ө. Жәнібеков идеяларының қазіргі заманғы өзектілігі, оның ішінде мәдианы пайдалану мүмкіндіктері талданады. Оның мұрасы Қазақстанның мәдени саясатына әсерін тигізіп, жаһандану дағдайында өзекті болып қала береді.

Summary

This article is dedicated to the cultural legacy of Uzbekali Zhanibekov, a prominent statesman, public figure, ethnographer and musicologist who made an invaluable contribution to preserving and promoting Kazakh culture. The article examines his key areas of work, including the study and documentation of Kazakh musical traditions, the restoration of historical and cultural monuments, the development of museum affairs, and revival of folk crafts. Special attention is given to his role in reviving traditional music, establishing folklore ensembles, and integrating national arts into the modern cultural space. The article also explores the contemporary relevance of Zhanibekov's ideas, particularly in the digitalization of cultural heritage and the use of new media to popularize Kazakh culture.

Казахская культура, обладая глубокими историческими корнями и самобытной эстетикой, пережила сложные периоды трансформации в XX веке. Индустриализация, урбанизация, влияние советской идеологии привели к постепенному угасанию многих традиционных форм искусства, ремесел и обрядов. В такие переломные моменты истории важную роль играют личности, способные не только сохранить культурное наследие, но и адаптировать его к новым условиям, обеспечивая его дальнейшее развитие.

Одним из таких людей стал Узбекали Жанибеков – выдающийся государственный деятель, ученый, этнограф, музыковед и общественный деятель. Он посвятил свою жизнь изучению, документированию, возрождению и популяризации национального наследия Казахстана. Его деятельность охватывала широкий спектр культурных направлений, включая

музыку, декоративно-прикладное искусство, народные праздники, музейное дело, этнографию. Он стал не только исследователей, но и активным популяризатором национального наследия.

Цель данной статьи – раскрыть значение наследия Узбекали Жанибекова в контексте современной культуры, его роль в возрождении традиций и их интеграция в культурную среду 21 века. Трудно охватить все аспекты его многосторонней деятельности, остановимся лишь на некоторых.

Одной из главных заслуг У.Жанибекова является его вклад в сохранение и развитие казахской музыкальной культуры. Изучение национальной музыкальной традиции было одним из важнейших направлений деятельности Жанибекова. Как известно, он организовывал этнографические экспедиции с целью собирания народных мелодий, кюев, терме и изучал редкие казахские инструменты - жетыген, сырнай, шертер, кыл-кобыз. Благодаря этому были сохранены и зафиксированы ценные образцы музыкального искусства, а многие произведения великих казахских композиторов, таких как Курмангазы, Таттимбет, Дина Нурпеисова, Кенен Азербаев, вновь вошли в исполнительскую практику.

Результаты своих исследований У. Жанибеков изложил в трудах «Эхо веков», «Культура казахского народа», в которых подробно анализировал казахскую музыкальную традицию, ее символику, структуру кюев, влияние исторических событий на народное творчество. Эти работы стали важным источником для последующих научных исследований в области этномузыковедения.

Исследования У.Жанибекова не ограничивались только научными публикациями. Он не просто сохранял культуру, но и создавал механизмы ее актуализации. Стремясь к тому, чтобы традиционная музыка жила и развивалась, а не оставалась только в музейных архивах, он активно внедрял ее в современное ему культурное пространство. Так, важной его инициативой стало создание известного ансамбля «Отырар сазы» под руководством Нургисы Тлендиева. Этот коллектив исполнял казахскую народную музыку на традиционных инструментах, в том числе старинных, возрождая забытые кюи и терме и способствуя их популяризации среди широкой аудитории.

Сегодня его подход может вдохновлять исследователей и культурных деятелей на поиск новых форм взаимодействия традиционного и современного. Например, его работа по возрождению народных инструментов дала возможность развивать этно-фьюжн, где традиционные мотивы интегрируются в современную музыку.

Кроме этого, У.Жанибеков активно содействовал включению народной музыки в образовательные программы. Он настаивал на том, что изучение традиционной музыки должно быть не факультативной, а обязательной частью образовательного процесса. Сегодня его идеи воплощены в образовательных программах консерваторий и музыкальных училищ Казахстана, стали основой создания интерактивных форм изучения культуры – например, цифровых музеев, онлайн-курсов по традиционному искусству программах. Наследие У.Жанибекова ясно показывает как важно системное образование в сфере этнографии, истории, музыковедения.

Еще одним направлением популяризации стало медиа-продвижение казахской музыки. У. Жанибеков содействовал созданию радио-и телепередач, где исполнялись народные произведения, рассказывалось о великих казахских музыкантах, звучали старинные кюи. Эти инициативы позволили привлечь внимание широкой аудитории, особенно молодежи, к традиционной музыке.

Музыка была лишь одной частью многогранной деятельности У. Жанибекова. Не менее значимой частью его работы стало возрождение национальных традиций в области народных ремесел, казахского костюма, юрточной культуры. Он поддерживал развитие декоративно-прикладного искусства, включая традиционное ювелирное дело, изготовление войлочных изделий, роспись по дереву, ткачество. У.Жанибеков понимал, что без сохранения ремесел

невозможно сохранить культуру в целом. Поэтому он инициировал создание новых музеев, где выставлялись предметы национального быта, музыкальные инструменты, археологические находки. В результате этой работы во многих городах Казахстана открылись этнографические музеи, а с целью сохранения и восстановления памятников истории и культуры было создано общество «Аркас», организованы такие фольклорные ансамбли, как «Шертер», «Адырна», «Алтынай» и др. [2]

Проводя эту работу не только в крупных городах, но и в регионах, У. Жанибеков способствовал возрождению локальной культуры и региональной идентичности. Сегодня его подход вдохновляет развитие локальных инициатив, направленных на поддержку казахских ремёсел, традиционных промыслов, региональной музыки. Это может стать основой для новых культурных проектов, например, этно-туризма или региональных фестивалей, сохраняющих локальные особенности.

Одним из важнейших достижений У.Жанибекова стало официальное возрождение праздника Наурыз. В советский период он был фактически запрещен, однако благодаря усилиям ученого и его сторонников, Наурыз получил статус государственного праздника, став важной частью культурной жизни Казахстана, символом национального единства. [2]

Не менее важной частью деятельности У.Жанибекова является его роль в восстановлении историко-культурных памятников Казахстана. По его инициативе были реставрированы мавзолей Ходжи Ахмеда Яссауи, мавзолей Айша Биби, древние городища Отрара и Сауран. Жанибеков внес вклад в историю государственного историко-культурного музея-заповедника «Азрет Султан»(«Әзірет Сұлтан»), созданного на основе мавзолея Ясави. Эти объекты стали не только частью национального достояния, но и туристическими центрами, где проводятся культурные мероприятия, лекции и экскурсии.

К осознанию вклада У.Жанибекова в современность можно добавить еще несколько аспектов:

1) У.Жанибеков работал на стыке науки, искусства и государственной деятельности. Понимая, что без поддержки со стороны государства культура не сможет выжить, он выступал на взаимосвязь культуры и государственной политики.

Сегодня его идеи можно применять для совершенствования культурной политики Казахстана, создания новых программ поддержки национального искусства, интеграции казахской культуры в международные проекты. Многие проекты, связанные с казахским наследием, вышли на международный уровень: кюи Курмангазы внесены в список нематериального наследия ЮНЕСКО, казахская юрта и традиционное ремесло вызывают интерес на мировых выставках, а казахская музыка звучит на международных фестивалях, этно-ансамбли, такие как «Тұран», «Хас Сақ», «Алдаспан», продолжают традиции, сочетая национальные мотивы с современными музыкальными жанрами. Основы, заложенные У.Жанибековым продемонстрировали, что традиционная культура может быть не просто музейным экспонатом, а живым, развивающимся явлением. Сегодня его деятельность как государственного деятеля продолжает оказывать влияние на культурную политику страны. Государственные программы по развитию национальной культуры, поддержка этнографических исследований, популяризация казахской музыки в медиа-пространстве – всё это является продолжением идей Жанибекова-государственника.

2)Жанибеков понимал, что культура – это не только наследие, но и инструмент социальной консолидации. В современном Казахстане, где живут представители разных этносов, его идеи могут использоваться для укрепления национального единства через культуру. «Узбекали Жанибеков хотел воссоздать натуральный казахский аул, нечто подобное он видел в одной из поездок; в центре Киева был установлен хутор с самыми настоящими украинскими хатами. Он мечтал создать большой театр казахских национальных традиций,

организовать театр, в котором показать свое искусство мог бы каждый этнос Казахстана.» [3] Этот проект он вносил даже в Госплан СССР. Однако реализовать задуманное не удалось – наступил распад Союза. В своих книгах Жанибеков писал о необходимости национальной идеи, которая могла бы стать объединяющей не только для казахов, но и для всех народов Казахстана. [2] Эти мысли служат убедительным свидетельством понимания им того, что возрождение прошлого возможно лишь тогда, когда оно становится частью настоящего и открывает перспективы будущего.

Идеи и труды Жанибекова остаются актуальными и сегодня, особенно учитывая возможности, которые открываются сегодня в *условиях глобализации и цифровой революции*. В последние годы в Казахстане наблюдается активное развитие цифровых проектов, связанных с культурным наследием:

• Национальная библиотека Казахстана запустила электронный архив, где собраны оцифрованные рукописи и редкие книги.

• Виртуальные туры по историческим памятникам, таким как мавзолей Ходжи Ахмеда Яссауи, позволяют познакомиться с архитектурным наследием страны.

• Проект “Казахская народная музыка в цифровом формате” делает традиционные кюи доступными для изучения и исполнения.

• Разработаны мобильные приложения для изучения казахского орнамента, национальных костюмов и этнографического искусства

Можно выделить следующие направления цифровизации культурного наследия У. Жанибекова:

• Оцифровка и онлайн-архивы: создание виртуальных музеев, цифровых коллекций казахского фольклора, архивов документов и фотографий.

• Дополненная и виртуальная реальность (AR/VR): разработка интерактивных 3D-экскурсий по историческим памятникам и этнографическим музеям.

• Социальные сети и мультимедийные платформы: использование YouTube, TikTok, Instagram для популяризации национальной музыки, традиционных ремесел и народных сказаний.

• Образовательные онлайн-курсы и мобильные приложения: цифровые проекты, направленные на изучение казахской культуры, языка, традиций.

Говоря же о перспективах цифровизации культурного наследия Казахстана можно с уверенностью сказать, что будущее его связано с дальнейшим развитием технологий искусственного интеллекта, машинного обучения и блокчейна, таких как создание интерактивных образовательных платформ с элементами геймификации для изучения национальных традиций, использование технологий 3D-сканирования для сохранения памятников архитектуры и исторических артефактов, внедрение NFT и блокчейн-технологий для защиты авторских прав на цифровизированные элементы культурного наследия.

Современные проекты в сфере цифровизации культуры могут стать важным элементом культурной политики страны, способствуя укреплению национального самосознания и международному признанию казахского наследия и дальнейшему развития и реализации идей и начинаний У. Жанибекова.

Влияние Узбекали Жанибекова на развитие казахской культуры трудно переоценить. Благодаря его трудам национальная культура Казахстана не только сохраняется, но и развивается, находя новые формы выражения. Поддержка этнографических исследований, развитие этно-музыкального движения, включение казахских традиций в государственные программы – всё это свидетельствует о продолжении его дела. Его идеи служат вдохновением для новых поколений исследователей, музыкантов, деятелей культуры. Благодаря его трудам казахская культура не только сохранилась, но и получила новый импульс для развития, продолжая занимать достойное место в мировом культурном пространстве. Это особенно важно

сейчас, когда Казахстан стремится к усилению своей культурной дипломатии и укреплению национального бренда.

Таким образом, вклад Жанибекова выходит за рамки его эпохи. Он доказал, что культура – это не просто прошлое, а динамичная система, которая требует постоянного внимания и поддержки, заложил принципы, которые актуальны и сегодня – бережное сохранение традиций, интеграция их в современную культуру, образование, поддержка регионального искусства, государственная политика в сфере культуры. Осознание этих аспектов поможет наши современникам не просто изучать его наследие, но и применять его идеи для развития казахстанской культуры в XXI веке.

Литература

1. Кайырханова Ф. К. «Историко-культурное наследие Казахстана: взаимодействие традиций и инноваций» // Журнал «Наука, образование и культура» 2017
2. Официальный сайт национального историко-культурного музея заповедника «Әзірет Сұлтан» Возвеличивавший национальный дух Узбекали Жанибеков. - Международная научно-практическая конференция «Узбекали Жанибековские чтения» -
3. Воскресивший дух нации. //e-history.kz, qazaqstan tarihy 09сентября.2021

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ БАТЫРЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРҒА ЕРЛІК РУХТА ТӘРБИЕ БЕРУ

Ералин Қуандық Ералыұлы
Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор.
Шымкент.Қазақстан
Ералин Айгүл Қуандыққызы
Халықаралық туризм және қонақжайлық университеті,
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.
Түркістан.Қазақстан
Ералин Ғазиза Қуандыққызы
Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар Достығы университеті,
педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
Шымкент. Қазақстан

Резюме

Статья посвящена художественному анализу портретных и жанровых картин, отражающих образы Великой Отечественной войны в изобразительном искусстве Казахстана. В критерии анализа живописных картин включены: идея произведения, композиционная структура, колоритное решение, исполнительское мастерство художника, способ изображения, вдохновение в создании образа. Произведения художника разделены на портреты, пейзажи и сюжетные картины. Изобразительные произведения разделены на реалистичными, декоративными и абстрактными методами. Средствами образы героев нашей страны в живописных произведениях раскрываются новые возможности для воспитания школьников в героических традициях. Ключевые слова: живописные картины, сюжет, художественные измерения, художественный анализ, методы декоративного изображения, реалистические методы изображения, абстрактные методы изображения.

Abstract.

The article is devoted to the artistic analysis of portrait and genre paintings reflecting the images of the Great Patriotic War in the fine works of Kazakhstan. The criteria for analyzing paintings include the idea of

the work, compositional structure, colorful solution, performing skills of the artist, method of image, inspiration in creating an image. The artist's works are divided into portraits, landscapes and plot paintings. Visual works are recognized as realistic, decorative and abstract. New methods for analyzing the artistic parameters of the artist's works have been discovered. paintings, plot, artistic measurements, artistic analysis, decorative image Key words: methods, realistic image methods, abstract image methods.

Кіріспе: Елімізде Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 80 жылдығы қарсаңында аға ұрпақ ерлігін насихаттау тұрғысында елімізде бірқатар игі іс шаралар өткізілуде.Қазақстан бейнелеу өнерінде Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған туындылар еліміздің визуалдық өнерінің өз алдына жеке дара бір бағыттын қамтиды. Жастарды елжандылыққа тәрбиелеуде бейнелеу өнері шығармаларының мүмкіндіктері ауқымды. Егер осыған Ұлы Отан соғысы батырларының бейнелеу өнеріндегі жасалған образдарының тәрбиелік маңызын ашатын әдістемелік іс шараларды қосатын болсақ проблема онанда өзекті бола түседі. Ұлттық бейнелеу өнері ұлттық мәдениетіміздің бір саласы. Бейнелеу өнеріндегі ел тарихы маңызды көркемдік құбылыс. Бейнелеу көркем мәдениеттің бір саласы. Мәдениетсіз ұлт болмайды, ұлтсыз мәдениет болмайды[1.28 б.]. Ел қорғаған ерлердің бейнелеу өнеріндегі бейнелерінің ұрпақ тәрбиесіне деген өнегелік мәнін өнертанымдық тұрғыдан ашып көрсету қажеттігінің артуы мен оны оқу мен тәрбие үдерісінде қолдану әдістемесінің болмауы арасындағы қарама-қайшылық бізге зерттеу тақырыбын «Қазақстан бейнелеу өнеріндегі Ұлы Отан соғысы ерлерінің бейнелері арқылы жастарға ерлік рухта тәрбие беру» деп анықтауға мүмкіндік берді. Еліміздің бейнелеу өнеріндегі соғыс тақырыбына арнаған бейнелеу шығармаларын зерттеу нәтижелерін сараптау осы тақырыпқа арналған туындыларды портрет, сюжеттік картина деп қарастырылды. *Материалдар мен әдістеме:* Біздің тәжірибемізде Қазақстан бейнелеу өнеріндегі Ұлы Отан соғысы батырларының бейнелерін “портрет”, “сюжеттік картина” деп екі бағытқа бөліп қарауға мүмкіндік береді. Картиналарды батырлар бейнесі кескіндемедегі образ, графикадағы образ, мүсіндегі образ болып қабылданды. Визуалдық туындылардың көркемдік бейнелеу әдістері: үшке бөлінді. Бейнелеу портреттерін көркемдік бағалауда, идеяны бағалау, композициялық шешімдерді бағалау, түстік шешімдерді бағалау тәсілдері қолданылады[2.4]. Көркемдік білім беру мен рухани құндылықтарға тәрбиелеу көркемдік шығармашылық интеграциясы арқылы жүзеге асылды.

Зерттеу мақсаты: ел бейнелеу өнеріндегі ерлікті ерлер образдарын бейнелеу әдісінің даму себептерін негіздеу, шығарма идеясына, композициясына, колоритіне талдау жасау, ерлік дәстүрді рухани құндылық ретінде даму тенденциясын анықтап, бейнелеу өнеріндегі ерлікті ерлер образын талдау әдістерін өнертанымдық және тәрбиелік айналымға қосу, даму жолын сипаттау. Зерттеу нысаны: Ұлы Отан соғысы ерлерінің образдарын сомдаған, Қазақстан суретшілерінің шығармаларын талдау үдерісі. Зерттеу пәні: Қазақстан бейнелеу өнеріндегі Ұлы Отан соғысы батырларының ерлік істерін сомдаған образдарды өнертанымдық тұрғыда талдау әдістемесі. Зерттеу нәтижелері: Қазақстан бейнелеу өнері Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған кескіндеме туындыларынын көркемдік өнер танымдық талдау әдістері: шығарманың идеясы, композициясы, колориті, орындау техникасы шеберлігі өлшемдерімен алынды. Бейнелеу әдісін талдау: реалистік, сәндік, абстрактілік бейнелеу бағыты болып айқындалған. Портрет жанрының көркемдік талдау ерекшелігіне: кейіпкердің ерлігін көрсету, шығарма идеясы, композициясы, таңдап алған колориттік шешімі, суретшінің орындау шеберлігі, образды ашу ұстанымдарының талаптарға сай келуі, көркемдік өлшем бірлігі ретінде алынды. Кейіпкерлердің ерлік істерін көрсету үшін суретшілер реалистік бейнелеу әдісін таңдалды.

Нәтижелерді талдау. Зерттеу екі кезеңге бөлінді. Бірінші кезеңде суретшілердің портрет шығармаларының көркемдік ерекшеліктері талданды. Осы кезеңде В.Крыловтың картинасындағы суретші идеясы анықталды. Б.Момышұлының, Қ.Қайсеновтің,

Т.Бегалдиновтің, Ә.Молдағұлованың, М.Мамбетованың кескіндемелік портреттеріне көркемдік талдау жасалды. [3.7б.] Екінші кезеңде Ұлы Отан соғысына байланысты тақырыптық картиналар таңдап алынды. Талдау өлшемдеріне шығарманың дәстүрлі көркемдік өлшемдері, бейнелеу әдістері, суретшінің шығармашылық стилі, образ сомдау ерекшеліктері танылды. Қазақстанның Халық суретшісі Н.Нұрмұхаммедов Ұлы Отан соғысы тақырыбына өз шығармашылығынан кең орын берген. Суретшінің Ұлы Отан соғысының батырлары, Кеңес Одағы теңіз соғыс флотының адмиралдары Н.Кузнецовтың, В.Касаткиннің, Г.Холостяковтың портреттерін 1962 жылы жазған. Қазақстанның Халық суретшісі Қ.Телжанов «Жеңіс» атты картинасын Ұлы жеңіс құрметіне арнаған. Суретші Ү.Әжиев «Өмір жолы» атты кескіндеме картинасын Ленинградттағы блокада кезіндегі халық ерлігін көрсеткен. Суретші Н.Насадкиннің «Волокаламск тас жолы» атты кескіндемесін жазған.Суретші А.Оспанов «Соғыс ардагері Дүйсенбай ақсақал» атты кескіндемесін, Б.Сабиев «45 ші жылдың көктемі», А.Тұрсынов «Майданға аттану» картиналарында ерлердің ерлік істерін картина сюжетіне айналдарған. Суретші кескіндемеші К.Рылкин «Қауынбаевтің портретін», «Әбдіжапбаровтың портретін», «Исмайловтың портретін», «Мамытовтың портретін», «Исақовтың» портреттерін салған. Шымкенттік суретші Г.Г.Пономаренко «Арнайы тапсырма», «Мен жеңімпаз», «Партизан Әли Ақбаров» атты картиналарында майдан көріністеріне арнаған. Қарағандылық суретші В.Крыловтің "Шахтерлерді майданға шығарып салу" атты кескіндемелік шығармасын талдау барысында реалистік бейнелеу әдісімен жазылғандығына назар аударылды. Кейіпкер бейнелері қаз қалпында шынайы бейнелеу әдісін қолдану арқылы берілген. Негізгі кейіпкерлері картина жазықтығының композициялық орталығында орналасқан. Шығарма композициясы орналасқан бірнеше бөлшек бейнелердің тұтастығын құрамдайды. Алдыңғы көріністе ер азаматын майданға шығарып салып тұрған әйел бейнесі көрініс тапқан. Фон мен фигураны құрайтын бейнелер өзара үйлесімді орналасқан. Көріністердің салмақтықтылығы тұрғысынан алғанда тере-теңдігі сақталған. Бірі көріністің визуалдық композициялық салмақ жүктемесін құрамдаса, екінші бейне композициялық элемент түрінде толықтырып тұр. Бейнелердің фонында азаматтарды майданға аттандырып тұрған топ адамдар бейнелері сюжеттің мағынасын ашуға жәрдемдескен. Картинаның түстік шешімі қоңыр, сұрғылт түстер үндестігіне біріктірілген. Бұл түс кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін ашып көрсеткендей.Түстердің композициясы: қара, жасыл көк, қоңыр түстердің өзара үйлесіміне құрамдалған. Кескіндемелік картинадағы композиция, колориттік өлшемді құрайтын түстік шешім, суретшінің шеберлігін көрсететін шынайы бейнелеу әдістері соғыстың хабарын сездіргендей. Картинадағы қара қоңыр түстердің көрінісі картина идеясы айқындай түседі. Бірқатар мүсін шеберлері Ұлы Отан соғысы батырларының құрметіне өз туындыларын арнаған. Мүсін шебері А.Әлдеков пен Н.Рустемовтің жасаған Бауыржан Момышұлының ескерткіші Шымкент қаласы Тәуке хан көшесі мен Б. Момышұлы көшесінің қиылысында орнатылған. Осы қаладағы Жеңіс бағына өнер шеберлері С.Иляев пен Ә.Мұратбаев сомдаған Сабыр Рахимовтың ескерткіші қала көркіне сән беріп тұрумен қатар жас ұрпаққа тәрбие беру құралы [6.26 б.]. Батырларды бейнесін тәрбие құралы ретінде пайдаланудан елімізде жаңа әдістерді қолдану практикасы өріс алуда. Шымкент қаласы М.Жұмабаев атындағы N 39 орта мектеп мұғалімі Мираш Тастемирова бейнелеу өнері шығармалары арқылы оқушыларға көркемдік білім берумен қатар отансүйгіштікке тәрбиелеуде орасан зор тәжірибе жинақтаған. Оның 2024 жылдың күзінде Орта Азия елдері мен Қазақстан Республикасы мектеп оқушыларының шығармашылық ауқымын қамтыған, Ә.Қастеевтің 120 жылдығына арнап өткізген симпозиум–конкурсы маңызды халықаралық іс шара болды. Шымкент қаласындағы N25 орта мектеп мұғалімі Сүлейменова Мәдина әйгілі қолөнер шебері Ғ.Иляев шығармашылығын халыққа насихаттаумен қатар көркемдік білім беру сабақтары мен тәрбие сағаттарында өнер туындыларын оқушыларға ұлттық құндылық ретінде қолданудан мол тәжірибе жинақтаған педагог екені көрінуде.

Қорытынды: Қазақстан бейнелеу өнеріндегі Ұлы Отан соғысы батырларының образдарын жазу, елдің визуалдық өнері дамуы тарихындағы өткен ғасырдың 50-70 жылдарында қарқынды даму ықалында болғанын көрсетті. Ұсынылып отырған бейнелеу өнеріндегі Ұлы Отан соғысы батырларының образдарын көркемдік талдау нәтижелері еліміздің жастарын елжандылық пен рухани құндылыққа ұтымды тәрбиелеудің мазмұны құралы болатынын айқындады. Кескіндеме графика мен мүсін шығармаларындағы батырлардың көркем образдары жастарды ерлік рухта тәрбиелейтін мүмкіндік екендігі көрінді. Қазақстандық кескіндеме графика туындылары ұлттық құндылықтарға, елжандылыққа тәрбиелеу мүмкіндігі ретінде танылды.

Әдебиеттер:

1.Алехин А.С.Язык изобразительного искусство.М.,Просвещение.2005.-С.58
2.Галымжанова А.С.Концептуальные модели мировосприятия в работах казахских художников-постмодернистов: Алматы: КазНАИ им. Т. Жургенов, 2010.– 82 с.
3.Халықов Қ.З.Адам мәнінің бейнелеу өнеріндегі көрінісі:Алматы,2006. – 188 б.
4.Ералин Қ.Қазақстан бейнелеу өнері.Түркістан.ХҚТУ.2019..265 б.

ӘОЖ: 37.03

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Паримбай Гүлжанат Ғаниқызы, оқытушы
Спабекова Әсел Қалдыбайқызы, студент
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В этой статье авторы написали о жизни Узбекали Жанибекова и его заслугах в области культуры и науки. Узбекали Жанибеков – выдающийся казахский общественный и культурный деятель, исследователь народных песен, педагог и композитор. Он сыграл важную роль в развитии музыкальной культуры страны, внес большой вклад в сохранение национального песенного искусства и обучение его молодежи. В творчестве Узбекали Жанибекова прослеживается глубокое понимание сущности национальной музыки и культуры, в своих произведениях он строго придерживался народных мотивов и традиций. Ценное наследие У.Жанибекова является важной ценностью для нынешнего поколения. В статье рассмотрены вопросы творческого пути Узбекали Жанибекова, его вклада в казахское искусство и изучения исторического наследия, его вклада в казахское искусство и изучения исторического достояния.

Summary

In this article, the authors wrote about the life of Uzbekali Dzhanibekov and his achievements in the field of culture and science. Uzbekali Zhanibekov is an outstanding Kazakh public and cultural figure, researcher of folk songs, teacher and composer. He played an important role in the development of the country's musical culture, made a great contribution to the preservation of the national song art and the education of its youth. Uzbekali Zhanibekov's work shows a deep understanding of the essence of national music and culture, and he strictly adhered to folk motifs and traditions in his works. The valuable legacy of U.Zhanibekova is an important value for the current generation. The article discusses the issues of Uzbekali Zhanibekov's creative path, his contribution to Kazakh art and the study of historical heritage, his contribution to Kazakh art and the study of historical heritage.

Қазақ халқының мәдениеті мен өнерін дамытуда өзіндік орны бар ерекше қайраткерлердің бірі – Өзбекәлі Жәнібеков. Ол ұлттық мұраны зерттеп, оны сақтауға және насихаттауға зор үлес қосқан тұлға. Қазақстанның қоғамдық және мәдени өмірінде маңызды рөл атқарған, халықтық өнердің жаңғыруына, қазақтың ұлттық әндері мен дәстүрлі музыкасының дамуына ерекше ықпал еткен тұлға. Оның еңбектері қазақ өнерінің тарихи сабақтастығын сақтау жолында үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік берді. Оның ғылыми-зерттеу еңбектері, ұйымдастырушылық қызметі мен шығармашылық мұрасы қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақ халқының мәдени мұрасы ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл қазына болып табылады. Алайда, тарихи кезеңдерде ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту мәселесі өзекті болып келеді. Кеңестік кезеңде көптеген ұлттық өнер туындылары ұмыт бола бастаған уақытта, Өзбекәлі Жәнібеков сынды қайраткерлердің еңбегі қазақ мәдениетінің қайта жаңдануына үлкен әсер етті. Ол ұлттық өнердің соның ішінде музыка мен әншілік дәстүрдің сақталуына, дамуына, жастарға үйретілуіне назар аударды. Оның осы бағыттағы бағыттағы жұмыстары қазақ халқы үшін баға жетпес құндылық.

Өзбекәлі Жәнібековтың өмір жолы мен еңбектері – тек қазақ мәдениетінің дамуына қосылған үлес қана емес, сонымен қатар ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталған маңызды тарихи құбылыс. Оның зерттеулері мен мәдени мұраны сақтау жолындағы қызметі бүгінгі таңда да өзекті болып отыр. Сондықтан бұл мақаланың маңыздылығы – Жәнібековтың еңбектерін тереңірек талдап, оның мәдениет саласындағы рөлін ашып көрсету болып табылады.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ мәдениеті мен өнерін дамытуға айрықша үлес қосқан көрнекті тұлға. Оның өмір жолы мен еңбектері ұлттық мұраны сақтау, тарихи жәдігерлерді зерттеу және қазақ халқының рухани құндылықтарын насихаттаумен тығыз байланысты. Ол Қазақстанның мәдени-тарихи мұрасын жаңғыртуда ерекше рөл атқарып, көптеген ұмыт қалған өнер туындыларын қайта жаңғыртты. Оның бастамалары қазақ мәдениетінің дамуына, тарихи жәдігерлердің сақталуына және ұлттық сананың нығаюына үлкен ықпал етті.

Балалық және жастық шағы. Өзбекәлі Жәнібеков жоғары білімін Алматы қаласында алды. Ол қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде оқып, тарих және мәдениет саласы бойынша білімін жетілдірді. Университет қабырғасында жүріп, ұлттық өнер мен мәдениетке деген қызығушылығын тереңдете түсті. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін, ол түрлі мәдени-ағарту мекендерінде қызмет атқарды. Алғашында білім беру саласында еңбек етіп, кейінен мәдениет және өнер саласына бет бұрды. Оның алғашқы қызметі – ауылдық жерлерде мәдениетті дамыту, халықтың тарихи жады мен ұлттық өнерін сақтап қалу жолында жұмыс жасау болды. Осы кезеңде ол халық арасынан талантты өнерпаздарды тауып, олардың шығармашылығын дамытуға жағдай жасады.

Мәдениет саласындағы қызметі. Өзбекәлі Жәнібеков еліміздің мәдени өмірінде ерекше із қалдырған тұлғалардың бірі. Ол Қазақстанның мәдениет және өнер саласында жоғарғы лауазымдарға дейін көтеріліп, көптеген маңызды жобаларды жүзеге асырды. Оның бастамасымен ұлттық өнерді жаңғырту бағытында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. 1960-1980 жылдар аралығында ол түрлі мәдени мекемелерде қызмет атқарып, Қазақстанның мәдени саясатын дамытуға белсене атсалысты. Ө.Жәәнібековтің бастамасымен республика көлемінде көптеген фольклорлық экспедициялар ұйымдастырылып, халық арасында ұмытылып бара жатқан әндер мен күй жинақтары жинақталды. Сонымен қатар, осы тұста қазақтың дәстүрлі өнер мектептерін қайта қалыптастыруға ерекеше көңіл бөлінді.

Қайраткерлік жолы және ұлттық мұраны жаңғыртуы. Өзбекәлі Жәнібеков кеңестік кезеңде ұлттық мәдениетке ерекше көңіл бөлген санаулы тұлғалардың бірі болды. Ол қазақтың тарихи-мәдени мұрасын зерттеумен қатар, халықтық өнер түрлерін жаңғыртуға да мол үлес қосты. Оның бастамасымен көптеген мәдени ескерткіштер қалпына келтірілді, тарихи орындар қайта жаңғыртылып, қазақтың дәстүрлі өнерін дәріптейтін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ол қазақтың көне дәстүрлерін зерттеумен қатар, ұлттық киім, қолданбалы өнер және тарихи жәдігерлерді қалпына келтіруге де ерекеше назар аударды. Сондай-ақ ұлттық музыка мен театр өнерін дамытуда да ғалымның еңбегі орасан зор.

Ғылыми-зерттеу еңбектері. Өзбекәлі Жәнібеков тек ұйымдастырушы ғана емес сондай-ақ зерттеуші ғалым ретінде де танымал болды. Ол қазақ мәдениетіне қатысты бірнеше ғылыми еңбектер жазып, халық шығармашылығына терең талдау жасады. Оның еңбектері ұлттық мәдениетті зерттеу ісінде маңызды дереккөз болып табылады.

Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ мәдениетін зерттеуші , оны насихаттаушы және жаңғыртушы тұлға. Ол қазақ халқының арасында кеңінен тараған халық әндері мен күйлерін жинап, оларды жүйелеу және болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында маңызды ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымның бастамасымен көптеген фольклорлық экспедицияға ұйымдастырылып, сол арқылы ұмыт бола бастаған әндер қайта жаңғыртылды. Сондай-ақ ол халық әндерін жинап қана қоймай, олардың орындалу ерекшеліктеріне, әуендік құрылымына және мәтіндік мазмұнына жіті талдау жасады. Ол ұлттық музыкалық дәстүрлердің терең тарихи негізі бар екендігін дәлелдеп, қазақтың музыкалық мұрасын жаңа деңгейге көтеруге және оны ғылыми тұрғыдан саралуға мүмкіндік берді.

Қазақтың дәстүрлі қолөнері – ұлттық мәдениеттің ажырамас бөлігі. Өзбекәлі Жәнібеков бұл саланы дамытуға да аса үлкен мән берді. Ол қазақтың киіз үй жасау, кілем тоқу, зергерлік бұйымдар жасау сияқты қолөнер түрлерін зерттеп, оларды жаңартуға күш салды. Оның бастамасымен халық шеберлері қолдау тауып, дәстүрлі бұйымдары қайта өндіру ісі қолға алынды. Ол ұлттық киім үлгілерінің тарихи негіздерін зерттеп, олардың әрбір элементінің маңыздылығына тоқталды. Қазақтың шапан, камзол, сәукеле, белбеу сияқты ұлттық киімдерінің әрқайсысы белгілі бір әлеуметтік мәнге ие екенін дәлелдеп, олардың жасалу технологияларын жаңғыртуға атсалысты. Сонымен қатар Өзбекәлі Жәнібеков тарихи ескерткіштерімен археологиялық нысандарды зерттеуге және оларды қорғауға ерекше назар аударды. Кеңестік кезеңде ұлттық мәдениетке деген көзқарас өзгеріп, көптеген тарихи нысандар елеусіз қалды немесе жойылып кетті. Дәл осы кезеңде Ө.Жәнібеков ұлттық мұраны сақтап қалу үшін белсенді түрде жұмыс істеді. Ол әсіресе Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Отырар қалашығы, Жошы хан мазары сияқты тарихи ескерткіштердің маңыздылығын көрсете отырып, олардың реставрациялануына ықпал етті.

Ө.Жәнібеков тек халық әндері мен қолданбалы өнерді ғана емес, сонымен қатар театр өнерін дамытуға да ерекше мән берді. Ол қазақтың дәстүрлі театр өнерінің ерекшеліктерін зерттеп, ұлттық драматургия мен сахналық қойылымдардың сапалы дайындалып, халық назарына ұсынылуына үлкен жағдай жасады. Сол арқылы халықтың рухани жанданып, мәдени тұрғыдан өсуіне де орасан зор ықпал етті.

Қорытынды. Жалпы Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ мәдениеті мен өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті тұлға. Ол өз өмірін ұлттық мұраны зерттеуге, оны сақтау мен жаңғыртуға арнап, қазақ халқының мәдениеті мен рухани құндылықтарын жаңа деңгейге көтеру ісіне арнады. Оның ел үшін жасаған үздіксіз қызметінің арқасында қазақ халқының әндері, қолданбалы өнері, тарихи жәдігерлері мен ұлттық киім үлгілері қайта жанданып, ғылыми айналымға енді. Ғалымның мәдениет саласындағы реформалары мен ғылыми-зерттеу еңбектері ұлттық сананың қалыптасуына үлкен ықпал етті. Ол ұлттық мұраны тек өткеннің бір бөлігі ретінде қарастырмай, оның болашақ ұрпаққа қажет екенін дәлелдеді. Оның бастамалары арқылы тарихи ескертіштер қалпына келтіріліп, ұлттық өнер кеңінен насихатталды, қазақ мәдениті халықаралық деңгейде танылды. Бүгінде Өзбекәлі Жәнібековтың қалдырған мұрасы өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оның идеялары мен еңбектері мәдениет саласында еңбек ететін мамандарға бағыт-бағдар беріп, болашақ ұрпақ үшін баға жетпес құндылық болып қала бермек.

Ол қазақ халының ұлттық рухын көтеріп, мәдени мұраны сақтау мен жаңғырту жолында қажырлы еңбек еткен ұлы қайраткер ретінде ел жадында мәңгі сақталады.

Әдебиеттер:

1. Жәнібеков, Ө. 1991. Ұлы дәстүрлер жалғасы. Алматы:Өнер баспасы.
2. Жәнібеков, Ө. 1982. Қазақ қолөнері. Алматы: Өнер баспасы.
3. Қазақ әдебиетінің энциклопедиясы. 2005. Алматы. Қазақ энциклопедиясы.
4. Сыздықова, Р. 2012. Қазақтың рухани жаңғыруындағы тарихи тұлғалардың рөлі. Алматы: Ғылым баспасы.
5. Тұрсынов, Е. 2008. Қазақтың музыкалық және фольклорлық дәстүрлері. Астана: Фолиант баспасы.

HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC HERITAGE OF UZBEKALI ZHANIBEKOV (HUMANITARIAN DIRECTION)

Director **Karabayeva L.K**
A fourth-year student majoring in Translation Studies, South Kazakhstan Pedagogical University named after O. Zhanibekov, Shymkent
Askarbekova Raikhan, Anarmetov Oyatullo

Annotation.

The article is devoted to the study of the historical and ethnographic heritage of the outstanding Kazakh scientist, ethnographer and public figure Uzbekali Zhanibekov. The work examines his research in the field of traditional Kazakh culture, including the material and spiritual heritage, as well as his contribution to the preservation of national identity. Special attention is paid to his works on the study of the Kazakh yurt, folk crafts, traditional clothing, restoration of historical monuments and the development of museum business in Kazakhstan. The author analyzes Zhanibekov's influence on the humanities, cultural studies and national identity of the Kazakh people. The article highlights the relevance of his ideas in modern conditions and their importance for the preservation of Kazakhstan's cultural heritage.

Резюме

Статья посвящена изучению историко-этнографического наследия выдающегося казахского ученого, этнографа и общественного деятеля Узбекали Жанибекова. В работе рассматриваются его исследования в области традиционной казахской культуры, включая материальное и духовное наследие, а также его вклад в сохранение национальной идентичности. Особое внимание уделяется его работам по изучению казахской юрты, народных ремесел, традиционной одежды, реставрации исторических памятников и развитию музейного дела в Казахстане. Автор анализирует влияние Жанибекова на гуманитарные науки, культурологию и национальную идентичность казахского народа. В статье подчеркивается актуальность его идей в современных условиях и их важность для сохранения культурного наследия Казахстана.

Түйін

Мақала көрнекті қазақ ғалымы, этнографы және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің тарихи-этнографиялық мұрасын зерттеуге арналған. Шығармада оның қазақтың дәстүрлі мәдениеті, оның ішінде материалдық және рухани мұрасы саласындағы зерттеулері, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті сақтауға қосқан үлесі қарастырылған. Оның қазақ киіз үйін, халық қолөнерін, дәстүрлі киімдерін зерттеу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру және Қазақстандағы мұражай ісін дамыту жөніндегі жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Автор Жәнібековтің қазақ халқының гуманитарлық, мәдениеттану және ұлттық болмысына әсерін талдайды. Мақалада оның

идеяларының қазіргі жағдайдағы өзектілігі және Олардың Қазақстанның мәдени мұрасын сақтаудағы маңызы ерекше атап өтілген.

Introduction

The cultural heritage of the Kazakh people is a rich complex of traditions, customs, crafts and spiritual values that have been formed over the centuries. One of the scientists who made a huge contribution to the study and preservation of this heritage is Uzbekali Zhanibekov (1931-2008)— a historian, ethnographer, statesman and public thinker.

Zhanibekov was not just a researcher, but also an active figure in the field of culture, who achieved the restoration of many historical monuments, the revival of traditional arts and crafts, as well as the popularization of Kazakh folk art. His works have become fundamental in the study of the national identity of the Kazakhs, their material and spiritual culture.

The purpose of this article is to analyze the historiographical and ethnographic heritage of Uzbekali Zhanibekov, his influence on the humanities and the development of national identity. The article discusses his research in the field of ethnography, traditional art, material culture, as well as his role in the restoration of historical monuments and museum business in Kazakhstan.

1. Biography and formation of a scientist

Uzbekali Zhanibekov was born in 1931 in the Turkestan region of South Kazakhstan region (now Turkestan region) [1]. His childhood was spent during the difficult years of collectivization and the Great Patriotic War, which largely shaped his worldview.

After completing his secondary education, he entered the Kazakh State University named after S.M. Kirov (now Al-Farabi Kazakh National University), where he studied history. Already as a student, he showed great interest in ethnography, art history, and cultural studies.

In the 1960s, Zhanibekov began active research activities. He organized ethnographic expeditions to the regions of Kazakhstan, collecting materials about traditional dwellings, national costumes, folk art, crafts and rituals.

His first works were devoted to the study of Kazakh yurts, ornaments, traditional clothes and music. At this time, he began to develop the concept of reviving national culture, considering it a key element in preserving the identity of the people.

2. Research in the field of ethnography

Zhanibekov devoted a significant part of his life to studying the ethnographic heritage of the Kazakh people [2]. During numerous expeditions, he collected unique materials about traditional dwellings, household items, folk crafts and musical instruments.

His research revealed the regional peculiarities of the Kazakh material culture. He studied in detail the differences in the construction of yurts, the peculiarities of Kazakh national costumes, as well as in the technique of weaving and making felt.

One of the central objects of Zhanibekov's research was the Kazakh yurt. In his writings, he described in detail:

- The structure of the yurt: the frame, felt coverings, and the features of connecting the elements.
- Functional purpose: how the interior space was used, the meaning of each element.
- Ornamental motifs: the symbolism of the patterns applied to felt and wood.
- Ritual significance: the role of the yurt in the rituals and traditions of the Kazakhs.

Zhanibekov emphasized that a yurt is not just a dwelling, but a symbol of the Kazakh civilization, embodying the worldview of nomads.

Zhanibekov paid special attention to the study of Kazakh national clothes. In his works, he described:

- Men's and women's costumes: chapans, camisoles, saukele, kyzyl ton.

- Materials and manufacturing techniques: fur, felt, wool, leather.
- Ritual items of clothing: hats, wedding dresses, ceremonial costumes.

Thanks to his research, it was possible to recreate the lost elements of Kazakh national clothing.

3. Restoration of historical monuments and museum business

One of Zhanibekov's greatest achievements was his participation in the restoration of the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi in Turkestan. This monument is a key object of the spiritual heritage of the Kazakhs.

In the 1970s, the mausoleum was in disrepair. Zhanibekov achieved its restoration, which played an important role in shaping the historical memory of Kazakhstanis [3].

Zhanibekov was actively involved in the development of the museum business. Thanks to his efforts, museums dedicated to the history and culture of Kazakhstan were opened. He advocated the creation of interactive exhibitions where one could not only see the exhibits, but also hear Kazakh music and try their hand at crafts.

4. Impact on the humanities and national identity

Zhanibekov was not only engaged in scientific work, but also actively participated in the formation of the national identity of the Kazakhs. During the period of perestroika, he became one of the ideologists of the movement for the revival of national culture.

His works influenced the development of such areas of the humanities as:

- Ethnography: the study of the traditional culture of the Kazakhs.
- Cultural studies: an analysis of the symbolism and worldview of nomads.
- History of art: the study of folk crafts, music, decorative and applied arts [4].

Conclusion

Uzbekali Zhanibekov left a rich scientific and cultural heritage of great importance for the humanities of Kazakhstan. His research in the field of ethnography, history, material culture and national identity contributed to the preservation and popularization of the cultural heritage of the Kazakh people.

He not only studied traditional culture, but also actively engaged in its revival and preservation. Thanks to his works, Kazakhstanis had the opportunity to better understand their history and national traditions. In modern conditions, his ideas remain relevant, since the issues of preserving cultural heritage and national identity continue to play an important role in the public life of Kazakhstan.

Thus, the scientific and humanitarian heritage of Uzbekali Zhanibekov is an important contribution to the development of the humanities, ethnography and historical science of Kazakhstan. His works remain relevant and in demand, and his ideas continue to inspire a new generation of researchers.

References:

1. Жораева Г. Т. Узбекали Джанибеков у истоков возрождения национальной культуры Казахстана // Наука вчера, сегодня, завтра: сб. ст. по матер. XX междунар. науч.-практ. конф. № 1(18). — Новосибирск: СибАК, 2015.

2. Джанибеков, Узбекали Джанибекович // Википедия: свободная энциклопедия. URL: https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Джанибеков,_Узбекали_Джанибекович (дата обращения: [06.03.2025]).

3. Узбекали Жанибеков любил свой народ // Национальный портал «История Казахстана». URL: https://e-history.kz/ru/amp/news/show/32960 (дата обращения: [06.03.2025]).

4. Жизнь У. Жанибекова // Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. URL: https://okmpu.edu.kz/ru/node/7671 (дата обращения: [06.03.2025]).

ӘӨЖ 94(574):37.035.6

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ МҰРАСЫ: ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Төребаев О.А
Қазақстан Республикасы,Шымкентқаласы, ОҚМА ф.ғ.к, доц.м.а
Хусанова Гавхарбону
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, ОҚМА ФӨТҚБ-01-24

Резюме:

В данной статье рассматривается роль выдающегося общественного деятеля, этнографа Узбекали Жанибекова в развитии национального воспитания и педагогики. Анализируются его инициативы по сохранению и возрождению национальных ценностей, а также особенности его педагогических методов. Определяется значение национального воспитания в формировании культурной идентичности молодежи, рассматривается актуальность взглядов Жанибекова в современном обществе. Особое внимание уделяется методам внедрения национального воспитания в образовательный процесс и возможностям применения концепций Жанибекова в условиях современной Казахстана.

Summary:

This article examines the role of the prominent public figure and ethnographer Özbekali Zhanibekov in the development of national education and pedagogy. It analyzes his initiatives in preserving and reviving national values, as well as the unique aspects of his pedagogical methods. The importance of national education in shaping the cultural identity of the younger generation is highlighted, and the relevance of Zhanibekov's views in contemporary society is explored. Special attention is given to the methods of integrating national education into the educational system and the potential application of Zhanibekov's concepts in modern Kazakhstan.

Өзбекәлі Жәнібеков 1931 жылы 28 тамызда Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Сарықамыс ауылында дүниеге келген. Ол – мемлекет қайраткері, тарихшы, этнограф, ұлттық мәдениет пен білім беру саласының көрнекті тұлғасы. Жәнібеков ұзақ жылдар бойы мәдениет, ғылым және білім салаларында қызмет етіп, Қазақстандағы тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау және насихаттау ісіне үлкен үлес қосты. Оның қызметі төмендегі негізгі бағыттарды қамтиды:Қазақтың мәдени және тарихи мұрасын зерттеу және қалпына келтіру;Ұлттық өнер мен фольклорды дамыту;Білім беру жүйесінде ұлттық тәрбие мен этнопедагогика қағидаларын енгізу;Қазақтың дәстүрлі қолөнерін, музыкасын және театр өнерін қайта жаңғырту.Ол Қожа Ахмет Ясауи кесенесін қайта қалпына келтіру, қазақ этнографиясын зерттеу және ұлттық мәдениеттің дамуына бағытталған көптеген ғылыми-тәжірибелік жобаларды жүзеге асырды. Өзбекәлі Жәнібеков ұлттық тәрбиені қайта жаңғырту мақсатында бірнеше маңызды бастамаларды көтерді:Этнопедагогиканы дамыту – қазақ халқының дәстүрлі тәрбие жүйесін қазіргі білім беру үдерісіне енгізуді ұсынды;Мәдени мұраны зерттеу – тарихи-мәдени ескерткіштерді, фольклорды, халық ауыз әдебиетін және ұлттық ойындарды зерттеді;Қолөнер мен дәстүрлі өнерді жандандыру – ұлттық киім, зергерлік бұйымдар мен музыкалық аспаптарды жаңғырту жұмыстарын жүргізді;Тарихи тұлғалар мұрасын насихаттау – қазақтың ұлы қайраткерлерінің еңбектерін зерттеп, оларды білім беру мен тәрбие саласында қолдануды ұсынды.

Өзбекәлі Жәнібековтің педагогикалық әдістері және олардың ерекшеліктерін айта кетейін. Өзбекәлі Жәнібеков ұлттық тәрбиені дамыту үшін дәстүрлі халықтық педагогикаға сүйенді. Оның педагогикалық әдістері төмендегілерді қамтиды:Ауызша тарих (oral history) – халық ауыз әдебиеті, аңыз-әңгімелер, жыраулық дәстүр арқылы тарихи сананы дамыту;Дәстүрлі

қолөнерді үйрету – ұлттық мұраларды сақтау мақсатында зергерлік, кілем тоқу, киіз басу, ағаш ою өнерін жастарға үйрету;Музыка мен поэзияны пайдалану – қазақтың дәстүрлі әндері мен жырларын оқу-тәрбие процесінде қолдану;Ұлы тұлғалардың мұрасын зерттеу – Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерін оқу бағдарламасына енгізу.Сонымен қатар қазіргі қоғам үшін Жәнібеков көзқарастарының маңызы жайлы айта кетейін. Ұлттық тәрбие және жаһандану.Жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс пен тәрбиені сақтау өзекті мәселелердің бірі. Жастардың батыстық мәдениетке қызығушылығы ұлттық құндылықтардың әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Осы тұрғыда, Жәнібековтің ұлттық тәрбиеге қатысты көзқарастары бүгінгі таңда да маңызды.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі ұлттық тәрбие.Бүгінде Қазақстанда ұлттық тәрбие мына бағыттарда дамып келеді:Мектептерде “Рухани жаңғыру” бағдарламасын енгізу;Қазақ әдебиеті мен тарихын тереңдетіп оқыту;Этномәдени іс-шараларды ұйымдастыру;Ұлттық мұраларды насихаттау.Болашақ ұрпаққа ұлттық тәрбиені қандай сіңіру жолдары бар және Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық тәрбие туралы ойлары болашақ ұрпаққа қалай бағытталған. Ұлттық тәрбиені нығайту үшін төмендегі тәсілдер ұсынылады:Ең алдымен білім беру жүйесінде ұлттық тәрбиені күшейту. Сонымен қатар мектеп бағдарламаларына қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен ұлттық құндылықтарына қатысты арнайы пәндерді енгізу.Мысалы, этнопедагогика, қазақ халқының дәстүрлі құқықтық жүйесі, қазақ дүниетанымы туралы курстарды оқу бағдарламасына енгізу.Сонан соң оқушыларға халық ауыз әдебиеті мен батырлар жырын терең оқыту.Батырлар жыры, ертегілер, аңыздар секілді.Олар жасөспірімдердің патриоттық сезімін арттырады.Және де мәдени-тарихи экскурсиялар ұйымдастыру-өткеннің ізімен жүріп, ұлы мұраларды көзбен көріп, рухани әлемге сапар шегу.Қазақстандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Отырар, Сарайшық қалалары, Алтын Орда дәуірінің ескерткіштері сынды тарихи орындарға табан тіреп, бабалар аманатын сезіну – шынайы рухани кемелдікке жол ашары сөзсіз.Келесі қадам отбасылық тәрбиеде ұлттық дәстүрлерді жаңғырту. Отбасылық құндылықтарға ерекше көңіл бөлу.Қазіргі таңда ата-ана мен баланың қарым-қатынасы өзгеруде, сондықтан дәстүрлі қазақ отбасы институтын қайта жаңғырту маңызды.Қазақтың салт-дәстүрлерін күнделікті өмірде қолдану.Мысалы, шілдехана, бесікке салу, тұсаукесер, жеті ата ұғымы туралы түсінік беру.Ұлттық ойындар мен өнерді дамыту. Қазақтың дәстүрлі ойындарын балалар тәрбиесінде пайдалану.Мысалы, асық ату, тоғызқұмалақ, бәйге, көкпар секілді ойындар баланы ептілікке, тапқырлыққа және ұжымда жұмыс істеуге үйретеді.Жастар арасында дәстүрлі өнерді дәріптеу.Қазақтың домбыра, қобыз, сазсырнай секілді музыкалық аспаптарын үйрету, халық әндері мен термелерді жастар арасында насихаттау.Қазіргі Қазақстандағы ұлттық тәрбие жағдайы және Жәнібеков концепциясын жаңаша қолдану-ұлт болмысының айнасы, рухани жаңғырудың алтын арқау. Ал қазіргі Қазақстандағы ұлттық тәрбие-өткеннің аманаты, болашақтың шамшырағы демекші, бүгінде ұлттық тәрбиеге мемлекет тарапынан айтарлықтай көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда ұлттық тәрбиені дамыту бағытындағы маңызды қадамдар:Мектептерде “Рухани жаңғыру” бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру.Ұлттық мәдениетке қатысты анимациялық фильмдер мен әдеби шығармаларды дамыту.Мысалы, “Күлтегін”, “Томирис” фильмдері арқылы жастарды тарихқа қызықтыру.Жастар арасында қазақ тілін дамыту бағдарламаларын жүргізу.Бүгінде кейбір жастар қазақ тілін еркін қолданбайды, сондықтан ұлттық тіл саясатын күшейту қажет.Жәнібеков концепциясын жаңаша қолдану. Өзбекәлі Жәнібековтің ұлттық тәрбие туралы идеяларын қазіргі білім беру жүйесінде қолданудың бірнеше жолы бар:Бірінші кезекте оның әдістемесін қазіргі педагогикамен үйлестіру.Жәнібековтің этнопедагогикалық көзқарастарын заманауи психологиямен, инновациялық оқыту технологияларымен біріктіру.Сонан соң этномәдени білім беру орталықтарын құру.Қазақ халқының дәстүрлі өнерін, тарихын, қолөнерін үйретететін орталықтар ашу.Ал келесі кезекте ұлттық мұраны қорғау шараларын күшейту.

Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектері ұлттық тәрбие мен педагогиканың негізін құрайтын маңызды құндылықтарды қамтиды. Оның ұлттық тәрбиені жаңғырту бағытындағы бастамалары қазіргі Қазақстан үшін аса өзекті. Бүгінде Жәнібековтің идеяларын жаңаша түсініп, оларды білім беру мен мәдениет саласына кеңінен енгізу қажет.Жас ұрпақтың ұлттық болмысын сақтау, мәдени мұраны жаңғырту – әрбір азаматтың парызы. Сондықтан, білім беру жүйесінде ұлттық тәрбиеге басымдық беріп, дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу – Қазақстанның болашағы үшін маңызды қадамдардың бірі.

Әдебиеттер:

1. Жәнібеков, Ө. “Ұлы дәуірдің ұлағаты” – Алматы: Рауан, 1991.
2. Жәнібеков, Ө. “Тағдыр тағылымы” – Алматы: Өнер, 1996.
3. Керімбай, С. “Өзбекәлі және мәдени майдан” – Алматы: Фолиант, 2023.
4. Қоңыратбаев, Ә. “Қазақ этнографиясының негіздері” – Алматы: Санат, 2003.
5. Қалмырзаев, Н. “Ұлт руханияты және тәуелсіздік” – Нұр-Сұлтан: Астана кітап, 2019.
6. Қазақ мәдениеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.
7. ҚР Білім және ғылым министрлігі. “Қазақстандағы ұлттық тәрбие тұжырымдамасы” – Астана, 2014.

ӘОЖ: 37.018.4

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Ахметова Э.К.
Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, PhD, аға оқытушы
Айдарова М.Т.
Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ, 2-курс студенті

Резюме

В данной статье рассматриваются взгляды Ө. Жәнібекова на национальное воспитание и его педагогические ценности. Он уделял особое внимание возрождению культурного наследия казахского народа и его передаче молодому поколению. Труды Жәнібекова стали основой для сохранения и развития традиционной культуры, этнопедагогики и духовных ценностей. Кроме того его идеи о национальном воспитании тесно связаны с современной системой образования и принципами программы «Рухани жаңғыру». В статье анализируется воспитательное значение и актуальность этих идей в казахском обществе.

Summary

This article examines O. Zhanibekov's views on national education and its pedagogical values. He paid special attention to the revival of the cultural heritage of the Kazakh people and its transmission to the younger generation. Zhanibekov's works became the basis for the preservation and development of traditional culture, ethnopedagogy and spiritual values.In addition, his ideas about national education are closely linked to the modern education system and the principles of the Rukhani Zhangyru program. The article analyzes the educational significance and relevance of these ideas in Kazakh society.

Қазіргі таңда педагогика ғылымының өзекті мәселелерінің бірі - өскелең жас ұрпақты жан-жақты үйлесімді дамытып, тәлім-тәрбиесінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, бүгінгі заманауи білім беру жүйесімен ұштастырып тәрбиелеу маңызды болып отыр.

Ұлттық тәрбие – әрбір халықтың рухани болмысын, мәдени құндылықтарын, тарихи мұрасын сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін маңызды жүйе. Ұлттық тәрбие әр халықтың өзіндік болмысын, рухани мұрасын сақтауда шешуші рөл атқарады. Ол қоғамның дамуында және ұлттық бірегейлікті нығайтуда маңызды орын алады. Елімізде ұлттық тәрбиенің негізгі міндеттері:

- жастардың бойында ұлттық құндылықтарға деген құрмет пен сүйіспеншілік қалыптастыру;
- қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, мәдениетін жаңғырту;
- туған тіл мен әдебиеттің маңыздылығын түсіндіру;
- елжандылық пен патриотизмді тәрбиелеу;
- ата-ана мен отбасы институтының рөлін нығайту.

Қазақтың ұлы мұраларын келешек ұрпаққа өшпес қазына етіп қалдыруда ерекше еңбек сіңіріп, қазақ мәдениеті мен ұлттық тәрбиенің дамуына зор үлес қосқан ұлы тұлғалардың бірі - қоғам қайраткері, этнограф, тарихшы, педагог Өзбекәлі Жәнібеков. Оның еңбектеріндегі ұлттық тәрбиеге қатысты көзқарастары мен педагогикалық ұстанымдары қазақ халқының рухани мұрасын сақтауға, мәдени құндылықтарды жаңғыртуға, ұлттық тәрбие мәселелерін жүйелі зерттеуге бағытталып, түпкі мақсаты – елін сүйетін, өз елінің тарихын, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын біліп қана қоймай, оны мақтанышпен құрмет тұтатын саналы ұрпақ тәрбиелеу болды.

Өзбекәлі Жәнібековтың ұлттық тәрбиеге қосқан үлесі оның қазақ мәдениетін жаңғыртуға, ұлттық сананы қалыптастыруға және этнопедагогиканы дамытуға бағытталған еңбектерінде айқын көрінеді. Оның идеялары бүгінгі таңда да өзекті болып, білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеуге негіз бола алады. Қазақтың ұлттық мәдениетін, ұлтымыздың тарихын, дәстүрін, тілін жаңғырту және қорғау үшін аянып қалмады [1].

Өзбекәлі Жәнібековтің еңбектері қазіргі таңда да өзекті. Ол көтерген **ұлттық тәрбие, тарихи мұраны сақтау, мәдени жаңғыру** мәселелері Қазақстанның рухани дамуында маңызды орын алады. Оның идеялары **«Рухани жаңғыру»** бағдарламасының негізгі бағыттарымен де сәйкес келеді.

Ө.Жәнібековтың «Тандамалы шығармалар» жинағы қазақ мәдениеті мен руханиятына зор үлес қосқан, ел мен жер тарихы мен ұлт тағдыры, салт-дәстүрлерге қатысты зерттеулері мен әр жылда жазған тартымды дүниелері қамтылып топтастырылған. Бұл жинақ оқырмандарға қазақтың салт-дәстүрлері, қолөнері, музыкасы және басқа да мәдени аспектілері туралы терең түсінік береді. Бұл еңбектер қазіргі уақытта да өзекті болып, ұлттық сана мен мәдениетті нығайтуда маңызды рөл атқарады.

«Уақыт керуені» атты еңбегі – қазақ мәдениеті, ұлттық тәрбие және тарихи мұра мәселелерін терең талдаған құнды зерттеу. Бұл кітапта автор қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтарын жаңғырту, тарихи сананы қалыптастыру және ұлттық болмысты сақтау мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Бұл еңбек ұлттық сана мен тарихи жадтың маңыздылығын айқындап, қазіргі заманғы ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде құнды дереккөзі болып табылады.

Автор «Тағдыр тағлымы» атты еңбегінде өзінің басынан кешкен жағдайларын, көрген-білген жайттарын баяндай отырып, ұлт тағдырына, елдің әлеуметтік жағдайына, жалпы қазақ халқының бүгінгі күнгі көкейтесті мәселелері, салт-дәстүрлері, ұлттық құндылықтары және рухани мұрасы туралы ой-пікірлерін, толғаныспен ортаға салады. Жәнібеков өзінің өмірлік тәжірибесі мен зерттеулері арқылы ұлттық тәрбиенің маңыздылығын, мәдени мұраны сақтау және дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Өзбекәлі Жәнібековтың «Жолайырықта» атты еңбегі қазақ халқының тұрмыстық-салтына, наным-сенімдері, күнделікті өмір тіршілігі, құрылыс мәдениетіне ілтипатпен қарауға ынталандырумен құнды болды [2].

Ө.Жәнібековтың ұлттық тәрбиеге қатысты көзқарастары мен педагогикалық құндылықтары бірнеше негізгі бағыттардан тұрады:

1. Ұлттық сана мен тарихи жадыны қалыптастыру. Ө.Жәнібеков қазақ халқының мәдениетін сақтап, жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруда тарихи жадының рөлін ерекше атап өткен. Ол өзінің еңбектерінде қазақтың дәстүрлі мәдениетін зерттеу арқылы жастарды өз халқының өткеніне құрметпен қарауға үйрету қажеттігін айтты. Осы мақсатта ол тарихи-мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру, ұлттық мұралардыжаңғырту жұмыстарына белсене араласты.

2. Дәстүрлі мәдениет және ұлттық рухани құндылықтар. Ө.Жәнібеков ұлттық тәрбиенің негізі – дәстүрлі мәдениет пен рухани құндылықтар ретінде қарастырды. Оның пікірінше, халықтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, фальклоры мен ұлттық өнері тәрбиенің негізгі құралы болуы керек. Ол қазақтың қолөнерін, айтыс өнерін, дәстүрлі музыка мен ұлттық ойындарды жастардың бойында отансүйгіштік пен ұлтжандылық қасиеттерін қалыптастырудың тиімді жолы ретінде көрді.

3. Этнопедагогика және халықтық тәрбие. Жәнібековтың еңбектерінде этнопедагогика мәселесі кеңінен қарастырылған. Ол халық педагогикасының қағидалары арқылы жастарды тәрбиелеудің маңыздылығын атап көрсетті. Қазақтың мақал-мәтелдері, шешендік өнері, жыраулық дәстүрі, отбасы тәрбиесі – мұның барлығы бала тәрбисінде маңызды құралдар болып саналады.

4. Ұлттық тәрбие жүйесін жаңғырту. Ө.Жәнібеков ұлттық тәрбие беруді жаңғырту жолында көптеген нақты қадамдар жасады. Ол Абай, Шоқан, Ыбырай сынды ағартушылардың идеяларын басшылыққа ала отырып, ұлттық құндылықтарды жаңаша тұрғыдан насихаттауға тырысты. Қазақ халқының тарихи мұрасы қайта зерттелді.

5. Ұлттық тәрбие мен азаматтық жауапкершілік. Ө.Жәнібеков ұлттық тәрбиенің түпкі мақсаты – саналы, елін сүйетін, жауапкершілігі мол азамат тәрбиелеу екенін баса айтты. Ол жасатарды елдің тарихын, мәдениетін білуге, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, қоғамға белсенді қызмет етуге үйрету қажеттігін өз еңбектерінде атап өткен.

Мұнда автордың ұлттық тәрбиеге қосқан үлесі ғана айтылып қоймай, оның идеялары бүгінгі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды жаңғырту үшін де маңызды екенін көріп отырмыз.

Ө. Жәнібеков – қазақ мәдениетінің шынайы жанашыры, ұлттық құндылықтарды сақтау жолында аянбай еңбек еткен тұлға. Оның мұрасы – болашақ ұрпақ үшін сарқылмас қазына. Ел игілігі үшін атқарған игі істері жетерлік. Оның ішінде: *Ұлттық мәдениетті жаңғыртуда* - Кеңестік кезеңде ұмыт бола жаздаған Наурыз мерекесін қайта жаңғыртып, оның мемлекеттік деңгейде тойлануына ықпал етіп, ел аңсаған мерекені қайта жандандыруға қосқан үлесі ерекше болды. Қазақтың дәстүрлі **қолөнері,** ұлттық киімдері мен зергерлік бұйымдарын зерттеп, оларды халыққа қайта танытты. **Этнографиялық мұралар** мен ұлттық өнерді дамытуға ерекше көңіл бөлді; *Тарихи ескерткіштерді қалпына келтіруде* - **Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің** қайта жөнделуіне бастамашы болды. Түркістанды тарихи және рухани орталық ретінде дамытуға атсалысты. Қазақстандағы көне қалалар мен тарихи нысандарды зерттеген; *Білім мен Ұлттық тәрбиеге қосқан үлесі* - Ұлттық тәрбиенің маңыздылығын насихаттап, **этнопедагогика** ұғымының дамуына ықпал етті. Жастардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселесін көтеріп, оны білім беру жүйесінде дамытуды ұсынды. Ұлттық бірегейлікті сақтауға бағытталған ғылыми еңбектер жазды. Қазақтың тарихи мұрасын зерттеу мен насихаттауға ерекше үлес қосты.

Сонымен қатар, қазақ тілінің нағыз жанашыры ретінде ана тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуына қыруар қуатын сарп етті. Бұл туралы академик Ә.Қайдар былай деген: «*Өзағаң туралы көп айтуға да, аз айтуға да болады. Ол кісінің қазақ халқына жасаған жақсылығы,*

игілікті істері мол. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе әперуге байланысты біз бірігіп еңбек еттік. Ақтаңдарды ақтап алуға байланысты көп ақылдасушы едік. Ол кісінің артына қалдырып кеткен ғылыми еңбектері баға жетпес қазына. Қазақ тілі қоғамын құруға мен мұрындық болсам да Өзағаңның көмегі көп болды. Тілімізге мемлекеттік мәртебе беру деген үлкен іс. Осы істердің барлығына жол көрсетіп келген Ө.Жәнібеков еді» [2, 21б.].

Ұлтқа қызмет ету дегенде алғашқылардың бірі болып Ө.Жәнібековтың есімі аталатынын байқаймыз. Оған мысал, бір кездері Әбіш Кекілбайұлы ағамыз: «Ұлттық мемлекетіміздің қайта қалпына келтіріліп, тәуелсіз даму жолына түсуіне Өзағаңның сіңірген еңбегі ерекше» деп атап айтса, Шерхан Мұртаза көкеміз: «Өзбекәлі Жәнібеков бүкіл саналы өмірінде қазақ халқының дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесін дәлелдеумен өтті» деген болатын [3, 112б.].

Қорытындылай келе, Ө.Жәнібековтың ұлттық тәрбие, дәстүрі мәдениет, этнопедагогика және рухани жаңғыруға негізделген еңбектері мен тұжырымдары еліміздегі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды дәріптеудің мықты іргетасы деуге болады. Сондықтан оның педагогикалық мұрасы – бүгінгі және болашақ ұрпақты тәрбиелеуде құнды болып табылады.

Әдебиеттер

1. Тукенова Р.С. «Ұлт рухын ұлықтаған тұлға»: Танымдық- библиографиялық көрсеткіш – Познавательно-библиографический указатель/ Құрастырушы Р.С.Тукенова. Шымкент, ОҚМПУ кітапханасы, 2023. – 44 б.

2. Джанибеков У. «Жолайрықта» Алматы, 1995 г.

3. Арынбаева Д.Ж. Қазақты сүйіп өткен дара тұлға. «Өзбекәлі Жәнібеков құбылысы: тұлға тағылымы және педагогикалық құндылықтар» атты «Жәнібеков оқулары – 1» халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының ғылыми мақалалар жинағы. 451 бет. Шымкент 2024 ж.

4. Төлеген М.Ә. Өзбекәлі жәнібеков - ұлттық мұра жанашыры. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған «ТӘУЕЛСІЗДІКМӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы- Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2021 ж.

ФОНЕТИЧЕСКИЕ ОШИБКИ ПРИ ИЗУЧЕНИИ РУССКОГО ЯЗЫКА ВНЕ РУССКОЙ ЯЗЫКОВОЙ СРЕДЫ

Бимбетова Тогжан Рыскуловна
Туркестанская область, Отырарский район, школа-лицей имени Жамбыла, учитель русского языка и литературы

Түйін

Бұл мақалада орыс тілін шет елде үйрену барысында кездесетін фонетикалық қателіктер мен олардың пайда болу себептері қарастырылған. Оқушылардың орыс тілінде дұрыс сөйлеу дағдыларын дамытуда туындайтын қиындықтар, сондай-ақ, тіл үйренушілерінің фонетикалық қателіктерін түзету жолдары ұсынылған. Мақалада тіл үйренушілерінің родной тілдерінің орыс тіліне әсері, артикуляторлық жаттығулар, интонацияны дұрыс қолдану, сондай-ақ, қазіргі заманғы технологиялар мен онлайн құралдардың көмегімен фонетикалық қателіктерді түзету әдістері талданған.

Annotation

This article discusses phonetic errors that occur when learning Russian outside of its native linguistic environment and the reasons for their occurrence. The difficulties encountered by students in developing correct speaking skills in Russian are analyzed, along with methods for correcting phonetic errors. The article

addresses the influence of the learners' native languages on Russian, articulatory exercises, the correct use of intonation, and the use of modern technologies and online tools to correct phonetic errors.

Изучение русского языка в условиях, когда носители языка не окружают учащихся в повседневной жизни, представляет собой сложную задачу. Несмотря на развитие образовательных технологий и наличие разнообразных методик, изучение русского языка вне его языковой среды неизбежно сопровождается целым рядом трудностей, среди которых особое место занимают фонетические ошибки. Эти ошибки могут существенно влиять на восприятие речи, понимание носителями языка, а также на общую коммуникативную эффективность. В данной статье мы рассмотрим основные причины фонетических ошибок, с которыми сталкиваются обучающиеся русский язык в условиях, далеких от русскоязычной среды, и предложим методы их преодоления.

1. Причины фонетических ошибок

1.1. Отсутствие языковой среды

Одной из основных причин фонетических ошибок является отсутствие полноценной языковой среды. В русскоязычной среде учащиеся постоянно слышат правильное произношение, им доступны примеры речевых образцов, а также они могут получить обратную связь о правильности своего произношения. В условиях же, когда обучение русскому языку осуществляется вдали от носителей языка, обучающиеся сталкиваются с проблемой недостатка реальных разговорных ситуаций.

1.2. Влияние родного языка

